

## Бонитирлеу жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 10 қазандағы № 3-3/517 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылды 23 қазанда № 9818 тіркелді.

**Ескерту. Бүйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.07.2023 № 277 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.**

"Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 4 тармақшасына сәйкес **БҮЙЫРАМЫН**:

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.07.2023 № 277 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған:

осы бүйрыққа 1-қосымшаға сәйкес өнімділіктің сұтті және сұтті-етті бағыттарындағы ірі қара малды;

осы бүйрыққа 2-қосымшаға сәйкес өнімділіктің етті бағытындағы ірі қара малды;

осы бүйрыққа 3-қосымшаға сәйкес биязы жұнді қой тұқымдарын;

осы бүйрыққа 4-қосымшаға сәйкес биязылау жұнді қой тұқымдарын;

осы бүйрыққа 5-қосымшаға сәйкес өнімділіктің етті-майлы бағытындағы қойларды;

осы бүйрыққа 6-қосымшаға сәйкес қаракөл қойларын;

осы бүйрыққа 7-қосымшаға сәйкес түбітті, сұтті және жұнді ешкілерді;

осы бүйрыққа 8-қосымшаға сәйкес шошқаларды;

осы бүйрыққа 9-қосымшаға сәйкес өнімділік бағытындағы жылқыларды;

осы бүйрыққа 9-1-қосымшаға сәйкес жылқылардың зауыттық тұқымдарын;

осы бүйрыққа 10-қосымшаға сәйкес түйелерді;

осы бүйрыққа 11-қосымшаға сәйкес құстарды;

осы бүйрыққа 12-қосымшаға сәйкес түйеқұстарды;

осы бүйрыққа 13-қосымшаға сәйкес иттердің үйлік-ұлттық тұқымдарын (тазы, төбет);

осы бүйрыққа 14-қосымшаға сәйкес маралдарды және теңбіл бұғыларды;

осы бүйрыққа 15-қосымшаға сәйкес араларды;

осы бүйрыққа 16-қосымшаға сәйкес торда өсірілетін терісі бағалы андарды;

осы бүйрыққа 17-қосымшаға сәйкес қояндарды бонитирлеу жөніндегі нұсқаулықтар бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.07.2023 № 277 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өндеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жауапты хатшысына (А.Қ. Евниев) жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

*A. Мамытбеков*

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2014 жылғы 10 қазандагы  
№ 3-3/517 бұйрығына  
1-қосымша

### **Өнімділіктің сүтті және сүтті-етті бағыттарындағы ірі қара малды бонитирлеу жөніндегі нұсқаулық**

**Ескерту. Нұсқаулық жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.07.2023 № 277 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

#### **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Өнімділіктің сүтті және сүтті-етті бағыттарындағы ірі қара малды бонитирлеу жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 13-бабының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және өнімділіктің сүтті және сүтті-етті бағыттарындағы ірі қара малға бонитирлеу жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Сүтті және сүтті-етті бағыттарындағы ірі қара малды бонитирлеуді бонитерлер (сыныптаушылар) жүргізеді.

#### **2-тaraу. Өнімділіктің сүтті және сүтті-етті бағыттарындағы ірі қара малды бонитирлеу жүргізу тәртібі**

3. Өнімділіктің сүтті және сүтті-етті бағыттарындағы ірі қара малды (бұдан әрі – ИКМ) жыл бойы бонитирлейді:

- 1) бұқаларды жылына бір рет;
- 2) сиырларды сауын маусымы аяқталғаннан кейін;
- 3) қашарлар мен асыл тұқымды бұқашықтарды алты айлық жастан бастап.

Бонитирлеу нәтижелері бойынша 1 қарашадағы жай-күй бойынша есеп жасалады.

4. ІҚМ бонитирлеу кезінде жануарларды тиісті сыйып бере отырып, шаруашылыққа пайдалы белгілер кешені (тұқымдылығы, өнімділік сапалары, сыртқы түрпаттық-бітімдік ерекшеліктері) бойынша бағалау жүргізіледі.

Бонитирлеу алдында:

- 1) жануарлардың жеке нөмірлерін тексеру, нақтылау және қалпына келтіру;
- 2) жануарлардың салмағын өлшеу (таңертең азықтандырылғанға дейін);
- 3) асыл тұқымдық есепке алу жазбаларын нақтылау.

5. Бонитер-сыныптаушы жануарларды бонитирлеу туралы деректерді селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық қорына (бұдан әрі – САТЖАҚ ) енгізеді.

### **1-параграф. Тұқымдылықты айқындау**

6. ІҚМ тұқымдылығы жануарды қарап-тексеріп, тұқым типінің көрінімділігі анықталып, зоотехникалық және асыл тұқымдық есепке алу негізінде анықталады. Тұқымдылығы бойынша таза тұқымды және будандастырылған жануарлардың топтары бөлінеді.

7. Таза тұқымды ІҚМ-ға мыналар жатады:

1) таза тұқымдылығы тиісті құжаттармен расталатын бір тұқымның ата-енелерінен алынған жануарлар;

2) осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес ірі қара малдың туыстас (генотипі бойынша жақын) сүтті және сүтті-етті тұқымдарының тізбесіне сәйкес туыстас (генотипі бойынша жақын) тұқымдардың таза тұқымды ата-енелерін шағылыстыру нәтижесінде алынған жануарлар. Тұқымда әкесінің қанының 75 пайыздан астам үлесі болған кезде оған әкенің тұқымы, өзге жағдайларда – енесінің тұқымы беріледі;

3) тұқымның біреуінің қанының үлесі 93,75 пайыз болған кезде туыс емес тұқымдарды шағылыстыру нәтижесінде алынған жануарлар;

4) екі және одан көп туыс емес тұқымдардың қатысуымен жаңа тұқым жасау процесі нәтижесінде жасалатын тұқымға тән жануарлар.

8. Осы Нұсқаулықтың 7-тармағында көрсетілмеген ІҚМ будандарға жатады.

9. Өнімділіктің сүтті және сүтті-етті бағыттарындағы ірі қара малдың тұқымдық дәрежесі осы Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес шағылыстыру кезінде жануарлардың тұқымдылық дәрежесін айқындаі отырып анықталады.

### **2-параграф. Сырлардың сүт өнімділігі көрсеткіштерін айқындау**

10. Сырларды сүт өнімділігі бойынша бағалау сауылған сүтті есепке алу, сауын маусымының 305 (үш жүз бес) күнінде немесе қысқартылған (кемінде 240 (екі жүз қырық) күн) аяқталған сауын маусымында сүттегі майдың мөлшері (пайыз (бұдан әрі– %)) негізінде жүргізіледі.

11. Бұзаулаған күннен кейінгі бірінші күн сауын маусымының басы, ал соңғы сауылған күн немесе бір рет сауылатын бірінші күн сауын маусымының соңғы күні болып саналады.

12. Сиырларды бақылап сауу шаруашылықта ай сайын, суалған сиырлар мен бұзаулағаннан кейінгі 4-күнгі кешке дейін жаңа бұзаулаған сиырларды қоспағанда, бір үй-жайда күтіп-бағылатын барлық жануарларда бір мезгілде бір тәулік ішінде жүргізіледі.

13. Таңертең сиырларды сауу сеансы сиырларды бақылап сауу жүргізілген күн болып саналады.

14. Сиырларды жоспарлы бақылап сауу жүргізілмей қалған кезде олардың өнімділік деңгейін есептеу үшін алдыңғы және кейінгі бақылап сауудың орташа арифметикалық көрсеткіші пайдаланылады.

15. Сынау зертханасы сүт сынамаларының ұлғілерін қабылдайды және химиялық талдау жүргізеді.

16. Бақылап сауу нәтижелері және сүттің химиялық құрамы автоматтандырылған жұмыс орны-зертханалар арқылы САТЖАҚ-ға енгізіледі.

17. Бақылау тәулігінде сиырдан алынған сүттің мөлшері 0,1 кг-ға дейінгі дәлдікпен біртіндеп алынған барлық сүтті қосу арқылы анықталады.

18. Сауын маусымындағы сүт майының мөлшері арналған сүт майының мөлшері (кг) сүттегі бір пайыздық май бойынша көрсеткішті 100-ге бөлу арқылы анықталады.

19. Сиырлардың сүт өнімділігі бойынша тұқым стандарттарын Заңның 1-бабы 41-тармағына сәйкес республикалық палата бекіtedі.

### **3-параграф. Жануарларды сырт бітімі-конституциялық ерекшеліктері бойынша бағалау**

20. Тұқымдық бұқалардың сырт бітімі мен конституциясын бағалау жыл сайын бес жасқа дейін, сиырларда – бірінші және үшінші сауын маусымының екінші және үшінші айларында жүргізіледі. Егер жануар сырт бітімі мен конституциясы бойынша көрсетілген жасында бағаланбаса, онда оны кезекті бонитирлеу кезінде бағалайды.

21. Жануарларды сырт бітімі мен конституациясы бойынша бағалау кезінде жекелеген бөліктердің өнімділіктің сүтті және сүтті-етті бағыттарындағы ірі қара малдың қалаулы типіне, сиырларда – желіннің мөлшеріне, оның пішіні мен машинамен саууға жарамдылығына, бұқаларда – жыныстық диморфизмнің көрінетіндігіне, белі мен артқы аяқтарының беріктігіне ерекше назар аударылады. Бұқалардың дene бітімін бағалау 30 балдық шәкіл бойынша, сиырлардың – 10 балдық шәкіл бойынша жүргізіледі. Жануарлардың сырт бітімі мен конституациясын бағалау осы Нұсқаулыққа 3-қосымшаға сәйкес сырт бітімі мен конституациясы бойынша балдық бағалау төмендетілетін өнімділіктің сүтті және сүтті-етті бағыттарындағы ірі қара малдың дene бітіміндегі кемшіліктерін көрсете отырып, толықтырылады.

22. Төлді сырт бітімі мен конституциясы бойынша бағалау 20-балдық шәкіл бойынша жүргізіледі. Тұқымы және жынысы өте жақсы көрінген, қалыпты түрде дамыған және өскен, кеудесі өте жақсы жетілген (кен, жалпақ), арқасы, белі, құйымшағы түзу, жамбасы жақсы жетілген, аяқтары дұрыс қойылған және сүйектері мықты, артық дамымаған және ірі емес жануар 20 балмен бағаланады.

#### **4-параграф. Шаруашылыққа пайдалы белгілер кешені бойынша жануарлар сыныбын айқындау**

23. Бонитирлеу кезінде жануарлардың сыныбын айқындау:

тұқымдық бұқаларды – дамуы (тірідей салмағы), сырт бітімі мен конституциясы, генотипі (шығу тегі және ұрпағының сапасы);

сиырларды – сүт өнімділігі (сүттегі майдың мөлшері), дамуы (тірідей салмағы – сауын маусымының екінші-үшінші айында айқындалады), сырт бітімі мен конституциясы, генотипі (шығу тегі);

төлді – генотипі (шыққан тегі); сырт-сипаты және даму (тірідей салмағы) белгілері бойынша жүргізіледі.

Белгілер кешені бойынша бағалау нәтижесінде ИҚМ мынадай сыныптар беріледі:

1) тұқымдық бұқаларға және асыл тұқымды бұқашықтарға – элита рекорд, элита және бірінші сынып;

2) сиырлар және қашарларға – элита рекорд, элита және бірінші және екінші сынып.

Көрсетілген сыныптардың белгілеріне сай келмейтін жануарлар сыныптық еместерге жатады.

#### **5-параграф. Белгілер кешені бойынша тұқымдық бұқалар сыныбын анықтау**

24. Белгілер кешені бойынша тұқымдық бұқаның сыныбы осы Нұсқаулыққа 4-қосымшаға сәйкес тұқымдық бұқаларды белгілер кешені бойынша бағалау шәкілі бойынша белгіленеді, бұл ретте асыл тұқымды бұқашықтар мен тұқымдық бұқалардың тірідей салмағы бойынша тұқым стандарттарын Заңның 1-бабы 41-тармағына сәйкес республикалық палата бекітеді.

25. Алынған балдар қосындысына сәйкес тұқымдық бұқаларға мынадай кешенді сынып беріледі:

85-100 – элита-рекорд;

75-84 – элита;

65-74 – бірінші сынып.

26. Кешенді сынып қалыпты жыныстық белсенділігі бар, ал ұрығының сапасы (эякулят көлемі, концентрациясы, өмір сүру деңгейі, мұздатуға жарамдылығы,

ұрықтандыру қабілеті) МемСТ 26030 "Өсімді молайту құралдары. Бұқалардың мұздатылған спермалары. Техникалық шарттар" мемлекетаралық стандартының талаптарына сәйкес келетін тұқымдық бұқаларға беріледі.

27. Кейінгі жылдары ата-енелердің сыныбы және оның ұрпақтарының сапасы бойынша бағалау нәтижелері өзгерген кезде тұқымдық бұқаның сыныбы жоғарылауы мүмкін.

#### **6-параграф. Сырлар сыныбын белгілер кешені бойынша анықтау**

28. Сырдың сыныбы белгілер кешені бойынша алынған балдар көрсеткішіне сәйкес 100 (жүз) балдық шәкіл бойынша белгіленеді, оның ішінде:

1) сүт өнімділігі – осы Нұсқаулыққа 5-қосымшада көрсетілген сырларды сүт өнімділігі белгілер кешені бойынша бағалау шәкіліне сәйкес барлығы 65 (алпыс бес) балдан аспайды;

2) сырт бітімі және конституциясы - осы Нұсқаулыққа 6-қосымшада көрсетілген сырларды сырт бітімі және конституциясы белгілер кешені бойынша бағалау шәкіліне сәйкес барлығы 10 (он) балдан аспайды;

3) дамуы (тірідей салмағы) – осы Нұсқаулыққа 7-қосымшада көрсетілген сырларды дамуы және тірідей салмағы белгілер кешені бойынша бағалау шәкіліне сәйкес барлығы 5 (бес) балдан аспайды, бұл ретте асыл тұқымды қашарлардың, қысырлардың және сырлардың тірідей салмағы бойынша тұқым стандартын Заңның 1 -бабы 41-тармағына сәйкес республикалық палата бекітеді.

4) осы Нұсқаулыққа 8-қосымшада көрсетілген сырларды тұқым стандартының пайызында майдың артық болуы белгілер кешені бойынша бағалау шәкіліне сәйкес сүттің майлылығы тұқым стандартының % - 10 (он) балдан аспауы тиіс;

5) фенотип (шығу тегі) – осы Нұсқаулыққа 9-қосымшада көрсетілген, сырларды генотип белгілер кешені бойынша бағалау шәкіліне сәйкес барлығы 10 (он) балдан аспайды.

29. Балдар көрсеткіштерінің нәтижелері бойынша сырларға мынадай кешенді сыныптар беріледі:

85-100 – элита-рекорд;

75-84 – элита;

65-74 – бірінші сынып;

55-64 – екінші сынып.

30. Сүттегі акуыз мөлшері бойынша бағаланатын сырлар тұқым стандартының талаптарынан асып кеткен жағдайда қосымша мынадай балл алады:

0,3 % және одан жоғары – 4 балл;

0,2 %-ға – 3 балл;

0,1 %-ға – 2 балл.

31. Қосымша алынған балдар белгілер кешені бойынша сыныбын айқындау кезінде қорытынды бағаға енгізіледі (100 балл шегінде).

32. Элита-рекорд сыныбына сүттегі май мөлшері тұқым стандартынан төмен емес, алдыңғы сауын кезіндегі өнімділік деңгейі (алғашқы үшеуі) тұқым стандартынан төмен емес сиырлар жатады.

33. Алғаш бұзаулаған қашарларды сауын маусымы аяқталысымен сүт майының мөлшері бойынша, ал екінші төлдеген және одан үлкен сиырларды неғұрлым жоғары сыныпқа жатқызуға мүмкіндік беретін сауын маусымы бойынша бағалайды. Сауын маусымы аяқталмаған алғаш бұзаулаған қашарлар жас төлді бонитирлеу шәкілі бойынша бағаланады.

#### **7-параграф. Жас төлдер сыныбын белгілер кешені бойынша айқындау**

34. Жас төлдердің белгілер кешені бойынша сыныбы осы Нұсқаулыққа 10-қосымшада көрсетілген жас төлді белгілер кешені бойынша бағалау шәкіліне сәйкес 100 (жуз) балдық шәкілмен белгіленеді.

35. Алынған балдардың қосындысы осы Нұсқаулыққа 11-қосымшага сәйкес белгілер кешені бойынша жас төлдің сыныбын анықтайды.

#### **8-параграф. Жануарлардың мақсатын айқындау**

36. Жануарлардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, белгілер кешені бойынша ИҚМ бағалау нәтижелері негізінде олардың мақсаты айқындалады және мынадай топтарға бөлінеді:

- 1) асыл тұқымдық ядро;
- 2) селекциялық топ.

37. Асыл тұқымдық ядродан алынған сиырлардан өз табындарының өсімін молайтатын қашарлар алынады, селекциялық топтағы сиырлардан өсімді молайтатын бұқалар өсіріледі. Өндірістік топ – асыл тұқымдық ядрога енгізілмеген сиырлар.

38. Бонитирлеу нәтижелері бойынша табыннан шығарылатын жануарлар анықталады.

#### **9-параграф. Бонитирлеу материалдарын талдау және асыл тұқымдық жұмысты жақсарту жөніндегі іс-шаралар**

39. Ирі қара малды бонитирлеу деректері бойынша жиынтық ведомость және мынадай мәселелерді талдай отырып, есеп жасалады:

- 1) бонитирленген ірі қара малдың саны және оны тұқымдылығы, сыныбы, пайдалану мақсаты, генетикалық топтары бойынша бөлу;
- 2) табынның және асыл тұқымдық ядро сиырларының тірідей салмағы, конституциясы және сырт бітімі, сүттілігі, жас төлдерінің өсуі бойынша сипаттамасы;

3) қашарлардың алғаш ұрықталған кездегі жасы және тірідей салмағы;

4) өткізілген асыл түқымды жас төлдің сыныптылығы.

Бонитирлеу нәтижелері бойынша жануардың асыл түқымдылық және өнімділік сапаларын жақсартуды ескере отырып, жұптау жоспары жасалынады. Жұптарды іріктеу кезінде өткен шағылыстырудың нәтижелері және дарақтар арасындағы туыстық дәрежесі ескеріледі.

40. Бонитирлеу материалдарының негізінде толықтыруышы жас төлдерді және асыл түқымды малдарды сатып алу есебінен табындарды жасақтау жоспары жасалады. Бұқашықтарды өз өнімділігі бойынша және бұқаларды ұрпағының сапасы бойынша бағалаудың келесі жылға арналған жоспары әзірленеді. Ветеринариялық іс-шараларды өткізу жоспары жасалады.

Өнімділіктің сүтті және  
сүтті-етті бағыттарындағы  
ірі қара малды бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
1-қосымша

### **Ірі қара малдың туыстас (генотипі бойынша жақын) сүтті және сүтті-етті түқымдарының тізбесі**

№	Түқым	Туыстас (генотипке жақын) түқым
1	Айршир	Швед ред., норвегиялық қызыл, қызыл дат
2	Алатай	Қоңыр швицкая, Кострома
3	Әулиеата	Қара және түрлі - түсті, Гольштейн қара және түрлі-түсті
4	Джерси	-
5	Қызыл дала	Ағылшын, қызыл дат, швед ред., норвегиялық қызыл
6	Қызыл түсті және түрлері	Гольштейннің қызыл түсті
7	Симментал	Монбелъяд қызыл-түрлі - түсті, Гольштейн қызыл-түрлі-түсті костюм
8	Қара және түрлі-түсті және түрлері	Гольштейннің қара және түрлі-түсті

Өнімділіктің сүтті және  
сүтті-етті бағыттарындағы  
ірі қара малды бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
2-қосымша

### **Шағылыстыру кезінде жануарлардың түқымдылық дәрежесін анықтау**

Енесінің түқымдылығы	Әкесінің түқымдылығы				

	II	III	IV	таза тұқымдылар
жаксартылған	I буын	I буын	I буын	I буын
I буын	I буын	II буын	II буын	II буын
II буын	II буын	II буын	III буын	III буын
III буын	II буын	III буын	IV буын	IV үрпақ немесе таза тұқымдылар
II үрпақ	III буын	IV буын	IV буын	таза тұқымдылар
таза тұқымдылар	III буын	IV буын	таза тұқымдылар	таза тұқымдылар

Онімділіктің сұтті және сұтті-етті бағыттарындағы ірі қара малды бонитирлеу жөніндегі нұсқаулыққа 3-қосымша

### **Сырт бітімі мен конституциясы бойынша балдық бағалау төмендетілетін өнімділіктің сұтті және сұтті-етті бағыттарындағы ірі қара малдың дене бітіміндегі кемшіліктері**

№№	Жалпы даму және бөліктері	Кемшіліктер тізімі
21	Жалпы көрінісі және дамуы	Жалпы жетілмегендік: сүйек бітімі ірі немесе қобыранқы нәзік, бұлшық еті бос немесе осал дамыған, дене бітімі тепе-тең емес және тұқым типіне сәйкес емес
22	Сырт бітімінің бөліктері:	
	Басы, мойны	Басы денесімен тепе-тең емес, ауыр немесе қобыранқы: сиыр "бұка басты" және бұқа "сиыр басты", мойныны қысқа, терісі қалың қатпарланған немесе бұлшық еттері әлсіз
	Кеудесі	Кеудесі қысан, жалпақ емес, жаурыны ойқы, қабырғалары бір біріне жақын орналасқан, қабырга сүйектері жіңішке, қысқа, соңғы қабырганың терісі қалың, созылмалы емес
	Шоқтығы, арқасы және белі	Қосарланған немесе үшкір, арқасы жіңішке, қысқа, салбыраған немесе бұқір, белі тар, салбыраған немесе шатыр тәрізді
	Денесінің ортаңғы бөлігі	Сиырларда және бұқаларда осал дамыған, бұқаларда карыны салбыраған
	Арты	Қысқа, салбыраған, шатыр тәрізді, бөкессі сүйір
		Желіні шағын салпы, май басып кеткен, бөліктерінің дамуы бір

33	Желіні және жыныс органдары	келкі емес, жанасып тұрған, қалыпсыз дамыған және қосымша емшектері бар, сүт тамырлары нашар көрінеді, желіннің терісі қалың, желіннің терісі қалың, бұқаларда жұмалағы нашар жетілген және кішірейген
44	Аяқтары	Алдыңғы аяқтары тірсектерінде жақын орналасқан немесе екі жаққа жайылған, артқы аяқтарының қою тұрысы – шораяқты, О – тәрізді, X – тәрізді, қылыш сияқты
55	Тұяқтары	Сүйір, тік қойылған, жалпақ, тұяқ мүйізі болбыр

Өнімділіктің сүтті және  
сүтті-етті бағыттарындағы  
ірі қара малды бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
4-қосымша

### Тұқымдық бұқаларды белгілер кешені бойынша бағалау шекілі

Белгілері	Балдар
1-тарау. Сырт бітімі және конституциясы, барлығы аспайды, оның ішінде:	30
1-параграф. Жалпы көрінісі, оның ішінде барлығы аспайды:	9
1) дene бітімінің пропорционалдығы	1 - 3
2) бұлшық еті	1 - 3
3) сүйек бітімі	1 - 3
2-параграф. Сырт бітімі бөліктері, барлығы аспайды	21
1) бас және мойын	1 - 3
2) кеуде	1 - 3
3) шоқтық, арқасы және белі	1 - 3
4) денесінің ортаңғы бөлігі	1 - 3
5) арты	1 - 3
6) аяқ-қолдары	1 - 3
7) тұяқтары	1 - 3
2-тарау. Дамуы (тірідей салмағы), барлығы аспайды	10
тұқым стандарты	10
тұқым стандартының 95-99%	5
3-тарау. Генотип, барлығы аспайды	60
1) енесінің сыныбы	
элита-рекорд	25
элита	20
I-сынып	15

2) енесінің сүтіндегі май мөлшері (%), тұқымдық үлгіден жоғары	
0,3 және одан да жоғары	5
0,2 -ге	3
0,1 -ге	1
3) әкесінің сыныбы:	
элита-рекорд	30
элитा	20
Балдар қосындысы	100

Өнімділіктің сүтті және сүтті-етті бағыттарындағы ірі кара малды бонитирлеу жөніндегі нұсқаулыққа  
5-қосымша

### Сиырларды сүт өнімділігі белгілер кешені бойынша бағалау шәкілі

Тұқым стандартынан пайызбен сүт өнімділігінің (сүт майының мөлшері) деңгейі	Балдар
60 - 69	35
70 - 79	38
80 - 89	41
90 - 99	44
100 - 109	47
110 - 119	50
120 - 129	53
130 - 139	56
140 - 149	59
150 - 159	62
160 және жоғары	65

Өнімділіктің сүтті және сүтті-етті бағыттарындағы ірі кара малды бонитирлеу жөніндегі нұсқаулыққа  
6-қосымша

### Сиырларды сырт бітімі және конституциясы белгілер кешені бойынша бағалау шәкілі

Белгілері	Балдар
1. Жалпы түрі және дамуы (дene бітімінің тере-тендігі, конституциясының мықтылығы, типтін көрінімділігі, кеудесінің жалпақтығы, жамбасы мен құйымшағының жетілуі)	3
2. Желіні (көлемі, сүт безділігі, желіннің алдынғы және артқы бөліктерінің жетілуі, денеге бекітілуі, емшектерінің мөлшері және орналасуы, желіннің орналасу биіктігі)	5

3. Алдыңғы және артқы аяқтары (алдыңғы және артқы аяқтарының қойылғаны және мықтылығы, түяқтарының пішіні және қаттылығы)	2
---	---

Өнімділіктің сұтті және сұтті-етті бағыттарындағы ірі кара малды бонитирлеу жөніндегі нұсқаулыққа  
7-қосымша

### Сиырларды дамуы және тірідей салмағы белгілер кешені бойынша бағалау шекілі

Белгілері	Балдар
1. Тұқым стандарты және одан жоғары	5
2. Тұқым стандартының 95-99%	3

Өнімділіктің сұтті және сұтті-етті бағыттарындағы ірі кара малды бонитирлеу жөніндегі нұсқаулыққа  
8-қосымша

### Сиырларды майдың пайызбен тұқым стандартынан артуы белгілер кешені бойынша бағалау шекілі

Майдың пайызбен тұқым стандартынан артуы	Балдар
0,3	10
0,2	7
0,1	5

Өнімділіктің сұтті және сұтті-етті бағыттарындағы ірі кара малды бонитирлеу жөніндегі нұсқаулыққа  
9-қосымша

### Сиырларды белгілер кешені, генотипі бойынша бағалау шекілі

Белгілері	Балдар
1. Енесінің сыныбы	
элита-рекорд	5
элита	4
I-сынып	3
II-сынып	-
2. Әкесінің сыныбы	
элита-рекорд	5
элита	4
I -сынып	3
Жиыны (A+б+в+г + д) балдар қосындысы	100

Өнімділіктің сұтті және сұтті-етті бағыттарындағы

ірі кара малды бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
10-косымша

## Жас төлді белгілер кешені бойынша бағалау шекілі

Белгілері	Балдар	
	бұқашықтар	қашарлар
1-тарау. Генотип (шығу тегі) - барлығы		
50 балдан жоғары емес оның ішінде:		
1) енесінің сыныбы элита-рекорд		
элита	20	20
I -сынып	15	15
II -сынып	10	10
2) сүттегі майдың мөлшері ( % )	-	5
енесінің тұқым стандартынан жоғары:	5	5
0,3 және одан да көп	3	3
0,2	1	1
0,1	25	25
3) әке сыныбы:	20	20
элита-рекорд	-	15
элита	20	20
I- сынып	15	15
2-тарау. Сырт бітімі (барлығы 20 баллдан жоғары емес)	12	12
30	30	30
20		20
өте жақсы	15	15
жақсы	100	100
қанағаттанарлық		
3-тарау. Дамуы (тірідей салмағы)- барлығы 30 баллдан жоғары емес тұқым стандарты		
Тұқым стандартының 95-99%		
Тұқым стандартының 90-94%		
Балдар қосындысы		

Өнімділіктің сүтті және сүтті-етті бағыттарындағы ірі кара малды бонитирлеу жөніндегі нұсқаулыққа  
11-косымша

## Белгілер кешені бойынша жас төлдің сыныбын анықтау

Сынып	Бұқашықар	Қашарлар
элита-рекорд	85 - 100	85 - 100
элита	75 - 84	75 - 84
I -сынып	65 - 74	

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2014 жылғы 10 қазандагы  
№ 3-3/517 бұйрығына  
2-қосымша

## **Өнімділіктің етті бағытындағы ірі қара малды бонитирлеу жөніндегі нұсқаулық**

**Ескерту. Нұсқаулық жаңа редакцияда - КР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.07.2023 № 277 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Өнімділіктің етті бағытындағы ірі қара малды бонитирлеу жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 13-бабының 4) тармақшасына сәйкес өзірленді және өнімділіктің етті бағытындағы ірі қара малға бонитирлеу жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Етті бағыттағы ірі қара малды бонитирлеуді бонитерлер (сыныптаушылар) жүргізеді.

### **2-тарау. Өнімділіктің етті бағытындағы ірі қара малға бонитирлеу жүргізу тәртібі**

3. Өнімділіктің етті бағытындағы ірі қара малды бонитирлеу жыл сайын барлық шаруашылықтарда, олардың меншік және шаруашылық нысандарына қарамастан, тамыздан қазанға дейін (жануарлардың аймағы мен жай-күйіне байланысты) жүргізіледі. Асыл тұқымды жануар мәртебесі бар өнімділіктің етті бағытындағы ірі қара мал бонитирленуі тиіс .

Асыл тұқымды жануар мәртебесі жоқ ірі қара малдың иелері бонитирлеу жүргізуге құқығы бар және өз қалауы бойынша оны жүргізу үшін бонитерлерді (сыныптаушыларды) шақыра алады.

Алты айға дейінгі төлдер, бордақыдағы жануарлар, өткіздер және піштірілген жануарлар бонитирлеуге жатпайды.

4. Ирі қара малдың иелері бонитирлеуді өткізер алдында мынадай дайындық іс-шаралары өткізіледі:

1) жануарлардың жоғалған түгендеу нөмірлерін тексеру, нақтылау және қалпына келтіру;

2) жануарларды түгендеу нөмірлерінің деректерін асыл тұқымды жануардың жеке карточкаларындағы және (немесе) ауыл шаруашылығы жануарының карточкасындағы жазбалармен салыстыру.

5. Бонитерлер (сыныптаушылар) электрондық цифрлық қолтаңба қойылған бонитирлеу жөніндегі толық ведомостер мен жиынтық есептерді республикалық палаталарға және селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық базасына (1 қарашадағы жай-күй бойынша) ұсынады.

### **1-параграф. Тұқымды айқындау**

6. Жануарлардың тұқымдылығын бонитер (сыныптаушы) асыл тұқымды жануардың жеке карточкасында және (немесе) селекциялық процеске тартылған ауыл шаруашылығы жануарының карточкасында көрсетілген оның ата-енесінің тұқымдық тиесілілігі және олардың тұқымдылығы туралы деректер негізінде айқындаиды.

Тұқымдылығы (қаны) бойынша таза тұқымдылар және будандар топтары бөлінеді.

Таза тұқымды жануарларға:

- 1) бір тұқымның таза тұқымды ата-енелерін шағылыстырудан;
- 2) құрамында екі тұқымның біреуінің қаны кемінде 75 пайыз (бұдан әрі – %) болғанда, туыстас, тұқымдарының генотипі бойынша жақын екі жануарды шағылыстырудан;
- 3) бір тұқымның қан үлесі кемінде 93,75 % болатын туыс емес тұқымдарды шағылыстырудан;
- 4) екі және одан да көп туыс емес тұқымдардың қатысуымен жаңа тұқым жасаудан алынған жануарлар жатады.

Шағылыстыру кезінде жануарлардың тұқымдылық дәрежесі осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес анықталады.

### **2-параграф . Өнімділікті анықтау**

7. Сырлардың сүттілігі алты айлық төлдің тірідей салмағы бойынша бағаланады. Жас сырлардың сүттілігін бағалау кезінде ең аз талаптар бірінші бұзаулағанда 10 %, екінші бұзаулағанда 5%-ға төмендейді.

8. Үш және одан да көп бұзаулаған сырлардың сүттілігі ең жоғары тірідей салмағы алты айлық бұзау туылған кездегі деректер бойынша бағаланады.

### **3-параграф. Сырт бітімі-конституциялық ерекшеліктері бойынша бағалау**

9. Сырлар конституциясы және сырт бітімі бойынша 3, 4 және 5 жасында, бұқалар бес жасқа дейін жыл сайын бағаланады.

Сырларды сырт бітімі-конституциялық ерекшеліктері бойынша бағалау кезінде тұқым типінің көрінімділігіне және дене бітімінің үйлесімділігіне ерекше назар аударылады.

10. Бұқаларды бағалау осы Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес тұқымдық бұқалардың сырт бітімі және конституциясын бағалау шекілі бойынша жүргізіледі,

сиырлар осы Нұсқаулыққа 3-қосымшаға сәйкес сиырлардың конституциясы сырт және бітімін бағалау шәкілі бойынша бағаланады.

Сырт бітімі және конституациясын бағалау кезінде осы Нұсқаулыққа 4-қосымшаға сәйкес балдық баға төмендететін конституациясы және сырт бітімінің кемшіліктері ескеріледі. Балдық бағалаудан басқа, шығынқы бөліктер, сондай-ақ негізгі кемістері және сырт бітімінің кемшілістері атап өтіледі.

11. Жас төлдің дене бітімі жалпы түрі және дамуы бойынша 5 балдық шәкілді қолдана отырып, өте жақсы-5, жақсы – 4, қанағаттанарлық – 3, қанағаттанарлықсыз – 2 болып бағаланады. Бағаны жарты балл қосу арқылы нақтылауга жол беріледі (4, 5; 3, 5)

12. Тұқымы мен жынысы жақсы көрінетін, жақсы жетілген және өскен, кеуде жақсы дамыған (кең, жалпақ), арқасы, белі, сегізкөзі түзу, жамбасы жақсы дамыған, аяғы дұрыс орналасқан және сүйектері аса ірі емес, бірақ мықты жануарлар "өте жақсы" деген баға алады.

#### **4-параграф. Тұқымдық бұқалар сыныбын анықтау**

13. Тұқымдық бұқалардың сыныбы осы Нұсқаулыққа 5-қосымшаға сай тұқымдық бұқаларды белгілер кешені бойынша бағалау шәкіліне сәйкес мынадай көрсеткіштер кешені бойынша анықталады: тірідей салмағы, сырт бітімі және конституациясы, ұрпақтарының сапасы және өз өнімділігі бойынша бағалау, тұқымдылығы және шығу тегі (генотипі).

14. Элита-рекорд сыныбына тірідей салмағы элита және одан жоғары сыныптардың талаптарына сәйкес келетін, тұқымдылығы IV ұрпақтан төмен емес, ал жаңадан шығарылған тұқымдарының тұқымдылығы III ұрпақтан төмен емес тұқымдық бұқалар жатқызылады. Сырт бітіміне берілетін ең төменгі балл 90-нан төмен болмайды.

15. Элита сыныбына тірідей салмағы I сыныптан төмен емес, тұқымдылығы IV ұрпақтан төмен емес, ал жаңадан шығарылған тұқымдар үшін III ұрпақтан төмен емес тұқымдық бұқалар жатқызылады.

16. Тұқымдық бұқаларды өсімді молайтуға пайдалануға олардың әкесі бойынша шығу тегінің дұрыстығы анықталғаннан және 1-санаттағы асыл тұқымды мәртебе алынғаннан кейін, сондай-ақ өз өнімділігі бойынша бағалаудан (сынақтардан) және/немесе ұрпақтарының сапасы бойынша бағалаудан өткеннен кейін жол беріледі.

#### **5-параграф. Сиырлардың сыныбын анықтау**

17. Сиырлардың сыныбы өсімді молайту қабілетін ескере отырып (жыл сайын төл әкеледі, әкелмейді) осы Нұсқаулықтың 6-қосымшасында көрсетілген сиырларды

белгілер кешені бойынша бағалау шәкіліне сәйкес мынадай көрсеткіштер кешені бойынша анықталады: тірідей салмағы, сырт бітімі және конституциясы, сұттілігі, тұқымдылығы және шығу тегі (генотип).

18. Бонитирлеу кезеңінде төлдері алты айлық жасқа жетпеген алғаш бұзаулаған сиырлардың кешенді сыныбы осы Нұсқаулыққа 7-қосымшаға сәйкес жас төлдерді белгілер кешені бойынша бағалау шәкілі бойынша айқындалады.

Бұқалар мен сиырлардың тірідей салмағы бойынша тұқым стандартын Заңның 1-бабы 41-тармағына сәйкес республикалық палата бекітеді.

19. Элита-рекорд кешенді сыныбына тірідей салмағы мен сұттілігі элита сыныбы талаптарынан төмен емес, дene бітімінде айқын кемістігі жоқ, IV буыннан төмен емес, ал жаңадан шығарылған тұқымдар үшін жыл сайын ұрпақ беретін III буыннан төмен емес сиырлар жатады.

20. Элита сыныбына тірідей салмағы мен сұттілігі I сыныптың талаптарынан төмен емес, дene бітімінде айқын кемістігі жоқ, III буыннан төмен емес, ал жаңадан шығарылған тұқымдар үшін жыл сайын ұрпақ беретін II буыннан төмен емес сиырлар жатады.

21. Егер сиыр бір рет бұзауламаса, онда оның кешенді белгілер бойынша бағалау бір сыныпқа төмендетіледі.

22. Екі және одан да көп рет бұзауламаса сиырлардың кешенді сыныбын ең төменгі деңгейге дейін түсіріп, одан кейін жарамсыз етеді.

## **6-параграф. Жас төлдердің сыныбын анықтау**

23. Жас төлді 6 (алты) айлық жастан бастап бонитирлейді.

Жас төлдің сыныбы тірідей салмағы, конституциясы және сырт бітімі, тұқымдылығы және шығу тегі (генотипі), бұқашықтарды өз өнімділігі бойынша бағалау белгілері кешені бойынша белгіленеді.

Белгілер кешені бойынша тұқым стандартын Заңның 1-бабы 41-тармағына сәйкес республикалық палата бекітеді.

24. Элита-рекорд пен элитаның кешенді сыныптарына сырт бітімі және конституциясы жағынан сәйкесінше 4,5 (төрт бүтін оннан бес) және 4 балдан төмен емес, ал тірідей салмағы бойынша I-сыныптың талаптарынан төмен емес жас төлдер жатады.

25. Кешенді I және II-сыныпқа сырт бітімі және конституциясы жағынан кемінде 3,5 (үш бүтін оннан бес) және 3,0 (үш бүтін оннан нөл) балы бар, тірідей салмағы II-сыныптың талаптарынан төмен емес жас төлдер жатады.

26. Жаңа тұқымдарды, типтерді шығару немесе будандастырылған табындарды жинақтау кезінде II-сынып талаптарынан 10%-ға және I сыныптың талаптарынан 5%-ға төмен тірідей салмағы бар қашарлар егер басқа белгілері бойынша I-сыныптың және одан жоғары талаптарға сәйкес болса II-сыныпқа жатқызылады. Элита және

элита-рекорд сыныбының тұқымды бұқалары мен II буыннан төмен емес сыныпқа жатпайтын сиырлардан алынған қашарларды егер салмағы мен сырт бітімі бойынша I сынып және одан жоғары талаптарға сәйкес келсе екінші сынып деп бағалауга болады,

### **7-параграф. Белгілер кешені бойынша сыныпты анықтау**

27. Белгілер кешені бойынша бағалау кезінде жануарлар мынадай сыныптарға жатқызылады: элита-рекорд, элита, I-сынып, II-сынып, сыныптық емес. Кешенді сыныпты анықтайтын қажетті деректер болмаған кезде жануарлар сыныптар бойынша бөлінбекендерге жатқызылады.

28. Тұқымдық бұқалар, сиырлар және жас төлдер сыныбын белгілер кешені алынған балдар қосындысына сәйкес шәкіл бойынша белгіленеді: элита-рекорд – 81 балл және одан жоғары; элита – 71-80 балл; I сынып – 81-70 балл; II сынып – 51-60 балл; сыныптан тыс – 50 балл және одан аз.

29. Тұқымдық бұқалардың тірідей салмағы бойынша тұқым стандартын Заңның 1-бабы 41-тармағына сәйкес республикалық палата бекітеді.

### **8-параграф. Жануарлардың мақсатын айқындау**

30. Малды белгілер кешені бойынша бағалау нәтижелері негізінде жануарлардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың мақсатын айқындайды және мынадай топтарға бөледі:

асыл тұқымдық ядро – сиырлардың жалпы санының 50-60% құрайтын табынның ең жақсы бөлігі;

асыл тұқымды ядроға кіретін селекциялық – топ жалпы аналық малдың 18-20%.

31. Асыл тұқымдық ядродағы сиырлардан өз табындарының өсімін молайту үшін қашарлар алынады, селекциялық топтағы сиырлардан өсімді молайтатын бұқалар өсіріледі. Асыл тұқымды топ – асыл тұқымдық ядроға кіргізілген сиырлар.

32. Осы сиырлардан шыққан ең жақсы асыл тұқымды жас төл шаруашылықта өткізіледі, ал асыл тұқымды құндылығы жоқ жас төл бордақыланғаннан кейін етке тапсырылады.

33. Бонитирлеу нәтижелері бойынша табыннан шығарылатын жануарлар анықталады.

### **9-параграф. Бағалау материалдарын талдау және асыл тұқымдық жұмысты жақсарту жөніндегі іс-шаралар**

34. Малды бонитирлеу деректері бойынша жиынтық ведомость және мына мәселелерді талдай отырып, есеп жасалады:

1) қайта бонитирленген малдың саны және оны тұқымдылығы, сыныптары, мақсаты және генетикалық топтары бойынша бөлу;

2) асыл тұқымдық ядродағы табынның және жеке сиырлардың сипаттамалары тірідей салмағы, сырт бітімі және конституциясы, сұттілігі, жас төлдің дамуы бойынша сипаттамалары;

3) алғашқы ұрықтандыру кезіндегі қашарлардың жасы мен тірідей салмағы;

4) өткізілген асыл тұқымды жас төлдің сыныптылығы.

Бонитирлеу нәтижелері бойынша жануарлардың асыл тұқымды және өнімділік қасиеттерін жақсартуды ескере отырып, іріктеу жоспары жасалады. Жұптарды таңдау кезінде алдыңғы жұптасудың нәтижелері және дарақтар арасындағы туыстық ескеріледі.

35. Бонитирлеу материалдарының негізінде жас төлді өсіру және асыл тұқымды мал сатып алу есебінен табынды толықтыру жоспарлары өзірленеді. Келесі жылға бұқаларды өз өнімділігі бойынша және бұқаларды ұрпақтарының сапасы бойынша бағалау жоспары өзірленеді. Ветеринариялық іс-шараларды өткізу жоспары жасалады.

Өнімділіктің етті  
багытындағы ірі қара  
малды бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулықка  
1-қосымша

### **Шағылыштыру кезінде жануарлардың тұқымдылық дәрежесін анықтау**

Енесінің тұқымдылығы	Әкесінің тұқымдылығы			
	II	III	IV	таза қанды
тұқымсыз	I ұрпақ	I ұрпақ	I ұрпақ	I ұрпақ
I ұрпақ	I ұрпақ	II ұрпақ	II ұрпақ	II ұрпақ
II ұрпақ	II ұрпақ	II ұрпақ	III ұрпақ	III ұрпақ
III ұрпақ	II ұрпақ	III ұрпақ	IV ұрпақ	IV ұрпақ немесе таза қанды*
IV ұрпақ	III ұрпақ	IV ұрпақ	IV ұрпақ	таза қанды
таза қанды	III ұрпақ	IV ұрпақ	таза қанды	таза қанды

Өнімділіктің етті  
багытындағы ірі қара  
малды бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулықка  
2-қосымша

### **Тұқымдық бұқалардың сырт бітімі және конституциясын бағалау шәкілі**

Жануардың сырт бітімінің бөліктері және жалпы дамуы	Жоғары балмен бағалау үшін қойылатын талаптар	Бағалау		
		негізгі балдар	коэффициент	Жалпы балл
Жалпы түрі,	Пропорционалды дene бітімі, кең			

тұқым типінің дамуы және көрінімділігі	және дөңгелек денесі, тұқымның ет түрі жақсы анықталған.	5	4	20
	Бұлшық еттері жақсы дамыған, күшті, бірақ сүйегі ірі емес	5	2	10
II. Сырт бітімі бөліктері: Басы, мойны	Басы тұқымға тән , Мойыны жақсы бұлшықетті	5	1	5
Keудес	Кең, жалпақ және дөңгелек, Жауырын асты шыңқыр емес; жақсы дамыған, кең , төсі алға шығыңқы	5	2	10
шоқтығы, арқасы, белі	Кең етті, жогарғы жағы тегіс; арқасы мен белі жалпақ, ұзын, бұлшықеттері жақсы дамыған	5	3	15
Құйымшағы	Тегіс, жалпақ және ұзын, бұлшықеттері жақсы жетілген; құйрығы дұрыс жетілген	5	3	15
Саны	Бұлшықеті шабыс буынына дейін төмендеп жақсы дамығані; санның ішкі жағы етті; шабы денесінің төменгі жағында орналаскан	5	2	10
Аяқтары	Дұрыс қойылған, тұяқтары мықты	5	3	15
	Барлығы:			100

Өнімділіктің етті  
бағытындағы ірі қара  
малды бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
3-қосымша

### Сиырлардың конституциясы мен сырт бітімін бағалау шәкілі

Көрсеткіш	Жоғары балмен бағалауға қойылатын талаптар	Ең жоғары балл	Коэффи-циент	Балдар косындысы
	Пропорционалды дene бітімі, жалпақ			

Жалпы түрі, бұлшықеттің дамуы және дene бөліктері	және денесі жұмыр, бұлшықеттері жақсы дамыған, мықты сүйегі ірі емес. Сырт бітімінде кемістік жоқ	5	3	15
Желіні	Пішіні дұрыс, жеткілікті дамыған,	5	2	10
Аяқтары	Дұрыс қойылған, сау, тұяқтары мықты	5	1	5

Онімділіктің етті бағытындағы ірі қара малды бонитирлеу жөніндегі нұсқаулыққа 4-қосымша

### Балдық баға төмендететін конституциясы және сырт бітімінің кемшіліктері

Жануардың дene бітімінің бөліктері және жалпы дамуы	Кемшіліктер тізімі
1. Жалпы дамуы	Дамымаған, дene бітімі үйлесімді емес, сүйегі ірі і немесе нәзік, аяқтары ұзын (тұқымға тән емес), бұлшықеттері нашар дамыған, денесі жінішке, жұмалағы дамымаған, тұқымның типі нашар көрінеді.
2. Дене бітімі бөліктері:	
1) Басы және мойыны	Басы ауыр, ірі, тұқымға тән емес; Мойыны жінішке, құрт біткен.
2) Keудесі	жалпақ емес, жінішке, жауырын асты шұңқыр, бұлшықеттері нашар дамыған, кеудесі көрінбейді.
3) Шоқтығы, арқасы, белі	шоқтығы жінішке, үшкір; арқасы мен белі жінішке, бұлшық еттері нашар дамыған; арқасы салбыраңқы немесе дөңкиген, белі салбыраңқы (жұмсақ).
4) Саны	саны және аяқтарының ішкі жағы бұлшықеттері нашар дамыған.
5) Құйымшағы	Қыска, салбыраған, шатыр тәрізд, бұлшықеттері нашар дамыған ; құйрығы жоғары немесе тым төмен орналасқан.
6) Желіні	Жеткілікті дамымаған, пішіні дұрыс емес.
7) Аяқтары	Дұрыс қойылмаған, артқы аяқтары қылыш тәріздес, алдыңғы және артқы буындарда жақын орналасқан (х тәріздес), тұяқтары әлсіз.

Онімділіктің етті бағытындағы ірі қара малды бонитирлеу жөніндегі нұсқаулыққа 5-қосымша

## Тұқымдық бұқаларды белгілер кешені бойынша бағалау шәкілі

Белгілері	Балл
1) тірідей салмағы, сыныбы: элита-рекорд	35
элита	30
I сынып	25
2) сырт бітімі және конституциясы, сыныбы:	
100 балдық шәкіл бойынша	
элита-рекорд 90 және одан жоғары	20
элита 85	15
I сынып 80	10
3) өз өнімділігі бойынша бағалау, сыныбы:	
элита-рекорд	10
элита	5
I сынып	2
4) генотип (барлығы-35 балл):	
оның ішінде:	
- ұрпағының сапасы бойынша бағалау (селекциялық индексі 100 және одан жоғары болған кезде)	
элита-рекорд	10
элита	8
I сынып	7
Тұқымдылығы: таза тұқымды	10
II ұрпақ	8
III ұрпақ	7
енесінің сыныбы: элита-рекорд	5
Элита	4
I сынып	3
әкесінің, сыныбы: элита-рекорд	5
Элита	4
I сынып	3
Ұрпағының сапасы бойынша әкесін бағалау, сыныбы:	
элита-рекорд	5
Элита	4
I сынып	3
Балдар қосындысы	100

Тұқымаралық шағылыштыру әдісімен жаңа тұқымдарды, типтерді, желілерді бағалау кезінде III, IV ұрпактардың будандары таза тұқымды жануарларға теңестіріледі, яғни 10 балл белгіленеді.

Өнімділіктің етті  
бағытындағы ірі қара  
малды бонитирлеу

## Сырларды белгілер кешені бойынша бағалау шәкілі

Белгілері	Балл
1) сүттілігі, сыныбы: элита-рекорд	35
элита	30
I сынып	25
II сынып	23
2) тірідей салмағы, сыныбы: элита-рекорд	25
элита	20
I сынып	15
II сынып	12
3) сырт бітімі және конституциясы, сыныбы:	
30-балл бойынша шәкілі	5 балл бойынша шәкілі
элита рекорд	27 және одан жоғары
элита	4,5 және одан жоғары
I сынып	10
II сынып	24
	4,0
	21
	3,5
	18
	3,0
4) генотип (барлығы - 25 балл), оның ішінде:	
тұқымдылығы: таза тұқымды	10
IY ұрпақ	7
III ұрпақ	8
II ұрпақ	6
енесі, сыныбы: элита-рекорд	5
элита	4
I сынып	3
II сынып	2
әкесі, сыныбы: элита-рекорд	5
элита	4
I сынып	3
II сынып	2
Әкесі ұрпақтарының сапасы бойынша бағаланады, сынып:	
элита-рекорд	5
элита	4
I сынып	3
Балдар қосындысы	100

Тұқымаралық шағылыстыру әдісімен жаңа тұқымдарды, типтерді, желілерді өсіру кезінде III және IV ұрпақтарының будандары таза тұқымды жануарларға теңестіріледі, яғни 10 балл белгіленеді.

Онімділіктің етті  
бағытындағы ірі кара

малды бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
7-қосымша

## Жас төлдерді белгілер кешені бойынша бағалау шәкілі

Белгілері	Балл
1) тірідей салмағы, сыныбы: элита-рекорд	45
элита	35
I сынып	27
II сынып	23
2) сырт бітімі-конституциясы, сыныбы: 5 балдық шәкіл бойынша	
элита-рекорд 5	20
элита 4	15
I сынып 3	10
II сынып 2	5
3) генотип (барлығы - 35 балл), оның ішінде:	
тұқымдылығы: таза тұқымдылығы	10
IY үрпақ	8
III үрпақ	7
II үрпақ	6
ене, сынып: элита-рекорд	10
элита	8
I сынып	7
II сынып	6
әке, сынып: элита-рекорд	10
элита	8
I сынып	7
үрпағының сапасы бойынша әкесін бағалау, сынып:	
элита-рекорд	5
элита	4
I сынып	3
Балдар қосындысы	100

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2014 жылғы 10 қазандығы  
№ 3-3/517 бүйріғына  
3-қосымша

## Биязы жүнді қой тұқымдарын бонитирлеу жөніндегі нұсқаулық

**Ескерту. Нұсқаулық жаңа редакцияда - КР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.07.2023 № 277 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйріғымен.**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Биязы жұнді қой тұқымдарын бонитирлеу жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және биязы жұнді қой тұқымдарына бонитирлеу жүргізу тәртібін айқындауды.

2. Биязы жұнді қой тұқымдарын бонитерлеуді бонитерлер (сыныптаушылар) жүргізеді.

## **2-тарау. Биязы жұнді қой тұқымдарын бонитирлеу тәртібі**

### **1-параграф. Бонитирлеуді ұйымдастыру**

3. Жұнді, жұнді-етті, етті-жұнді өнімділік бағытындағы биязы жұнді қойлар таза тұқымды қойлар мен будандарға бөлінеді.

4. Таза тұқымды қойларға мыналар жатады:

1) бір тұқымның таза тұқымды ата-енелерін шағылыстыру нәтижесінде алынған жануарлар;

2) екі тұқымның біреуі бойынша қан құрамы кемінде 75 пайыз болған жағдайда тұқымдар генотипі бойынша жақын, туыс екі малды шағылыстыру нәтижесінде алынған жануарлар;

3) бір тұқымның қан үлесі кемінде 93,75 пайыз болған кезде туыс емес тұқымдарды будандастыру нәтижесінде алынған жануарлар;

4) екі және одан көп туыс емес тұқымдардың қатысуымен жаңа тұқым жасау нәтижесінде алынған жануарлар.

5. Осы Нұсқаулықтың 4-тармағында көрсетілмеген қойлар будандарға жатады.

6. Биязы жұнді қой тұқымдары өнімділік бағыты бойынша: жұнді қойлар; жұнді-етті және етті-жұнді қойлар болып бөлінеді.

Жұнді-етті тұқымдарға мыналар жатады: онтүстік қазақ мериносы, солтүстік қазақ мериносы, қазақстандық меринос.

Етті-жұнді тұқымдарға мыналар жатады: қазақтың биязы жұнді, қазақ арқармериносы, "етті меринос".

Қазақстан Республикасында өнімділіктің жұн бағытындағы қойлар өсірілмейді.

7. Биязы жұнді қойлар жеке немесе сынныптық бонитирлеуге жатады.

Жеке бонитирлеу толық және қысқартылған жеке бонитирлеуге бөлінеді.

Ересек қошқарлар (негізгі, резервтік, сынамалар), өсімді молайтатын қошқарлар, селекциялық топтың саулықтары мен тұсақтары, селекциялық топтың саулықтарынан алынған барлық төлдер, өз табындарының өсімін молайтатын және табынға өткізуге арналған барлық асыл тұқымды ерекек тоқтылар мен тұсақтар толық жеке бағалауға жатады.

Элиталық және бірінші сыныпты саулықтардан алынған төлдер қысқартылған жеке бонитирлеуге жатады.

Қысқартылған жеке бонитирлеу кезінде жануардың сыныбы 5 балдық шәкіл бойынша жануардың типі, жұн талшықтарының тығыздығы, ұзындығы, тоннасы, тірідей салмағы бойынша жалпы бағалау негізінде белгіленеді.

8. Өз табынының өсімін молайтуға арналған асыл тұқымды емес жануарлардан алынған барлық тұсақтар сыныптық бағалауға жатады. Жануардың сыныбын белгілей отырып, барлық белгілер негізінде (журналға жазбай) бағаланады.

9. Биязы жұнді қойларды бонитирлеу тірідей салмағын, көктемгі және құзғі жұннің, сапасын және жалпы қырқымын ескере отырып, көктемде қырқу алдында жүргізіледі.

10. 4-5 айлық еркек тоқтылар мен тұсақтар алдын ала қысқартылған жеке бонитирлеуге жатады және 5 балдық шәкіл бойынша бағаланады.

11. Табынға қалдырылған еркек тоқтылар он екі айлық жасында негізгі шаруашылықта пайдалы белгілері бойынша толық жеке бонитирлеуден өтеді.

12. Асыл тұқымды табындарда жыл сайын 12 айлық жастағы барлық тұсақтарға сыныптық және жеке бонитирлеу жүргізіледі.

13. Бонитирлеу нәтижелерін бонитер (сыныптаушы) селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық базасына енгізеді және растайды.

14. Мынадай селекциялық белгілер бонитирленуге жатады:

жануардың типі және терісінің қатпарлығы;  
жұннің тығыздығы;  
жұннің ұзындығы;  
жұн талшықтарының жіңішкелігі;  
тұтас жұннің біркелкілігі;  
жұннің бүйралығы;  
шайырдың мөлшері;  
шайырдың түсі;  
арқасында, ішінде және мұрынында жұн өсуі;  
сүйегінің конституциясы және беріктігі;  
сырт бітімі;  
тірідей салмағы;  
жұн қырқымы.

15. Жануардың сыныбы конституциялық-өнімділік қасиеттерінің, жеке қасиеттерінің және тұқым стандартына сәйкестік дәрежесінің жиынтығы бойынша белгіленеді.

16. Биязы жұнді қой тұқымдарына бонитирлеу жүргізу кезінде мыналар қолданылады:

1) асыл тұқымды құжаттарда қойларды жекелей бонитирлеуді жазу үшін осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес биязы жұнді қой тұқымдарының бонитирлеу кілті қолданылады;

2) осы Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес биязы жұнді қой тұқымдарының негізгі селекциялық белгілерінің шартты белгілері мен шифрлары;

3) осы Нұсқаулыққа 3-қосымшаға сәйкес биязы жұнді қой тұқымдары жұн талшықтарының микрометрдегі жіңішкелік сыныбы.

17. Жануарлар сыныбы жануардың мөлшерін, дамуын, конституциясын, сүйегін, типі мен сырт бітімін, ет пішіндерінің көрінімділігін, тірідей салмағын, жұн қырқымы мен жұн сапасын, терінің қатпарлануын кешенді бағалау негізінде анықталады.

18. Тұқымдық типінің көрінімділігіне, конституциялық ерекшеліктеріне, дамуына, дене бітіміне және өнімділік деңгейіне қарай биязы жұнді қойларды бонитирлеу кезінде мынадай сыныптарға бөлінеді:

элита;

бірінші;

екінші.

19. Осы Нұсқаулықтың 16-тармағында көрсетілмеген биязы жұнді қойлар жарамсыз болып танылады.

20. Жеке немесе сыныппен бонитирленген және сыныптарға жатқызылған биязы жұнді қой тұқымдары және олардың будандары оң құлақтарына мынадай тәртіппен ен салу арқылы белгіленеді:

элита – оң құлақтың ұшына бір "жебе" енін салу;

I сынып – оң құлақтың төменгі жиегіне бір ен салу;

II сынып – оң құлақтың төменгі жиегіне екі ен салу.

Сыныптық жануарлардың талаптарына сай келмейтін қойлардың оң құлақтарының ұшын кесіп тастайды.

## **2-параграф. Асыл тұқымдық есепке алууды жүргізу**

21. Асыл тұқымды қойлардың әрбір табынында асыл тұқымдық есепке алу деректері негізгі тұқымдық қошқарларға және селекциялық топтағы саулықтарға (№1-о және №2-о нысандары) "Асыл тұқымды жануардың жеке карточкасының, сондай-ақ селекциялық процеске тартылған ауыл шаруашылығы жануары карточкасының нысандары мен оларды толтыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 11 ақпандағы № 49 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13488 болып тіркелген) (бұдан әрі – бұйрық) 7-қосымшаға сәйкес селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық базасына асыл тұқымды қошқардың жеке карточкасына (биязы

жұнді, жартылай биязы жұнді және етті-майлы бағыты), сондай-ақ осы бұйрыққа 8-қосымшага сәйкес асыл түқымды қойдың жеке карточкасына (биязы жұнді, жартылай биязы жұнді және етті-майлы бағыты) жүйелі түрде енгізіледі.

Биязы жұнді қой  
түқымдарын бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
1-қосымша

### **Биязы жұнді қой түқымдарының бонитирлеу кілті**

Биязы жұнді қой түқымдары	Шартты белгілер	Шифр
<b>Етті-жұнді</b>		
Қазақтың арқармериносы	ҚА	1302
Қазақтың биязы	ҚБ	1303
"Етті меринос"	ЕМ	1109
<b>Жұнді-етті</b>		
Қазақтың онтүстік мериносы	ҚОМ	1107
Қазақтың солтүстік мериносы	ҚСМ	1108

Биязы жұнді қой  
түқымдарын бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
2-қосымша

### **Биязы жұнді қой түқымдарының негізгі селекциялық белгілерінің шартты белгілері мен шифрлары**

Шифр	Селекциялық белгілер	Оның белгісінің көрінімділік дәрежесі	Шартты белгілер немесе өлшем бірліктері	Белгінің көрінімділік шифры (балл)
2	Малдың типі және терісінің қатпарлығы	тері қатпары аз немесе мұлдем жок, жұн өнімділігі төмен жануарлар	C-	1
		мойны мен денесіндегі қатпарлары өте көп, жұн бағытындағы типке жақын жануарлар	C+	2
		Жұн және ет өнімділігі бойынша түқым стандартына сай жануарлар	C	3
21	Жұннің қалындығы	сирек, түқым стандартына сай емес	T-	1
		қанағаттанарлық	T	2
		тығыз	T+	3

		өте тығыз	ТТ	4
31	Жұннің ұзындығы	санында	санитиметр (бұдан әрі – см)	0,5-ке дейін
		арқасында	см	0,5-ке дейін
		бауырында	см	0,5-ке дейін
52	Жұн талшықтарының жіңішкелігі	бүйірінде	микрометр (бұдан әрі – мкм)	1 мкм-ге дейін
		санында	мкм	
		арқасында	мкм	
61	Жұннің біркелкілігі	2 сападан немесе 4 мкм-ден артық	БК-	1
		біркелкілігі жеткілікті, бүйір мен жамбас жұн талшықтары жіңішкелігінің арасындағы айырмашылық 1 сапага тең немесе 2-ден 4 мкм-ге дейін	БК	2
		біркелкілігі жақсы, бүйір мен жамбас жұн талшықтары жіңішкелігінің арасындағы айырмашылық 2 мкм-ден аз	БК	3
41	Жұннің иректілігі – малдың бүйір жұннің бойынша көз өлшемімен анықталады:	жұн иректілігі білінбейді немесе әлсіз байқалады	И-	1
		жұн иректілігі жақсы көрінеді, ұнамды пішінде, бірақ анық емес	И	2
		жұн иректілігі ұнамды пішінде, барлық жұн талшықтары ұзындығы бойына анық көрінеді	И+	3
71	Шайыр мөлшері	жеткіліксіз	Ш-	1
		артық	Ш+	2
		сапасы мен мөлшері жеткілікті	Ш	3
72	Шайыр түсі	сарғыш	C	1
		ашық-сарғыш	AC	2
		ак	A	3

101	Арқасында, бауыры мен бетінде жүн өсуі	Бағалау кезінде арқасында жүні көп жануар ұнамды болып табылады	бал	5 ең жоғары
81	Конституциясы және сүйегінің мықтылығы	Сүйегі нәзік	H	1
		Сүйегі ірі, ұлкен	Θ	2
		Жақсы дамыған ірі емес	Ж	3
91	Сырт бітімі		бал	5 ең жоғары
111	Тірідей салмағы мына жаста анықталады:	туылғанда (1-2 күн)	килограм (бұдан әрі – кг)	1-ге дейін
		енелерінен 4-4,5 айлығында бөлінгенде	кг	1-ге дейін
		1 жасында	кг	1-ге дейін
123	Жүн қырқымы	Жұылмаған (табиғи) жүн қырқымы бір жыл өсken тезексізқырқылған жүннің барлық массасы	кг	0,1-ге дейін
		Таза жүн шығымы Жұылмаған жүннен таза жүн шығымының проценті (бұдан әрі - %) үлгіні, кір жүнді жуған кезде анықталады	%	1-ге дейін
		Таза жүн қырқымыесептеу әдісімен анықталады	кг	0,1-ге дейін
131	Жануардың сыныбы қыркуға дейін анықталады:	элита	элита	5
		бірінші сынып	I	4
		екінші сынып	II	3
		жарамсыз	жр	1

Биязы жүнді қой тұқымдары жүн талшықтарының микрометрдегі жіңішкелік сыныбы

Жүн талшықтарының жіңішкелік сыныбы, микрометрмен		Жүннің жіңішкелік сыныбын микрометрге айналдыру кестесі	
сапа	микрометрлер	сапа	микрометрлер
80	14,5-18,0	80	16

70	18,1-20,5	80-70	18
64	20,6-23,0	70	20
60	23,1-25,0	70-64	21
58	25,1-27,0	64	22

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2014 жылғы 10 қазандағы  
№ 3-3/517 бұйрығына  
4-қосымша

## **Биязылау жүнді қой тұқымдарын бонитирлеу жөніндегі нұсқаулық**

Ескерту. Нұсқаулық жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.07.2023 № 277 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекшімен.

### **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Биязылау жүнді қой тұқымдары бонитирлеу жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және Биязылау жүнді қой тұқымдарына бонитирлеу жүргізу тәртібін айқындайы.

2. Биязылау жүнді қой тұқымдарын бонитирлеуді бонитерлер (сыныптаушылар) жүргізеді.

### **2-тaraу. Биязылау жүнді қой тұқымдарын бонитирлеу тәртібі**

3. Биязылау жүнді қойлар таза тұқымды қойларға және будандарға бөлінеді.
4. Таза тұқымды қойларға мыналар жатады:
  - 1) бір тұқымның таза тұқымды ата-енелерін шағылыстыру нәтижесінде алынған жануарлар;
  - 2) екі тұқымның біреуі бойынша қан құрамы кемінде 75 пайыз болған кезде тұқымдар генотипі бойынша жақын, туыс екі жануарды шағылыстыру нәтижесінде алынған жануарлар;
  - 3) бір тұқымның қан үлесі кемінде 93,75 пайыз болған кезде туыс емес тұқымдарды будандастыру нәтижесінде алынған жануарлар;
  - 4) екі және одан көп туыс емес тұқымдардың қатысуымен жаңа тұқым жасау нәтижесінде алынған жануарлар.
5. Осы Нұсқаулықтың 4-тармағында көрсетілмеген қойлар будандарға жатады.
6. Биязылау жүнді қой тұқымдары өнімділік бағыты бойынша: жүнді-етті, ұзын жүнді етті-жүнді және қысқа жүнді етті-жүнді болып бөлінеді.

Жүнді-етті тұқымдарға цигай тұқымы жатады.

Ұзын жұнді етті-жұнді тұқымдарға мыналар жатады: қазақтың етті-жұнді, қазақтың кроссбредтік жұнді биязылау жұнді, Ақжайық етті-жұнді қойы, Дегерестің қүйрықты биязылау жұнді етті-жұнді тұқымдары.

Қысқа жұнді етті-жұнді тұқымдарға мыналар жатады: қазақтың биязылау жұнді тез жетілетін етті, гэмпшир, шароле, суффолк, тексель, австралиялық ақ.

7. Биязылау жұнді қойлар жеке немесе сыныптық бонитирлеуге жатады.

Жеке бонитирлеу толық және қысқартылған жеке бонитирлеуге бөлінеді.

Ересек тұқымдық қошқарлар (негізгі, резервтік, сынамалар), өсімді молайтатын қошқарлар, селекциялық топтың саулықтары мен тұсақтары, селекциялық топтың саулықтарынан алынған барлық төлдер, өз табындарының өсімін молайтуға және табынға өткізуге арналған барлық асыл тұқымды ерек тоқтылар мен ұрғашы тоқтылар толық жеке бонитирлеуге жатады.

Селекциялық ядроның саулықтарынан алынған төлдер қысқартылған жеке бонитирлеуге жатады.

Қысқартылған жеке бонитирлеу кезінде жануардың сыйныбы 5 балдық шәкіл бойынша жануардың типі, жұннің қалындығы, ұзындығы, бұйралығы, жұн талшықтарының жіңішкелігі, жұннің біркелкілігі, тірідей салмағы, жалпы бағалауы бойынша жануарды жалпы бағалау негізінде белгіленеді.

8. Өз табынның өсімін молайтуға арналған асыл тұқымды емес жануарлардан алынған барлық ұрғашы тоқтылар сыйныптық бағалауға жатады. Жануарлар сыйныбын белгілей отырып, барлық белгілер негізінде бағаланады (журналға жазылмай).

9. Биязылау жұнді қойларды бонитирлеу тірідей салмақты, көктемгі және күзгі жұннің сапасын және жалпы қырқылымын ескере отырып, көктемде қырқу алдында жүргізіледі.

10. 4-5 айлық ерек тоқтылар мен ұрғашы тоқтылар алдын ала қысқартылған жеке бонитирлеуге жатады және 5 балдық шәкіл бойынша бағаланады.

11. Табынға қалдырылған ерек тоқтылар он екі айлық жасында негізгі шаруашылықта пайдалы белгілері бойынша толық жеке бонитирлеуден өтеді.

12. Асыл тұқымды табындарда жыл сайын 12 айлық жастағы барлық ұрғашы тоқтыларға сыйныптық және жеке бонитирлеу жүргізіледі.

13. Бонитирлеу нәтижелерін бонитерлер (сыныптаушылар) селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық базасына енгізеді және растайды.

14. Мынадай селекциялық белгілер бонитирлеуге жатады:

жануарлардың типі және терінің қатпарлығы;

жұннің қалындығы;

бұйрдегі жұннің ұзындығы (негізгі және өсімді молайтатын қойларда; белінде, арқасында және ішінде);

жұн талшықтарының жіңішкелігі микрометрлерде немесе сапада;

жабағы жұннің біркелкілігі;

жұн бұйралығы;  
шайыр мөлшері мен түсі;  
арқасында, ішінде және мұрнында жұннің өсуі;  
сүйегі;  
сырт бітімі;  
тірідей салмағы;  
жуылмаған жұнді қырқу (тұпнұсқада);  
таза жұннің шығымы;  
таза жұнді қырқымы;  
малдың үлкендігі;  
жұннің жылтырауы (люстра);  
жұннің созылғыштығы (цигай жұні үшін).

15. Жануардың сыныбы конституциялық-өнімділік қасиеттердің, жеке қасиеттердің және тұқым стандартына сәйкестік дәрежесінің жиынтығы бойынша белгіленеді.

16. Биязылау жұнді қой тұқымдарын бонитирлеу кезінде мыналар қолданылады:

1) осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес биязылау жұнді қой тұқымдарын бонитирлеу (бағалау) кілті;

2) осы Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес биязылау жұнді қой тұқымдарының негізгі селекциялық белгілерінің шартты белгілері мен шифрлары;

3) осы Нұсқаулыққа 3-қосымшаға сәйкес биязылау жұнді қой тұқымдарының микрометре жүн талшықтарының жіңішкелік сыныбы.

17. Жануарлар сыныбы жануардың мөлшерін, дамуын, конституциясын, сүйегін, типі мен сырт бітімін, ет пішіндерінің көрінімділігін, тірідей салмағын, жұннің қырқымы мен сапасын, терінің қатпарлануын кешенді бағалау негізінде анықталады.

18. Тұқымдық типінің көрінімділігіне, конституциялық ерекшеліктеріне, дамуына, дене бітіміне және өнімділік деңгейіне қарай биязылау жұнді қойларды бонитирлеу кезінде қойлар мынадай сыныптарға бөлінеді:

элита;  
бірінші;  
екінші.

19. Осы Нұсқаулықтың 16-тармағында көрсетілмеген биязылау жұнді қойлар жарамсыз деп шығарылады.

20. Жеке немесе сыныппен бонитирленген және сыныптарға жатқызылған биязылау жұнді қойлар мен олардың будандары оң құлақтыңдағы қысқыштармен мынадай тәртіппен белгіленеді:

элита – оң құлақтың ұшындағы бір "жебе" ен салу;  
I-сынып – оң құлақтың төменгі жиегіндегі бір ен салу;  
II-сынып – оң құлақтың төменгі жиегіндегі екі ен салу;

Сыныптың жануарлардың талаптарына сай келмейтін қойлардың оң құлағының үшін кесіп тастайды.

### 3-тарау. Асыл тұқымдық есепке алууды жүргізу

21. Асыл тұқымды қойлардың әрбір табынында асыл тұқымдық есепке алу деректері селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстық ақпараттық қорына "Асыл тұқымды жануардың жеке карточкасының, сондай-ақ селекциялық процеске тартылған ауыл шаруашылығы жануары карточкасының нысандары мен оларды толтыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 11 ақпандағы № 49 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13488 болып тіркелген) (бұдан әрі – бұйрық) 7-қосымшаға сәйкес асыл тұқымды қошқардың жеке карточкасына (биязы жұнді, жартылай биязы жұнді және етті-майлы бағыты), негізгі тұқымдық қошқарлардың және селекциялық топтың саулықтарына (№1-о және №2-о нысандары), сондай-ақ бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес асыл тұқымды қойдың жеке карточкасына (биязы жұнді, жартылай биязы жұнді және етті-майлы бағыты) жүйелі түрде енгізіледі.

Биязылау жұнді қой  
тұқымдарын бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
1-қосымша

### Биязылау жұнді қой тұқымдарын бонитирлеу (бағалау) кілті

Койлардың атауы	Шартты белгілер
Қазақтың етті-жұнді	ҚЕЖ
Ақжайық етті-жұнді	АЕЖ
Қазақтың биязылау жұнді	ҚБЖ
Қазақтың етті, тез жетілетін биязылау жұнді	КЕТЖБ
Қазақтың өсімтал етті-жұнді	ҚӨЕЖ
Цигай	Ц
Дегерестің етті-жұнді құйрықты биязылау жұнді	ДЕЖҚБЖ

Биязылау жұнді қой  
тұқымдарын бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
2-қосымша

### Биязылау жұнді қой тұқымдарының негізгі селекциялық белгілерінің шартты белгілері мен шифрлары

№	Селекциялық белгілер	Шартты белгілер немесе өлшем бірліктері	Селекциялық белгілердің шифрлары
1	2	3	4
	Жануардың типі және терінің қатпарлығы		

	тері катпары аз немесе мұлдем жоқ, жұн өнімділігі төмен жануарлар	K-	1
	мойны мен денесіндегі катпарлары өте көп, жүнді типке көбірек келетін жануарлар	K+	2
	Жұн және ет өнімділігінің көрінетіндігі бойынша тұқым стандартына сай жануарлар	K	3
2	Жұн қалындығы – бүйірі мен арқасындағы тері жігінің көлемі бойынша және қолмен ұстап анықталады		
	сирек, тұқым стандартына сай емес	T-	1
	қанағаттанарлық	T	2
	калың	T+	3
	өте тығыз	TT	4
3 3.1 3.2 3.3	Бүйір жұннің ұзындығы - кой жауырының артқы жағынан, бүйірдің орта сызығынан сәл жоғары жерде созылмаған штапелді сызғышпен өлшеу арқылы анықталады, осыған коса негізгі және тұқымдық тоқты қошқарларда жұн ұзындығы мынадай бөліктерде анықталады: санында арқасында карнында	санитиметр	0,5-ке дейін
4 4.1 4.2	жұн талшықтарының жіңішкелігі микрометрмен немесе сапалығымен көзбен карап немесе микроскоп көмегімен анықталады және негізгі және өсімді молайтатын тоқтыларды: санында арқасында	микрометр	1-ге дейін
	Жабағы жұннің біркелкілігі – бүйір және санындағы жұн талшықтарының жіңішкелігіндегі		

	аїырмашылық бойынша анықталады:		
5	Жұн біркелкі емес, бүйір мен санындағы жұн талшықтары жіңішкелігіндегі айырмашылық 2 сападан немесе 4 микрометрден (бұдан әрі – мкм) артық	БК-	1
	Жұн біркелкі , бүйір мен санындағы жұн талшықтары жіңішкелігіндегі айырмашылық 1 сапага тең немесе 2-ден 4 мкм-ге дейін	БК	2
	Жұн жақсы біркелкі, санындағы жұн талшықтары жіңішкелігіндегі айырмашылық 2 мкм-ден аз	БК+	3
6	Жұннің бұйралығы – бүйір жүні көзбен анықталады:		
	жұн иректілігі білінбейді, мұлдем жоқ немесе әлсіз байқалады	И-	1
	жұн иректілігі жақсы көрінеді, ұнамды пішінде , бірақ анық емес	И	2
	жұн иректілігі ұнамды пішінде, барлық жұн талшықтары ұзындығы бойына анық көрінеді	И+	3
7 7.1 7.2	Шайыр		
	шайыр мөлшері		
	жеткіліксіз	Ш-	1
	артық	Ш+	2
	сапасы мен мөлшері жеткілікті	Ш	3
	Шайыр туsı		
	сарғыш	C	1
	ашық-сарғыш	AC	2
	ак	A	3
8	Арқасы, бауыры мен басының жүнділігі Бағалау кезінде арқасының жүнділігі		ең жоғары 5

	жаксы малдар ұнамды болып табылады	балл	
9	Сүйегі – жиынтық баға негізінде анықталады:		
	сүйегі нәзік	НБ	1
	сүйегі ірі, үлкен	СБ	2
	сүйегі жақсы дамыған, бірақ үлкен емес	ББ	3
10	Сырт бітімі – жеке дене бөліктерінің дамуына жиынтық баға беру негізінде анықталады	балл	ең жоғары
11	Тірідей салмағы төмендегідей жаста анықталады:		
	тыылғанда (1-2 күн)	килограмм	0,5-ке дейін
	енелерінен айырғанда 4-4,5 айлығында	килограмм	0,5-ке дейін
	1 жасында	килограмм	0,5-ке дейін
12	Жұн қырқымы Жұылмаған (табиги) жұннің қырқымы бір жыл өскен тезегі жоқ жұннің қырқымы арқылы барлық салмағы,	килограмм	0,1-ге дейін
13	Таза жұн шығымы Жұылмаған және таза жұн шығымдарының %-к катынасы жұылмаған жұн үлгісін жуу кезінде белгіленеді	%	1-ге дейін
14	Таза жұннің қырқымы, есептеу тәсілі арқылы анықталады	килограмм	0,1-ге дейін
15	Жануардың сыныбы – қырқуға дейінгі бонитирлеу кезінде нұсқаулық бойынша белгіленеді:		
	элита	элита	5
	бірінші сынып	1	4
	екінші сынып	2	3
	жарамсыз	жр	1
16	Жануардың көлемі:		
	ірі	і	5
	орташа	о	4
	ұсақ	к	3

	Жұн жылтырлығы		
17	жоқ	жб	2
	әлсіз	ә	3
	жақсы, жақсы көрінеді	ж	4
	күшті, анық, құбылып тұрады	к	5
	жұн созылғыштығы (цигай жұніне)		
18	қанағаттанарлық созылғыш	ҚС	4
	жаксы созылғыш	ЖС+	5
	созылғыштығы жоқ	СЖ-	3

Биязылау жұнді қой  
тұқымдарын бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
3-қосымша

## **Биязылау жұнді қой тұқымдарының микрометрде жұн талшықтарының жіңішкелік сындыбы**

Жұн талшықтары жіңішкелік сындыбының шектері, микрометрмен		Жұннің жіңішкелік сындыбын микрометрге айналдыру кестесі	
сапа	микрометрлер	сапа	микрометрлер
1	2	3	4
60	23,1-25,0	60	24
58	25,1-27,0	58	26
56	27,1-29,0	56	28
50	29,1-31,0	50	30
48	31,1-34,0	48	32
46	34,1-37,0	46	35
44	37,0-40,0	44	38
40	40,1-43,0	40	42
36	43,1-55,0	36	46

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2014 жылғы 10 қазандығы  
№ 3-3/517 бүйрекіна  
5-қосымша

## **Онімділіктің етті-майлы бағытындағы қойларды бонитирлеу жөніндегі нұсқаулық**

Ескерту. Нұсқаулық жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.07.2023 № 277 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

**1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Өнімділіктің етті-майлы бағытындағы қойларды бонитирлеу жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 4) тармақшасына сәйкес өзірленді және өнімділіктің етті-майлы бағытындағы қойларға (бұдан әрі – қойлар) бонитирлеу жүргізуді нақтылайды.

2. Қойларды бонитирлеуді бонитерлер (сыныптаушылар) жүргізеді.

## **2-тарау. Өнімділіктің етті-майлы бағытындағы қойларды бонитирлеуді ұйымдастыру**

3. Қойлар таза тұқымды қойлар мен будандарға бөлінеді.

4. Таза тұқымды қойларға мыналар жатады:

1) бір тұқымның таза тұқымды ата-енелерін шағылыстыру нәтижесінде алынған жануарлар;

2) екі тұқымның біреуі бойынша қан құрамы кемінде 75 пайыз болған жағдайда тұқымдар генотипі бойынша жақын, туыс екі малды шағылыстыру нәтижесінде алынған жануарлар;

3) бір тұқымның қан үлесі кемінде 93,75 пайыз болған кезде туыс емес тұқымдарды будандастыру нәтижесінде алынған жануарлар;

4) екі және одан көп туыс емес тұқымдардың қатысуымен жаңа тұқым жасау нәтижесінде алынған жануар.

5. Осы Нұсқаулықтың 4-тармағында көрсетілмеген қойлар будандарға жатады.

6. Қойлар жеке немесе сынаптық бонитирлеуге жатады.

Ересек қошқарлар (негізгі, резервтік, сынамалар), өсімді молайтатын қошқарлар, селекциялық топтың саулықтары мен тұсақтары, селекциялық топтың саулықтарынан алынған барлық төлдер, өз табындарының өсімін молайтатын және табынға өткізуге арналған барлық асыл тұқымды ерекек тоқтылар мен тұсақтар толық жеке бағалауға жатады.

7. Өз табынның өсімін молайтуға арналған асыл тұқымды емес жануарлардан алынған барлық тұсақтар сынаптық бағалауға жатады. Тірідей салмағы мен дене бітімінің типіне, құйрығының пішіні мен көлемі, жұннің массасы, сынабы және түсі бойынша бағаланады. Белгілердің сипаттамасы жасалмайды.

8. Қойларды бонитирлеу күзде мал семіргеннен кейін тірідей салмағы, көктемгі және күзгі жұннің сапасы мен жалпы қырқымы ескеріле отырып, жүргізіледі.

9. 4-5 айлық жастағы жас төлді бонитирлеу кезінде қозы жұннің қырқымы, 15-18 айлық жастағыларда көктемгі қырылым ескеріледі.

10. Табында қалдырылған тоқтылар төрт айдан он сегіз айға дейінгі жаста негізгі шаруашылықта пайдалы белгілері бойынша толық жеке бонитирлеуден өтеді.

11. Асыл тұқымды табындарда жыл сайын 4-5,15 және (немесе) 18 айлық жастағы барлық тұсақ қойларға сынаптық және жеке бонитирлеу жүргізіледі.

12. Бонитирлеу нәтижелерін селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық базасына бонитерлер (сыныптаушылар) енгізеді және растайды.

13. Мынадай селекциялық белгілер бонитирленуге жатады:

жануардың типі;

жануардың конституциясы және сүйегінің беріктігі;

сырт бітімі және ет пішіндерінің көрінімділігі (ет);

шайыр түсі;

жұннің салмағы (қалындығы) ;

жұннің ұзындығы;

жұннің жуандығы;

құрғақ және өлі жұннің болуы;

тұтас жұннің біркелкілігі;

жұннің сыныбы;

жұннің төгілуі;

құйрықтың көлемі және пішіні;

жуылмаған жұннің қырқымы (тұпнұсқада);

тірідей салмағы.

14. Жануарлардың сыныбы конституциялық-өнімділік сапаларының және қасиеттерінің және тұқым стандартына сәйкестік дәрежесінің жиынтығы бойынша белгіленеді.

15. Өнімділіктің етті-майлы бағытындағы қойларды бонитирлеу кезінде мыналар қолданылады:

1) осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес тұқымның шартты белгілері мен шифрлары;

2) осы Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес өнімділіктің етті-майлы бағытындағы қойлардың селекциялық белгілері көрінімділігінің шартты белгілері және шифрлары.

16. Жануарлар сыныбы жануардың мөлшерін, дамуын, конституциясын, сүйегін, типі мен сырт бітімін, ет пішіндерінің көрінімділігін, тірідей салмағын, жұн қырқымы мен жұн сапасын, терінің қатпарлануын кешенді бағалау негізінде анықталады.

17. Тұқымдық типінің көрінімділігіне, конституциялық ерекшеліктеріне, дамуына, дене бітіміне және өнімділік деңгейіне қарай биязы жұнді қойларды бонитирлеу кезінде мынадай сыныптарға бөлінеді:

1) жұн жабыны қылышық жұнді типті қойлар:

элита;

бірінші;

екінші.

2) жұн жабыны жартылай ұяң жұнді типті қойлар:

элита;

бірінші;

екінші;  
ұшінші.

18. Осы Нұсқаулықтың 17-тармағына сәйкес келмейтін жануарлар "жарамсыз" болып табылады; сондай-ақ ала, мүйізді жануарлар және элита мен бірінші сыныптың талаптарына сәйкес келмейтін барлық тоқтылар жарамсыз деп танылады.

19. Жеке немесе сыныппен бонитирленген және сыныптарға жатқызылған қойлар мен олардың будандары оң құлақтарына мынадай тәртіппен ен салып, белгіленеді:

элита – оң құлақтың ұшына "жебе" етіп бір ен салу;

I класс – оң құлақтың төменгі жиегіне бір ен салу;

II класс – оң құлақтың төменгі жиегіне екі ен салу.

Сыныптық жануарлардың талаптарына сай келмейтін қойлардың оң құлақтарының ұшын кесіп тастайды.

### **3-тaraу. Асыл тұқымдық есепке алууды жүргізу**

20. Асыл тұқымды қойлардың әрбір табынында асыл тұқымдық есепке алу деректері селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстық ақпараттық қорына "Асыл тұқымды жануардың жеке карточкасының, сондай-ақ селекциялық процеске тартылған ауыл шаруашылығы жануары карточкасының нысандары мен оларды толтыру қагидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 11 ақпандағы № 49 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13488 болып тіркелген) (бұдан әрі – бұйрық) 7-қосымшаға сәйкес асыл тұқымды қошқардың жеке карточкасына (биязы жұнді, жартылай биязы жұнді және етті-майлы бағыты), негізгі тұқымдық қошқарлардың және селекциялық топтың саулықтарына (№1-о және №2-о нысандары), сондай-ақ бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес аஸыл тұқымды қойдың жеке карточкасына (биязы жұнді, жартылай биязылау жұнді және етті-майлы бағыты) жүйелі түрде енгізіледі.

Өнімділіктің етті-майлы  
бағытындағы қойларды  
бонитирлеу жөніндегі  
нұсқаулыққа  
1-қосымша

### **Тұқымның шартты белгілері мен шифрлары**

Тұқымның аты	Өнімділік бағыты бойынша тұқымдардың жіктелуі	Жұн түріне байланысты тұқымның жіктелуі	Шартты белгілер (түрі, тұқым массиві)	Тұқымның шифры
Еділбай	етті-майлы	қылышық жұнді	E	3301
Қазақтың құйрықты қылышық жұнді қой тұқымы	етті-майлы	қылышық жұнді	ҚҚҚ	3316

Сарыарқа құйрықты қылышық жұнді қой тұқымы	етті-майлы	қылышық жұнді	СҚҚ	-
Ордабасы	етті-майлы	қылышық жұнді	O	-
Дегерес етті-жұнді құйрықты қой тұқымы: биязылау жұнді ұян жұнді	етті-майлы	биязылау жұнді ұян жұнді	ДБ ДҰ	2110 3205
Қазақтың құйрықты ұян жұнді қой тұқымы	етті-майлы	ұян жұнді	ҚҚҰ	3207

Өнімділіктің етті-майлы  
бағытындағы қойларды  
бонитирлеу жөніндегі  
нұсқаулыққа  
2-қосымша

### Өнімділіктің етті-майлы бағытындағы қойлардың селекциялық белгілері көрінімділігінің шартты белгілері және шифрлары

Шифрлік белгілер	Селекциялық белгілер	Белгілерінің көрінімділігі дәрежесі	Шартты белгілер немесе өлшем бірліктері	белгінің көрінімділігінің шифры (балл)
1	2	3	4	5
1.	Малдың типі:	жүндестікке бейім	Ж	3
		қалыпты	Қ	4
		еттілікке бейім	Е	5
2.	Конституциясы және сүйегінің мықтылығы:	нәзік	Н	3
		iрі	Б	4
		мықты	К	5
3.	Сырт бітімі мен ет пішіні			5-ке дейін
4.	Жүннің түсі	өзге түстер	ӨТ	1
		қара	Қ	2
		сұр	С	3
		боз	Б	4
		ақ	А	5
5.	Жүннің қалындығы (массасы):	сирек	Т-	3
		қанагаттанарлық	Т	4
		тығыз	Т+	5
6.	Жұн қылышығының ұзындығы – сыйғышпен бүйірінен өлшенеді (бұдан әрі – см)			0,5-ке дейін
7.	Қылышықтың ұзындығы – сыйғышпен бүйірінен өлшенеді, см			0,5-ке дейін
8.	Қылышық жуандығы	жуан	Ж	3
		орташа	О	4
		жіңішке	Жі	5

9.	Құрғақ және өлі талшықтардың кездесуі	көп мөлшерде	ҚӨ+	3
		орташа мөлшерде	ҚӨ	4
		аз мөлшерде	ҚӨ-	5
10.	Жабағы жүннің біркелкілігі – бүйір мен сандағы жүндердің сыныбы мен сапасы арасындағы айырмашылық бойынша анықталады:	біркелкілігі жеткіліксіз (айырмашылық екі сапа, не бір сыныпқа тең)	БК–	3
		біркелкілігі жеткілікті (айырмашылық – бір сапа, бір класс)	БК	4
		біркелкілігі жақсы (жүні өн бойы бір сапалы, бір класс)	БК+	5
11.	Жабағы жүннің негізі бөлігіндегі жүннің сыныбы:	қылышқты үшінші	Ө3	3
		қылышқты екінші	Ө2	4
		қылышқты бірінші	Ө1	5
		жартылай қылышқты екінші	ЖӨ2	3
		жартылай қылышқты бірінші	ЖӨ1	4
		жартылай қылышқты жоғары	ЖӨЖ	5
12.	Жабағы жүннің үйисуы:	қатты үйискан	ҚҰ	4
		үйиспаған	Ұ–	5
13.	Құйрықтың көлемі	үлкен	Ұ	1
		орташа	О	4
		шағын, кіші	ШК	5
14.	Құйрықтың пішіні	тартынқы	Т	3
		сәл түсінкі	СТ	4
		өте түсінкі	ӨТ	5
15.	Жуылмаған жүн қырқымы, көктемгі	Жуылмаған жүн қырқымы барлық салмағы, көктемгі	килограмм (бұдан әрі – кг)	0,1-ге дейін
	Жуылмаған жүн қырқымы, күзгі	Жуылмаған жүн қырқымы барлық салмағы, күзгі	кг	0,1-ге дейін
	Бір жыл ішінде жуылмаған жүн қырқымы	Жуылмаған жүн қырқымы барлық салмағы, жылдық	кг	0,1-ге дейін
16.	Тірідей салмағы:	4-5 айлығында (бөлу кезінде)	кг	1-ге дейін
		15 айлығында	кг	1-ге дейін
		18 айлығында	кг	1-ге дейін
		жарамсыз	бр.	1

17.	Жануардың сыныбы	үшінші сынып	III	2
		екінші сынып	II	3
		бірінші сынып	I	4
		элита	әл.	5

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2014 жылғы 10 қазандагы  
№ 3-3/517 бұйрығына  
6-қосымша

## Қаракөл қойларын бонитирлеу жөніндегі нұсқаулық

Ескерту. Нұсқаулық жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.07.2023 № 277 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйріғымен.

### 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Қаракөл қойларын бонитирлеу жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және қаракөл қойларына бонитирлеу жүргізуі нақтылайды.

2. Қаракөл қойларын бонитирлеуді бонитерлер (сыныптаушылар) жүргізеді.

### 2-тaraу. Қаракөл қойларын бонитирлеуді ұйымдастыру

3. Қозылардың сапасын бонитирлеу екінші-үшінші күні, ашық жерде өткізіледі, күннің шашыранқы сәулесі қозының үстіне түскені абзал.

Бонитирлеудің екінші кезеңі 15-20 күні жүргізіледі. Бұл ретте қозының дамуы, қаракөл қасиетінің сақталуы, шайырлығы ескеріледі. Терінің пигментациясы мен бұралымы жаман сақталып, ак және құрғақ жүннің пайда болуы қозыларды асыл тұқымға қалдыруға болмауына себеп, ол шығарылып тасталады.

4. Әлсіз және тұрпаты артық дамыған нәзік және қырық тұрпаты жануарларды жекелеген отарларға бонитирлеу сыныбына қарамастан жинақтайды.

5. Қозылардың құлақтарына ен салады және қаракөл типіне жататындығын белгілейді, бұйралығының өлшемі мен сыныбы, әр түрлі түстегі бұйраның түсі мен реңі анықталады.

6. Бонитирлеу өткізетін жерде арнайы орындығы бар үстелдер жабдықталады. Кептірілген және мұқият тазартылған қозылар бонитирленеді. Жаңа туған қозылардың құлағына енесінің нөмірін, туған уақытын, отардың нөмері көрсетілген сырға тағады.

7. Бонитирлеу аяқталған соң асырауға қалдырған қозыларды түгендер, белгіленген тәртіппен есеп жүргізеді.

8. Қаракөл қойының туған кезіндегі бұйрасының түрі мен пішініне қарай бес елтірілік типке бөлінеді:

жакеттік (қаламгүл бұйралар мен баданалар)-қозылардың құйымшағы мен жон арқасында ұзын және орташа қаламгүл бұйралар, бүйірінде ені әртүрлі орташа және қысқа қаламгүл бұйралар немесе жон арқасы мен құйымшағында ұзын және орташа қаламгүл бұйралар, бүйірінде орташа және қысқа бұйраға өтіп, ірі бұршақ пен арзымайтын көлемде жал бұйра араласуы мүмкін;

қабырғагүл қырлы бұйралар мен жал бұйралар-қозылардың құйымшағы мен жон арқасында тығыз, серпімді, өңі әр түрлі ұзын және орташа ұзындықта қырлы бұйралар және жал, бүйірінде орташа және қысқа қырлы бұйралар мен жалға ауысады, арзымайтын көлемде қаламгүл бұйралар мен ірі бүршақ қатысуына рұқсат етіледі;

жазықгүл (жазық бүйра)-қозылардың бүйрасының ені екі түрлі, арқасы мен құйымшағында ұзын және орташа ұзындықтағы жазық бүйралар, жазық жал аралас, бүйірінде орташа және қысқа жазық бүйра мен жалға өтеді;

қаракөлше (жал бүйралар)-қозылардың жүні қысқа (5мм дейін), бүйралары жал теңбіл суретті (әшекейлі) муар тәріздес, жабының (тұғінің) сапасы-реңденуі үдемелі, жібектілігі мен жалтырлығы құшті, қозының өсіп дамуы әдеттегідей;

кавказ типі (өсіңкі бұйра)-қозылардың бұйрасының ені әртүрлі, жабыны едәуір өсіңкі, құйымшағы мен арқасында онша тығыз емес, орташа және қысқа қаламгұл бұйралар басым келіп, қысқа қаламгұл бұйра мен ірі бұршаққа өтіп арзымайтын көлемде жал бұйра араласады.

9. Қозылар бағалау кезінде тері сапасына қарай бөлінеді:

- 1) элита;
  - 2) бірінші сынып;
  - 3) екінші сынып.

Осы Нұсқаулықтың 9-тармағындағы сыйныптарға қатысты талаптарға сәйкес келмейтін жануарлар жарамсызға жатқызылады.

10. Қаракөл қойларына осы Нұсқаулыққа қосымшаға сәйкес зауыттық қондылықты қаракөл қойларына тірідей салмағы бойынша қойылатын ең аз талаптар қойылады.

11. Қаракөл қой шаруашылығында қозыларды бонитирлеу кезінде жануарларды іріктеуді келесі көрсеткіштер арқылы жүргізеді: жануардың жынысы; түсі, ені, түс қанықтығы, реңі: бұйраның пішіні мен тығыздығы, толқынның ұзындығы; тығыздығы, жуннің ұзындығы қалындығы жібектілігі жылтырақтығы; суретінің түрі мен анықтығы; терісінің қалындығы, тығыздығы және молдығы; қозының өсіп-дамуы; тірідей салмағы; контитуациясы.

Асыл тұқымды ерек токтылар он күннен жиырма күндігінде бұйраның және жүнінің реңінің сақталу дәрежесімен, жүнінің жібектілігімен, жалтырақтығы мен өсіп-даму қабілеттілігімен бонитирленеді.

12. Қаракөл қозы жеке және сыйыптық бонитирлеуге жатады.

13. Жеке бонитирлеу толық және қысқартылған болып бөлінеді.

1) толық жеке бонитирлеу өсіруге қалдырылған асыл тұқымды еркек тоқтыларға жүргізіледі;

2) қысқартылған жеке бонитирлеу асыл тұқымды ұрғашы тоқтыларға және ұрпағының сапасы бойынша тексерілген қошқарлардан туган барлық қозыларға жүргізіледі.

14. Сыныптық бонитирлеу барлық қалған қозыларға жүргізіледі, бұл жағдайда барлық қозылардың саны, жынысы, түсі, реңі, елтірлік типі, сыныбы және бүйра өлшемі ескеріледі.

15. Жеке бонитирлеуде қолданылатын белгілердің қысқаша атауы:

1) қозының жынысы – ұрғашы (ұр), еркек (ер);

2) түсі мен реңі – қара (қара), көк (көк), сұр (сұр), қоңыр (қон), қызылт (қызыл). Сұр түстің реңдері мен реңдері: бұқар сұры (б. сұр), реңдері – алтын (алт), күміс (күм); сұрхандария сұры (сх. сұры), реңдері – платина (пл), қорғасын (қор), янтарь (ян); қарақалпақ сұры (ққ.сұры), реңдері – болат (бол), өрікгүл (өрік), барлық сұрлардың анықталмаған реңдері (б.с.а.р); көк түстің реңдері мен реңдері, орташа көгілдір (оп. көг), орташа күміс (оп. күм), қара көк (қ.к), қара меруерт (қ. мер), ақшыл (акш);

3) елтірлік тип – жакет (ж), кавказ (кав), қабырғагүл (қ), жазықгүл (ж);

4) бүйра өлшемі – майда (м), орташа (о), ірі (ірі);

5) бүйра пішіні – жартылай шенберлі (ж.ш);

6) бүйра ұзындығы – ұзын (ұз), орташа (оп), қысқа (қыс);

7) бүйра тығыздығы – тығыз (тғ), орташа тығыз (оп.тғ), болбыр (бол);

8) талшықтың қалындығы – өте қалың (ө.к), қалың (қ), сирек (с);

9) талшықтың жібектілік сипаттамасы – өте жібекті (ө.ж), жібекті (ж), жібектілігі жеткіліксіз (жж);

10) талшықтың жылтырлығы – өте жылтыр (ө.ж), жылтыр (ж), жеткіліксіз (ж), күңгірт (к).

11) алалық – құйрық ұшында (қ.ұ), құйрықтың майлы бөлігінде (қ.м.б), аяқтарында (аяқ), денесінде (ден), басында (бас).

12) өрнектілігінің анықтылығы – анық (ан), жеткіліксіз (ж), анық емес (а.е).

13) терісі – тығыз (тғ), болбыр (бол), өте жұқа (о.ж), жұқа (ж), қалыңдау (қ.у), қалың (қ), созылыңқы (соз), жұмсақ (жм).

14) жүндестігі – жақсы (жақ), орташа (орт.), жеткіліксіз (жет).

15) конституция – берік (б), нәзік (н), қопал (қ).

16) қозының тірідей салмағы немесе дene өлшемі – ұсақ (ұ), ірі (ірі), орташа (орт).

17) сыныбы – элита (эл), бірінші (I), екінші (II), жарамсыз (ж).

16. Он бес күндік жасындағы тексеруде:

1) өсуі қалыпты (қал), жетілмеген (жн);

2) қодылығы – жақсы (ж), орташа (орт), орташадан төмен (орт.т);

- 3) пигменттің сақтау дәрежесі - жақсы (ж), қалыпты (қал), нашар (наш);  
 4) ақ талшықтың болуы – жоқ (жоқ), өте аз (ө.а), көп (көп);  
 5) бүйраның сақталуы - жақсы (ж), қанағаттанаралық (қан), нашар (наш).  
 6) талшық сипаттамасы – өте жібекті (ө.ж), жібектілігі жеткіліксіз (ж.ж);  
 7) жылтырлығы – өте жылтыр (ө.ж), қалыпты (қал), жеткіліксіз (жет), күнгірт (кгт);  
 8) құрғақ талшықтың болуы – құйрықтың жұмсақ бөлігінде (қ.ж.б), қарнында (қар), жоқ (жоқ);  
 9) балмен зауыттық бағалау – өте жақсы дамыған және бүйралары сақталған – 5, жақсы – 4, қанағаттанаралық – 3.

Қаралғандағы  
Каракөл қойларын бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
қосымша

### **Зауыттық қондылықты қаралғандағы тірідей салмағы бойынша қойылатын ең аз талаптар**

Жасы	Тірідей салмағы, килограмм	
	қойлар	саулықтар
Тұған кезде	4,0	3,5
4-5 айлығында	30	27
12-13 айлығында	35	32
18-20 айлығында	42	36

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2014 жылғы 10 қазандығы  
№ 3-3/517 бүйріғына  
7-қосымша

### **Тұбітті, сұтті және жұнді ешкілерді бонитирлеу жөніндегі нұсқаулық**

**Ескерту. Нұсқаулық жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.07.2023 № 277 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйріғымен.**

#### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Тұбітті, сұтті және жұнді ешкілерді бонитирлеу жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және тұбітті, сұтті және жұнді ешкілерді бонитирлеу жүргізуі нақтылайды.

2. Тұбітті, сұтті және жұнді ешкілерді бонитирлеуді бонитерлер (сыныптаушылар) жүргізеді.

## **2-тарау. Тұқымдардың фенотиптік белгілері бойынша жіктеуіші, ешкілердің таза тұқымдылығын анықтау**

3. Жаңа тұқымдарды өсіру кезінде пайдаланылған бастапқы тұқымдардың ерекшеліктеріне, асыл тұқымдық жұмыс әдістеріне, жүнді, түбітті және сұтті өнімділігінің айқындылық дәрежесіне және сипатына қарай Қазақстан Республикасында өсірілетін ешкілер үш негізгі бағыт бойынша: жүнді, түбітті және сұтті болып бөлінеді. Мұндай бөлінудің негізіне жеке селекцияланатын белгілердің даму дәрежесі мен маңыздылығы жатқызылады.

Жүн бағытындағы ешкілер – советтік жүн тұқымы және оның будандары;

Түбіт бағытындағы ешкілер – таулыалтай тұқымы, орынбор тұқымы және олардың будандары;

Сұт бағытындағы ешкілер – заанен тұқымы, ағылшын-нубия тұқымы және олардың будандары.

4. Ешкілердің тұқымдылығы тұқымның шығу тегі мен айқындылық типін растайтын құжаттардың бар-жоғына тексеріп-қарау және салыстыру арқылы анықталады.

Тұқымды ешкілер таза тұқымды және будандастырылған болып бөлінеді.

Таза тұқымдыға белгілі бір тұқымға тән қасиеттері бар және шығу тегі мынадай талаптардың бірін қанағаттандыратын жануарлар жатады:

1) бір тұқымның таза тұқымды ата-енелерін шағылыштыру;

2) екі тұқымның біреуі бойынша қан құрамы кемінде 75 пайыз болған жағдайда тұқымдар генотипі бойынша жақын, туыс екі жануарды шағылыштыру;

3) бір тұқымның қан үлесі кемінде 93,75 пайыз болған кезде туыс емес тұқымдарды будандастыру;

4) екі және одан көп туыс емес тұқымдардың қатысуымен жаңа тұқым жасау нәтижесінде алынған жануар.

5. Осы Нұсқаулықтың 4-тармағында көрсетілмеген ешкілер будандарға жатады.

## **3-тарау. Ешкілерді бонитирлеу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру**

6. Ешкілерді бонитирлеуді ұйымдастыру және жүргізу үшін жауапкершілік бонитирлеу жүргізілетін шаруашылық басшысына, респубикалық палатаға және бонитирлеуді жүргізген бонитерге (сыныптаушыға) жүктеледі.

7. Жұмыс басталар алдында бағалауға жататын барлық мал басына асыл тұқымдық және зоотехникалық есепке алу деректері дайын болуы тиіс.

8. Жұмыстарды жүргізу үшін мыналар қажет:

1) құлаққа белгі салуға арналған қысқыштар;

2) цифrlардың толық жиынтығы бар татуировкаға арналған қысқыштар;

3) құлаққа тағатын пластмасса немесе металл сырғалар (радиожиілікті сырғалар);

- 4) бонитирлеуге арналған өткелек, қалқандардың қажетті саны;
- 5) халаттар және басқа да мүкәммал;
- 6) жануарларды өлшеуге арналған таразылар;
- 7) жануарларды жеке бағалау (бонитирлеу) нәтижелерін жазуға арналған журналдар

9. Әрбір шаруашылықта ешкілерді бонитирлеуді жүргізген кезде "Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 7-1/587 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11940 болып тіркелген) бекітілген ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидалар сақталады.

10. Бонитирлеу аяқталғаннан кейін белгіленген нысан бойынша акт және орындалған жұмыс туралы есеп жасалады.

11. Жануарлардың асыл тұқымдық құндылығына байланысты селекцияланатын белгілерге (тірідей салмақ, сүт өнімділігі, сырт бітімі, жұн мен тұбіттің сандық және сапалық параметрлері.) жеке немесе сыныптық бонитирлеу қолданылады, олардың нәтижелерін селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық қорына (бұдан әрі – САТЖАК) енгізеді.

#### **4-тaraу. Ешкілерді сырт бітімі-конституциялық белгілері бойынша бағалау**

12. Жұнді, тұбітті және сүтті ешкілердің төлдерін сырт бітімі-конституциялық белгілері бойынша негізгі бағалау 12 (он екі) – 18 (он сегіз) айлық жаста көзben қарап жүргізіледі.

13. Бағалауға мынадай селекциялық белгілер жатады:

1) жануардың типі, жұнді және тұбітті бағытындағы ешкілер көлемі жағынан орташа, сондай-ақ сүтті бағытындағы ешкілер айтарлықтай ірі. Барлық аталған бағыттардағы ешкілердің қозғалысы жылдам, конституциясы мықты, сүйегі дамыған, дene бітімі жіңішке, аяқтары жақсы қойылған, түяқтары мықты.

2) ешкілердің конституциясы мен сүйектері дene бітімін, сүйегінің беріктігін, сырт бітімі бөліктерін, тері және тері астындағы тіндердің даму сипаттамаларын (қалыңдығы, тығыздығы.), сондай-ақ жұнді жабынын жиынтық бағалау негізінде айқындалады.

3) ешкілердің сырт бітімі (дene бітімінің пішіні) өнімділік бағытымен, конституциясымен және саулығының жай-қүйімен тығыз байланысты. Дене бітімі жалпақ, арқасы жеткілікті ұзын және тегіс болған кезде аяқтарының дұрыс орналастырылуы, сүйегінің қалыпты дамуы төзімділікті, конституциясының мықтылығын және жануарлардан жоғары өнімділікті ет пен жұн алуға негіз болады. Сондықтан осы бағытта іріктеу белгілі бір табиғи-климаттық жағдайларда өсіруге жақсы бейімделген жоғары өнімді ешкілердің табындарын құруға мүмкіндік береді.

14. Жұнді, түбітті және сұтті ешкілерді сырт бітімі-конституциялық типі бойынша балдық бағалау осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

#### **5-тарау. Ешкілерді тірідей салмағы бойынша бағалау**

15. Өнімділіктің әртүрлі бағыттарындағы тұқымдық текелер мен төлдердің тірідей салмағы бонитирлеу жүргізу кезінде таразыда 0,1 (нөл бүтін оннан бір) килограмға дейінгі дәлдікпен, бір жасында аш қарында өлшеу арқылы айқындалады.

16. Мерзімді (туылған кезде, енесінен айырған кезде, 1 (бір) жас, 1,5 (бір жарым) жаста, жыл сайын текелерді бағалау және аналық ешкілерге жеке бекіту кезінде) өлшеуге селекциялық топтардың жануарлары – тұқымдық текелер, ұрғашы ешкілер және олардың төлдері жатады.

17. Ересек ешкілердің тірідей салмағы күзде шағылыстыру алдында азықтандырғанға дейін және суарғанға дейін таңертең жеке (асыл тұқымды табындар) немесе топпен (тауарлық табындар) өлшеу арқылы, лақтардікі – оларды енелерінен айырған кезде анықталады.

18. Жұнді, түбітті және сұтті ешкілерді тірідей салмағы бойынша балдық бағалауосы Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

#### **6-тарау. Жұнді және түбітті ешкілердің жұн өнімділігі бойынша бағалау**

19. Жұнді және түбітті ешкілердің жұн өнімділігінің сандық және сапалық параметрлері бойынша негізгі бағалау 12 (он екі) – 18 (он сегіз) айлық жаста жүргізіледі. Сараптамалық бағалау бонитирлеу кезінде, ал зертханалық зерттеулер – іріктелген үлгілерді зерделеу кезінде өлшеу құралдары мен аспаптарды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

20. Көзбен қарап бағалауға мынадай селекциялық белгілер жатады:

1) жұн мен түбіттің қалындығы, бұл тері аймағының бірлігіне келетін жұн талшықтарының саны. Тері аймағының бірлігіне жұн талшықтары неғұрлым көп болса, жұн қырқымы соғұрлым жоғары болады. Ешкілердің жұн өнімділігін бағалау кезінде жұннің қалындығымен қатар бүйірлерінде, арқада және іш жағында жұннің (түбіттің) көп өсетініне назар аудару қажет.

2) жұннің, түбіттің жіңішкелігі – бонитирлеу кезеңінде сапада көзбен қарап айқындалатын жұн және түбіт талшығының диаметрі. Жұн мен түбіт талшықтары неғұрлым жіңішке болса, шығымдылық соғұрлым жоғары болады және олардан иірілген жіптің сапасы өте жақсы болады. Сондықтан, жұнді және түбітті ешкілерді селекциялық топтарға іріктеу кезінде жұн мен түбіттің жіңішкелігіне ерекше назар аудару қажет.

3) жұн мен түбіттің біркелкілігі – ешкі шаруашылығындағы маңызды селекциялық белгілер. Жұн мен түбіттің жіңішкелігі мен ұзындығы бойынша біркелкілігі неғұрлым

жоғары болса, олардан иірілген жіптің сапасы соғұрлым жақсы болады. Жұнді және түбітті ешкілерді іріктеу кезінде жұн мен түбіттің жіңішкелігі мен ұзындығы бойынша біркелкілігіне ерекше назар аудару қажет.

4) шайыры – жұннің технологиялық құндылығын оның құрамындағы май есебінен қамтамасыз ететін құнды көрсеткіш. Жуылған жұн мен түбіттің жоғары өнімділігі өнімділікті арттырудың маңызды өлшемшарты болып табылады. Алайда, жұн мен түбітте ашық түсті шайырлардың жеткілікті мөлшерде болуын қамтамасыз етуге тырысу қажет.

5) жұн мен түбіттің түсі мен жылтырлығы селекциядағы маңызды көрсеткіштер болып табылады, өйткені бұлар олардан жасалған бұйымдардың сапасына үлкен әсер етеді. Жұннің ақ түсі мен люстр тәрізді жылтырлығы - сапалы шикізат белгісі. Иріктеу кезінде бұйымдарға әдемілік пен әсемдік беретін жұн мен түбітке тән жылтырлығының болуын ескеру қажет. Жұн мен түбітте түрлі-түсті талшықтардың болуы өнімнің сапасын төмендетеді.

6) жұннің ирелендігі – оның біртектілігінің негізгі көрсеткіштерінің бірі. Бір жазықтықта өрімнің бүкіл ұзындығы бойынша жұннің ірі ирелендігі (гофрленген) оның біркелкілігін анықтайды.

7) кемп – жұн шикізатының сапасын күрт нашарлататын құрғақ өлі қылышық. Жұнді және түбітті ешкілердің, әсіресе тұқымдық текелердің табынымен асылдандыру жұмыстарын жүргізу кезінде селекция жұндегі кемптің құрамын жоюға бағытталуы тиіс.

21. Жұн мен түбіт өнімділігінің мынадай селекциялық белгілері өлшенуге жатады:

1) жұн мен түбіт қырқымы – 12 (он екі) айда жануардан қырқылатын жұннің жалпы салмағы. Жұнді қырқу терінің бірлігіндегі қылышықтардың санына, жұн мен түбіттің жіңішкелігіне және ұзындығына байланысты. Жұнді қырқу, түбітті, әсіресе жіңішке талшықты (17 (он жеті) – 18 (он сегіз) микрометр және одан жіңішке) түбітті тарау және олардың сандық және сапалық параметрлері өнімділіктің осы бағыттарындағы ешкілермен селекциялық-асыл тұқымдық жұмыс жүргізу кезінде маңызды шаруашылықтың пайдалы белгілері болып табылады.

2) түбіттің құрамы – массасы бойынша пайызбен көрсетілген түбіт талшықтарының саны. Бұл көрсеткіш неғұрлым көп болса, тұту соғұрлым жоғары болады. Селекциялық ядроның тұқымдық текелері мен аналық ешкілердің түбітін жеке тұту әртүрлі типті жұн талшықтарының физикалық-механикалық қасиеттерін белгілей отырып, селекциялық зертханаларда зерттеу жолымен белгіленеді.

3) жұннің, түбіттің жіңішкелігі – микрометрлерде айқындалатын жұн мен түбіт талшығының диаметрі. Жұн мен түбіт талшықтары неғұрлым жіңішке болса, шығымдылық соғұрлым жоғары болады және олардан иірілген жіптің сапасы ете жақсы болады. Сондықтан, жұнді және түбітті ешкілерді селекциялық топтарға іріктеу кезінде олардың жұні мен түбітінің жіңішкелігіне ерекше назар аудару қажет.

4) жұннің, түбіттің ұзындығы – белгілі бір уақыт кезеңінде жұннің өсуі – 12 (он екі ай) ай немесе қыркудан қыркуға дейін. Асыл тұқымды жас төлдерде табиғи қүйінде жұн ұзындығы бүйірінде (сызғышпен), мал басын толықтыратын лақтарда – бүйірінде, санында, арқасында және іш жағында өлшенеді.

22. Жұнді ешкілерді жұнді өнімділігі бойынша және түбітті ешкілерді жұнді өнімділігі бойынша балдық бағалауосы Нұсқаулыққа 3 және 4-қосымшаларға сәйкес айқындалады.

#### **7-тарау. Ешкілерді сұттілігі бойынша бағалау**

23. Ешкілердің сұттілігі сырт бітімі-конституциялық типімен, жануардың дене салмағымен және желіннің дамуымен тығыз байланысты. Сондықтан, сұтті тұқымды ешкілерді іріктеу және таңдау кезінде осы белгілерге үлкен мән беру керек, өйткені олар көбінесе жас төлдердің одан әрі өсуі мен дамуын және оның өнімділігін анықтайды.

24. Лақтардың туылу типі (нешінші болып туылған) болашақ саулық ешкілер мен тұқымдық текелердің өнімділігі мен төлділігін таңдау және болжau кезінде маңызды. Сұтті ешкілердің өнімді-асыл тұқымды қасиеттерін бағалау кезінде егіз боп және үшеу бол тұылған жас төлдерге жынысына қарамастан сұтті тұқымды ешкілерді сұт өнімділігі бойынша балдық бағалау осы Нұсқаулыққа 5-қосымшага сәйкес тиісінше 3 және 5 балл қосымша беріледі.

#### **8-тарау. Жұнді, түбітті және сұтті ешкілерді сыныптарға бөлу**

25. Ешкі шаруашылығындағы жалпы сыныптық баға конституциялық-өнімді сапаларының, қасиеттердің және тұқым стандартына сәйкестік дәрежесінің жиынтығы бойынша белгіленеді.

26. Тұқымдық ерекшеліктеріне және өнімділік деңгейіне байланысты ешкілерді 3 сыныпқа бөледі:

1) элита – конституциялық-өнімді сапалары мен қасиеттері бойынша 1-сыныпты ешкілерден асып түсетін, тиісті тұқымдардың стандартына толық жауап беретін жануарлар. Жұнді ешкілердің жас төлдерін элита сыныбына жатқызу үшін жалпы саны 65 (алпыс бес) – 85 (сексен бес) балды құрауы тиіс. Түбітті және сұтті ешкілерді элита сыныбына жатқызу үшін балдардың жалпы саны 55 (елу бес) – 70 (жетпіс) болуы керек.

2) бірінші сынып – өзінің конституциялық-өнімді белгілері мен қасиеттері бойынша жұнді, түбітті және сұтті тұқымды ешкілер үшін стандарт талаптарына сәйкес келетін жануарлар. Жұнді ешкілердің жас төлдерін бірінші сыныпқа жатқызу үшін жалпы саны 45 (қырық бес) – 64 (алпыс төрт) болуы керек. Түбітті және сұтті ешкілерге ұқсас параметр – 40 (қырық ) – 54 (елу төрт) балл.

Элиталық және бірінші сыныпты аналықтар өз табындарын өсіру және мал басын толықтыру, сондай-ақ оны асыл тұқымды мақсаттарға сату үшін жас төлдерді алу мақсатында қолданылады.

3) екінші сынып – тұқым стандартына толық сәйкес келмейтін, сондай-ақ өнімділікте немесе сырт бітімі-конституциялық типте кейбір кемшіліктері бар жануарлар. Олар өнімділігі жағынан бірінші сыныпты ешкілерден едәуір тәмен, бірақ пайдаланылатын табындарда тауарлық өнімді алуға, ал асыл тұқымды табындарда, сонымен қатар, тұқымға жақсартылған жас төлдерді алу және сату үшін өте қолайлыш. Кешенді бағалау кезінде 30 (отыз) – 44 (қырық төрт) балл жинаған бонитирлеу жасындағы жүнді ешкілердің жас төлі екінші сыныпқа жатады. Тұбітті және сұтті ешкілер үшін бұл көрсеткіш 25 (жиырма бес) - 39 (отыз тоғыз) балл деңгейінде белгіленген.

4) конституциясы әлсіреген, сырт бітімінде кемістігі бар, өнімділігі тәмен, жалпы жиынтық бойынша – жұн бойынша 30 (отыз) балл және тұбітті және сұтті ешкілер бойынша 25 (жиырма бес) балл жинамаған жануарлар жарамсыз малға жатады.

27. Ешкілерді жеке нөмірлермен таңбалау мынадай тәсілмен жүргізіледі:

- 1) құлақтарына ен салу;
- 2) құлақтарына металл немесе пластмасса (радиожиілік) сырғалар салу;
- 3) мүйіздеріне күйдіріп салу.

28. Селекциялық топтардың аналық ешкілері мен ақ тұсті тұқымдық текелер үшін құлақтарына таңба салу таңбалаудың негізгі әдісі болып табылады. Нөмірлер құлақ қабығының ішкі жағының тұксіз жағына қойылады.

Нөмірлердің цифrlары құлақтың ұзындығына параллель және оның ортасында, сол жақ құлаққа нөмір бас жағынан бастап, он жақ құлаққа – бас жағына қарай қойылады. Таңбаның құрамы 5 (бес) – 10 (он) % глицерин қосылған спиртте сұйылтылған күйеден дайындалады.

## 9-тарау. Ешкілерді таңбалау

29. Асыл тұқымды ешкілерді таңбалау мынадай тәртіппен жүргізіледі: селекциялық топтағы аналықтардан және ұрпақтарының сапасы бойынша ешкілерді бағалау жүргізілетін аналықтардан алынған лақтарға енесінен айырғанға дейін туылған кезде сол жақ құлағына анасының нөмірі, ал он жақ құлағына – олардың жеке нөмірінің таңбасы қойылады. Жеке нөмірдің алдына туылған жылы (жылдың соңғы цифры) қойылады.

30. Өнімділіктің барлық бағыттарындағы ешкілер және олардың асыл тұқымдық және пайдаланушы табындардағы, жеке немесе сыныптық бонитирленген және сыныптарға жатқызылған будандары он жақ құлағына мынадай тәртіппен ен салумен белгіленеді:

элита – он жақ құлақтың ұшында "жебе" тәрізді бір ен салу;

бірінші сынып – оң жақ құлақтың төменгі жиегіне бір ен салу;  
екінші сынып – оң жақ құлақтың төменгі жиегіне екі ен салу.

Жануарлар сыныптарының талаптарына сәйкес келмейтін ешкілердің оң жақ құлағының үшін кесіп тастайды.

## 10-тарау. Асыл тұқымдық есепке алууды жүргізу

31. Асыл тұқымдық есепке алу асыл тұқымды ешкілердің әрбір табынында жүйелі түрде жүргізіледі. Оған тұқымдық текелерді, селекциялық топтардың аналықтарын және олардың селекциялық топтар аналықтарының мал басын толықтыру үшін іріктелген ұрпақтарын жеке есепке алуудың, шығу тегінің, асыл тұқымды пайдаланудың барлық деректері мен өнімділік көрсеткіштері, сондай-ақ қалған асыл тұқымды аналықтар мен олардың төлдерінің қырқылған жүнін және тірідей салмағын жеке есепке алу деректері кіреді.

32. Жас төлдерге және қалған аналықтарға жыл сайын жұнді қырқу, тірідей салмақ және ұрпақ алу бойынша зоотехникалық есепке алуудың жиынтық ведомостары жасалады.

33. Асыл тұқымдық есепке алу деректері САТЖАҚ-ға енгізіледі.

34. Жеке есепке алу "Мал шаруашылығы салалары бойынша асыл тұқымдық өнімді (материалды) есепке алу нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 3-3/397 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11269 болып тіркелген) сәйкес нысандар бойынша жүргізіледі.

35. Негізгі тұқымдық текелердің және селекциялық топтар аналықтарының тірідей салмағы, жұн қырқымы және оның сапалы сипаттамалары оларды асыл тұқымдық пайдаланудың барлық кезеңінде ескеріледі.

36. Асыл тұқымды ешкілердің өнімділігін есепке алу үшін осы Нұсқаулыққа 6-қосымшаға сәйкес Асыл тұқымды ешкілердің өнімділігін есепке алу кітабы жүргізіледі.

Тұбітті, сұтті және жұнді  
ешкілерді бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
1-қосымша

## Жұнді, тұбітті және сұтті ешкілерді сырт бітімі-конституциялық типі бойынша балдық бағалау

№	Фенотиптік және селекцияланған белгілер	Сипаттауы	Шартты белгілер. немесе өлшем бірлігі	Ешкілердің өнімділік бағытын ескере отырып, белгі үшін балдар		
				жұнді	тұбітті	сұтті
		Негізгі өнімділік типінің (жұн,				

		түбіт, сұт) айқындығы қанағаттанарл ық емес жануарлар	C-	-	-	-
1	Негізгі өнімділік типінің айқындығы (жұнді, түбітті, сұтті)	Негізгі өнімділік типінің айқындығы қанағаттанарл ық жануарлар	C	1-5	1-5	1-5
		Негізгі өнімділік типінің (жұн, түбіт, сұт) айқындығы жақсы жануарлар	C+	6-8	6-8	6-8
		Негізгі өнімділік типінің (жұн, түбіт, сұт) айқындығы өте жақсы жануарлар	CC	9-10	9-10	9-10
2	Дене бөліктерін жиынтық бағалау негізінде анықталатын сүйек	Сүйегі нәзік	H	-	-	-
		Сүйегі үлкен, ірі	Г	1-3	1-3	1-3
		Сүйегі•жақсы дамыған, бірақ ірі емес	K	4-5	4-5	4-5
3	Сырт бітімі	Дененің бір немесе одан да көп бөліктері бойынша кемістер бар	Э-	-	-	-
		Дене бөліктерінің кемістері байқалмайды	Э	1-3	1-3	1-3
		Тұқым стандартына толығымен сәйкес келеді	Э+	4-5	4-5	4-5
Сырт бітімі үшін ең жоғары балл жиыны:			20	20	20	

Түбітті, сұтті және жұнді  
ешкілерді бонитирлеу  
жөніндеңі нұсқаулыққа  
2-қосымша

## Жұнді, түбітті және сүтті ешкілерді тірідей салмағы бойынша балдық бағалау

№	Селекциялана тын белгі, өлшем бірлігі	Жынысы	Белгінің мәні, килограмм (бұдан әрі – кг)	Ешкілердің өнімділік бағытын ескере отырып, белгі үшін балдар		
				жұнді	түбітті	сүтті
1	1 (бір) жастағы тірідей салмағы, кг.	Текешіктер	25 кг және кем	-	-	-
			26-28	-	1-3	-
			29-31	1-5	4-6	1-3
			32-34	6-7	7-9	4-6
			35-37	8-9	10	7-9
			38 және артық	10	10	10
		Шыбыштар	23 кг және кем	-	-	-
			24-26	-	1-3	-
			27-29	1-5	4-6	1-2
			30-32	6-7	7-8	3-7
			33-35	8-9	9-10	8-10
			36 кг және артық	10	10	10
2	1,5 (бір жарым) жастағы тірідей салмағы, кг.	Текешіктер	30 кг және кем	-	-	-
			31-33	-	1-5	-
			34-36	1-5	6-8	1-4
			37-39	6-8	9-10	5-7
			40-42	9-10	10	8-9
			43 кг және артық	10	10	10
		Шыбыштар	28 кг және кем	-	-	-
			29-31	-	1-3	-
			32-34	1-2	4-5	1-3
			35-37	3-7	6-7	4-7
			38-40	8-9	8-9	8-9
			41 кг және артық	10	10	10
Тірідей салмағы үшін ең жоғары балл жиыны:				10	10	10

Түбітті, сүтті және жұнді  
ешкілерді бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулықта  
3-қосымша

## Жұнді өнімділігі бойынша жұнді ешкілерді балдық бағалау

--	--	--	--	--

№	Фенотиптік және селекцияланатын белгілері	Сипаттамасы	Шартты белгілер, белгінің мәндері, сантиметр (бұдан әрі – см), килограмм (бұдан әрі – кг)	Белгі үшін балдар
1	Жұннің қалындығы ұстап сезу арқылы және бүйірі мен арқасында тері тігісінің шамасымен анықталады	Жұні сирек, тұқым стандартына сәйкес келмейді	M-	-
		қанагаттанарлық қалың	M	1-2
		өте қалың	M+	3-4
			MM	5
2	Өлі және құргақ талшық (бұдан әрі – кемп) құрамы	кемп жоқ	K-	5
		кемп 1 пайыздан (бұдан әрі – %) аспайды	K	1-4
		кемп 1%-дан артық	K+	-
3	Бүйіріндегі жұннің ұзындығы жауырынның дәл артқы жағындағы бүйірінің ортаңғы сызығынан жоғары созылмаған жұн тұлымдарының биіктігі бойынша сызғышпен өлшеніп анықталады	Текешіктер	15,0 см және кем	-
			15,1-16 см	1
			16,1-17 см	2-3
			17,1-18,0 см	4-5
			18,1 см және артық	5
		Шыбыштар	13,0 см және кем	-
			13,1-14 см	1
			14,1-15 см	2-3
			15,1-16,0 см	4-5
			16,1 см және артық	5
4	Жұн талшықтарының сапасы немесе микрометрлердегі (бұдан әрі – мкм) жінішкелігі - микроскоптың немесе зертханалық жабдықтың көмегімен көзбен көріп анықталады	Текешіктер	жінішке 58 к.-(25,1-27,0)	-
			58-56 (25,1-29,0)	1
			56-(27,1-29,0)	2-3
			56-50-(31,1-34,0)	4-5
			жуан 50 к.-(29,1-31,0)	5
		Шыбыштар	60-(23,1-25)	-
			58-(25,1-27,0)	1
			56-(27,1-29,0)	2-3
			50-(29,1-31,0)	4-5
			48-(31,1-34,0)	5
	Жұн біркелкі емес, бүйірі мен сандарындағы талшықтардың биязылығындағы			-

		аїырмашылық 2 (Бекі) сападан немесе 4 (төрт) мкм жоғары		
5	Жұннің биязылығы бойынша біркелкілігі	Жұн біркелкі, бүйірі мен сандарындағы талшықтардың биязылығындағы аїырмашылық 1 (бір) сапа немесе 2-ден (екіден) 4 (төрт) мкм-ге дейін	Б	1-4
		Жұннің біркелкілігі жақсы, бүйір мен сандарындағы талшықтардың биязылығындағы аїырмашылық 2 (екі) мкм-ден аз	Б+	5
6	Жұннің ирелендігі - бүйірінде көзбен көріп анықталады:	Ирелендігі әлсіз, бірақ көрінеді	И-	-
		Ирелендігі қажетті пішінде, жақсы көрінеді, бірақ анық емес	И	1-4
		Ирелендігі қажетті пішінде, штапельдің бүкіл ұзындығы бойынша анық көрсетілген	И+	5
7	Шайыр, шайыр мөлшері (жұннің жалпы салмағынан шайырдың үлестік салмағы %)	Кемшілік, 5 % кем	Ш-	-
		Артықшылық, 10 % артық	Ш+	1-4
		Жеткілікті мөлшер (5 (бес)-10 (он))	Ш	5
8	Жұннің жылтырлығы люстр)	Қалыпты жылтырлық	К	5
		Әлсіз күнгірт	С	1-4
		Жоқ	Б	-
9	Арқа мен қарнында жұннің өсуі	Арқа жағындағы жұннің ұзындығы 2 см-ге қысқа және бүйіріндегіге қараганда көп – өсуі қанағаттанарлықсыз .	Ө-	-
		Арқа жағындағы жұннің ұзындығы 1,5 (бір жарым) –2 (		
				1-3

		екі) см-ге қысқа – ө с у і қанагаттанарлық.	Ө		
		Арқа жағындағы жүннің ұзындығы бүйіріндегіге қарағанда 1,5 (бір жарым) см-ге қысқа және одан аз – өсуі жоғары	Ө+	4-5	
10	Жұн қырқымы. Жуылмаған жұн қырқымы, бір жылда қырқылған тезексіз жүннің салмағы	Текешіктер	0,9 кг және кем	-	
			1,0-1,1 кг	1-4	
			1,1-1,2 кг	5-9	
			1,2 кг және артық	10	
		Шыбыштар	0,8 кг және кем	-	
			0,9-1,0 кг	1-4	
			1,0-1,1 кг	5-9	
			1,1 кг және артық	10	
Жұн өнімділігі үшін ең жоғары балл жиыны:			55		

Тұбітті, сүтті және жунді ешкілерді бонитирлеу жөніндегі нұсқаулыққа 4-қосымша

### Тұбітті ешкілерді жұн өнімділігі бойынша балдық бағалау

№	Фенотиптік және селекцияланатын белгілер	Сипаттамасы	Шартты белгілер немесе өлшем бірлігі., белгінің мәні	Белгі үшін балдар
1	Тұбіттің қалындығы (салмағы) – ұстап сезу арқылы немесе бүйіріндегі тері тігісінің көлемі бойынша анықталады	Тұбіті сирек, тұқым стандартына сәйкес емес	C-	-
		Тұбітіңің қалындығы қанагаттанарлық	C	1-2
		Тұбіті қалың	C+	3-4
		Тұбіті өте қалың	CC	5
2	Бүйіріндегі тұбіттің ұзындығы – жауырын артындағы созылмаған жұн тұлымының биіктігі	Текешіктер	5,5 сантиметр (бұдан әрі – см) см және кем	-
			5,6-6,0 см	1
			6,1-6,5 см	2-3
			6,6-7,0 см	4-5
			7,1 см және артық	5
			5,0 см және төмен	-
			5,1-5,5 см	1

	бойынша сызғышпен өлшеп анықталады	Шыбыштар	5,6-6,0 см 6,1-6,5 см 6,6 см және артық	2-3 4-5 5
3	Түбіттің жіңішкелігі сапада немесе микрометрах (бұдан әрі – мкм) мкм-де – көзбен көріп немесе микроскоптың, арнайы зертханалық жабдықтар көмегімен анықталады	Текешіктер	18,0 мкм және жіңішкерек	5
			18,1-18,5 мкм	3-4
			18,6-19,0 мкм	2
			19,1 мкм жіңішке	1
		Шыбыштар	17,0 мкм және жіңішкерек	5
			17,1-17,5 мкм	3-4
			17,6-18,0 мкм	2
			18,1 мкм жуанырақ	1
4	Жұн бойынша түбіт құрамының біркелкілігі оның бүйірі мен санындағы құрамының айырмашылығымен анықталады	Түбіт құрамы біркелкі емес, айырмашылық 10 (он) пайыз (бұдан әрі – %)-дан асады	Б-	-
		Түбіттің құрамы біркелкі , айырмашылық – 5 (бес) – 10 (он) %	Б	1-4
		Түбіттің құрамы біркелкі, айырмашылық – 5 %-дан аз	Б+	5
5	Арқасы мен құрсағы түбітінің өсуі - оның бүйіріндегі және дененің көрсетілген аймақтары арасындағы ұзындығының айырмашылығымен анықталады	Арқа жағындағы түбіттің ұзындығы бүйір жағына қарағанда 1 (бір) см-ге және одан да көп қысқа – өсуі қанагаттанарлықсыз	Ө-	-
		Арқа жағындағы түбіттің ұзындығы 0,5 (нөл бүтін оннан бес) – 1 (бір) см-ге қысқа – өсуі қанагаттанарлық	Ө	1-3
		Арқа жағындағы түбіттің ұзындығы бүйір жағына қарағанда 0,5 (нөл бүтін оннан бес) см-ге және одан да аз қысқа – өсуі жоғары	Ө+	4-5
		Ақ	A	5
		Ақшыл сұр	AC	4

6	Түбіттің түсі	Сұр	C	3
		Қою сұр	ҚС	1-2
7	Екі мәрте тараганда таралған түбіттің жиынтығы	Текешіктер	239 г және кем	-
			240-259 грамм (бұдан әрі – г).	1-3
			260-279г	4-6
			280-299 г	7-9
			300 г және артық	10
		Шыбыштар	159 г. және кем	-
			160-179 г	1-3
			180-199 г	4-6
			200-219г	7-9
			220 г және артық	10
Жұн өнімділігі үшін ең жоғары балл жиыны:				40

Түбітті, сүтті және жұнді  
ешкілерді бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулықка  
5-қосымша

### Сүтті туқымды ешкілерді сүт өнімділігі бойынша балдық бағалау

№	Фенотиптік және селекцияланатын белгілер	Сипаттамасы	Шартты белгілер немесе өлшем бірлігі., белгінің мәні	Белгі үшін балдар
1	Бонитирлеу кезіндегі жануардың көлемі	Текешіктер: өте ұпі ұпі орташа ұсақ өте ұсақ	ӨI	5
			I	4
			O	3
			Y	2
			ӨY	1
		Шыбыштар: өте ұпі ұпі орташа ұсақ өте ұсақ	ӨI	5
			I	3-4
			O	2
			Y	1
			ӨY	1
		Желіні өте үлкен, дұрыс пішінді	Ж++	10
		Желіні үлкен, дұрыс пішінді	Ж+	9
		Желіні көлемі бойынша орташа, дөңгелек немесе алмұрт тәрізді	Ж	6-9

2	Желіннің дамуы	Желінің ұлкен емес, бірақ дұрыс пішінді	Ж-	3-5
		Желіннің беліктері біркелкі дамымаған, салбыраңқы, әртүрлі ұзындықтағы өмшектер немесе өте кішкентай өмшектер	Ж--	1-2
3	Сүт сауыны	Бірінші лактация бойынша сүт сауыны	C1	369 л және кем - 370-389 1-2 390-409 3-4 410-429 5-7 430-449 8-9 450 л және артық 10
		Екінші лактация бойынша сүт сауыны	C2	504 л және кем - 505-535 1-2 536-565 3-4 566-595 5-7 596-625 8-9 626 л және артық 10
		Үшінші лактация бойынша сүт сауыны	C3	649 л және кем - 650-680 1-2 681-710 3-4 711-740 5-7 741-770 8-9 800 л және артық 10
5	Сүттің майлышығы-зерт ханалық жолмен анықталады	Өте төмен	3,59 % және кем	-
		Төмен	3,60-3,65 %	1-2
		Қанағаттанарлық	3,66-3,70 %	3-4
		Жеткілікті	3,71-3,75 %	5-7
		Жоғары	3,76-3,80 %	8-9
		Өте жоғары	3,81 % және жоғары	10
6	Түү типі, (қанша дарақ ішінде лактар туылды)	Біреу ішінде	T1	-
		Екеу ішінде	T2	3
		Үшеу ішінде	T3	5

Тұбітті, сұтті және жұнді  
ешкілерді бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
6-қосымша

### **Асыл тұқымды ешкілердің өнімділігін есепке алу кітабы**

Ауыл шаруашылығы құралымының атауы, мекенжайы \_\_\_\_\_

---



---



---



---

Аналықтар отары \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_, сыныбы \_\_\_\_\_

---

Аға шопан \_\_\_\_\_

---

\_\_\_\_\_(аты, әкесінің аты, тегі (болған кезде  
))

Р/с №	Жануарды н нөмірі	Тұылған жылы	Өнімділігі			Жануарды н сыныбы	Ескертпе
			жуңнің қырқымы (түбіттің түтілуі)	тірідей салмағы	сұт сауыны		
жұылмаға н	жұылған						

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2014 жылғы 10 қазандығы  
№ 3-3/517 бүйріғына  
8-қосымша

### **Шошқаларды бонитирлеу жөніндегі нұсқаулық**

**Ескерту. Нұсқаулық жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.07.2023 № 277 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйріғымен.**

#### **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Шошқалардың асыл тұқымды құндылығын бонитирлеу және өсімін молайту жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және шошқаларға бонитирлеу жүргізууді нақтылайды.

2. Шошқаларды бонитирлеуді бонитерлер (сыныптаушылар) жүргізеді.

## 2-тaraу. Шошқаларды бонитирлеуді ұйымдастыру және жүргізу

3. Шошқаларды бонитерлеу жыл сайын жүргізіледі. Жануарлардың сырт бітімі, өсуі және өнімділігін бағалау туралы деректер жыл бойы жинақталады.

4. Қабандардың, аналық шошқалардың және мал басын толықтыратын төлдердің дene бітімін бағалау шілде-қазан айларында жүргізіледі.

5. Бонитерлеу нәтижелері бойынша 1 қантардағы жай-қүй бойынша есеп жасалады.

6. Шошқалар тұқымдары бағыттар және өнімділік деңгейі бойынша мынадай топтарға бөлінеді:

бірінші – ірі ақ, украиндық далалық ақ, ұзынқұлақты ақ, латвиялық ақ, литвалық ақ, сібірлік солтүстік, ливендік, кемеровтық, солтүстік-қавказдық, муромдық, брейтовтық, қысқа құлақты ақ тұқымды және цивилдік, сібірлік қара-ала, белорустық қара-ала тұқымды шошқалар топтары;

екінші – ландрас, эстондық бекондық, дюрок, үржұмдік, уэль шошқасы;

үшінші – миргородтық, украиндық далалық ала, ірі қара, беркшир, семиречен, ақсайлық қара-ала шошқалар тобы.

7. 85 (сексен бес) килограмнан (бұдан әрі – кг) 110 (жұз он) кг-ға дейінгі салмаққа жеткен кезде, барлық мал басын толықтыратын төлдер осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес шошқаның мал басын толықтыратын төлін қыртыс майының қалындығы (сантиметр) бойынша тірі кезінде бағалау үшін шәкіл бойынша алтыншы-жетінші кеуде омыртқалары деңгейінде арқасынан өлшенген қыртыс майының қалындығы бойынша тірі кезінде бағаланады.

8. Қабандар мен аналық шошқалардың жетілуін денесінің салмағы мен ұзындығы бойынша зауыттық қондылығы жағдайында бағалайды.

Жануарларды 1(бір) кг дейінгі дәлдікпен азықтандыру алдында өлшейді.

Дененің ұзындығын желке жалынан бастап құйрықтың түбіне дейін 1 (бір) сантиметрге (бұдан әрі – см) дейінгі дәлдікпен өлшеудің таспамен өлшейді. Бастың төменгі жағын өлшеген кезде, мойын және кеуде бір деңгейде болуы керек.

9. Қабандарды 12 (он екі) айлық жастан бастап жыл сайын туылған күнінде салмағын және бойын өлшейді.

Әрбір қабан бойынша жиынтық бонитирлеу ведомосін жасау кезінде салмағы және бойы бойынша соңғы өлшенген деректерді өңдеуге енгізеді.

10. Аналық шошқалар торайлағаннан кейін 5 (бесінші)-10 (оныншы) күні салмағын және бойын өлшейді.

11. Қабандар мен аналық шошқалардың сырт бітімін осы Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес шошқалардың сырт бітімін бағалауға арналған жұз балдық шәкіл бойынша бағалайды.

Қабандар мен аналық шошқалар:

90 (тоқсан) және одан жоғары балл алғандар элита сыныбына жатады;

85 (сексен бес) балдан 89 (сексен тоғыз) балға дейін алғандар бірінші сыныпқа жатады;

80 (сексен) балдан 84 (сексен төрт) балға дейін алғандар екінші сыныпқа жатады.

12. Кемінде 12 (он екі) (6/6) (алтыдан алты) кратерлік емшегі бар, алдыңғы аяқтары икс тәрізді, жауырын астынан немесе белінде бірден белі кететін, арқасы салбыраңқы, тұмсығы иттердің тұмсығына ұқсаған, мұрны қисық, тістеуі дұрыс емес жануарлар бонитирлеуге жатпайды және табыннан шығарылады.

13. Қабандар мен аналық шошқаларды дене көлемі мен сырт бітімі бойынша сонғы рет бонитирлеу үш жаста жүргізіледі.

Ересек жаста қайта бағалау тек сыныптылығын көтеру жағына қарай жүргізілуі мүмкін.

14. Аналық шошқалардың өнімділігі олардан торайлар алынғаннан кейін мынадай көрсеткіштер бойынша бағаланады:

1) көптөлділік – туылған тірі торайлардың саны;

2) сұттілігі – туылғаннан кейінгі енесінің бауырындағы жиырма бір күндік торайлардың салмағы;

3) енесінің бауырындағы екі айлық жастағы торайлардың салмағы.

15. Санамаланған көрсеткіштер үшінбірінші торайтайтын және екі немесе одан да көп торайлаған мегежіндер үшін сыныптар осы Нұсқаулыққа 3-қосымшаға сәйкес қабандар мен мегежіндерді бордақылау және ұрпақтарының етті сапалары бойынша шошқаларды бағалауға арналған шәкіл бойынша айқындалады.

16. Ұрпақта бақылау бордақылауға жүргізілгеннен кейін, аналық шошқалар ұрпағының өнімділігі мынадай көрсеткіштер бойынша қосымша бонитирленеді:

1) 100 (жұз) кг салмаққа жету жасы;

2) 1(бір) кг салмақ өсіміне жұмсалатын шығын;

3) 6 (алтыншы) – 7 (жетінші) кеуде омыртқасындағы қыртыс майының қалыңдығы;

4) денесінің ұзындығы;

5) артқы бөлігінің үштен бірінің салмағы.

17. Ұрпағының бордақылау және етті қасиеттерін сипаттайтын санамаланған көрсеткіштерге аналық шошқалардың сыныптары осы Нұсқаулыққа 3-қосымшаға сәйкес қабандар мен аналық шошқаларды ұрпағының бордақылау және етті қасиеттері бойынша бағалауға арналған шәкіл бойынша анықталады.

18. Тексерілетін аналық шошқаларды бірінші торайлау нәтижесі бойынша бонитирлейді: екі және одан да көбірек торайлағандарды торайлауды бонитирлеу кезінде барлық есептелген орташа көрсеткіштер бойынша бонитирлейді;

Қандай да бір торайлау жағдайында туылған немесе енесінен айырған кездегі торайлардың саны 6 және одан аз болса, онда мұндай торайлау "апаттық" деп

есептеледі және өнімділіктің орташа көрсеткішін есептеу кезінде оның барлық деректері өндөуден алып тасталады.

Бірден артық "апаттық" торайлаған аналық шошқаларды бонитирлемейді және табыннан жарамсыз деп шығарылады.

19. Қабандармен шағылысқан аналық шошқа торайлағаннан кейін, оны тұқымдарының екі немесе төрт айлық жастағы орташа салмағы бойынша бонитирлейді. Өнімділік көрсеткіші осы Нұсқаулыққа 4-қосымшаға сәйкес барлық тұқымдардың қабандарын 2 (екі) және 4 (төрт) ай (ең төменгі шарттар) жасындағы үрпақтарының салмағы бойынша бағалау шәкілі бойынша кемінде бес аналықтан алынған барлық торайлардың орташа салмағы негізінде айқындалады.

Екі айлық және төрт айлық жас төлдің салмағы туралы деректер болған кезде бағалау оның төрт айлық жасындағы салмағы бойынша жүргізіледі.

20. Қабандар өнімділігін негізгі бонитирлеу үрпағын бордақылауға бақылау жүргізу әдісімен бордақылау және етті сапасын мынадай көрсеткіштер бойынша бағалау болып табылады;

- 1) 100 (жұз) кг салмаққа жету жасы;
- 2) 1 (бір) кг салмак өсіміне жұмсалатын шығын;
- 3) 6 (алтыншы) – 7 (жетінші) кеуде омыртқасындағы қыртыс майының қалындығы;
- 4) денесінің ұзындығы;
- 5) артқы бөлігінің үштен бірінің салмағы.

21. Үрпағының бордақылау және етті сапасын сипаттайтын көрсеткіштер үшін қабандардың сыныптары осы Нұсқаулыққа 3-қосымшаға сәйкес қабандар мен мегежіндерді үрпақтарының бордақылау және етті сапасы бойынша бағалау шәкілі бойынша айқындалады.

22. Үрғашы шошқалардан торайлар алынғаннан кейін қабандарды өнімділігі бойынша барлық (оның ішінде шығарылған және жарамсыз) кем дегенде есепке алынған бес үрғашы торай бойынша бонитирлейді.

23. Қабандарды үрғашы шошқаларының өнімділігі бойынша бонитирлеуді әрбір қабанның үрғашы шошқаларының көптөлділігі мен сүттілігінің орташа көрсеткіштерінің табын бойынша алғаш торайлайтындар мен екі және одан да көп торайлаған аналық шошқалар (бірдей жастағылар) бойынша орташа көрсеткіштерден ауытқуын есептеу арқылы жүргізеді.

24. Бонитирлеу және сыныптық бағалау нәтижелері бойынша жануарлардың жастық және өндірістік топтары үшін қарастырылған әрбір белгілерден мынадай жиынтық сыныптар белгіленеді:

элита-рекорд;

элита;

бірінші;

екінші.

25. Жануардың жиынтық сыйныбы осы Нұсқаулыққа 5-қосымшаға сәйкес шошқалардың жиынтық сыйныбын айқындауға арналған шәкіл бойынша әрбір сыйыпқа шартты балл беру арқылы айқындалады.

26. Бағаланған белгілердің әрбір сыйныбына тиесілі балдар жинақталады және сомасы қосынды санға бөлінеді. Алынған орташа балл бойынша осы Нұсқаулыққа 5-қосымшаға сәйкес шошқалардың жиынтық сыйыпбын (орташа балл бойынша) айқындауға арналған шәкіл бойынша жиынтық сыйып айқындалады.

27. Элита-рекорд жиынтық сыйныбы ұрпағының бақылау бордақылауы және элита сыйыптары бойынша бағаланған жануарлар үшін белгіленеді.

28. Егер жануар барлық ескерілген белгілер бойынша екінші сыйыппен бағаланса, онда жиынтық бағасы бойынша ол сыйыптан тыс деп есептеледі.

29. Мал басын толықтыратын және асыл тұқымды төлдерді алты айлық жасқа дейін әкесінің жиынтық сыйныбы, енесінің жиынтық сыйныбы, салмақ сыйныбы, ал алты айлық жастан кейін дene ұзындығының сыйныбы бойынша бағалайды.

30. Мал басын толықтыратын төлде тірі кезінде анықталатын қыртыс майының қалындығы салмағы 85 (сексен бес) кг-дан 110 (жұз он) кг-ға дейін жеткен кезде тұрақты көрсеткіш ретінде жазылады және асыл тұқымды қабандар мен аналық шошқалардың табыннан шыққанға дейінгі барлық кейінгі бағалауларына енгізіледі.

31. Аналық шошқаларды салмағы, дene ұзындығы, қыртыс майының қалындығы, көптөлділігі, сұттілігі, екі айлық жаста ұядығы салмағы сыйныбы бойынша сыйыптарға бөледі.

Осы тармақта көрсетілген белгілер жиынтық сыйыпты анықтау үшін қажет.

32. Аналық шошқалардың ұрпақтарын бақылау бордақылағаннан кейін осы Нұсқаулықтың 32-тармағында көрсетілген көрсеткіштерге:

ұрпақтарының 100 (жұз) кг салмаққа жету жасы;

1 (бір) кг салмақ өсіміне жұмсалатын азық шығыны;

6 (алтыншы)-7 (жетінші) кеуде омыртқасындағы қыртыс майының қалындығы;

дene ұзындығы;

артқы үштен бір бөлігінің салмағы үшін сыйыптар қосылады,

Бұл ретте жиынтық сыйыпты он екі белгіні бағалу бойынша анықтайды.

33. Қабандар (торайлаудан кейін олармен ана шошқаларды бүркеу) мыналар бойынша сыйыптарға бөлінеді:

салмағы;

денесінің ұзындығы;

қыртыс майының қалындығы;

дene бітімі.

Екі немесе төрт айлық жастағы ұрпақтың салмағы туралы деректер болған кезде, жиынтық сыйыпты анықтау үшін тек төрт айлық ұрпақтың салмағы бойынша сыйып қолданылады.

Жиынтық сыныпты анықтау үшін қажетті осы тармақта көрсетілген белгілер және осындай бағалаудан кейін қабан негіз топқа ауыстырылады.

34. Қабан ұрпақтарын бақылау бордақылағаннан кейін жиынтық сынып мынадай белгілер бойынша сыныптық бағадан орташа көрсеткіш ретінде алынады:

салмақ;

дененің ұзындығы;

тірі кезінде өлшенген қыртыс майының қалындығы;

дene бітімі;

100 (жұз) кг салмаққа жету жасы;

1 (бір) кг салмақ өсіміне жұмсалатын шығын;

6 (алтыншы) – 7 (жетінші) кеуде омыртқасындағы қыртыс майының қалындығы;

денесінің ұзындығы;

артқы бөлігінің ұштен бірінің салмағы.

Шошқаларды бонитирлеу

жөніндегі нұсқаулыққа

1-қосымша

### **Шошқаның мал басын толықтыратын төлін қыртыс майының қалындығы бойынша тірі кезінде бағалау шәкілі (сантиметр)**

Салмағы килограмм	Тұқымның 1 (бірінші) тобы				Тұқымның 2 (екінші) тобы				Тұқымның 3 (үшінші) тобы			
	Сыныптар				Сыныптар				Сыныптар			
	элита	бірінши	екінші	Сыныптаныс	элита	бірінши	екінші	вне класса	элита	бірінши	екінші	Сыныптаныс
85 (сексен бес) - 90 (токсан)	3 және одан кем	3,1-3,4	3,5-3,8	3,9 және одан артық	2,7 және одан кем	2,8-3,1	3,2-3,5	3,6 және одан артық	3,2 және одан кем	3,3-3,5	3,6-3,9	4,0 және одан артық
91 (токсан бір) - 95 (токсан бес)	3,1 және одан кем	3,2-3,5	3,6-3,9	4,0 және одан артық	2,8 және одан кем	2,9-3,2	3,3-3,6	3,7 және одан артық	3,3 және одан кем	3,4-3,6	3,7-4,0	4,1 және одан артық
96 (токсан алты) - 100 (жұз)	3,2 және одан кем	3,3-3,6	3,7-4,0	4,1 және одан артық	2,9 және одан кем	3,0-3,3	3,4-3,7	3,8 және одан артық	3,4 және одан кем	3,5-3,7	3,8-4,1	4,2 және одан артық
101 (жұз бір)	3,3 және	3,4-3,7	3,8-4,1	4,2 және	3,0 және	3,1-3,4	3,5-3,8	3,9 және	3,5 және	3,6-3,7	3,9-4,2	4,3 және

-105 ( жұз бес)	одан кем			одан артық	одан кем			одан артық	одан кем			одан артық
106 ( жұз алты) - 110 ( жұз он )	3,4 және одан жұз он	3,5-3,7	3,9-4,2	4,2 және одан артық	3,1 және одан кем	3,2-3,5	3,6-3,9	4,0 және одан артық	3,6 және одан кем	3,7-3,8	4,0-4,3	4,4 және одан артық

Шошқаларды бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
2-қосымша

### Шошқалардың сырт бітімін бағалау шекілі

Сырт бітімінің жеке бөліктері және жалпы түрі	Жоғары балл	
	Қабандар	Мегежіндер
Жалпы түрі, конституциясы, тұымдық белгілері, тери, қылышық	20	20
Бас, мойын	5	5
Иық, шоктық, кеуде	10	10
Арқа, бел, бүйір	15	15
Күйымشاқ, сан	20	20
Алдыңғы аяқ	7	7
Артқы аяқ	8	8
Аналық малдың емшектері, желіні	5	15
Қабанның жыныс органдары	10	(-)
Барлығы:	100	100

Шошқаларды бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
3-қосымша

### Қабандар мен мегежіндерді ұрпақтарының бордақылау және етті сапасы бойынша бағалау шекілі

Тұқым тобы	Сыныбы	1 0 0 килограмм ( бұдан әрі – кг ) салмаққа жету (күн) жасы	1ц салмақ өсіміне жұмсалатын азық шығыны (бірлік)	6-7 кеуде омыртқасынд ағы қыртыс майының қалындығы сантиметр ( бұдан әрі – см )	Денесінің ұзындығы (см )	Артқы бөлігінің үштен бірінің салмағы (кг)
1	элита	190 және одан кем	3,9 және одан кем	3,1 және одан кем	93 және одан артық	10 және одан артық
	бірінші	191-200	3,91-4,2	3,2-3,5	91-92	9-9,9
	екінші	201-210	4,21-4,4	3,6-4,0	89-90	8-8,9

	сыныптан тыс	211 және одан кем	4,41 және одан артық	4,1 және одан артық	88 және одан кем	7,9 және одан кем
2	элита	190 және одан кем	3,8 және одан кем	2,8 және одан кем	94 және одан артық	11 және одан артық
	бірінші	191-200	3,81-4,0	2,9-3,2	92-93	10-10,9
	екінші	201-210	4,01-4,2	3,3-3,6	90-91	9-9,9
	сыныптан тыс	211 және одан артық	4,21 және одан артық	3,7 және одан артық	89 және одан кем	8,9 және одан кем
3	элита	190 және одан кем	4 және одан кем	3,3 және одан кем	92 және одан артық	10 және одан артық
	бірінші	191-200	4,01-4,3	3,4-3,6	90-91	9-9,9
	екінші	201-210	4,31-4,5	3,7-4,0	88-89	8-8,9
	сыныптан тыс	211 және одан артық	4,51 және одан артық	4,1 және одан артық	87 және одан кем	7,9 және одан кем

Шошқаларды бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
4-қосымша

## **Барлық тұқымдардың қабандарын 2 (екі) және 4 (төрт) ай (ең төменгі шарттар) жасындағы үрпактарының салмағы бойынша бағалау шекілі**

Көрсеткіштер	Қабандар сыныбы		
	элита	бірінші	екінші
Бір үрпактың 2 (екі) айлық жастағы орташа салмағы килограмм (бұдан әрі – кг)	18	16	14
Бір үрпактың 4 (төрт) айлық жастағы орташа салмағы (кг)	44	40	35

Шошқаларды бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
5-қосымша

## **Шошқалардың жиынтық сыныбын анықтау шекілі (орташа балмен)**

Сынып	Орташа балл
элита-рекорд	4,0*
элита	3,6-4,0
бірінші	2,6-3,5
екінші	2,1-2,5
сыныптан тыс	2,1 және азырақ

Ескертпе: Бақылау бордақылау әдісімен үрпактары бойынша бағалау.

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің

2014 жылғы 10 қазандағы

№ 3-3/517 бұйрығына

9-қосымша

## **Өнімділік бағытындағы жылқылардың бонитирлеу жөніндегі нұсқаулық**

**Ескерту.** Нұсқаулық жаңа редакцияда - КР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.07.2023 № 277 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Өнімділік бағытындағы жылқыларды бонитирлеу жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 4) тармақшасына сәйкес өзірленді және өнімділік бағытындағы жылқыларға бонитирлеу жүргізуді нақтылайды.

2. Өнімділік бағытындағы жылқыларды бонитирлеуді бонитерлер (сыныптаушылар) жүргізеді.

### **2-тaraу. Өнімділік бағытындағы жылқыларды бонитирлеуді ұйымдастыру**

3. Бонитирлеуді жүргізу үшін мыналар болуы қажет:

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қантардағы № 7-1/68 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11127 болып тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидаларына сәйкес бірдейлендіру;

"Мал шаруашылығы салалары бойынша асыл тұқымдық өнімді (материалды) есепке алу нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 3-3/397 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11269 болып тіркелген) 6-қосымшага сәйкес нысандар бойынша (бұдан әрі – Нысан) жануар туралы деректер.

4. Бір мезгілде жас малдың шығу тегі, бірдейлендіру, зоотехникалық оқиғалар, өсуі мен дамуы туралы деректерді ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дереккорда (бұдан әрі – АТЖ) және селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық қорында (бұдан әрі – САТЖАҚ) көрсетілген ұқсас мәліметтермен салыстырып тексеру жүргізеді.

5. Жылқыларды өлшеуіш таяқшамен және өлшеуішпен өлшейді. Бұдан басқа бонитерлеу кезінде жылқылардың тірідей салмағы анықталады.

6. Эрбір бонитирленген жылқыға 1-нысан немесе 2-нысан бойынша карточка толтырылады.

7. Жылқыны бонитирлеу жыл сайын жүргізіледі, бірақ әрбір жылқы өмірінде үш рет бонитирленеді:

1) бірінші бонитирлеуді 1,5 жаста сұттілігі және төлінің сапасы бойынша бағалаудан басқа барлық көрсеткіштер бойынша жүргізеді. Бұл деректерді аналықты және айғырларды төлінің сапасы бойынша бағалау үшін, сондай-ақ төлдерді асыл тұқымды мақсаттарда өсіру үшін таңдау кезінде пайдаланады. 1,5 жастан асқан жылқыларды бірінші рет бонитирлеу жаңадан ұйымдастырылған фермаларда жүргізіледі.

2) екінші бонитирлеуді 2,5 жаста сұттілігі және төлінің сапасы бойынша бағалаудан басқа барлық көрсеткіштер бойынша жүргізеді;

3) жылқыларды үшінші бонитирлеуді сұттілігі және төлі бойынша бағалауды қоса алғанда, барлық қасиеттерді қамти отырып, 5,5 (бес жарым) жаста жүргізеді.

8. Толық жастағы жылқыларды бонитирлеу төлінің сапасы туралы деректердің жинақталуына қарай нақтылайды.

9. Өнімділік бағытына жылқылардың мынадай тұқымдары мен типтері жатады:

көшім, мұғалжар тұқымдары;

қазақы жабы жылқысы;

қазақы жылқының адай мен найман тұқымдық топтары;

қазақы жылқының етті қаба типі.

10. Табындық жылқы шаруашылығындағы асыл тұқымды жылқылардың қажет етілетін қасиеттері: етті пішімдерінің жақсы дамуы; берік тұяқтары бар орташа сүйекті миқты аяқтар; жоғары сұттілігі (биelerde); жыл бойы жайылымдық-тебіндікте күтіп-бағу жағдайларына жоғары бейімділік.

11. Өнімділік бағытындағы жылқылардың тұқымдары мен типтерін бонитирлеуді қыркүйек – қазан айларында, жануарлардың салмағы бар, қонды болған кезде жүргізеді

12. Бонитирлеу нәтижелері бойынша ағымдағы жылғы 1 қарашадағы жай-күй бойынша 7-нысан және 8-нысан бойынша ведомостер жасалады.

### 3-тaraу. Бонитирлеу қағидаттары

13. Бонитирлеудің негізгі қағидаттары жылқылардың асыл тұқымдық құндылығы мен мақсатын анықтаудағы кешенділік, егжей-тегжейлік және қатаңдық болып табылады.

14. Бонитирлеудің кешенділігі жылқыны бірқатар белгілерімен мынадай 6 (алты) топқа:

1) генотип;

2) өлшемдер және тірідей салмак;

3) сырт бітімі;

4) биelerдің сұттілігі;

5) бейімделу қасиеттері,

6) ұрпақ сапасы біріктірілген белгіленген шәкілдерге сәйкес 10 балдық жүйе бойынша бағалауда болып табылады.

15. Бонитирлеудің егжей-тегжейлілігі әр бөлім бойынша балды анықтау кезінде белгілер мен қасиеттер ескерілетіндігінде.

16. Бонитирлеудің қатаңдығы жалпы сынып жылқы белгілер топтарының бірі үшін алған ең тәменгі балл бойынша белгіленетіндігінде.

17. Бонитирленген мал басы мынадай сыныптарға бөлінеді:

1) элита – тұқымға қойылатын талаптарға толық сәйкес келетін тұқымдағы ең жақсы жылқылар;

2) бірінші сынып – негізінен талаптарды қанағаттандыратын жылқылар (тұқым стандарты);

3) екінші сынып – асыл тұқымды маңызы бар жылқылардың қалған бөлігі.

18. Тұқымға қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін жылқылар сыныптан тыс болып саналады.

19. Әрбір сынып үшін бонитирлеудің барлық көрсеткіштері бойынша осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес жылқыларды бонитирлеу шәкілі, балдар шәкілінде келтірілген белгілі бір балдар белгіленеді.

20. Жылқылар жеке белгі бойынша ең тәменгі балға сәйкес сол немесе басқа сыныпқа жатады. Биенің барлық қасиеттері 7 (жеті) балмен бағаланады, ал сырт бітімі тек 6 (алты) балмен бағаланады - ол элита сыныбы үшін белгіленген талаптарды қанағаттандыратын басқа көрсеткіштерге қарамастан, бірінші сыныпқа жатады.

#### **4-тaraу. Генотипті бағалау**

21. Жылқының тұқымдылығын (қандылығын) бастапқы зоотехникалық және асыл тұқымдық есепке алу материалдары, жануарды АТЖ және САТЖАҚ жүйелерінде тіркеу негізінде айқындаиды.

22. Эке және ене жағынан 3 (үш) қатар бойынша шығу тегі туралы құжатталған деректері жоқ жылқылар асыл тұқымды болып есептелмейді және бонитирленбейді.

23. Жылқыларды тұқымы бойынша таза тұқымдыға және будандарға бөледі.

24. Таза тұқымды жануарларға мыналар жатады:

1) таза тұқымдылығы құжаттармен расталатын бір тұқымның таза тұқымды ата-енесін шағылыстыру нәтижесінде алынған (таза тұқымды өсіру) жануарлар;

2) туыстас (генотипі бойынша жақын) тұқымдардың таза тұқымды ата-енесін шағылыстыру нәтижесінде алынған жануарлар. Тұқымда әке қанының 75 (жетпіс бес) пайыздан (бұдан әрі – %) астам үлесі болған кезде оған әкесінің тұқымы, өзге жағдайларда енесінің тұқымы беріледі;

3) бір тұқымның қан үлесі кемінде 93,75 (тоқсан үш бүтін жүзден жетпіс бес) % болған кезде туыс емес тұқымдарды будандастыру нәтижесінде алынған жануар;

4) екі және одан да көп түйс емес тұқымдардың қатысуымен тұқым қалыптастыру процесі нәтижесінде алынған жасалатын тұқымға тән жануарлар (өсімін молайту үшін толық будандастыру) - уәкілдегі орган заннамада белгіленген тәртіппен жаңа тұқымды бекіткеннен кейін тиісті құжат беріле отырып, жатқызу жүзеге асырылады.

25. Будандардың қандылығы ата-енелерінің қандылығының жартылай қосындысымен аз жағына қарай дөңгелектей отырып, айқындалады және осы Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес шағылыстыру кезінде жануарлардың тұқымдылық дәрежесін анықтау схема бойынша құжаттарда белгіленеді.

26. 1 (бірінші) ұрпақтың тұқымаралық будандарын тұқымды жақсарту шәкілі бойынша бонитирлейді. Көп тұқымды будандарды тегі олардың генотипінде басым болатын тұқымның шәкілі бойынша бонитирлейді.

27. Жылқының генотипін бағалауды осы Нұсқаулыққа 3-қосымшаға сәйкес жылқылардың генотипін бағалау шәкілі бойынша жүргізеді.

28. Үш белгінің әрқайсысы – бонитирленетін жылқының тұқымын, әкесінің сыныбын, енесінің сыныбын сәйкес балмен бағалайды; осы балдардың қосындысы генотип үшін жалпы балл болып табылады.

29. Егер таза тұқымды жылқыларда әкесінің немесе енесінің шығу тегі дезоксирибонуклеин қышқылы талдауымен расталса, онда генотиптің жалпы бағасына әр ата-ене үшін бір балл қосылады.

### **5-тaraу. Өлшемдер мен тірідей салмақ бойынша бағалау**

30. Төрт өлшемнің әрқайсысы - шоқтығының биіктігі, дененің қиғашынан ұзындығы, кеуде орамы және тірідей салмағы тиісті балмен бағаланады; осы балдарды қосады, қосынды 4 (төртке) бөлінеді және бүтін санға дейін дөңгелектенеді. Бұл есептеулерде сирақ орамының көрсеткіші пайдаланылмайды, ол аяқты сипаттау кезінде ескеріледі (бөліктерді сипаттау және бағалау бөлімінде).

31. Денесінің қиғашынан ұзындығының өлшемі шоқтығының биіктігінен асып түсүі керек. Денесінің ұзындығы мен шоқтығының биіктігі көрсеткіштері тең болған кезде жалпы бағаны 1 (бір) балға тәмендетеді. Денесінің ұзындығы шоқтың биіктігінен тәмен болатын жылқыларда жалпы балл 2 (екі) балға азаяды.

32. Егер бонитирлеу азықтық жағдайы бойынша қолайсыз кезенде жүргізілсе, онда екінші санаттағы қоңды ересек жылқыларды бағалау кезінде нақты деректерге салмағы бойынша 20 (жиырма) килограмға (бұдан әрі – кг) және кеуде орамы бойынша 3 (үш) сантиметрге үстеме жасайды. Стандартты емес санаттағы жылқылар бонитирленбейді.

33. Егер жылқының өлшемдері мен тірідей салмағы үшін орташа баға 9 (тоғыз) балл болса, ал оның тірідей салмағы оның тұқымы, жасы және жынысы үшін белгіленген ең жоғарыдан асып кетсе, онда оның орташа бағасына 1 (бір) балл қосылады.

### **6-тaraу. Сырт бітімі бөліктерін бағалау және сипаттау**

34. Эр жылқының сырт бітімі бөліктерін бағалау және сипаттау өлшемдерін өлшегеннен және салмағын өлшегеннен кейін жүргізіледі.

35. Сырт бітімін сипаттау дene бөліктеріне баса назар аудару арқылы жүргізіледі. Дене бөліктерін "жақсы", "қанағаттанарлық", "жаман" жүйесі бойынша бағалайды.

36. "Жақсы" деп бағаланған дene бөлігі үшін 2 (екі) балл, "қанағаттанарлық" – 1 (бір) балл және "жаман" – 0 (нөл) балл қояды. Барлық дene бөліктері үшін екіге бөлінген және бүтін санға дейін дөңгелектелген балдардың қосындысы сырт бітімі үшін жалпы балл болып табылады.

37. Бонитер жұмысының ыңғайлылығы үшін жылқының сырт бітімі бөліктерінің он , қанағаттанарлық, қанағаттанарлықсыз ерекшеліктерінің сипаттамасы осы Нұсқаулыққа 4-қосымшаға сәйкес жергілікті тұқымды жылқылардың және жылқылар типтерінің (тұқымдары) сырт бітімін бағалаудың қосалқы кестесінде келтіріледі.

38. Екі немесе одан да көп дene бөліктері үшін қанағаттанарлықсыз баға алған жылқыны бонитирлеу кезінде екінші сыныптан жоғары жатқызуға болмайды.

## **7-тарау. Биelerdің сұттілігін бағалау**

39. Табынды жылқы шаруашылығында bielerdің сұттілігі барлық құлындар бірдей жағдайда, толық емізілген және 1 кг салмақ алу үшін шартты турде бірдей мөлшерде 10 (он) килограмм сүт тұтынатын бір айлық жастағы құлындардың тірідей салмағының өсімі бойынша анықталады.

40. Bielerdің сұттілігі бойынша бағалау осы Нұсқаулыққа 5-қосымшаға сәйкес бір айлық жастағы құлындардың нақты өсуін есепке алу негізінде толық жастағы bielerdің сұттілігі бойынша бағалау шәкілі бойынша жүргізіледі.

## **8-тарау. Бейімделу қасиеттері бойынша бағалау**

41. 1,5 (бір жарым) және 2,5 (екі жарым) жас аралығындағы құнандар мен байталдардың бейімделу қасиеттері осы Нұсқаулыққа 6-қосымшаға сәйкес төлдер мен bielerdі жайылымда-тебіндікте күтіп-бағу жағдайларына бейімделуі бойынша бағалау шәкілі бойынша бағалайды. Bielerdі бағалау кезінде олардың физиологиялық жай-күйі: құлын емізетіндігі, қысыр екендігі ескеріледі.

42. Жылқының бейімделу қасиеттері үшін жалпы бағаны тірідей салмағы мен қондылығы үшін балдарды қосып шығарады. Егер 1 (бірінші) санаттағы құнаннның немесе байталдың қондылығы олардың жасына және тұқымына (типіне) тірідей салмақ бойынша белгіленген ең жоғары балдан асып кетсе, онда жалпы бағалау 1 (бір) балға көтеріледі. Сондай-ақ, құлын емізетін bielerdің бейімделу қасиеттерінің жалпы бағасы 1 (бір) балға көтеріледі, ал қысыр bielerde 1(бір) балға төмендейді.

43. Тұқымдық айғырларды бейімделу қасиеттері бойынша бағалау осы Нұсқаулыққа 7-қосымшаға сәйкес тұқымдық айғырларды табында күтіп-бағу жағдайларына бейімделуі бойынша бағалау шәкілі бойынша жүргізіледі.

44. Айғырдың жалпы бағасы үйірде түйсігінің көрінуі, ұрықтандыру қабілеті мен қондылығы үшін балдар қосылып шығарылады.

45. Егер айғырдың ұрықтандыру қабілеті 85 (сексен бес) %-дан жоғары болса, онда жалпы бағалау 1 (бір) балға көтеріледі. Егер айғырда үйірінде 20 (жиырмадан) астам бие болса, жалпы бағаға 1 (бір) балл қосылады.

## 9-тарау. Бонитирлеу нәтижелерін пайдалану

46. Жылқыларды белгілер кешені бойынша бағалау нәтижелері негізінде жануарлардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың мақсатын анықтайды және мынадай топтарға бөледі:

1) асыл тұқымды ядро – биelerдің жалпы санының 50 (елу) %-ын құрайтын табынның өнімділігі жоғары бөлігі;

2) асыл тұқымды ядроға кіретін және құрамдас бөлігі – асыл тұқымды ядроның аналықтарынан алынған биelerдің аналық контингентінің жалпы санының 15 (он бес) – 20 (жиырма) %-ы өз табындарының өсімін молайту үшін, ал селекциялық топтың биelerінен өсімді молайтатын айғырларды өсіру үшін пайдаланылады.

3) өндірістік – асыл тұқымды ядроға енгізілмеген биeler. Осы аналықтардан алынған жоғары сыныпты жас жануарлар басқа шаруашылықтарға сату үшін пайдаланылады.

47. Қымыз жасайтын фермалар үшін асыл тұқымды айғырлар тек жоғары сүттілігімен ерекшеленетін биelerдің ең жақсы төлдерінің арасынан таңдалады.

48. Ағымдағы бонитирлеу материалдары талданады және өткен жылдардың нәтижелерімен салыстырылады. Бонитирлеу материалдарының негізінде шағылыстыру науқанына айғырға биelerді іріктеу жоспарлары әзірленеді (конкурстық ведомость), зауыт желілерін салу бойынша жұмыстар жүргізіледі. Бонитирлеу нәтижелері бойынша табыннан шығарылатын және жарамсыз болып танылатын жануарлар анықталады.

49. 1-нысан және 2-нысан бойынша толтырылған жылқылардың карточкаларында қамтылған мәліметтер асыл тұқымдық кітаптарды жасау үшін бастапқы материал болып табылады.

Онімділік бағытындағы  
жылқыларды бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
1-қосымша

## Жылқыларды бонитирлеу шәкілі, балдар

Сынып		
элита	бірінші сынып	екінші сынып

Белгілер көрсеткіштер)	( айғырлар	биелер	айғырлар	биелер	айғырлар	биелер
Генотипі	8	7	6	5	4	3
Д е н е өлшемдері және тірідей салмағы	8	7	6	5	4	3
Сырт бітімі	8	7	6	5	4	3
Сұттілігі	-	7	-	5	-	3
Бейімделу қасиеті	8	7	6	5	4	3
Үрпактарыны ң сапасы	8	7	6	5	4	3

Өнімділік бағытындағы  
жылқыларды бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
2-қосымша

### Шағылыштыру кезінде жануарлардың тұқымдылық дәрежесін анықтау

Енесінің қандылығы	Өкесінің қандылығы					
	1/2	3/4	7/8	15/16	таза тұқымдық	
1/2	1/2	1/2	3/4	3/4	3/4	3/4
3/4	1/2	3/4	3/4	7/8	7/8	7/8
7/8	3/4	3/4	7/8	7/8	7/8	15/16
15/16	3/4	7/8	7/8	15/16	т/т	т/т
таза тұқымдық	3/4	7/8	15/16	т/т	т/т	т/т

Өнімділік бағытындағы  
жылқыларды бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
3-қосымша

### Жылқы генотипін бағалау шекілі

Белгілер (көрсеткіштер)	Балл
Бонитирленетін жылқының тұқымдылығы:	
Таза тұқымды немесе 4-үрпак (15/16)	3
3-үрпак (7/8)	2
2-үрпак (3/4)	1
1-үрпақ (1/2)	-
Өкесінің сыныбы:	
элита	3
бірінші сынып	2
екінші сынып	1
Енесінің сыныбы:	
элита	2

бірінші сынып	1
екінші сынып	-

Өнімділік бағытындағы  
жылқыларды бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
4-қосымша

### Жергілікті тұқымды жылқылардың және жылқылар типтерінің(тұқымдары) сырт бітімін бағалаудың қосалқы кестесі

Дене бөліктері	Бағалау		
	жаксы	қанағаттанарлық	жаман

Өнімділік бағытындағы  
жылқыларды бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
5-қосымша

### Бір айлық жастағы құлындардың нақты өсуін есепке алу негізінде толық жастағы биелерді сүттілігі бойынша бағалау шекілі

Құлындардың көрсеткіштері		Тәуліктік сүттілік өнімділік, кг	Балл
%	килограмм		
12 және жоғары	50,4 және жоғары	16,8 және жоғары	10
11,0-11,9	46,2-46,1	15,4-16,7	9
10,0-10,9	42,0-46,1	14,0-15,3	8
9,0-9,9	37,8-41,9	12,6-13,9	7
8,0-8,9	33,6-37,7	11,2-12,5	6
7,0-7,9	29,4-33,5	9,8-111	5
6,0-6,9	25,2-29,3	8,4-9,7	4
5,0-5,9	21,0-25,1	7,0-8,3	3

Өнімділік бағытындағы  
жылқыларды бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
6-қосымша

### Төлдер мен биелерді жайылымда-тебіндікте күтіп-бағу жағдайларына бейімделуі бойынша бағалау шекілі

Белгілер (көрсеткіштер)	Балл
1) Бонитирленетін жануардың тірідей салмағы мыналарға сәйкес келеді:	
элита сыныбы	5
1-сынып	4
2-сынып	3
сыныптан тыс	0
2) Қондылығы:	

1-санат	4
2-санат	3
стандартты емес (арық)	0

Өнімділік бағытындағы  
жылқыларды бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
7-қосымша

## Тұқымдық айғырларды табында күтіп-бағу жағдайларына бейімделуі бойынша бағалау шәкілі

Белгілер (көрсеткіштер)	Балл
1) үйірлік сезімнің айқындылығы, үйірдегі биелер саны:	
15-20	3
9-14	2
8 және одан аз	1
2) ұрықтану қабілеті:	
81-85%	3
76-80%	2
70-75%	1
3) айғырдың қондылығы:	
1-санат	2
2 -санат	1

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2014 жылғы 10 қазандығы  
№ 3-3/517 бүйрекінің  
9-1-қосымша

## Жылқылардың зауыттық тұқымдарын бонитирлеу жөніндегі нұсқаулық

**Ескеरту.** Бұйрық 9-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.07.2023 № 277 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жылқылардың зауыттық тұқымдарын бонитирлеу жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және жылқылардың зауыттық тұқымдарына бонитирлеу жүргізуді нақтылайды.

2. Жылқылардың зауыттық тұқымдарын бонитирлеуді бонитерлер (сыныптаушылар) жүргізеді.

3. Жылқылардың зауыттық тұқымдарын бонитирлеу қазан айында жүргізіледі.

4. Бонитирлеудің кешенділігі бір қатар жылқы белгілері үшін (шығу тегі мен типтілігі, дene өлшемдері, сырт бітімі, жұмысқа қабілеттілігі және ұрпақтарының сапасы) белгіленген шәкілдерге сәйкес 10 (он) балдық жүйе бойынша бағаланады.

5. Бонитирлеу жыл сайын жүргізіледі, бірақ әр жылқы өмірінде үш рет бонитирленеді:

1) бірінші бонитирлеу – 1,5 (бір жарым) жастан 3,5 (үш жарым) жасқа дейін (шығу тегі мен типтілігі, дene өлшемдері мен сырт бітімі бөліктері бойынша) жүргізіледі;

2) екінші бонитирлеу – 3,5 (үш жарым) жастан 7,5 (жеті жарым) жасқа дейін (шығу тегі мен типтілігі, дene өлшемдері, сырт бітімі бөліктері мен жұмысқа қабілеттілігі бойынша) жүргізіледі;

3) үшінші бонитирлеу – 7,5 (жеті жарым) және одан үлкен жаста (шығу тегі мен типтілігі, дene өлшемдері, сырт бітімі бөліктері, жұмысқа қабілеттілігі және ұрпағының сапасы бойынша) жүргізіледі, сосын әрбір үш жылда ұрпағының сапасы туралы деректер жинақталуына қарай нақтыланады.

6. Жылқылардың тұқымдылығы мен шығу тегі құжаттар бойынша анықталады. Шығу тегі туралы құжатталған деректері жоқ жылқылар асыл тұқымды болып есептелмейді және бонитирлеуге жатпайды.

7. Будандардың қандылығы аз жағына қарай дөңгелектей отырып, ата-енесінің қандылығының жартылай қосындысымен анықталады және осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес шағылыстыру кезінде жануарлардың тұқымдылық дәрежесін анықтау құжаттарда белгіленеді. Шағылыстыру нәтижесінде алынған 3 (үшінші) және 4 (төртінші) ұрпақтың ( $7/8$  (сегізден жеті) және  $15/16$  (он алтыдан он бес)) тұқымаралық будандары, оларда тұқымға тән айқын байқалған типтері мен белгілер болған кезде таза тұқымды жылқыға жатқызылуы мүмкін.

8. Бонитирлеуден өткен мал бастарын мынадай сыныптарға бөледі:

1) элита – тұқымға қойылатын талаптарға толық сәйкес келетін жылқылар тұқымындағы ең үздігі;

2) бірінші сынып – негізінен тұқымға қойылатын талаптарға сәйкес келетін жылқылар;

3) екінші сынып – асыл тұқымды маңызы бар, тұқымның қалған бөлігі.

9. Санамаланған сыныпқа жатқызылмаған жылқыларды асыл тұқымды емес деп есептейді.

10. Бағалаудың барлық белгілері бойынша әрбір сынып үшін осы Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес жылқыларды бағалау шәкілі бойынша белгілі бір балл қойылады.

11. Егер жылқы бір белгі бойынша белгіленген минимумға дейін бір балл жинай алмай қалса, онда жетіспеген балды бонитер (сыныптаушы) ескермеуіне болады және жылқыларды түзетуді көрсете отырып, тиісті сыныпқа жатқызуға құқылы. Екінші сыныптың ең аз талаптарына сәйкес келмейтін жылқыларға бұл түзету қолданылмайды

12. Эрбір сынып шегінде асыл тұқымды жылқыларды үш санатқа бөледі:

1) бірінші санатқа бағалануы бір және одан да көп белгілер бойынша жоғары, ал қалған белгілері бойынша осы сынып үшін белгіленген ең аз талапқа сәйкес келетін жылқылар жатады;

2) екінші санатқа бағалануы барлық белгілер бойынша осы сынып үшін белгіленген ең аз талапқа сәйкес келетін жылқылар жатады. Осы санатқа бағалануы бір және одан көп белгілері бойынша жоғары, ал белгілердің бірі бойынша сынып үшін белгіленген ең аз талаптардан бір балға тәмен алған жылқылар жатады;

3) үшінші сыныпқа балмен бағалануы барлық белгілер бойынша сыныптың ең аз талаптарына сәйкес келетін және бір белгі бойынша бір балға тәмен жылқылар жатады.

13. Эрбір бонитирленген жылқыға жеке карточка толтырылады. Жылқыларды бонитирлеу нәтижелерінің жиынтық ведомосін шаруашылық Республикалық палатаға ағымдағы жылғы 1 қарашаға дейін ұсынады.

14. Бонитирлеу нәтижелерінің жиынтық ведомосін қоса отырып, бонитирлеу материалдарын актімен ресімдейді, оларды жылқылардың мақсатын, олардың құнын айқындау, жануарлардың асыл тұқымдық ктабына жазба жазу кезінде асыл тұқымдық жұмысқа пайдаланады.

15. Тұқымның шығу тегі мен типінің айқын көрінуін осы Нұсқаулыққа З-қосымшаға сәйкес жылқыларды шығу тегі мен типтілігі бойынша бағалау шәкіл бойынша бағалайды.

16. Таза тұқымды жылқыларда, сондай-ақ 3 (үшінші) және 4 (төртінші) ұрпақтың будандарында өте жақсы және жақсы байқалу типінде әкесі мен енесі элита болса, онда шығу тегін бағалауға әрбір ата-енесі үшін бір балдан қосылады.

17. Кеуде орамының өлшемі 5 (бес) сантиметр (бұдан әрі – см) және одан артық, сирақ орамы 0,5 (нөл бүтін оннан бес) см және одан артық болса, онда баға әрбір белгі үшін 0,5 (нөл бүтін оннан бес) балға көтеріледі. Егер қигаш ұзындығының өлшемі шоқтық биіктігінен 3 (үш) см-ге кем болса, онда дене өлшемдері бойынша 0,5 (нөл бүтін оннан бес) балға тәмендейді. Жылқы денесінің қысқалығы үшін 1 (бір) балл тәмендетіледі. Жаттығу жүйесіндегі жылқыларға кеуде орамына деген талап 5 (бес) см-ге азайтылады. Дене өлшемдері үшін балл ең аз өлшем бойынша қойылады.

18. Бойында "сары самқай, шеккі, рорер" секілді ауруы бар жылқылар бонитирлеуде екінші сыныптан жоғары болмайды. Бойында "қояншеккі" секілді ауруы бар жылқы жұмысқа қабілеттілігі жоғары болса, бірінші сыныпқа жатқызылуы мүмкін. Жыныстық крипторхизммен ауыратын айғырлар бонитирленбейді.

19. Жылқының жұмысқа қабілеттілігі "Асыл тұқымды жануарларға өз өнімділігі бойынша бағалау (сынақтар) жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2023 жылғы 25 қаңтардағы № 27 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31824 болып тіркелген) сәйкес бағаланады.

20. Жылқы ұрпағының сапасы "Асыл тұқымды тұқымдық жануарларға ұрпағының сапасы бойынша бағалау жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2023 жылғы 2 наурыздағы № 80 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32013 болып тіркелген) сәйкес бағаланады.

Жылқылардың зауыттық  
тұқымдарын бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
1-қосымша

### **Шағылыстыру кезінде жануарлардың тұқымдылық дәрежесін анықтау**

Енесінің қандылығы	Өкесінің қандылығы					таза тұқымды
	1/2	3/4	7/8	15/16		
1/2	1/2	1/2	3/4	3/4	3/4	3/4
3/4	1/2	3/4	3/4	7/8	7/8	7/8
7/8	3/4	3/4	7/8	7/8	15/16	15/16
15/16	3/4	7/8	7/8	15/16	т/қ	т/қ
таза тұқымды	3/4	7/8	15/16	т/қ	т/қ	т/қ

Жылқылардың зауыттық  
тұқымдарын бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
2-қосымша

### **Жылқыларды бағалау шәкілі**

Көрсеткіштер	Сынып					
	элита		бірінші		екінші	
	айғырлар	биeler	айғырлар	биeler	айғырлар	биeler
Типі	8	7	6	5	4	3
Шығу тегі	8	7	6	5	4	3
Д е н е өлшемдері	8	7	6	5	4	3
Сырт бітімі	8	7	6	5	4	3
Жұмысқа қабілеттілігі	8	6	5	4	3	2
Ұрпағының сапасы	8	7	6	5	4	3

Жылқылардың зауыттық  
тұқымдарын бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
3-қосымша

### **Жылқыларды шығу тегі мен типтілігі бойынша бағалау шәкілі**

Тұқымдылығы	Кажетті тип, балл		

	үздік	жаксы	қанағаттанарлық
Таза тұқымды және төртінші үрпак будандары (15/16)			
Будандар:	8	7	6
үшінші үрпактың (7/8 қандылық)	7	6	5
екінші үрпактың (3/4 қандылық)	6	5	4

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2014 жылғы 10 қазандағы  
№ 3-3/517 бұйрығына  
10-қосымша

## Түйелерді бонитирлеу жөніндегі нұсқаулық

**Ескерту. Нұсқаулық жаңа редакцияда - КР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.07.2023 № 277 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Түйелерді бонитирлеу жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және түйелерге бонитирлеу жүргізуді нақтылайды.
2. Түйелерді бонитирлеуді бонитерлер (сыныптаушылар) жүргізеді.

### 2-тaraу. Түйелерді бонитирлеуді ұйымдастыру

3. Бонитирлеу жүргізу үшін төмендегілер қажет:

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қантардағы № 7-1/68 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11127 болып тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қафидаларына сәйкес бірдейлендіру;

"Мал шаруашылығы салалары бойынша асыл тұқымдық өнімді (материалды) есепке алу нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 3-3/397 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11269 болып тіркелген) 8-қосымшага сәйкес нысандар бойынша (бұдан әрі – нысан) жануар туралы деректер.

4. Бонитирлеу жыл сайын жүргізіледі.

5. Әрбір түйе тіршілігінде екі рет бонитирленеді:

1) бірінші рет 2,5 (екі жарым) жасында (шығу тегі мен типтілігі, дене өлшемдері мен тірдей салмағы, сырт бітімі, жұн өнімділігі және бейімделу қасиеттері бойынша);

2) екінші рет 6,5 (алты жарым) жасында және одан ересек жасында (шығу тегі және типтілігі, дene өлшемдері мен тірідей салмағы, сырт бітімі, сұттілігі және жүн өнімділігі, бейімделу қасиеттері бойынша).

6. Түйелерді бонитирлеуді, оларды өсіріп отырған өнірлерге байланысты қыркүйек-қазан айларында, малдардың негізгі салмағының қоңдылығы жоғары және орташадан жоғары деңгейге жеткен уақытта жүргізеді. Әрбір көрсеткіш (белгі) 10 балдық шәкіл бойынша бағаланады. Осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес түйелер табындарының жыныстық-жастық құрылымының шәкілі қолданылады.

7. Түйелерді бонитирлеу үшін шаруашылықтарда әртүрлі топқа арналған қабылдау базасынан, 5 (бес) - 6 (алты) бөлу торларынан, бөлу базасынан және әр түрлі топқа белгіленген түйелерді орналастыру үшін 5 (бес) секциядан тұратын типтік базалар – өткелектер болуы тиіс. Шыға берісте орналасқан бөлу торында 1 (бір) - 3 (үш) тонналық таразылар орнатылады.

8. Түйелердің дene өлшемдерін өлшеуішпен және өлшеуіш таяқшамен өлшейді. Тірідей салмағын жеке өлшей отырып, анықтайды.

9. Әрбір бонитерленген түйеге 1-нысан немесе 2-нысан бойынша карточка толтырылады.

10. Шаруашылықтағы түйелерді бонитирлеу нәтижесінің жиынтық ведомосін республикалық палатаға ұсынады.

11. Бонитирлеудің негізгі қағидаттary түйелердің асыл тұқымдық құндылығын және мақсатын айқындауда кешенділік және нақтылық болып табылады.

12. Сәуір айының аяғында, мамыр айының басында көктемгі қырқу кезінде табын бойынша, жалпы алғанда тұқым бойынша және шаруашылық бойынша жеке жүн қырқымы ескеріледі.

13. Бонитирлеудің кешенділігі мынадай топтарға біріктірілген, түйелерді белгілердің 10 (он) балдық жүйесі бойынша бағалайды:

- 1) шығу тегі мен типтілігі;
- 2) конституциялық типі;
- 3) тірідей салмағы мен дene өлшемдері;
- 4) сырт бітімі;
- 5) інженерлік желіні мен сұттілігі;
- 6) жүн өнімділігі;
- 7) бейімделу қасиеті;
- 8) ұрпағының сапасы.

14. Жалпы сынып түйе белгілер тобының бірі үшін алған ең төменгі балл бойынша белгіленеді. Бонитирленген мал басын осы Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес Түйелерді бағалау шәкіліне (сыныптарға жатқызу үшін қажетті ең төменгі балл) сәйкес мынадай сыныптарға бөледі:

1) элита – тұқымға қойылатын талаптарға толық сәйкес келетін, түйелер тұқымындағы ең жақсысы. Етті-сүтті бағыттағы қазақтың қос өркешті інгендерінен 210 (екі жұз он) күндік лактация кезінде боталар емген сүтті есепке ала отырып, жалпы сауылған сүт кемінде 945 (тоғыз жұз қырық бес) кг, қазақтың нар түйесінен 1680 (бір мың алты жұз сексен) килограмм (бұдан әрі – кг), түрікмен дромедарынан 2100 (екі мың бір жұз) кг. Индекстік бағалау шәкілі бойынша балл сомасы 7 (жеті) белгі бойынша 49 (қырық тоғыз) балдан төмен емес.

2) бірінші сынып – негізінен тұқымға қойылатын талаптарды қанағаттандыратын түйелер. Етті-сүтті бағытындағы қазақтың қос өркешті аналық түйелерінен 210 (екі жұз он) күн лактация кезінде тиісінше боталар емген сүтті есепке ала отырып, жалпы сауылған сүт кемінде 750 (жеті жұз елу) кг, қазақтың нар түйесінен 1300 (бір мың үш жұз) кг, түрікмен дромедарынан 1800 (бір мың сегіз жұз) кг. Индекстік бағалау шәкілі бойынша балл сомасы 7 (жеті) белгі бойынша 43 (қырық үш) балдан төмен емес.

3) екінші сынып – асыл тұқымды мәні бар түйелердің қалған бөлігі. Етті-сүтті бағыттағы қазақтың қос өркешті інгендерінен 210 (екі жұз он) күндік лактация кезінде тиісінше боталар емген сүтті есепке ала отырып, жалпы сауылған сүт кемінде 600 (алты жұз) кг, қазақтың нар түйесінен 950 (тоғыз жұз елу) кг, түрікмен дромедарынан 1500 (бір мың бес жұз) кг. Индекстік бағалау шәкілі бойынша балл сомасы 7 (жеті) белгі бойынша 37 (отыз жеті) балдан төмен емес.

15. Сүтті бағыттағы інгендер үшін тұқымына қарамастан, жалпы сауылған сүт бойынша шарт 10 (он) %-ға артады. Етті-жұнді бағыттағы қазақтың қос өркешті және қазақтың нар түйесінің інгендері үшін шарт 15 (он бес) %-ға төмендейді.

16. Тұқымға қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін түйелер сыныптан тыс деп саналады.

17. Түйелер жеке белгі бойынша ең аз балл көрсеткішіне сәйкес сол сыныпқа немесе басқа сыныпқа жатқызылады. Інгеннің барлық қасиеттері 7 (жеті) балмен бағаланса, ал сырт бітімі 6 (алты) балл болса, онда оны басқа көрсеткіштер бойынша элита сыныбы үшін белгіленген талаптарды қанағаттандыратынына қарамастан бірінші сыныпқа жатқызады.

### **3-тарау. Тұқымдылықты анықтау және түйелерді шығу тегі бойынша бағалау**

18. Түйелердің тұқымдылығын жануардың шыққан тегін растайтын бастапқы зоотехникалық және асыл тұқымдық есепке алу материалдары негізінде анықтайды, ал осы құжаттамалы деректер болмаған жағдайда, тұқымдылық анықталмайды және түйелерді тұқымсыз деп танылады.

19. Тұқымдылығы бойынша түйелерді осы Нұсқаулыққа 3-қосымшаға сәйкес шағылыстыру кезінде тұқымдылықты айқындау кестесінің талаптарын ескере отырып таза қандылыққа және қандылығы әртүрлі будандарға бөледі.

20. Түйелерді шығу тегі бойынша бағалау осы Нұсқаулықтың 4-қосымшасына сәйкес түйелерді бағалау шекілі бойынша жүргізіледі.

#### **4-тарау. Түйелерді конституциялық типі бойынша бағалау**

21. Түйелерде 7 (жеті) конституциялық тип болады:

1) үйлесімді, жануарлар барлық параметрлері бойынша тұқымның сипаттамасына сәйкес келгенде (10 (он) балл);

2) үйлесімді-мықты – жануарлар негізінен тұқымның сипаттамасына сәйкес келеді (9 (тоғыз) балл);

3) мықты (денелі) – сүйектері мықты, бұлшық еттері жақсы дамыған, терісі тығыз, мінез-құлқы жуас деп сипатталатын мал (8 (сегіз) балл);

4) женілденген тип – женіл сүйекті, бұлшық еттері жақсы дамыған, терісі тығыз, мінез-құлқы жуас болып сипатталатын мал (7 (жеті) балл);

5) нәзік тип – дene тұрқы жіңішке, дene бітімі құрғақ, терісі жұқа, сүйегі әлсіз, мінез-құлқы тez өзгергіштігімен сипатталатын мал (6 (алты) балл);

6) ірі тип – сүйегі ірі, терісі қалың, дene бітімі өте үлкен, төзімді, қозғыштығы тежелген болып сипатталатын мал (5 (бес) балл);

7) болбыр тип – дene тұрқы кен, бұлшық еттері жақсы дамыған, зат алмасу процесі баяу, жақсы бордақыланады және денесіне майды тez жинайды, мінез-құлқы жуас және қозғыштығы ауыр болып сипатталатын мал (4 (төрт) балл). Конституциясы болбыр типті түйелерді ары қарай селекцияға пайдаланбайды.

#### **5-тарау. Түйелерді денесінің өлшемдері және тірідей салмағы бойынша бағалау**

22. Түйелерді дene өлшемдері бойынша бағалау үшін төрт көрсеткіш пайдаланылады:

1) өркеш аралық биіктігі – шоқтық биіктігі (өлшегіш таяқпен) – қос өркешті түйелерде жерден екі өркешінің арасына дейінгі биіктігі, бір өркештілерде жерден шоқтығының ең биік нүктесіне дейінгі биіктігі;

2) денесінің қиғаш ұзындығы (өлшегіш таяқпен) – иық жауырындары буынының шеткі алдыңғы нүктесінен бастап жамбас төмпесінің шеткі артқы нүктесіне дейін;

3) кеуде орамы (таспамен) – қос өркештілерде кеуде мүйізгегінің ортасы және алдыңғы өркештің арты арқылы немесе бір өркештілерде шоқтығының ортасы арқылы;

4) жіліншік орамы (таспамен) – жіліншігінің ең жіңішке жерінен (үш бөліктің жоғарғы және орташа түйіскен жерінен).

23. Бонитирлеу кезінде түйелердің тірі салмағы жеке өлшеу және (немесе) есептеу тәсілімен анықталады. Түйелердің тірідей салмағын есептеу әдісімен анықтау әдісі

кеуде орамын және денесінің ұзындығын қиғашынан өлшеуді қамтиды, содан кейін кеуде орамы мен дененің қиғаш ұзындығын көбейтуді, одан әрі мынадай формула бойынша жас коэффициентіне бөле отырып жүргізеді:

$$TC = \frac{KO * DSY}{JC},$$

мұнда:

ТС – тірідей салмағы; КО – кеуде орамы; ДШҮ – дененің қиғаш ұзындығы; ЖС – жас коэффициенті.

Кеуде орамы мен дененің қиғаш ұзындығын өлшеу негізінде 1 (бір) – 2 (екі) – 3 (үш) – 6 (алты) – 12 (он екі) – 18 (он сегіз) – 36 (отыз алты) – 48 (қырық сегіз) айлық жастағы және ересек жай-күйге жеткен кездегі тірідей салмағын айқындау үшін осы Нұсқаулыққа 5-қосымшаға сәйкес қазақтың қос өркешті түйесінің тірідей салмағын анықтау үшін және осы Нұсқаулыққа 6-қосымшаға сәйкес түркімен дромедары тұқымы мен қазақ нарының тірідей салмағын анықтау үшін жас коэффициенті қолданылады.

Түйелерді деңе өлшемдері және тірідей салмағы бойынша бағалау 2,5 (екі жарым) және 6,5 (алты жарым) жастағы түйелер үшін келтірілген шәкіл бойынша жүзеге асырылады. Деңе өлшемдері мен тірідей салмағының барлық көрсеткіштері бір балға сәйкес келмеген жағдайда, түйе төменгі көрсеткіш бойынша бағаланады.

#### **6-тарау. Түйелерді сырт бітімі бойынша бағалау**

24. Эрбір түйенің деңе бітімі бөліктерін бағалау және сипаттау деңе өлшемдері мен тірідей салмағын өлшегеннен кейін жүргізеді. Сырт бітімі бөліктерін сипаттау үшін бонитирлеу құжатының тиісті бағанына қойылған шартты белгілерді пайдаланады.

25. Барлық бөліктеріне қойылған балдың жиынтығы, яғни олардың санына бөлініп және бүтін санға айналдырылған балл сырт бітімі үшін балл болып табылады. Екі немесе одан да көп бөліктері бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған мал асыл тұқымға жатқызылмайды. Деңе бөліктері мынадай тәсілмен бағаланады:

1) деңе бітімінің жалпы типі:

ірі деңелі – "жақсы" деген бағанда (10 (он) балл);

орташа – "қанағаттанарлық" деген бағанда (10 (он) балл);

болбыр – "нашар" деген бағанда (6 (алты) балл).

2) Тұрқы:

ұзын – "жақсы" деген бағанда (10 (он) балл);

орташа – "қанағаттанарлық" деген бағанда (7 (жеті) балл);

қысқа – "нашар" деген бағанда (6 (алты) балл);

3) басы:

тепе тең - "жақсы" деген бағанда (10 (он) балл);

ірі - "қанағаттанарлық" деген бағанда (7 (жеті) балл);

женіл - "нашар" деген бағанда (6 (алты) балл);

4) мойын:

бұлшиқ еті - "жақсы" деген бағанда (10 (он) балл);

жалпақ жінішке бұлшиқ ет - "қанағаттанарлық" деген бағанда (7 (жеті) балл);

қысқа - "нашар" деген бағанда (6 (алты) балл);

5) кеуде қуысы:

кең - "жақсы" деген бағанда (10 (он) балл);

орташа - "қанағаттанарлық" деген бағанда (7 (жеті) балл);

саяз - "нашар" деген бағанда (6 (алты) балл);

6) өркеш:

тік - "жақсы" деген бағанда (10 (он) балл);

бір өркеші жатыңқы - "қанағаттанарлық" (7 (жеті) балл);

екі өркеші де жатыңқы - "нашар" (6 (алты) балл);

7) сауыр:

бүкірлеу - "жақсы" деген бағанада (10 (он) балл);

салбыраңқы – "қанағаттанарлық" (7 (жеті) балл);

қысқа - "нашар" деген бағанада (6 (алты) балл);

8) желін және үрпі:

тостақ тәріздес – "жақсы" деген бағанада (10 (он) балл);

дөңгеленген – "қанағаттанарлық" деген бағанда (7 (жеті) балл);

жалпақ пішінді - "нашар" деген бағанда (6 (алты) балл);

9) алдыңғы аяқтары:

ақаусыз –"жақсы" деген бағанда (10 (он) балл);

аяқ арасы - "қанағаттанарлық" деген бағанда (7 (жеті) балл);

тірсек арасы ашық - "нашар" деген бағанда (6 (алты) балл);

10) артқы аяқ:

ақаусыз –"жақсы" деген бағанда (10 (он) балл);

қылыш тәрізді - "қанағаттанарлық" деген бағанда (7 (жеті) балл);

тірсегінің жақындығы –"нашар" деген бағанда (6 (алты) балл);

11) сүйегі:

берік – "жақсы" деген бағанада (10 (он) балл);

жінішке сүйекті – "қанағаттанарлық" деген бағанда (7 (жеті) балл);

шамадан тыс ірі сүйекті - "нашар" деген бағанда (6 (алты) балл);

12) бұлшиқ ет:

жақсы дамыған – "жақсы" деген бағанда (10 (он) балл);

қанағаттанарлықтай дамыған - "қанағаттанарлық" деген бағанда (7 (жеті) балл);

нашар дамыған – "нашар" деген бағанада (6 (алты) балл).

## **7-тарау. Інгендерді желіндері мен сүттілігі бойынша бағалау**

26. Інгендердің желіндерін бағалаған кезде олардың ұлкендігіне және пішініне, негізіне және денеде орналасуына, емшектерінің пішіні мен мөлшеріне, сондай-ақ өзара орналасу қашықтығына назар аударылады. Желін пішініне берілетін балдың саны осы Нұсқаулыққа 7-қосымшаға сәйкес інген желінің пішінін бағалау шекілі бойынша анықталады.

27. Інгендердің желіндерінің мынадай параметрлер бойынша бағаланатын бес түрлі пішіні болады (тостаған тәрізді, домалақ, жалпақ, бөлшектенген және қарапайым):

1) тостаған тәріздес желін, оның емшектерінің ұзындығы 4,0 (төрт) - 6,0 (алты) сантиметр (бұдан әрі - см), емшектері конус тәріздес, аралары алшақ орналасқан, ұштары төмен қарай бағытталған;

2) домалақ пішінді желін – емшектерінің ұзындығы 2,0 (екі) – 6,0 (алты) см, емшектері конус немесе алмұрт тәріздес, араларының алшақтығы орташа, төмен қарай бағытталған;

3) жалпақ пішінді желін – емшектерінің ұзындығы 2,0 (екі) – 4,0 (төрт) см, емшектерінің пішіні алмұрт тәріздес, аралары алшақ, ұштары бүйіріне қарай бағытталған;

4) бөлшектенген пішініді желін – емшектерінің ұзындығы 6,0 (алты) см және одан жоғары, пирамидаға ұқсас, аралары алшақ орналасқан, емшек ұштары бүйіріне қарай бағытталған;

5) қарапайым пішінді желін – емшектерінің ұзындығы 2,0 (екі) см-ге дейін, пішіні алмұрт тәріздес, аралары жақын орналасқан, ұштары бүйіріне қарай бағытталған.

28. Інгендердің сүттілігін бағалау лактацияның 3 (үш) және 4 (төрт) айларында бақылап отырып сауу кезінде алынған сүттің орта сауымы негізінде одан әрі 4-нысанның талаптарына сай орташаландыра отырып, осы Нұсқаулыққа 8-қосымшаға сәйкес інгенді сүттілігі бойынша бағалау шекілі (ботасының емген сүтін қоса отырып, лактацияның 3-ші және 4-ші айында тәуліктік сүт өнімділігі, кг) бойынша анықталады.

29. Табынды түйе шаруашылығында сауылмайтын інгендердің сүттілігін алты айлық жасқа дейінгі боталардың дамуы және қондылығы бойынша анықтауға болады: ботаның дамуы мен қондылығы қанағаттанарлық болса – 6 (алты) - 7 (жеті) балл; ботаның дамуы мен қондылығы қанағаттанарлық емес болса – 3 (үш) - 5 (бес) балл.

## **8-тарау. Түйелерді жүн өнімділігі бойынша бағалау**

30. Бағалау жүн түлеген кезде жиналған жүнді есепке ала отырып, әр дарақтан нақты қырқылған жүн туралы деректердің негізінде жүргізіледі.

31. Буаз немесе бір жасқа дейінгі боталары бар аналықтардың жүн өнімділігін бағалаған кезде қырқу бойынша қойылатын талап 0,5 (нөл бүтін оннан бес) кг-га кемітіледі.

32. Қазақтың қос өркешті түйелерін жұн өнімділігі бойынша бағалау шәкілі осы Нұсқаулыққа 9-қосымшада көрсетілген, түркімен дромедар тұқымды түйелерді жұн өнімділігі бойынша бағалау шәкілі осы Нұсқаулыққа 10-қосымшада, ал қазақтың нар түйелері жұн өнімділігі бойынша бағалау шәкілі осы Нұсқаулыққа 11-қосымшада көрсетілген.

#### **9-тарау. Түйелерді бейімделу қасиеті бойынша бағалау**

33. Түйелердің бейімделу қасиетін бағалу қысқа түсер алдындағы қоңдылығы бойынша жүргізеді. Бұл ретте жылдың аяға райы және табындағы түйелер қоңдылығының жалпы дәрежесі, сондай-ақ аналық түйенің физиологиялық жай-күйі (буаздылығы, еметін ботаның бар болуы) назарға алынады.

34. Түйелердің қоңдылығын бір жасынан бастап мынадай сипатты белгілеріне қарай анықтайтыны:

1) жоғары қоңдылық (10 (он) балл) - өркештері майға толық толысқан, тік, нығыз, қозғалмайтын қалпында, өркештің етегінде май жастығы білініп тұрады, бұлшық еттері жақсы дамыған, денесі жұмыр болып келеді;

2) ортадан жоғары қоңдылық (9 (тоғыз) балл) - өркештері майға толысқан, тік, нығыз және қозғалмалы, өркештің етегінде май жастығы сәл білінеді, бұлшық еттері жақсы дамыған, денесі жұмыр;

3) орта қоңдылық (8 (сегіз) балл) - өркеші бірнеше өлшемге кішілеу және сәл иілген, өркешінің етегінде май жастығы білінбейді, бұлшық еттері орташа дамыған;

4) ортадан төмен қоңдылық (7 (жеті) балл) - өркештері азғантай май қоры бар тери қатпарларынан тұрады, бір жағына салбырап құлап жатады немесе қөлемі кішірейген, бұлшық еттері нашар дамыған, сүйектері білініп тұрады. Қоңдылықтары орта немесе ортадан төмен сауын інгендер үшін баға бейімделу қасиеті үшін 1 (бір) баллға ұлғаяды.

#### **10-тарау. Түйелерді бонитирлеу негізінде жүргізілетін іс-шаралар**

35. Түйелердің асыл тұқымды құндылығын белгілер кешені бойынша белгілеу нәтижелерінің негізінде, жануарлардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың белгіленуін айқындайды және мынадай топтарға бөледі:

асыл тұқымды ядро – табынның өнімділігі жоғары бөлігі;

жаңа генетикалық материалдар пайдаланылатын асыл тұқымды ядроға енетін селекциялық;

өндірістік – тауарлық өнімді шығаратын аналықтың өнімді бөлігі.

36. Ағымдағы бонитирлеу материалдары талданады және өткен жылғы нәтижелермен салыстырылады.

37. Бонитирлеу материалдарының негізінде тұқымдық түйелер үшін аналықтарды таңдаудың жеке және топтық жоспарлары өзірленеді, сондай-ақ отармен селекциялық-асыл тұқымдық жұмыс жүргізіледі.

38. Бонитирлеу нәтижесі бойынша жарамсыздыққа шығаратын жануарларды аныктайды.

39. Аналық және тұқымдық түйелердің бонитирлеу карточкаларындағы мәліметтер асыл тұқымды жануарлардың сатылу бағасын анықтау және түйе шаруашылығындағы өнімді табынында асыл тұқымдық кітапты құруға бастапқы материал болып табылады.

## Түйелерді бонитирлеу жөніндегі нұсқаулыққа 1-қосымша

## **Түйелер табындарының жыныстық-жастық қурылымы**

Жыныстық-жастық құрылымы	Шифр	Барлығы, бас
А	Б	В
Тұқымдық түйелер 5 (бес) жас және одан жоғары	02	
Буралар 3 (үш) – 4 (төрт) жасқа дейін	03	
Буралар 2 (екі)- 3 (үш) жасқа дейін	04	
Аналық түйелер 5 (бес) жас және одан жоғары	05	
Ұргашы түйелер 4 (төрт) жастан 5 (бес) жасқа дейін	06	
Ұргашы түйелер 3 (үш) жастан 4 (төрт) жасқа дейін	07	
Ұргашы түйелер 2 (екі) жастан 3 (үш) жасқа дейін	08	
Боталар туылғаннан енесінен айырғанға дейін (12 (он екі) ай)	09	
Азбан түйелер (мерины) 3(үш) жастан жоғары	10	
Бордақыланатын мал басы	11	
Жарамсыз ересек мал басы	12	

## Түйелерді бонитирлеу жөніндегі нұсқаулыққа 2-көсүмшә

Түйелерді бағалау шәкілі (сыныптарға жатқызу үшін қажетті ең тәменгі балл)

Шығу тегі мен типтілігі	7	7	7	7	7	7	7	7	7	7
Конституциялық типі	7	7	7	6	6	6	5	5	5	5
Тірідей салмағы мен дене өлшемде рі	7	7	7	6	6	6	5	5	5	5
Дене бітімі	7	7	7	6	6	6	5	5	5	5
Желіні мен сұт өнімділігі	-	7	-	-	7	-	-	5	-	-
Жұн өнімділігі	7	7	7	6	6	6	5	5	5	5
Бейімдел у қасиеті	7	7	7	6	6	6	5	5	5	5
Үрпағының сапасы	7	7	-	6	6	-	5	5	-	-

Түйелерді бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
3-қосымша

### Шағылыштыру кезінде түйелердің тұқымдылығын анықтау

Анасының тұқымдылығы		Әкесінің тұқымдылығы		
таза тұқымды	тәртінші үрпақ немесе таза тұқымды	тәртінші үрпақ	үшінші үрпақ	
таза тұқымды	таза тұқымды	таза тұқымды	тәртінші үрпақ	
тәртінші үрпақ	таза тұқымды	таза тұқымды	үшінші үрпақ	
үшінші үрпақ	тәртінші үрпақ	тәртінші үрпақ	үшінші үрпақ	
екінші үрпақ	үшінші үрпақ	үшінші үрпақ	екінші үрпақ	
бірінші үрпақ	екінші үрпақ	екінші үрпақ	екінші үрпақ	

Түйелерді бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
4-қосымша

### Түйелерді шығу тегі бойынша бағалау шәкілі

Белгілер	Балл саны		
	Жас төл	Ересек мал	
		тұқымды түйелер	аналықтар
Түйенің ата-енесі белгілі, асыл тұқымдық кітапқа			

енгізілген немесе оның талаптарына сай келеді.	10	10	10
Түйенің ата-енесінің бірі асыл тұқымдық кітапқа енгізілген немесе оның талаптарына сай келеді.	9	9	9
Түйенің ата-енесі белгілі, бірақ асыл тұқымдық кітапқа енгізілмеген немесе оның талаптарына сай келмейді.	8	8	8
Түйенің ата-енесі белгісіз, бірақ жануар жалпы тұқымға қойылатын нұсқаулықтағы талаптарға сай келеді.	7	7	7
Түйенің ата-енесі белгісіз, жануар жалпы тұқымға қойылатын нұсқаулықтағы талаптарға сай келмейді.	6	6	6

Түйелерді бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
5-қосымша

### Қазақтың қос өркешті түйесінің тірідей салмағын анықтау үшін жас коэффициенті

Жасы	Ұргашы мал	Ерек мал
Түүлғанда	150	150
1 ай	110	110
2 ай	105	105
3-5 ай	100	100
6-11 ай	95	95
12-17 ай	90	90
18-23 ай	80	70
24-35 ай	75	65
36-47 ай	70	60
48-60 ай	67	65
Ересек мал ( 5 жас және одан жоғары)	64	52

Түйелерді бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
6-қосымша

### Түркімен дромедары тұқымы мен қазақ нарының тірідей салмағын анықтау үшін жас коэффициенті

Жасы	Ұргашы мал	Ерек мал

Түүлгөн кезінде	140	140
1 ай	120	120
2 ай	110	110
3-5 ай	105	105
6-11 ай	100	100
12-17 ай	95	95
18-23 ай	75	70
24-35 ай	70	67
36-47 ай	68	65
48-60 ай	65	63
Ересек малдар ( 5 жас және одан жоғары)	63	62

Түйелерді бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
7-косымша

### Інген желінің пішінің бағалау шәкілі

Желін пішіні	Желін бөліктерінің дамуы	Балл
Тостаған тәріздес	бірқалыпты	10
	әртүрлі	9
Домалак	бірқалыпты	8
	әртүрлі	7
Жалпақ	бірқалыпты	6
	әртүрлі	5
Бөлшектенген	бірқалыпты	4
	әртүрлі	3
Қарапайым	бірқалыпты	1-2
	әртүрлі	0

Түйелерді бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
8-косымша

### Інгенді сүттілігі бойынша бағалау шәкілі (ботасының емген сүтін қоса алғанда, лактацияның 3 (үш) және 4(төрг) айындағы тәуліктік сүт өнімділігі, (килограмм))

Қазақтың қос өркешті түйесі	Түркімен дромедары	Қазақ нары	Балл
6,0 және одан жоғары	14,0 және одан жоғары	11,0 және одан жоғары	10
5,5	13	10	9
5,0	12	9	8
4,5	10	8	7
4,0	9	7	6
3,5	8	6	5
3,0	7	5	4

## Түйелерді бонитирлеу жөніндегі нұсқаулыққа 9-косымша

Қазақтың қос өркешті түйелерін жүн өнімділігі бойынша бағалау шәкілі

Жұн қырқымы, килограмм												Балл	
Ереке мал						Ұрғашы мал							
Жасы, жыл						Жасы, жыл							
1	2	3	4	5	6	1	2	3	4	5	6		
3,6	4,4	5,0	6,0	7,0	10,0	3,3	4,2	4,6	5,5	6,4	7,5	10	
3,4	4,2	4,8	5,8	6,7	9,5	3,1	4,0	4,4	5,1	6,0	7,0	9	
3,2	4,0	4,6	5,5	6,4	9,0	2,9	3,8	4,2	4,8	5,6	6,5	8	
3,0	3,8	4,4	5,2	6,1	8,5	2,7	3,6	3,8	4,5	5,2	6,0	7	
2,8	3,6	4,2	4,9	5,7	8,0	2,5	3,4	3,6	4,2	4,8	5,5	6	
2,5	3,4	3,9	4,6	5,3	7,5	2,3	3,2	3,4	3,9	4,4	5,0	5	
2,2	3,2	3,7	4,3	4,8	7,0	2,0	3,0	3,2	3,6	3,9	4,5	4	
2,0	3,0	3,5	4,0	4,5	6,5	1,8	2,8	3,0	3,3	3,5	4,0	3	

## Түйелерді бонитирлеу жөніндегі нұсқаулыққа 10-қосымша

Түркімен дромедар тұқымды түйелерді жүн өнімділігі бойынша бағалау шәкілі

Жұн қырқымы, килограмм												Балл	
Ереке мал						Үргашы мал							
Жасы, жыл						Жасы, жыл							
1	2	3	4	5	6	1	2	3	4	5	6		
2,8	3,3	4,0	4,5	4,8	5,5	2,8	3,1	3,3	3,5	3,6	3,8	10	
2,6	3,0	3,5	4,0	4,3	5,0	2,6	2,9	3,0	3,1	3,2	3,3	9	
2,4	2,7	3,0	3,5	3,9	4,5	2,4	2,6	2,8	2,9	3,0	3,1	8	
2,2	2,5	2,8	3,0	3,4	4,0	2,2	2,4	2,5	2,7	2,8	2,9	7	
2,0	2,2	2,4	2,5	2,9	3,5	2,0	2,2	2,3	2,4	2,5	2,6	6	
1,8	2,0	2,2	2,3	2,4	3,0	1,8	2,0	2,2	2,3	2,4	2,4	5	
1,5	1,7	1,9	2,0	2,2	2,5	1,5	1,7	1,8	1,9	2,0	2,1	4	
1,3	1,5	1,7	1,8	2,2	2,3	1,2	1,4	1,6	1,7	1,9	2,0	3	

## Түйелерді бонитирлеу жөніндегі нұсқаулыққа

## Қазақтың нар түйелерін жүн өнімділігі бойынша бағалау шекілі

Жұн қырқымы, килограмм		
Ереке мал	Үргашы мал	
		Балл

Жасы, жыл						Жасы, жыл						
1	2	3	4	5	6	1	2	3	4	5	6	
3,0	3,5	4,3	5,0	5,3	6,0	3,0	3,3	3,5	3,8	4,0	4,3	10
2,8	3,3	4,0	4,5	4,8	5,5	2,8	3,1	3,3	3,5	3,6	3,8	9
2,6	3,0	3,5	4,0	4,3	5,0	2,6	2,9	3,0	3,1	3,2	3,3	8
2,4	2,7	3,0	3,5	3,9	4,5	2,4	2,6	2,8	2,9	3,0	3,1	7
2,2	2,5	2,8	3,0	3,4	4,0	2,2	2,4	2,5	2,7	2,8	2,9	6
2,0	2,2	2,4	2,5	2,9	3,5	2,0	2,2	2,3	2,4	2,5	2,6	5
1,8	2,0	2,2	2,3	2,4	3,0	1,8	2,0	2,2	2,3	2,4	2,4	4
1,5	1,7	1,9	2,0	2,2	2,5	1,5	1,7	1,8	1,9	2,0	2,1	3

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2014 жылғы 10 қазандығы  
№ 3-3/517 бұйрығына  
11-қосымша

## Құстарды бонитирлеу жөніндегі нұсқаулық

**Ескерту. Нұсқаулық жаңа редакцияда - КР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.07.2023 № 277 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### 1-тaraу. Жалпы ережелер

- Осы Құстарды бонитирлеу жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және құстарға бонитирлеу жүргізууді нақтылайды.
- Құстарды бонитирлеуді бонитерлер (сыныптаушылар) жүргізеді.

### 2-тaraу. Құстарды бонитирлеуді ұйымдастыру және жүргізу

#### 1-параграф. Тауықтарды бонитирлеуді ұйымдастыру және жүргізу

##### 3. Өнімділіктің жұмыртқа бағытындағы тауықтарды:

45 (қырық бес) апталық жасқа дейін – енелерінің 40 (қырық) – 45 (қырық бес) немесе өмірінің 68 (алпыс сегіз) аптасындағы жасында жұмыртқалағыштығы, бонитирленетін құстардың балапандарды басып шығару пайызын ескере отырып, 35 (отыз бес) немесе 52 (елу екі) апталық жасындағы жұмыртқа салмағы, өсіру кезінде осы құстардың сақталуы және олардың тірідей салмағы, сондай-ақ 35 (отыз бес) апталық жасында бонитирленетін құстардың жұмыртқа салмағы, егер құс осы жасқа толса;

45 (қырық бес) апталық және одан ересек жасында – 45 (қырық бес) немесе өмірінің 68 (алпыс сегіз) аптасындағы жасында бонитирленетін құстардың жұмыртқаларынан балапандарды басып шығару пайызын ескере отырып, өз өнімділігінің көрсеткіштері және сақталуы бойынша бонитирлейді.

#### **4. Өнімділіктің етті бағытындағы тауықтарды:**

34 (отыз төрт) апталық жасына дейін – 5 (бес) апталық жасындағы тірідей салмағы және бұлшықеттілігі, 5 (бес) апталық жасқа дейін балапандардың сақталуы және 5 (бестен) – 18 (он сегіз) апталық жасқа дейін енелерінің өмірінің 34 (отыз төрт) немесе 60 (алпыс) апталық жасындағы өнімділік көрсеткіштері бойынша (жұмыртқалағыштық, балапандарды басып шығару пайызы);

34 (отыз төрт) апталық және одан ересек жасында – тірідей салмағы және бұлшықеттілігі, 5 (бес) апталық жасқа дейін сақталуы және 5 (бес) апталық жастан 18 (он сегіз) апталық жасқа дейін 34 (отыз төрт) немесе 60 (алпыс) аптада жұмыртқалағыштығы, бонитирленетін құстардың балапандарды басып шығару пайызы бойынша бинитирлейді.

#### **2-параграф. Үйректерді бонитирлеуді үйымдастыру және жүргізу**

##### **5. Бастапқы желідегі үйректерді:**

50 апталық жасына дейін – енелерінің өнімділік көрсеткіштері бойынша (жұмыртқалағыштығы және жұмыртқа салудың бірінші циклында балапан басып шығару пайызы) және өз көрсеткіштері бойынша (тірідей салмағы және 7 (жеті) (6 (алты)) апталық жасында және (7 (жеті) (6 (алты)) – 25 (жиырма бес) апталық жасына дейін сақталуы);

50 (елу) апталық және одан ересек жасында – жұмыртқалағыштығы және жұмыртқа салудың бірінші 6 (алты) ай циклында балапан басып шығару пайызы, тірідей салмағы және (7 (жеті) (6 (алты)) - апталық жасында сақталуы бойынша бонитирлейді;

##### **6. Бастапқы желідегі ысылдақ үйректерді және популяцияларды:**

ұрғашыларды 10 (он) апталық жасында, ал еркектерді 11 апталық жасында тірідей салмақ көрсеткіштері бойынша, осы кезең ішінде сақталуы бойынша және 10 (он) (11 (он бір)) апталық жасынан – 25 (жиырма бес) апталық жасына дейін енелерінің балапан басып шығару пайызы және жұмыртқалағыштығы бойынша бонитирлейді.

#### **3-параграф. Құркетауықтарды бонитирлеуді үйымдастыру және жүргізу**

##### **7. Күрке тауықтарды:**

50 (елу) апталық жасына дейін – 12 (он екі) немесе 16 (он алты) апталық жасында тірідей салмағы, осы кезең ішінде сақталуы, енелерінің жұмыртқалағыштығы және балапандарды басып шығару пайызы бойынша;

50 (елу) апталық және одан ересек жасында – өз өнімділігінің көрсеткіштері бойынша: 12 (он екі) немесе 16 (он алты) апталық жасында тірідей салмағы және сақталуы бойынша, пайдаланудың бірінші жылында бірінші цикл ішінде балапан басып шығару пайызы және жұмыртқалағыштығы бойынша бонитирлейді.

#### **4-параграф. Қаздарды бонитирлеуді үйымдастыру және жүргізу**

## 8. Қаздарды:

52 (елу екі) апталық жасына дейін – 9 (тоғыз) (10 (он)) апталық жасында тірідей салмағы және сақталуы бойынша, пайдаланудың бірінші жылында енелерінің жұмыртқалағыштығы және балапандарды басып шығару пайызы;

52 апталық жасынан ересек – өз өнімділігінің көрсеткіштері: 9 (тоғыз) (10 (он)) апталық жасындағы тірідей салмағы және сақталуы, бірінші цикл ішінде жұмыртқалағыштығы және балапандарды басып шығару пайызы бойынша бонитирлейді.

## 5-параграф. Мысыр тауығын бонитирлеуді ұйымдастыру және жүргізу

### 9. Мысыр тауығын:

46 (қырық алты) апталық жасқа дейін мысыр тауығын – 10 (он) (12 (он екі)) аптаға дейін өз өнімділігінің көрсеткіштері, тірідей салмағы және сақталуы, енелерінің өнімділігі – жұмыртқалағыштығы мен инкубациялық көрсеткіштері бойынша;

46 (қырық алты) апталық жасынан және одан ересек жасында – өз өнімділігінің көрсеткіштері: 10 (он) (12 (он екі)) апталық жасындағы тірідей салмағы және осы кезең ішінде сақталуы, бірінші циклда жұмыртқалағыштығы, балапандарды басып шығару пайызы бойынша бонитирлейді.

10. Көрсеткіштер кешені бойынша сынып әр көрсеткіш бойынша сынып негізінде жеке белгіленеді.

11. Элита – рекорд және элита сыныбына жеке шығу тегі (әкесі және енесі бойынша) бар селекциялық топ құсы жатады. Сонымен бірге, элита сыныбына бастапқы желілердің көбейткіш тобының құсы жатуы мүмкін, егер ол селекциялық топтан алынса және өнімділік көрсеткіштері осы сыныптың талабына сәйкес болса.

12. Ата-текті тобының асыл тұқымды құсын ата-ененің өнімділігі және өсіру нәтижелері (сақталуы, тірідей салмағы) бойынша бағалайды, бірақ бірінші сыныптан жоғары емес (ата-тектік топ).

13. Элита және бірінші сыныптардан шыққан ата-текті тобы құсын, бірінші сыныппен бонитирлейді, ал екінші сыныптан шыққан құстар – екінші сыныппен бонитирлейді, егер ол негізгі және қосымша белгілер бойынша талаптарға сәйкес болса . Бірінші және екінші сыныпты құстардан шыққан барлық түрдегі ата-тектік және ата-енелік табынның құсы осы Нұсқаулыққа қосымшаға сәйкес екінші сыныппен ғана бағаланады.

14. Ата-тектік және ата-енелік табындарды сыныптан тыс құстардың ұрпактарымен толықтыру жүргізілмейді.

15. Бастапқы желілердегі құстарды бонитирлеу кезінде алынған деректер асыл тұқымды құстарға паспорттына енгізіледі, онда бонитирлеу нәтижелерін қосу үшін нысандар болады.

16. Негізгі, бір немесе екі қосымша белгілер бойынша көрсеткіштер сәйкес келмеген жағдайда құс сыныптан тыс бағаланады. Бұл жағдайда ата-енелік табын құстарының жұмыртқалары ата-енелік табындарды көбейту үшін пайдаланылмайды. Ата-енелік табындардың құстарынан алынған жұмыртқалар бонитирленбegen құстан алынған жұмыртқалар ретінде сатылады.

Құстарды бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулықка  
қосымша

### **Тауық, үйрек, күрке тауық, қаз, мысыр тауығының ата-тектік және ата-енелік табындарының сыныбын анықтау**

Белгілер кешені бойынша бонитирлеу сыныбы	Негізгі белгі-ата-енелер сыныбы	Қосымша белгілер	
		Жас құстардың сакталуы, %	Жас құстардың тірідей салмағы
<b>Ата-тектік табын</b>			
бірінші	элита-рекорд, элита, бірінші	Екі белгісі де бастапқы желідегі құстарды бонитирлеудің ең аз талаптарына сәйкес келеді.	
екінші	бірінші	Белгілерінің біреуі бастапқы желідегі құстарды бонитирлеудің ең аз талаптарынан тәмен.	
екінші	екінші	Екі белгісі бастапқы желідегі құстарды бонитирлеудің ең аз талаптарына сәйкес келеді.	
<b>Ата-енелік табын</b>			
екінші	үшінші	Екі белгісі де бастапқы желідегі құстарды бонитирлеудің ең аз талаптарына сәйкес келеді.	
сыныптан тыс		Белгілері бонитирлеудің ең аз талаптарынан тәмен.	

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2014 жылғы 10 қазандығы  
№ 3-3/517 бүйрекіне  
12-қосымша

### **Түйекұстарды бонитирлеу жөніндегі нұсқаулық**

**Ескерту. Нұсқаулық жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.07.2023 № 277 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.**

#### **1-тaraу. Жалпы ережелер**

- Осы Түйекұстарды бонитирлеу жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және түйекұстарға бонитирлеу жүргізуі нақтылайды
- Түйекұстарды бонитирлеуді бонитерлер (сыныптаушылар) жүргізеді.

## **2-тарау. Түйекұстарды бонитирлеуді ұйымдастыру және жүргізу**

### **3. Түйекұстарды:**

бір жасқа дейінгі балапандарды енелерінің өнімділік көрсеткіштері (жұмыртқалағыштық, балапандарды басып шығару) және 2 айлық жасына дейін сақталуы бойынша;

өсімін молайтатын балапандарды 1 жылдан 5 жасқа дейін – енелерінің өнімділік көрсеткіштері (жұмыртқалағыштық, балапандарды басып шығару) және өзінің өнімділігі (тірідей салмағы және 2 айлық жасына дейін сақталуы) бойынша;

ересек, бес жастан асқан түйекұстарды – жұмыртқалағыштығы және жұмыртқалаудың тиісті циклында балапандарды басып шығару, екі ай жасына дейін жас балапандардың сақталуы және бір жастағы ұрпақтарының тірідей салмағы бойынша бонитирлейді.

**4. Түйекұстарды бонитирлеу кезінде өнімділік сапасына қойылатын ең аз талаптар осы Нұсқаулыққа қосымшада көрсетілген.**

Түйекұстарды бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
қосымша

### **Түйекұстарды бонитирлеу кезінде өнімділік сапасына қойылатын ең аз талаптар**

Көрсеткіштердің атауы	Көрсеткіштер
Мекиеннің бір жылда жұмыртқалағыштығы, дана	40
Жұмыртқаның ұрықтануы, пайыз (бұдан әрі – %)	75
Балапандарды басып шығару, %	60-70
Балапандардың 8-апта жасына дейін тірі сақталуы, %	90
Жас балапандардың 12-ай жасындағы тірідей салмағы, килограмм	90
Селекциялық ұяның саны (1 еркегі: 3-5 ұрғашысы), дана	10

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2014 жылғы 10 қазандағы  
№ 3-3/517 бүйрекінің  
13-қосымша

### **Иттердің үйлік-ұлттық тұқымдарын (тазы, тәбет) бонитирлеу жөніндегі нұсқаулық**

**Ескерту. Нұсқаулық жаңа редакцияда - КР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.07.2023 № 277 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Иттердің үйлік-ұлттық тұқымдарын (тазы, төбет) бонитирлеу жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 4) тармақшасына сәйкес өзірленді және иттердің үйлік-ұлттық тұқымдарына бонитирлеу жүргізуді нақтылады.

2. Иттердің үйлік-ұлттық тұқымдарын бонитирлеуді бонитерлер (сыныптаушылар) жүргізеді.

3. Ұлттық тұқымды иттермен селекциялық-асыл тұқымдық жұмыстар жүргізудің басты мақсаты және міндеті оларды сақтау, таза тұқымды иттер санын арттыру, олардың жұмыстық және тұқымдық сапасын жоғарылату және жақсарту болып табылады.

Ит өсіру шаруашылығындағы асыл тұқымдық жұмыс ұрпақтарының сапасын, оларды өсіру аймағындағы жағдайларға жоғары бейімделуін жақсартуға, жақсы пайдалануға бағытталған. Асыл тұқымдық жұмысты ұйымдастыру клубтардың, питомниктердің және басқа бөлімшелердің аражігін асыл тұқымдық жұмыс деңгейі және міндеттері бойынша ажыратады, асыл тұқымдық ресурстарды тиімді құра және пайдалана, тұқымшілік құрылымды есепке ала отырып өсірудің неғұрлым мақсатқа сай әдістерін қолдана отырып, тұқымды толығымен қамтитын селекция принциптеріне негізделген.

4. Қызметтік және аңшылық ит өсіру шаруашылығы клубтарындағы асыл тұқымдық жұмыстың мақсаты қызметтік және аңшылық ит тұқымдары ішінде асыл тұқымды иттерді арттыру, сырт бітімі мен конституция сапасын, жоғары жүйке қызметі (ЖЖҚ) типін, физикалық төзімділігін және иттердің басқа да қызметтік, аңшылық және жұмыс қасиеттерін тұқымда кезігетін кемістіктер мен жетіспеушіліктерді бір мезгілде жоя отырып, үздіксіз жетілдіру болып табылады.

5. Әрбір ит тұқымымен жұмыс жасау оның тұқымшілік типтерін және басқа да өзіне тән қасиеттері мен биологиялық ерекшеліктерін, сондай-ақ онда неғұрлым жиі кезігетін кемшіліктерді білуге негізделеді. Әр асыл тұқымды иттің тұқымға тән жалпы сипаттарымен қатар, жеке ауытқушылықтарын және өзгешеліктерін айыра білу қажет.

6. Иттердің өсімін молайту біртекті, сол сияқты әртекті іріктеуді шығармашылық бағытта қолдана отырып таза тұқымдық (таза) өсіру әдісімен жүргізіледі.

7. Клубтар мен питомниктерде асыл тұқымды желілер жүргізуге жағдай жасайтын, асыл тұқымдық сапалары жоғары иттер саны жеткілікті болған жағдайда, желілер бойынша өсіру қолданылады.

8. Есепте тұрған барлық ересек ит:

- 1) асыл тұқымды иттер;
- 2) пайланылатын иттер болып екі санатқа бөлінеді.

9. Асыл тұқымдыларға бонитирлеу сынныптылығын алған иттер жатады. Қалған иттер пайдаланылатын иттер санатына жатады.

10. Асыл тұқымды иттерді өсіру жоспарлы сипатта болады және:

1) осы Нұсқаулыққа;

2) клуб немесе питомник бес жылға жасайтын әр түкым бойынша асыл түкымдық жұмыстың перспективалық жоспарына сәйкес ұйымдастырылады. Перспективалық жоспардың бір данасы аккредиттелген Аңшылар мен аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастығына (бұдан әрі – Қауымдастық) түзету үшін ұсынылады;

3) клуб немесе питомник жыл сайын перспективалық жоспарда есепті жылға көзделген жеке міндеттерді есепке ала отырып жасайтын өсіру жоспарына сәйкес ұйымдастырылады. Өсіру жоспарын клуб немесе питомник (өсіру секциясы) жүргізілген селекциялық іс-шаралар: көрмелер, жас иттерді шығару және бонитирлеу нәтижелерін, асыл түкымды ит иелерінің қалауларын есепке ала отырып, әзірлейді.

## **2-тарау. Асыл түкымды иттерді іріктеу және таңдау. Өсіру жоспары**

11. Өсіру жоспарына енгізу үшін:

қызметтік иттер түкымын – конституциясы, сырт бітімі, шығу тегі, қызметтік сапалары бойынша және ұрпағының сапасы бойынша (ұрпақ берген иттер үшін);

аңшылық иттер түкымын – конституциясы, сырт бітімі, шығу тегі, аңшылық сапалары бойынша және ұрпағының сапасы бойынша (ұрпақ берген иттер үшін) іріктейді.

12. Иттерді мына жастарында:

қанышықтарды бір жас алты айдан асқаннан кейін;

қызметтік-спорттық түкымдық төбеттерді екі жастан кейін және аңшылық түкымдық төбеттерді бір жас алты айдан кейін ұйығуға жібереді.

Асыл түкымды қанышықтардың ұйығуы жылына бір рет жүргізіледі. Аз қүшіктеген (бес қүшіктен кем) үш жастан асқан қанышықтарды ұйығуға жылына екі рет жіберуге болады.

13. Қанышықтарға қарағанда, төбеттер ерекше қатаң іріктеледі. Төбеттердің саны және құрамы аталған жылдың өсіру жоспарына енгізілген қанышықтардың құрамына байланысты және олардан алынған ұрпақтарды есепке ала отырып жыл сайын анықталады.

14. Түкым стандарты бойынша шеттетуге жатқызатын кемістіктері бар, сондай-ақ он жастан асқан иттер өсіру жоспарына енгізілмейді.

15. Жұптарды таңдау екі серіктес иттің барлық жетістіктерін және кемшіліктерін есепке ала отырып қатаң түрде жеке жүргізіледі. Жұптарды жеке таңдау он белгілерін және қасиеттерін орнықтыруды және жетілдіруді, кемшіліктерін жоюды және ұрпағының жалпы түкымдылығын жоғарылатуды қамтамасыз етеді.

16. Бірдей кемістіктері бар қанышықтар мен төбеттерді жұптастыруға жібермейді. Сырт бітіміндегі немесе ұрпағының мінез-құлқындағы жекелеген кемістіктерді нивелирлеу үшін жұптарға кемістіктері жоқ, сырт бітімі дұрыс иттер таңдап алынады.

17. Егер төбет өсіру талаптарына сәйкес келсе және осы қаншықтарға сай болса, осы клуб осындай комбинация нәтижесінде алынған иттерге толы болмаса, онда алдыңғы күшіктеу кезінде жақсы ұрпақ берген қаншықты сол төбеттермен немесе оның жақын туыстарымен жұптастыру ұсынылады

18. Жұптарды таңдау кезінде олардың жасы ескеріледі. Негұрлым толық физикалық кемеліне жеткен тұқымдық иттерді шағылыстырған дұрыс. Жас иттерді (асыл тұқымдық пайдаланудың бірінші жылында) барынша шағылыстырмаған дұрыс. Екі кәрі итті шағылыстырмаған дұрыс: жастарына байланысты олардың ұрпақтары әлсіреуі мүмкін.

19. Өсіру жоспары түсіндірме жазбадан және бекітілген нысандағы толтырылған таңдау кестесінен тұрады. Өсіру жоспарының құжаттарын мынадай тәртіппен таңдайды: төбетке жасалған таңдау кестесіне онымен жұптастыру үшін бекітілген қаншықтарға жасалған барлық таңдау кестелері таңдалады. Осындай таңдау кестелерін жоспарда тек дублер ретінде пайдаланылатын төбеттерге де толтырады.

20. Түсіндірме жазбада өсіру жоспарына қосылған ит санын және олардың конституциясы және сырт бітімі бойынша (көрмедегі бағалары), қызметтік немесе жұмыс сапалары (сынақтар және жарыстардағы дипломдары), шығу тегі және ұрпағының сапасы бойынша бағаларын көрсете отырып, асыл тұқымды иттерге егжей-тегжейлі шолу, сондай-ақ жоспардың негізіне алынған принциптерді және ұйғарымдарды мазмұндау қамтылады.

21. Өсіру жоспары екі данада жасалады. Жоспарды Клуб немесе асыл тұқымды иттерді өсіретін питомниктер кенесі Қауымдастық өкілдерінің қатысуымен бекітеді. Жоспардың бір данасы есепті жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірілмей Қауымдастыққа ұсынылады. Екінші данасы өсіру жұмысында басшылыққа алу үшін клубта қалады. Өсіру жоспары асыл тұқымды ит иелеріне жеткізіледі.

22. Қауымдастық клубтан немесе питомникten алынған өсіру жоспарын тексеріп, ескертулер мен ұсыныстар бар болған жағдайда, бір ай мерзімде жолдайды.

23. Клуб немесе питомник (өсіру секциясы) Қауымдастықтың ұсыныстары мен ескертулеріне сәйкес дамыту жоспарына қажетті өзгерістер енгізеді.

24. Жоспарға енген төбетті ұйығу үшін пайдалануға мүмкіндік болмаған жағдайда, сондай-ақ жаңадан келген асыл тұқымды иттер болған жағдайда, өсіру жоспарына Клубтың немесе питомниктің (өсіру секциясы) кенесі бекіткен түзетулер мен қосымшалар енгізіледі. Аталған ұйығулар жоспарлы деп есептеледі.

### **3-тарау. Ұйығуларды, алынған ұялас күшіктерді тіркеу және есепке алу және күшіктерге тұқым-тегі құжатын беру**

25. Өсіру жоспары негізінде клуб немесе питомник (өсіру секциясы) ұйығуға бағыттама береді. Бұл ретте қаншықты ветеринар дәрігер қарап, ол жөнінде иесіне тиісті анықтама береді.

26. Қайталама (бақылау) үйінін алғашқы үйінін кейін 24-48 сағат өткен соң жүргізу ұсынылады.

27. Егер қайталама үйіні төбеттің жай-күйіне байланысты болмаған және үйіңдең қаншық ұрпақ әкелмеген жағдайда, қаншық иесіне қаншықты дәл сол төбетпен келесі үйінін алу құқығы беріледі.

28. Үйіні ақысын және есеп айырысу тәртібін Клуб немесе питомник (өсіру секциясы) кеңесі төбеттің сыныбын мен жергілікті жағдайды есепке ала отырып белгілейді.

29. Жоспарлы үйінін санын есептеу үшін үйінін тіркеу кітабы жүргізіледі.

30. Үйіні кітабында тек қана клуб немесе питомник бағыты бойынша жүргізілген үйінін тіркеуден көндырылған.

31. Клуб немесе питомник (өсіру секциясы) кеңесі 30 күнге толмаған ұялас құшіктерді зерттеп-қарастау, нұсқама беру және қоғамдық бақылау жүргізу үшін жауапты адамды/адамдарды айқындайды.

32. Әрбір ұялас құшік екі рет: туылғаннан кейінгі 3-4 және 29-30 күндері тексеріледі. Тексеруші қаншық иесіне құшіктерді тамақтандыру, тамақтандыратын қаншықты күтіп-бағу туралы және зерттеп-қарастау процесінде туындаған басқа сұрақтар бойынша кеңес береді . Әрбір зерттеп-қарастау кезінде құшіктердің салмағын өлшейді. Құшіктердің жалпы жай-күйі, олардың отыз күнге толғандағы салмағы, оларды күтіп-бағу сипаты және оны тамақтандыратын қаншықтың жай-күйі негізінде ұялас құшіктерге баға беріледі.

33. Қаншықтардың жай-күйі нашар болса және құшіктер лас жағдайда күтіп-бағылған кезде ұялас құшіктерге берілетін баға бір балға кемиді.

34. Ата-енесінің тұқым-тегі құжаттарының және үйінін тіркеу кітабындағы жазбалардың негізінде әрбір жоспарлы ұялас құшіктерге жалпы ұялас карточка ашылады.

#### **4-тaraу. Жас иттер көрмелері**

35. Жас иттер көрмелерін клубтар немесе қызметтік және аңшылық ит өсіру шаруашылығы питомниктері (өсіру секциясы) жылына екі рет (күзде және көктемде) мынадай мақсаттарда үйімдастырады:

- 1) жас иттердің тұқымдылығы мен өсіру сапасы бойынша бағалау;
- 2) жас иттердің иелеріне оларды қалай өсіріп-бағу және тәрбиелеу бойынша ұсыныстар мен нұсқаулықтар беру;
- 3) ата-енесін (төбеттер мен қаншықтар) олардың тұқымдары мен үйіні нәтижелерін бағалау бойынша зерделеу.

36. Жас иттер көрмесі барысында қарап-тексеру тұқымдары бойынша бөлек жүргізіледі. Бір төбеттен тарайтын жас иттердің барлығы бір мезетте және ұяластар бойынша қаралады.

37. Клубтың және питомниктің өсіру секциясы көрмеге 4 (төрт) айдан 10 (он) айға дейінгі жастағы барлық күшіктердің, сондай-ақ осы күшіктер алынған ата-енелерінің шығарылуына шаралар қабылдайды.

38. Күшіктерді қарап-тексеру және бағалау, сондай-ақ өсіру жоспары бойынша жұптарды іріктеу нәтижелерін анықтау үшін сарапшылар, қоғамдық нұсқаушылар және өсіру жоспарын жасауға қатысқан және осы тұқыммен асыл тұқымдық жұмыс жүргізетін өсіру секциясының әбден дайындалған белсенділері тартылады.

39. Жас иттер көрмесіне шығарылған әрбір күшікке анкета толтырылады. Төрт айдан алты айға дейін қоса алғанда күшіктер үшін анкетада бойы, физикалық дамуы, қондылығы, тістерінің және құлақтарының жай-күйі, рахиттың болуы немесе болмауы белгіленеді. Алты айдан жас иттер үшін бұдан басқа сырт бітіміне сипаттама беріледі. Күшіктердің салмағы және бойы өлшенеді.

40. Жас иттер көрмесінде қаралған күшіктер тұқымдылығы және өсіру сапасы бойынша мынадай бағаларға ие болады:

тұқымды, ұлгілі түрде өсірілген;  
тұқымды, дұрыс өсірілген;  
тұқымды, орташа өсірілген;  
тұқымды, нашар өсірілген;  
әдеттегідей, ұлгілі түрде өсірілген;  
әдеттегідей, дұрыс өсірілген;  
әдеттегідей, орташа өсірілген;  
әдеттегідей, нашар өсірілген.

41. Тұқымға тән емес күшіктер бағалауға жатпайды. Тістеулері дұрыс емес күшіктер әділ бағасын алады, бұл ретте иесіне берілген анықтамада тістегі кінәраты көрсетіледі. Мұндай күшіктерге марапат берілмейді.

42. "Тұқымды" деген баға тұқымдық белгілері анық көрініп тұрған күшіктерге беріледі (жас ерекшеліктерін ескере отырып).

43. "Әдеттегідей" деген баға сырт бітімі тұқымдық белгілерге сәйкес келетін күшіктерге беріледі (жас ерекшеліктерін ескере отырып).

44. "Ұлгілі түрде өсірілген" деген баға өз жасына сай жақсы бойы, мықты қалыпты дамыған сүйегі, жақсы физикалық дамуы және қондылығы бар, сыр бітімінде және мінез-құлқында кемістігі жоқ күшіктерге беріледі.

45. "Дұрыс өсірілген" деген баға өз жасына сай қалыпты бойы, мықты сүйегі, жеткілікті түрде физикалық дамуы, қондылығы бар және қорқақтық белгіні білдірмейтін күшіктерге беріледі.

46. "Орташа өсірілген" деген баға мынадай кінәраттары бар күшіктерге беріледі:

бойы жеткілікті өспеген;  
сүйегі жеңіл;  
кеуде тұрқы нашар дамыған;  
рахит немесе оның салдары;  
арқасы салбыраған;  
аяқтары нашар дамыған.

47. "Нашар өсірілген" деген баға бой жағынан және физикалық дамуда көп артта қалған, рахиттің ауыр түрлерімен ауыратын немесе одан кейін оның ауыр салдарынан азап шегетін, қорқақтық белгілері айқын білінетін қалжыраған күшіктерге беріледі.

48. Әрбір күшікті жекелеген қарап-тексеру және бағалау аяқталған соң, барлық ұяластар және күшік алынған ата-енесі қарап-тексеріледі. Содан кейін жалпы ұяластарға баға беріледі және жұптарды таңдаудың дұрыстығы анықталады.

49. Көрмеде "тұқымды, ұлгілі түрде өсірілген" деген баға алған үздік күшіктер, сондай-ақ үздік ұялас күшіктер ата-енелерімен бірге көрмеге келушілерге арнайы рингте тиісті түсініктемемен көрсетіледі.

50. Көрмеде қарап-тексеруден өткен күшіктердің иелеріне тиісті анықтамалар (немесе экспоненттік қағаздары бар дипломдар) беріледі.

## 5-тaraу. Асыл тұқымды иттерді іріктеу және бонитирлеу

51. Қызметтік және аңшылық иттердің асыл тұқымдық бастарын іріктеу және бонитирлеу асыл тұқымдық жұмыстың негізгі іс-шараларының бірі болып табылады және ол иттерді конституциясы мен сырт бітімі, қызметтік және жұмыс сапасы, шығу тегі мен ұрпактары бойынша кешенді бағалаудан тұрады.

52. Бонитирлеу бір-бірімен өзара байланысты мынадай іс-шараларға негізделген:

- 1) көрмелерге (ит көрмелеріне), сынақтарға және жарыстар;
- 2) иттердің асыл тұқымдық іс-қимылдары мен олардың ұрпактарының сапасын бағалау туралы материалдарды зерделеу;

3) иттердің тұқым-тегі кестелері бойынша шығу тегін бағалау. Бонитирлеуді клубтарда немесе питомниктерде (өсіру секцияларында) бір жыл ішінде Қауымдастық өкілдерінің қатысуымен өсіру секциясы мүшелерінің ішінен Клуб немесе питомник (өсіру секциясы) кеңесі тағайындастын комиссия (бұдан әрі – комиссия) жүргізеді.

53. Клубтарда бонитирлеу жүргізуге арналған негізгі құжат итке арналған есептік карточка болып табылады, онда тұқым-тегі карточкасы, көрме, иттер көрмесі, сынақтар мен жарыстардан алынған дипломдар, есеп берулер негізінде барлық қажетті деректер енгізіледі.

54. Бонитирлеуге көрмелер мен иттер көрмелерінде мынадай бағалар алған иттер жатады:

- "үздік" дегеннен төмен емес баға алған төбеттер;
- "өте жақсы" дегеннен төмен емес баға алған қанышықтар.

Мұндай иттерге көрмeden кейін бір ай ішінде клуб немесе питомник есеп карточкасын ашады.

55. Бонитирлеу бойынша сыныптылық беру үшін қажетті көрсеткіштер жинаған иттерге комиссия барлық деректерді есеп карточкасынан тұқым-тегі карточкасының түпнұсқасына көшіре отырып бонитирлеу ведомосын құрайды.

Бонитирлеу ведомосімен тұқым-тегі карточкасы Қауымдастыққа иттерді асыл тұқымдық кітапқа енгізу және асыл тұқымдық аттестаттар беру үшін жіберіледі.

56. Бонитирлеу кезінде иттің сыныптылығын анықтауды комиссия мынадай төрт көрсеткіш бойынша жүргізеді:

- 1) сырт бітімі мен конституциясын бағалау;
- 2) қызметтік немесе жұмыс сапаларын бағалау;
- 3) шығу тегін бағалау;
- 4) ұрпақтарын бағалау.

57. Иттердің қызметтік-спорттық тұқымдары балдарының төменгі саны осы Нұсқаулыққа 1-қосымшада көрсетілген.

Конституция, сырт бітімі: "ұздік" – 40 балл; "өте жақсы" – 30 балл; "жақсы" – 20 балл.

Шығу тегі: тегінің 1-қатары – бар болса: төбет – 2 балл, қанышық – 2 балл; сырт бітімі: төбет – 3 балл, қанышық ит – 3 балл; "өте жақсы": төбет – 2 балл, қанышық – 3 балл ; "жақсы": төбет – 1 балл; қанышық – 2 балл. Тегінің 2-қатары – бар болса: 1 балл. Тегінің 3-қатары – бар болса: 1/2 балл. Тегінің 4-қатары – бар болса: 1/8 балл.

Ұрпақтары: жұмыс (қызметтік) сапалары мен көрме бағалары үшін дипломы бар әр ұрпақ үшін: "ұздік": төбет – 4 балл, қанышық – 6 балл; "өте жақсы": төбет – 2 балл, қанышық – 4 балл; "жақсы": төбет – 1 балл, қанышық – 2 балл.

Жұмыс сапалары: Төбеттер: 1-дәрежелі диплом – 20 балл, 2-дәрежелі диплом – 10 балл, 3-дәрежелі диплом – 5 балл.

Қанышықтар: 1-дәрежелі диплом – 20 балл, 2-дәрежелі диплом – 15 балл, 3-дәрежелі диплом – 10 балл. "Элита" және 1-ші асыл тұқымдық сыныбын беру үшін тек ашық сыныпта (ересек жас тобында) алынған көрме бағалары есепке алынады. Егер тұқымдық төбет ұрпақтарының 30 пайызының "ұздік" деген көрме бағасы бар болса, оған "Женімпаз" деген атақ беріледі.

58. Иттердің аңшылық тұқымдары балдарының ең төменгі саны осы Нұсқаулыққа 2 -қосымшада көрсетілген.

Конституция, сырт бітімі: "ұздік" – 40 балл; "өте жақсы" – 30 балл; "жақсы" – 20 балл.

Шығу тегі: Тегінің 1-қатары – бар болса: төбет – 2 балл, қанышық – 2 балл; сырт бітімі "ұздік": төбет – 3 балл, қанышық – 3 балл; "өте жақсы": төбет – 2 балл, қанышық – 3 балл; "жақсы": төбет – 1 балл; қанышық – 2 балл. Тегінің 2-қатары – бар болса: 1 балл. Тегінің 3-қатары – бар болса: 1/2 балл. Тегінің 4-қатары – бар болса: 1/8 балл.

**Ұрпақтары:** жұмыс сапалары мен көрме бағалары үшін дипломы бар әр ұрпақ үшін: "ұздік": төбет – 4 балл, қаншық – 6 балл; "өте жақсы": төбет – 2 балл, қаншық – 4 балл; "жақсы": төбет – 1 балл, қаншық – 2 балл.

**Жұмыс сапалары:** Жекелеген сынақтар – 1-дәрежелі диплом – 40 балл, 2-дәрежелі диплом – 35 балл, 3-дәрежелі диплом – 30 балл.

**Жұптық сынақтар** – 1-дәрежелі диплом – 20 балл, 2-дәрежелі диплом – 18 балл, 3-дәрежелі диплом – 15 балл.

## **6-тaraу. Ұлттық қызметтік және аңшылық иттерді республикалық асыл тұқымдық есепке алу**

59. Қауымдастықта тіркеуде тұрган ұлттық қызметтік және аңшылық иттердің асыл тұқымдық басын есепке алу мен тіркеуді Қауымдастық асыл тұқымдық кітап және иттердің анықтамалық картотекасы арқылы жүзеге асырады.

Есепке алу мен тіркеу конституциясы мен сырт бітімінің, жұмыс сапаларының ерекшеліктерін, шығу тегін және иттердің ұрпақтары сапасын зерделеу және айқындау мақсатында жүргізіледі. Алынған деректер клубтар мен қызметтік және аңшылық ит өсіру шаруашылығы питомниктерінің асыл тұқымдық жұмысында пайдаланылады.

60. Иттердің асыл тұқымдық кітабы клубтар немесе ит өсіру шаруашылығы питомниктері (өсіру секциялары) жіберетін тұпнұсқалық тұқым-тегі карточкалары мен бағалау ведомостері негізінде жүргізіледі.

61. Анықтамалық картотекаға көрмeden өткен және "жақсыдан" төмен емес баға алған иттер енгізіледі. Сонымен қатар оған шығу тегі, сынақтар мен жарыстар, бонитирлеу нағижендері енгізіледі.

62. Иттердің асыл тұқымдық кітабы тұқымдар бойынша бөлімдерге бөлінеді. Кітапқа бонитирлеу кезінде екінші асыл тұқымдық сыныбынантемен емес сыныптылық алған иттер енгізіледі.

63. Бонитирлеу кезінде баға алған барлық иттерге арналған тұқым-тегі карточкасының тұпнұсқасы Қауымдастыққа тексеру үшін беріледі.

64. Асыл тұқымдық кітапқа кіретін иттердің тұқым-тегі карточкасындағы жазбалардың дұрыстығы жете тексерілгеннен кейін анықталған деректер иттердің асыл тұқымдық кітабының тиісті бөліміне енгізіледі.

65. Егер клуб немесе питомниктер жіберген иттердің деректері иттердің асыл тұқымдық кітабына енгізілмесе, онда клубқа немесе питомникке бас тарту себебі көрсетілген хабарлама жіберіліп, тұқым-тегі карточкасы қайтарылады.

66. Асыл тұқымдық кітапқа жазылған әр итке нөмір беріледі. Иттерді нөмірлеу әр тұқым бойынша бөлек жүргізіледі.

67. Иттерді Республикалық тұқым-тегі картотекасының алдыңғы нөмірінен ажырату үшін иттердің асыл тұқымдық кітабында әр реттік нөмірдің алдына:

Төбеттер үшін "Т" әрпі қойылады;

**Қаншықтарға "К" әрпі қойылады.**

68. Иттердің асыл тұқымдық кітабына жазылған иттерге аттестат толтырылып, иесіне тапсыру үшін клубқа немесе питомникке жіберіледі.

69. Иттердің асыл тұқымдық кітабына жазылған иттерді сату немесе беру кезінде, аттестат жаңа иесіне беріледі.

70. Бір жыл ішінде анықталған, асыл тұқымдық иттердің сыныптылығына немесе балдығының (көрмелер мен сынақтардағы анағұрлым жоғары көрсеткіштер) өзгеруіне әсер ететін жаңа деректер, сондай-ақ сырт бітімі бағаларын немесе сынақтарда дипломдар алған ұрпақтардың қосымша деректері Қауымдастыққа жіберіледі.

71. Аттестаттары жоқ иттердің сыныптылығы жоғарылаған кезде, клубтар немесе питомниктер Қауымдастыққа тұқым-тегі карточкасының түпнұсқаларын асыл тұқымдық аттестаттармен алмастыру үшін жібереді.

72. Егер асыл тұқымды иттің иесі басқа қалаға қоныс аударса немесе итті сатса, онда клуб немесе питомник осы иттің есеп карточкасына тиісті белгі қояды және өзгерістер туралы Қауымдастыққа хабарлайды. Сондай-ақ ит өлген жағдайда да осылай болады.

## **7-тарау. Иттерді белгілеу және асыл тұқымдық есепті жүргізу**

73. Таңбалау мақсаты жануарды бірдейлендіру мүмкіндігі болып табылады. Эр итке жеке нөмір беріледі, ол жануардың денесіне татуировка әдісімен (клеймо) жасалады. Клеймо санының ішкі жағына, шапқа не иттің оң құлағына қойылады.

## **8-тарау. Жеке нөмірлерді (таңбаларды) беру тәртібі**

74. Бастапқы есепке алу мен нөмірлерді беруді Қауымдастық басшылығы жүзеге асырады. Тіркеу берілетін нөмірлерді бастапқы есепке алу жүзеге асырылатын арнайы журналда жүргізіледі. Ары қарай, итке тұқым-тегі карточкасын алу кезінде оның жеке нөмірі бірыңғай компьютерлік деректер банкіне енгізіледі.

75. Итті есепке қою және жеке нөмір алу үшін, иттің иесі Қауымдастыққа ұялас күшіктер туралы мынадай деректерді хабарлайды:

- 1) тұқымы;
  - 2) ит өсіруші (иесі) мүшесі болып табылатын клубтың немесе питомниктің толық атауы;
  - 3) ит өсірушінің (иесінің) аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, почталық мекенжайы, телефоны және электрондық почтасы (бар болса);
  - 4) питомниктің атауы (зауыттық қондырмасы) – бар болса;
  - 5) иттің әрбір ата-енесіне толық деректер – бар болса;
  - 6) иттің лақап аты, жынысы, реңкі.
76. Туылмаған ұяласқа жеке нөмір берілмейді.

## **9-тарау. Есептілік**

77. Таңбалау фактісі бойынша ұялас күшіктерді таңбалаған жауапты адам "Ұялас күшіктерді таңбалау картасы" нысанын толтырады, оның бір данасы ит өсірушіде қалады және жалпы ұяластар картасымен бірге клубқа немесе питомнике тапсырылады, екінші данасы таңбалаушыда сақталады және ұялас күшіктерді таңбалаған сәттен бастап он күннен кешіктірілмей клубқа немесе питомникке табыс етіледі.

78. Таңбаланған ұяластарға жеке нөмірлерді жалпы ұяластар картасына жазады және онда ұяластарды таңбалағаны туралы белгі қояды.

79. Клубтардың немесе питомниктердің төрағалары тоқсанында кемінде 1 рет "Ұялас күшіктерді таңбалау картасының" екінші нұсқасын Қауымдастыққа тапсырады. Жалпы ұяластар картасына қосымша берілген даналарды төрағалар барлық бағаналарды толтырып, Қауымдастыққа тапсырады.

80. Комиссия ұялас күшіктерді зерттеу актісіне барлық күшіктер таңбаланған жағдайда қол қояды.

81. Күшіктерді таңбалауға жергілікті кинологиялық ұйымда тіркелген адамдар жіберіледі.

82. Микрочиптеу өсірушінің өтініші бойынша жүргізіледі.

## **10-тарау. Белгілеу регламенті**

83. Таңбалауды регламенттеу Қауымдастықтың өңірлік өкілдіктері арқылы жүргізіледі.

84. Жүйе, нөмірлеу түрі, таңбалауға арналған дененің бөлігі (құлақ, қарын немесе санының ішкі жағы), таңбалауға жауаптыларды анықтау, оларды оқыту, таңбалауды ұйымдастыру және уақыты, сондай-ақ тұқым-тегі кітабына енгізу үшін таңбалардың нөмірлерін хабарлау ерекше талқыланады.

85. Микрочиптеуді маман жүргізеді.

## **11-тарау. Шығу тегі туралы құжатты ресімдеу және беру тәртібі**

86. Клубтың немесе питомниктің (өсіру селекциясының) жұмыскері ұялас күшіктерді зерттеу актісінің негізінде толтыратын және қол қоятын қүшіктің карточкасы – шығу тегі туралы бастапқы құжат болып табылады.

87. Қүшіктің карточкасы мынадай мәліметтерді қамтиды: тұқымы, қүшіктің толық лақап аты, жынысы, түсі, толық туылған күні, таңбасының №, қүшік өсірушісінің және иесінің аты-жөні және мекенжайы, шығу тегі туралы мәліметтер (әкесі, енесі, олардың тұқым-тегінің нөмірі және олардың түстері).

88. Питомник (зауыттық қондырма) атауы онда туған барлық күшіктердің лақап атына қосылады және лақап атының алдына қойылады. Питомник атауымен

ұштастырылған бірдей лақап ат тек 20 жылдан кейін қайталануы мүмкін. Лақап аттағы белгілердің ең көп саны питомник/зауыттық қондырма атауын қоса алғанда – 40 белгі.

89. Күшік карточкасы асыл тұқымдық мақсатта пайдалану құқығын бермейді және көрмеден немесе жас иттер көрмесінен өткеннен кейін ит он бес айлық жасқа жеткен соң тұқым-тегі карточкасына ауыстырылуы тиіс.

90. Бірыңғай үлгідегі тұқым-тегі құжаты эмблемалардан тұрады және иттің шығу тегін куәландырады.

91. Тұқым-тегі құжатын ресімдеуді Қауымдастықтың өңірлік өкілдері немесе Қауымдастықта аттесттаудан өткен, асыл тұқымдық өндірушілер тіркелген аумақтық кинологиялық ұйымдар жүргізеді.

Тұқым-тегі құжаты Қауымдастықта тіркелген бекітілген үлгідегі бланкілерде күшіктің карточкасы негізінде немесе Қауымдастықтың үәкілетті сарапшысы берген тиісті сипаттама негізінде ресімделеді.

Иттердің үйлік-ұлттық  
тұқымдарын (тазы, тәбет)  
бонитирлеу жөніндегі  
нұсқаулыққа  
1-қосымша

### **Кызметтік-спорттық тұқымдар балдарының ең төменгі саны**

Сынып	Жынысы	Сырт бітімі	Шығу тегі	Жұмыс сапалары	Ұрпақтары	Балдар жиыны
элита	тәбет	40	20	20	20	100
	қанышық	30	20	10	20	80
бірінші асыл тұқымды	тәбет	40	18	10	20	88
	қанышық	30	18	10	20	78
екінші асыл тұқымды	тәбет	30	16	10	20	76
	қанышық	20	16	10	20	66

Иттердің үйлік-ұлттық  
тұқымдарын (тазы, тәбет)  
бонитирлеу жөніндегі  
нұсқаулыққа  
2-қосымша

### **Аңшылық тұқымдар балдарының ең төменгі саны**

Сынып	Жыныс	Сырт бітімі	Шығу тегі	Жұмыс сапалары	Ұрпақтары	Балдар жиыны
элита	тәбет	40	20	40	20	120
	қанышық	30	20	30	20	100
бірінші асыл тұқымды	тәбет	40	18	35	15	108
	қанышық	30	18	30	15	93
екінші асыл тұқымды	тәбет	30	16	30	10	86
	қанышық	20	16	30	10	76

## **Маралдарды және теңбіл бұғыларды бонитирлеу жөніндегі нұсқаулық**

**Ескерту. Нұсқаулық жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.07.2023 № 277 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйріғымен.**

### **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Бонитирлеу жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 13-бабының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және маралдарды және теңбіл бұғыларды бонитирлеуді жүргізууді нақтылайды.

2. Маралдарды және теңбіл бұғыларды бонитирлеуді бонитерлер-сыныптаушылар жүргізеді.

### **2-тaraу. Маралдарды бонитирлеуді ұйымдастыру және жүргізу**

3. Маралдардың бұқалары мен аталық маралдарды панталарды кесу кезеңінде мамыр-шілде айларында бонитирлейді, оларды конституциясының беріктігі, сырт бітімі, тірідей салмағы және жаңа кесілген пантаның, кейіннен консервіленген пантаның салмағы мен сапсы бойынша және дайын панталардың шығымы бойынша бағалайды.

4. Маралдардың бұқаларын бонитирлеуді жыл сайын панталарды кесу кезеңінде маусым-шілде айларында жүргізеді; жас маралдарды енесінен айырганнан кейін, қараша-желтоқсан айларында мал басын қыстауға қойған кезде 16-18 айлық жаста бонитирлейді.

5. Панталы бұғы шаруашылығында жастық-жыныстық топтар бөлінісінде жануарлар атауларының бірынғай номенклатурасын пайдаланады: төлі, жас маралдар, аталық маралдар, ұрғашы жас маралдар, маралдардың бұқалары және аналық маралдар. Жас маралдар арасында еркектер (сайкалар) мен ұрғашыларды (саюшқалар) бөледі.

Жастары бойынша топтар мынадай болып бөлінеді:

төл - туылғаннан 6 айға дейін;

жас маралдар-6 айдан 1,5 жасқа дейін;

аталық маралдар мен ұрғашы жас маралдар -1,5 жастан 2,5 жасқа дейін,

маралдардың бұқалары және аналық маралдар - 2,5 жастан ересектер.

6. Маралдардың бұқаларының сырт бітімі мен конституациясын бағалауды жыл сайын жалпы бонитирлеу уақытында жүргізеді.

7. Конституциясы мен сырт бітімін бағалауды бес балдық шәкілмен жүргізеді. Жеке бөліктері қажетті типке сәйкес келуі керек: маралдардың бұқаларында-жыныстық диморфизмының көрінуіне: қуатты қеудесіне, арқасына, белінің және артқы аяқтарының мықтылығына, ең бастысы пантасының пішіні мен дамуына.

8. Осы бөліктерде кемшіліктер болмаған жағдайда маралдардың бұқаларына "бес" деген баға беріледі. Кемшіліктер табылған жағдайда баға 1 балға төмендейді.

9. Қуатты, алты ұшына дейін жуан діңгекті, бөліну терендігі 8 см-ден аспайтын панталарды дамытуға жол беріледі. Панталардың құрылышы дұрыс болуы, жеткілікті жуан діңгектері және жақсы дамыған көз үстіндегі, қатты және орташа өсінділер болуы қажет. Артық өсінділер мен айтарлықтай шорлар болмауы керек.

10. Маралдардың бұқаларын бонитирлеу деректері бойынша 4 сыныпқа бөледі: элита, бірінші, екінші және үшінші.

1) элита сыныбына конституциясы берік және сырт бітімі өте жақсы, дene салмағы, пантасының үлкендігі мен сапасы бойынша ең жақсы жануарлар жатады. Пантасы жуан, қуатты діңгекті және көз үсті, қатты және орташа өсінділері қалыпты дамыған болу керек; артық өсінділер мен айтарлықтай шорлар болмау керек.

2) бірінші сыныпқа конституциясы берік, жеткілікті мөлшерде және жақсы сапада панта беретін, елеулі кемшіліктері жоқ қалыпты дамыған жануарлар жатқызылады.

Панталардың мынадай кемшіліктеріне жол беріледі:

көз үстіндегі немесе қатты өсінділерінің аздап дамымауы;

бір өсіндінің болмауы;

артық өсінділердің және болмашы шорлардың болуы.

3) екінші сыныпқа панталарының салмағы өте аз, бірінші сыныптың стандарттына сәйкес келетін, бірақ конституциясы әлсіз және сырт бітімі немесе панта құрылышында: сүйектерінің жіңішкелігі, ерекек тұрпатының жеткілікті айқын еместігі, түлеудің кешігіү , панталардың әлсіреуі, көз үсті және қатты өсінділердің жеткіліксіз дамуы сияқты елеулі кемшіліктері бар жануарлар жатқызылады.

4) үшінші сыныпқа (сырт бітіміне байланыссыз) панталарының салмағы аз немесе олардың құрылышында кемістігі: (кескінсіздік, 3 немесе 4 өсіндінің жоқ болуы) бар барлық жануарларды жатқызады.

11. Маралдардың сыныптарын анықтау үшін осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес маралдардың бұқалары мен аталық маралдардың сыныбын айқындау үшін ең аз шарттар қолданылады.

12. Маралдардың бұқаларының панта құрлысындағы кемшіліктер тізбесі осы Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес Маралдардың бұқаларының панта құрлысындағы кемшіліктер тізбесі бойынша анықталады.

13. Панталардың дамуы өлшемдерді алу негізінде осы Нұсқаулыққа 3-қосымшаға сәйкес Маралдың панталарын өлшеу тізбесі бойынша айқындалады.

14. Өлшемдерді дұрыс және пропорционалды құрылышы бар тек бір пантадан (бір жұбынан) осы Нұсқаулыққа 4-қосымшаға сәйкес Марал пантасы өлшемдерінің схемасы бойынша алады.

15. Маралдардың сырт бітімі мен конституциясы бойынша бағалау төмендетілетін дене бітімінің кемшіліктері осы Нұсқаулыққа 5-қосымшада көрсетілген.

16. Бонитирлеу деректері бойынша "сайкаларды" 4 сыныпқа бөледі: элита, бірінші, екінші және үшінші.

1) элита сыныбына - сау, аса ірі, конституциясы берік, еркектік дене бітімінің түрпаты анық байқалатын, екі немесе дан көп өсіндісі бар мүйіз-сүмбісі "шпилька" (ұзындығы 41 см. және одан да көп ) жақсы жетілген жануар жатады.

2) бірінші сыныпқа - сау, ірі, конституциясы берік, жақсы жетілген бірақ өсіндісі жоқ, мүйіз-сүмбісінің "шпилькасы" 31-40 см аталақ маралдар жатқызылады.

3) екінші сыныпқа - аса үлкен емес, конституциясы әлсіз, мүйіз-сүмбісінің "шпилькасы" орташа көлемді (21-30см) жануар жатқызылады.

4) үшінші сыныпқа - конституциясы әлсіз, мүйіз-сүмбісінің "шпилькасы" ұзындығы 20 см кем, жетілмеген немесе айқын емес ұсақ жануарлар жатқызылады.

17. Мүйіз-сүмбісі "шпилькасының" көлемі мен пішінін бағалау үшін ұзындығы мен қалындығынан 2 өлшем алынады. Ұзындығы сүмбі "шпилькасының" түбінен оның басына дейін алынады (стақан тәріздінің биіктігі өлшемге кірмейді), "шпилька" орамының қалындығы оның түбінен 5-7 см жерден алынады.

18. Ағымдағы жылы туылған төлдерді күзде енелерінен айыру кезеңінде мал басын қыстауға қойған кезде бонитирлейді. Осы уақытта енелерінен ерте ажыратылған (күйлеуге дейін) төлдерді де бонитирлеуді жүргізеді.

19. Төл физиологиялық дамуы, конституциясының беріктігі және тірідей салмағы бойынша бағаланады.

20. Аналық маралдарды бонитирлеуді қараша-желтоқсан айларында күйлету аяқталғаннан кейін жүргізеді және 4 сыныпқа бөледі:

Элита сыныбына конституциясы берік және сырт бітімі жақсы, көлемі жағынан өте жақсы және тірідей салмағы 210 (екі жүз он) кг және одан артық жануарларды жатқызады.

Бірінші сыныпқа қалыпты дамыған, конституциясы берік және сырт бітімі жақсы, тірідей салмағы 185 (жүз сексен бес) - 209 (екі жүз алты) кг шегінде, дене бітімінде кемістігі жоқ жануарларды жатқызады.

Екінші сыныпқа тірідей салмағы барынша аз 170 (жүз жетпіс) -184 (жүз сексен төрт) кг, конституциясы әлсіз және сырт бітімінде бірқатар кемістігі бар жануарларды жатқызады.

Үшінші сыныпқа сырт бітіміне қарамастан тірідей салмағы өте төмен (ISO-IBS кг) аналықтар жатқызылады.

### **3-тарау. Теңбіл бұғыларды бонитирлеуді ұйымдастыру және жүргізу**

21. Теңбіл бұғылардың бұқаларын және аталақтарын жыл сайын панталарды кесу кезеңінде мамыр-шілде айларында бонитирлейді, оларды сыртқы түрі, конституциясының беріктігі, сырт бітімі, жануардың тірідей салмағы, панталардың құрылымы, пішіні және сапасы, олардың жаңа кесілген түріндегі салмағы бойынша бонитирлейді.

22. Уш ұшына дейін жуан діңгекті, бөліну терендігі 8 см-ден аспайтын дамыған, мықты панталардың болуына жол беріледі.

23. Панталардың өлшемдері үлкен, құрылымы дұрыс симметриялы, қоңыр немесе құм түсті барқыт тәрізді біркелкі түк жабыны, жуан діңгекті, жақсы дамыған, көзүсті өсінділері жоғары қойылған болу керек. Панталарды және олардың дамуын бағалау үшін осы Нұсқаулыққа 6-қосымшага сәйкес теңбіл бұғы пантасы өлшемдерінің схемасы пайдаланылады.

24. Өлшемдерде құрылымы дұрыс және пропорционалды бір пантадан (бір жұптан) алынатын осы Нұсқаулыққа 7-қосымшада көрсетілген теңбіл бұғы пантасы өлшемдерінің тізбесіне сәйкес қатаң түрде анықталған қосу нұктелері болу керек.

25. Бағалау кезінде бұғылардың бұқаларын 4 сыныпқа бөледі: элиталы, бірінші, екінші және үшінші:

1) элита сыныбына конституциясы берік, сырт бітімі өте жақсы, денесінің көлемі және салмағы бойынша, сондай-ақ панталарының көлемі, құрылымы және салмағы бойынша ең жақсы жануарларды жатқызады. Панталары жуан діңгекті және көзүсті өсінділері жақсы дамыған және қоңыр немесе құм түсті барқыт тәрізді біркелкі түк жабыны бар, қандай да бір шорлары жоқ симметриялы болу керек.

Бұл сыныпқа пантасы қара және сұр түсті бұғының бұқасын жатқызады, оның салмағы элита сыныбына белгіленген салмақтан 20% аз болады.

2) бірінші сыныпқа конституциясы берік және сырт бітімі жақсы бұғының бұқаларын жатқызады. Олардың панталарының салмағы жетерліктері жоғары және құрылымы дұрыс, көзүсті өсінділері елеулі кемшіліктері жоқ, жақсы дамыған болу керек.

Панталардың мынадай жекелеген кемшіліктерінің болуына жол беріледі: симметриялы емес, жіңішке көзүсті өсінділері, аздаған қысықтық, діңгектің немесе көзүсті өсіндінің қысынқылығы, шорлары бар, барынша қалың түк жабыны, көз үсті өсінділердің төмен орналасуы, қара немесе сұр түс.

3) екінші сыныпқа пантасының салмағы бойынша бірінші сыныптың талаптарына сәйкес келетін, бірақ конституциясы әлсіз және сырт бітімінде және панта құрылымында елеулі кемшіліктері бар жануарларды жатқызады: сүйектерінің жіңішкелігі, ерек тұрпатының жеткілікті айқын еместігі, түлеудің кешігүі, көз үсті өсінділердің анық жеткіліксіз дамуы немесе кейіпсіз жайылуы.

4) үшінші сыныпқа ( сырт бітіміне қарамастан) панталарының салмағы аз және олардың құрылышында кемістігі бар барлық жануарларды жатқызады: діңгегі және көзүсті өсінділердің айқын дамымауы, көзүсті өсінділердің болмауы.

26. Тенбіл бұғылар бұқаларының сыныбын бағалау және анықтау үшін осы Нұсқаулыққа 8-қосымшаға сәйкес жас кезеңдері бойынша панталардың массасына қойылатын ең аз талаптар, осы Нұсқаулыққа 9-қосымшаға сәйкес сырт бітімі мен конституция кемшіліктерінің тізбесі және осы Нұсқаулыққа 10-қосымшаға сәйкес теңбіл бұғылардың панталары құрылышындағы кемшіліктер шәкілі қолданылады.

27. Элита сыныбына сау, аса ірі, конституциясы берік, еркектік дene бітімінің түрпаты анық байқалатын, ұзындығы 31 см-дан артық жақсы жетілген мүйіз-сүмбісінің "шпилькасы" бар жануар жатады.

28. Бірінші сыныпқа сау, конституциясы берік ірі, ұзындығы 25-30 см мүйіз-сүмбісінің "шпилькасы" бар жануар жатады.

29. Екінші сыныпқа аса үлкен емес, бірнеше әлсіз конституциялары және орташа ұзындығы (15-24 см) "шпилькалары" бар сайкаларды жатқызады.

30. Ушінші сыныпқа конституциясы әлсіз, ұзындығы 14 см және одан кем "шпилькалары" жетілмеген ұсақ жануарларды жатқызады.

31. Дамуы, тірідей салмағы және елеулі кемшіліктері мен кемістіктері бар үшінші сыныптың талаптарына сәйкес келмейтін жанаурларды жарамсыздыққа жатқызу қажет.

Маралдарды және теңбіл  
бұғыларды бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
1-қосымша

### **Маралдардың бұқалары мен аталық маралдардың сыныбын айқындау үшін ең аз шарттар**

Сынып	Сайкала р сүмбісін ің ұзындығ ы, см	Маралдардың шикі панталарының салмағы (кг)									
		жасы, жыл									
	1,5	2	3	4	5	6	7	8	9	10	және одан ересек
элита	үш жыл және одан көп	2,5	3,5	5,0	5,8	6,7	7,6	7,6	7,0	6,7	
бірінші	26-35	2,0	2,8	4,0	4,5	5,5	6,3	6,3	5,5	4,5	
екінші	15-25	1,0	1,8	2,7	3,1	3,8	4,5	4,5	3,8	3,1	
үшінші	екінші сыныптан төмен										

Маралдарды және теңбіл  
бұғыларды бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
2-қосымша

## Маралдардың бұқаларының панта құрылымындағы кемшіліктер тізбесі

Кемшіліктер санаты	Кемшіліктер тізбесі	Сынып
A	көзүсті және қатты өсіндердің біраз жетілмеуі, бір өсіннің болмауы, артық өсіндер, елеулі шорлар	бірінші сыныптан жоғары емес
B	аз шырындылық, көзүсті және қатты өсінділердің жеткіліксіз дамуы, екі көзүстілік немесе қатты және орта өсінділердің болмауы	екінші сыныптан жоғары емес
V	үш немесе торт өсіндінің болмауы, жыл сайын қайталанатын пантаның кескінсіздігі	үшінші сынып


Маралдарды және теңбіл  
бұғыларды бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
3-қосымша

## Маралдың панталары өлшемдерінің тізбесі

Өлшем	Өлшем алынатын жер
1. Діңгектің ұзындығы	Діңгектің артқы жағы бойынша кескен жерге дейін
2. Діңгектің жуандығы	Қатты және үшінші өсінді арасындағы діңгектің жуандығы
3. Өсінділердің ұзындығы: көзүстінің, қатты және орташа	Өсінділердің сыртқы жағы бойынша діңгектен ұшына дейінгі
4. Діңгек пен жоғары өсіндінің арасындағы бөліну терендігі	Діңгек ұшы мен өсіндіні қосатын ашаланған додасынан түзу желісіне дейін

Маралдарды және теңбіл  
бұғыларды бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
4-қосымша

## Марал пантасы өлшемдерінің схемасы



- 1) діңгек ұзындығы;
- 2) діңгек жуандығы;
- 3) көзүсті өсіндінің ұзындығы;
- 4) қатты өсіндінің ұзындығы;
- 5) ортаңғы өсіндінің ұзындығы;
- 6) бөліну терендігі.


Маралдарды және теңбіл  
бұғыларды бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
5-қосымша

## **Маралдардың сырт бітімі мен конституциясы бойынша бағалау төмендетілетін деңе бітімінің кемшіліктері**

Жалпы дамуы және деңе бөліктепі	Кемшіліктер тізбесі	Сынып
1. Жалпы түрі және дамуы	жалпы толық дамымаушылық: сүйектері оңтайсыз немесе ерекше дамыған-нәзік бұлшық еттері копсынқы немесе нашар дамыған	екінші сыныптан жоғары емес
2. Сырт бітімінің бөліктепі: басы, мойыны	басы деңесіне сәйкес емес, ауыр немесе артық жетілген мойыны қысқа немесе шамадан тыс ұзын, бұлшық еті нашар	бірінші сыныптан жоғары емес
Кеудесі	Кеудесі жінішке, терең емес, жауырындары косарланған сияқты , қабырға сүйектері жінішке, бір-біріне жақын орналасқан	бірінші сыныптан жоғары емес
Арқасы	жотасы екіге бөлінген немесе үшкір, арқасы жінішке, қысқа, салбыранқы немесе бүкір	бірінші сыныптан жоғары емес
Денесінің арты	қысқа, салбыранқы, шатыр тәріздес, үшкір артты	екінші кластан сыныптан жоғары емес
Аяқтары	алдыңы аяқтары- білезігінде жақын орналасқан немесе екі жаққа кеткен	екінші сыныптан жоғары емес

Маралдарды және теңбіл  
бұғыларды бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
6-қосымша

## **Теңбіл бұғы пантасы өлшемдерінің схемасы**



- 1) сыртқы діңгек ұзындығы;
- 2) ішкі жағындағы діңгек ұзындығы;
- 3) діңгектің жуандығы;
- 4) көзүсті өсіндісінің ұзындығы;
- 5) діңгек мойынының жуандығы.

Маралдарды және тенбіл  
бұғыларды бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
7-қосымша

### Тенбіл бұғы пантасы өлшемдерінің тізбесі

Өлшем	Өлшем алу орны
1. Діңгектің сыртқы ұзындығы	Діңгектің артқы жағы бойынша кесілген жерден ұшына дейін
2. Діңгектің ішкі ұзындығы	Діңгектің ішкі жағы бойынша ер тәріздес ортадан ұшына дейін
3. Діңгектің жуандығы	Діңгекті ортасынан орап алып, бірдей қашықтықта негізгі көзүсті өсіндісінен діңгектің ұшына дейін
4. Көзүсті өсінің ұзындығы	Сыртқы жағы бойынша өскін ұшынан дің ұшына дейін
5. Діңгек пен екінші өсіндінің арасындағы бөліну тереңдігі (3 айрықты панта үшін) үш айрықты панта үшін)	Айрылу доғасынан дің ұшы мен өскінді қосатын сзызыққа дейін

Маралдарды және тенбіл  
бұғыларды бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
8-қосымша

### Жас кезеңдері бойынша панталардың массасына қойылатын ең аз талаптар

Сынып	Шикі панталар массасы, гр.								
	Жасы, жыл								
	2	3	4	5	6	7	8	9	10 және одан үлкен

элита	450	550	800	950	1150	1300	1300	1150	1000
бірінші	400	500	600	700	800	900	900	800	700
екінші	300	400	500	600	700	800	800	700	600
үшінші	екінші сыныптан төмен								

Маралдарды және тенбіл  
бұғыларды бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулықка  
9-қосымша

## Сырт бітімі мен конституциясындағы кемшіліктер тізбесі

Жалпы дамуы және мүсіні	Кемшіліктер тізбесі	Сынып
1	2	3
1. Жалпы түрі және дамуы	Жалпы толық дамымаған: сүйектері ірі немесе ерекше дамыған-нәзік, бұлшық еттері қопсыңқы немесе нашар дамыған	екінші сыныптан жоғары емес
2. Мүсінің сымбаттылығы: басы, мойыны	басы денесіне сәйкес емес, ауыр немесе артық жетілген, мойыны қысқа немесе шамадан тыс ұзын, бұлшық еті нашар	бірінші сыныптан жоғары емес
Кеудесі	Кеудесі жіңішке, жалпақ емес, жауырындары қосарланған сияқты, қабырга сүйектері жіңішке, бір-біріне жақын орналасқан	бірінші сыныптан жоғары емес
Арқасы	жотасы екіге бөлінген немесе үшкір арқасы жіңішке, қысқа, салбыранқы немесе бүкір	бірінші сыныптан жоғары емес
Дене арты	қысқа, салбыранқы, шатыр тәріздес, үшкір артты	екінші сыныптан жоғары емес
Аяқтары	алдыңғы аяқтары - тірсегіне жақын орналасқан немесе екі жаққа кеткен, артқы аяғының қойылуы О тәрізді, X тәрізді, шораяқ, тұяғы – жіңішке, дөңбекті, жалпақ	екінші сыныптан жоғары емес

Маралдарды және тенбіл  
бұғыларды бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулықка  
10-қосымша

## Тенбіл бұғы пантасының құрылымындағы кемшіліктер шәкілі

Санаты	Кемшіліктер тізбесі	Сыныбы
A	Пантасының симметриялы еместігі, көзүсті өсіндісінің майысуы, біршама шорлар, қою (изюбирлі) түкті жабын, көзүсті өсіндінің төмен орналасауы	бірінші сыныптан жоғары емес

Б	Көзүсті өсіндісінің анық толық жетілмегендігі, көзүсті өсіндісінің ұсынысыз өсуі	екінші сыйыптан жоғары емес
В	Діңгегі мен көзүсті өсіндісінің анық толық жетілмегендігі, көзүсті өсіндісінің жоқтығы, пантасының жыл сайын кайталаңатын кемістігі	үшінші клас

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2014 жылғы 10 қазандагы  
№ 3-3/517 бұйрығына  
15-косымша

## Араларды бонитирлеу жөніндегі нұсқаулық

Ескерту. Нұсқаулық жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.07.2023 № 277 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Араларды бонитирлеу жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және араларға бонитирлеу жүргізуді нақтылайды.

2. Араларды бонитирлеуді бонитерлер-сыныптаушылар жүргізеді.

### 2-тарау. Араларды бонитирлеуді ұйымдастыру

3. Араларды бонитирлеу мынадай белгілердің кешені бойынша жүргізіледі: аралардың бал ұясындағы мінез-құлқы, бейбітшілік сүйгіштігі, үйірленуі, өнімділігі, қысқа төзімділігі.

4. Бағалау осы ұяларды көбейткен аналық балараға беріледі.

5. Аралық бағалау жылына кемінде 4 рет, белсенді маусым кезеңінде жүргізіледі және көктемгі ревизия актісін ресімдеуден басталады және күзгі ревизия актісін ресімдеумен аяқталады.

6. Бонитирлеу кезінде балара ұяларын қарап-тексеру процесі сыртқы ауа температурасы 15 °C-тан төмен емес температурада жүргізіледі.

7. Бонитирлеу кезінде баларалардың тұқымдылығын аудандастырылған тұқымдардың морфометриялық және фенотиптік белгілері бойынша немесе генетикалық паспорттау деректері негізінде бағалайды.

8. Әрбір селекциялық аналық балара сәйкестендіру нысаны ретінде белгіленуі қажет. Белгі түсі аналық балараның туған жылына байланысты болады және жалпы қабылданған болып табылады. Аналық балараны және оның өндірушісін (иесін)

негұрлым дәл сәйкестендіру мақсатында түрлі нысандар мен типтегі белгілерді пайдалануға жол беріледі.

9. Аналық баларалардың тұқымдылығы, сыныпты және тестілеу нәтижелерін көрсете отырып, селекциялық жарамдылығы туралы деректер орталықтандырылған ақпараттық базада сақтауға және өндеуге жатады. Орталықтандырылған сақтау деректері мұдделі тұлғаларға ақпараттық қолжетімділік принципіне сәйкес беріледі. Селекциялық-асыл тұқымдық жұмыстың деректерін жинау, өндеу және сақтау әрбір кезеңде ақпараттық технологияларды пайдалана отырып жүргізіледі.

### **3-тарау. Топтар мен желілердің аналық із бастаушы асыл тұқымды балара сыныптарын сипаттау**

10. А сыныбы. Екі жақ тектерден шыққан, тұқымға тән жұмыскер баларалар мен ерекк балараларды көбейтетін, тестілеу тобы бойынша орташадан (орташадан 100%-дан астам) төмен емес барлық көрсеткіштер бойынша бағасы бар аналық баларалар. Тектердің екі ұрпағы бойынша тұқым-тектік қадағаланды және бірінші желідегі барлық тектердің В-дан төмен емес, екіншісі Сb -дан төмен емес сыныбы бар.

11. В сыныбы. Екі тектерден шыққан, тұқымға тән жұмыскер баларалар мен ерекк балараларды көбейтетін, өнімділігі бойынша (барлық көрсеткіштердің ішінен) тестілеу тобы бойынша орташадан жоғары (орташадан 100%-дан астам) бағасы бар аналық баларалар. Аналық балара жағынан екі ұрпағы бойынша тұқым-тектік қадағаланды және барлық тектер Сb -ден төмен емес.

12. С сыныбы. Шығу тегі белгісіз немесе белгілі аналық шығу тегі бар, тұқымға тән жұмыскер балараларды көбейтетін аналық баларалар. Бұл ықтимал асыл тұқымды пайдалануға жарамдылығы туралы бағдарламаның қорытындысына сәйкес: желінің аналық із бастаушысы ретінде, аналық балараны өндіру үшін, одан әрі селекция үшін бұл сыныптың аналық баларалары З кіші сыныпқа бөлінеді.,

С сыныбының аналық баларасы жүйеге кіші сынып көрсетіле отырып енгізіледі: Сa, Сb немесе Сc. Осы сыныптардан немесе Сa сыныбындағы атальық баларамен ұрықтандырылған олардың ұрпақтарынан (ұшып кетуден, қолдан ұрықтандырудан кейін) немесе басқа сыныптардан (Е сыныбынан басқа) селекцияның бастапқы кезеңінде тестілік топтар құрылады.Кіші сыныптарға бөлу тестілеу топтарын қалыптастыру кезінде ескеріледі. Әдетте топтар бір кіші сыныптың аналық балараларынан құрылады.

13. D сыныбы. Шығу тегі белгісіз немесе аналық балара шығу тегі белгілі, тұқымға тән ерекк балараларды шығаратын аналық баларалар.

14. Е сыныбы. Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген, шыққан елінің асыл тұқымдық қуәлігі немесе екіжақтағы тектер бойынша тұқым-текті растайтын құжаты бар және аналық балара нөмірі бойынша деректерді немесе ақпараттық ресурсқа сілтемені қамтитын аналық баларалар. Жұмыскер баларалардың тұқымдық

белгілерінің типтігіне тексеруден өткеннен кейін ұсынылған асыл тұқымды аналық баларалар кіші сыныбы көрсетіле отырып, С сыныбына жатқызылуы мүмкін; жұмыскер баларалар мен ерек баларалардың тұқымдық белгілерінің типтілігі расталған кезде В сыныбына жатқызылуы мүмкін.

#### **4-тарау. Асыл тұқымдық көбеюге жол беру**

15. Асыл тұқымдық көбеюге А сыныбындағы аналық балараларға жол беріледі.

16. А сыныбындағы аналық баларалар өсімді молайту үшін болмаған немесе жеткіліксіз болған жағдайда, тестілік топтар құрылған жағдайда В немесе С сыныбындағы аналық баларалар қолданылады. Са сыныбындағы аналық балараларды аталық ұялар ретінде де, аталық ұялар тобын қалыптастыру үшін қолданылатын аналық ұрғашылардың өсімін молайту үшін де пайдалануға жіберіледі. Осы аталық ұялардан шықкан ерек балараларды типтілікке қосымша зерттемей пайдалануға болады.

17. Шығу тегі белгілі D сыныбындағы аналық баларалар тек ерек балараны өндіру үшін асыл тұқымдық көбейтуге жіберіледі; шығу тегі белгісіздерітек сынамалы будандастыру үшін жіберіледі.

#### **5-тарау. Жұмыскер баларалар мен ерек баларалардың тұқымдық белгілерінің типтілігін айқындау мақсатында морфометриялық өлшеулер үшін сынамаларды іріктеу және сақтау тәртібі**

18. Сынамалар кем дегенде 50 дарақ (жұмыскер баларалар немесе ерек баларалар) бағаланатын аналық баларасы бар балара ұясынан алынады. Іріктеме репрезентативті болуы тиіс, басқа балара ұяларынан бөгде баларалар мен ерек баларалар ұшып келуі байқалған немесе олар қоныстанған ұялардан сынама алу ұсынылмайды. Әдетте 5 күннен асқан, ашық түсті және түктілігімен ерекшеленетін жас баларалар немесе ерек баларалар таңдалады.

19. Сынамада бағаланатын аналық баларасы бар ұяның нөмірі, ақпараттық дереккордың деректері, омарта нөмірі және аналық балараның туған жылы (бар болса), омартаны есепке алу журналының деректері көрсетіледі. Зерттеу үшін іріктелген үлгілерге үлгілерді жинау орны мен жинау күні көрсетіле отырып қол қойылуы тиіс. Үлгілер қысқа мерзімде мұздатқышта сақталуы мүмкін немесе ұзак сақтау немесе генотиптеу үшін 70% этил спиртіне салынады .

#### **6-тарау. Препараттарды дайындау және қанат көрсеткіштерін өлшеуді жүргізу тәртібі**

20. Препараттарды дайындау кезінде балара денесінен он жақ алдыңғы қанатты бөліп алады және оны төсөніш шыныға глицерин жағылған жолаққа немесе мөлдір

жабысқақ таспаға (скотч) қояды. Осылайша, кем дегенде 50 қанатты қояды және талдау үшін осы Нұсқаулыққа қосымшада көрсетілген ара қанаттарын дайындау үлгісіне сәйкес жабын шынысымен немесе жабысқақ таспамен жабады.

21. Ара қанаттарының цифрлық нұсқасы орталықтандырылған сақталуы және ақпараттық базада өндөлуі тиіс.

#### **7-тaraу. Аналық баларалардың тұқымдық белгілерге тиіптілігін және селекциялық жарамдылығын айқындауға арналған жабдық**

22. Зерттеулер статистикалық деректерді өңдеудің толық жиынтығы: орташа мәні, мәндердің шашыраңқылығы, орташа квадраттық ауытқу, вариация коэффициенті, сенімділік аралықтары бар ақпараттық бағдарламаларды қолдана отырып, араның кіші түрлерін (*Apis Mellifera*) анықтау әдістерімен жүзеге асырылады:

23. Тұқым стандарты бекітіледі және республикалық палатаның интернет-ресурсында орналастырылады.

24. Ақпараттық бағдарламалар вариациялық қисық, диаграммалар түріндегі деректердің графикалық түрде берілуін, сондай-ақ селекциялық жұмыс жүйесіне енгізу және субъектілер мен асыл тұқымды материалды сатып алуға қызығушылық танытқандар арасында алмасу үшін PDF форматы түрінде берілуін қамтуы тиіс.

25. Бағдарламалармен жұмыс және зерттеуге арналған препаратты дайындау процесінің егжей-тегжейлері пайдаланушы нұсқаулығында сипатталады.

#### **8-тaraу. Селекцияланатын белгілерді бағалауға арналған бастапқы деректер**

26. Аналық балараның асыл тұқымды құндылығы туралы қорытынды бастапқы деректер негізінде, оларды заманауи ақпараттық құралдармен өңдеу нәтижелері бойынша қалыптастырылады.

27. Балара ұяларының өнімділігі және мінез-құлқы сипаттамалары туралы бастапқы деректерді омарташы әрбір селекциялық белгінің балдарында (1-ден 4-ке дейін) формалданған бағалау түрінде ұсынылады. Абсолютті бағалау емес, тестілеу тобындағы осы белгінің орташа мәнімен салыстыру маңызды. Топта бір жерде орналасқан және біркелкі күтімді қамтамасыз ететін кемінде 10 ара ұясы болуы керек. Тестілеу аяқталған кезде топ 6 ұядан кем болмауы керек. Азықпен, балшырындар және тозаң көздерімен қамтамасыз ету деңгейі селекциялық белгілерді толық көрсету үшін жеткілікті болуы керек.

#### **9-тaraу. Баларалардың мінез-құлқы**

28. Баларалардың мінез-құлқы мынадай белгілер кешені бойынша бағаланады: баларалардың бал ұясындағы мінез-құлқы, үйірге бейімділігі, бейбітшілік сүйгіштігі.

Бағалау қалыпты ауа райы жағдайында жүргізіледі. Бұл белгілер ара ұясын ашқан сайын бағаланады.

29. Аналық балараның асыл тұқымдық құндылығы туралы қорытынды бастапқы деректер негізінде, оларды қазіргі заманғы ақпараттық құралдармен өндөу нәтижелері бойынша қалыптастырылады. Объективтілік үшін бір маусымда кем дегенде 4-5 бақылау қажет, әсіресе бейбітшілік сүйгіштігі төмен, бірақ жақсы бол өнімділігі бар селекциялық топтарда. 1,5; 2,5; 3,5 аралық бағалаулар қолданылуы мүмкін.

30. Бұл белгілерді жақсы немесе жаман деп түсіндіруден аулақ болу керек. Бәрі тек селекция мақсаттарына байланысты. Агрессиялық көбінесе бол өнімділігімен тікелей байланысты және оны кемшілік деп санауға болмайды. Тұқымдық белгі бола отырып, ол басқа балараларды өсіру қандай да бір себептермен шығынды болатын жерлерде балара ұяларын сақтауға көмектеседі. Маңызды ескерту: қорғаныш жабдықтары және балараларын тұтінмен айдауға арналған арнайы құрылғы баларалармен құнделікті жұмыс кезінде қажетті техникалық қауіпсіздік элементтері болып табылады.

31. Бал ұясындағы мінез-құлық:

4 балл, ұяда өте тыныш отырғандар;

3 балл, ұяда тыныш отырғандар немесе аралардың қозғалысы шамалы;

2 балл, ұядағы мазасыз мінез-құлық немесе жақтаудың бұрыштарында немесе төменгі тақтайшада шоқтарды түзей отырып, ұясынан ағады;

1 балл, баларалар ұясынан ұшып шығады және ұяда немесе балара ұясында жүреді.

32. Бейбітшілік сүйгіштік:

4 балл, өте бейбіт сүйгіш, тұтін мен қорғаныш костюмін қолдану қажеті жоқ;

3 балл, бейбіт сүйгіш, тұтінді аз мөлшерде қолдануға және ашық бет торымен жұмыс істеуге болады. Баларалар шақпайды;

2 балл, баларалар жетерлікте агрессивті, жұмысты жалғастыру үшін тұтін мен қорғаныш киімдерін қолдану қажет;

1 балл, баларалар өте агрессивті, көп тұтінсіз, қорғаныш киімінсіз және қолғапсыз жұмыс істеу мүмкін емес, шағу омартадан алыс жерде де болады.

33. Үйірленуі. Үйір - бұл ара өсіруші стандартты технологиялық әдістерді қолданудан аулақ бола алған балара ұяларындағы табиғи инстинкттің көрінісі болып табылады. Оның көрінісі туралы деректер маусым бойы жиналады және нәтиже барлық бақылаулар арасындағы ең төменгі балл болып табылады:

4 балл, маусым бойы бірде-бір аналық байқалмады;

3 балл, ашық аналықтар байқалды, олардың жұлынуы немесе ұяның кеңеюі үйірленуді тоқтатады;

2 балл, үйірлену тек аналықтарды жұлып алу және ұрпағын алып қойғанда ғана тоқтатылады;

1 балл, ара ұясы омарталанды.

34. Өнімділік. Жалпы жағдайда бал өнімділігі ең үлкен экономикалық маңызы бар деп бағаланады. Балара сұті, тозаңы, балтозаңы, желімі бойынша өнімділік арнайы бағдарламаларда орын алуы мүмкін.

Бағаланатын аналық баларасы бар балара ұясының бал өнімділігі барлық белсенді кезеңдегі тауарлық балдың жиынтығы ретінде килограммен есептеледі. Баларалардың бірге жайғастырылмағаны немесе ұшып келмегені дұрыс.

35. Өз өнімділігі ұялар тобы бойынша орташасымен салыстырылады (жалпы өнімділік, топтағы ұялар саны). Балара ұясының және топ бойынша орташасының өз өнімділігін бөлудің бір бөлігі осы белгі бойынша балдық бағалау үшін негіз болып табылады:

4 балл, бал өнімділігі топ бойынша орташадан жоғары;

3 балл, бал өнімділігі топ бойынша орташадан болмашы өзгеше;

2 балл, бал өнімділігі топ бойынша орташа көрсеткіштен төмен;

1 балл, бал өнімділігі орташа көрсеткіштен едәуір төмен.

36. Қысқа төзімділік. Қысқа төзімділік деп баларалардың мерзімді табиғи сынақ ретінде қысқа төзімділік қабілеті түсініледі. Көктемге қарай балара ұяларының әлсіреуі өнімділікке әсер етеді. Бағалау күзгі ревизия кезінде баларалар ұясына баларалар отырған жақтаулардың санын және көктемгі ревизия кезеңінде отырған жақтаулардың санын салыстыру арқылы жүргізіледі.

Қысқатөзімділік қыстауға дейін және одан кейінгі ұялардың күшінде айырмашық бойынша балмен бағаланады:

4 балл, күзгі және көктемгі кезеңдегі баларалар отырған жақтаулардың саны іс жүзінде сәйкес келеді;

3 балл, көктемгі ревизиядағы баларалар отырған жақтаулардың саны күзгі ревизиямен салыстырғанда 25-тен астам пайызға азайған;

2 балл, көктемгі ревизия бойынша баларалар отырған жақтаулардың саны 50% пайызға дейін азайған;

1 балл, баларалар отырған жақтаулардың саны 50%-дан астамға азайды немесе балара ұясы жойылды.

Араларды бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
қосымша

**Талдау үшін аралар қанаттарын дайындау үлгісі**



Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2014 жылғы 10 қазандығы  
№ 3-3/517 бұйрығына  
16-косымша

## Торда өсірілетін терісі бағалы аңдарды бонитирлеу жөніндегі нұсқаулық

Ескерту. Нұсқаулық жаңа редакцияда - КР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.07.2023 № 277 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Торда өсірілетін терісі бағалы аңдарды бонитирлеу жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және торда өсірілетін терісі бағалы аңдарға бонитирлеу жүргізуі нақтылайды, сондай-ақ торда өсірілетін күзендерді, ақ тұлкілерді, тұлкілерді, бұлғындарды, сасық күзендерді, жанат тәрізді иттерді және саз құндыздарды бонитирлеу кезіндегі зоотехниялық талаптарды белгілейді.

2. Торда өсірілетін терісі бағалы аңдарды бонитирлеуді бонитерлер (сыныптаушылар) жүзеге асырады.

### 2-тарау. Торда өсірілетін терісі бағалы аңдарды бонитирлеуді ұйымдастыру

3. Аңдарды бонитирлеу – олардың тұқымдылығына, түсінің реціне, өлшемі мен дene бітіміне, жалпы түсіне және жұн жамылғысының сапасына, сондай-ақ кейбір қосымша белгілеріне жеке баға беру. Қосымша белгілер тұқымға қалдырылатын аңдарда бағаланады.

4. Тұқымға бүкіл алдын ала іріктелген асыл тұқымдық ядроның жас төлі және табынның репродуктивті бөлігі, сондай-ақ ұрпақ сапасы бойынша тексеруге жататын аталық пен аналықтардан алынған жас төл бонитирленеді.

5. Фермаларда өсірілетін бүкіл аңдар түрлерін бонитирлеуді олардың толығымен түбіттену кезеңінде: вуальды ақ тұлқіні қазан айында; күзенді, тұлқіні, күміс түсті ақ тұлқілерді қазан айының соңында және қарашада; саз құндызды қараша, желтоқсан айларында 7-10 айлық жасында жүргізеді.

6. Аңдарды тек құрғақ жүн жамылғысымен жақсы жарықтандырылған шашыранқы құн жарығында (күннің көзінде емес) немесе қундізгі жарық беретін шам жарығында бағалайды. Сырттан әкелінген аңдар бонитирленуге тиіс. Асыл тұқымды жануарлар күтіп-бағылатын фермаларда барлық жас төл; тауарлық фермаларда асыл тұқымдық ядроның барлық жас төлі және күшіктері тұқымға алынған пайдаланылатын табынның ұялас төлдері бонитирленеді. Күзен, тұлкі, ақ тұлқі және саз құндыздарды өмірінің бірінші жылды, бұлғындарды – өмірінің бірінші және екінші жылында бонитирлейді.

7. Бонитирлеу кезінде аңдарды қолға алады. Күзен мен сасық күзендерді едені көтерілетін жылжымалы торда бонитирлеуге жол беріледі.

8. Аңдарды түрлері, тұқымдары, типтері бойынша жеке-жеке бонитирлейді. Аңның тұқымдылығын, түсінің қарқындылығын (тұлқіде – күмістей жылтырау пайызы), сыныптылығын айқындайтын үш негізгі белгісін (жануардың көлемі мен дене бітімі, тұқ жамылғысының сапасы мен оның түсі), сондай-ақ осы түрге (тұқымға, типке) қабылданған қосымша белгілерін бағалайды. Белгілерді көзben қарап бағалаған кезде эталон-аңдар пайдаланылады.

9. Бонитирлеу басталғанға дейін зоотехникалық есеп деректері бойынша аңның қандай да бір тұқымға (типке) жататынын, таңбалық нөмірлердің бар-жоғын және дұрыстырылған нақтылаған жөн. Жауапты бонитер (сыныптаушы): көрсетілімді бонитирлейді, барлық бонитирлерге (сыныптаушыларға) нұскамалар жүргізеді, эталон ретінде пайдаланылатын аңдарды іріктейді, аңдарды бонитирлер арасында бөледі.

### **3-тарау. Белгілерді бонитирлеу**

10. Тұқымдылықты бонитирлеу. Негізгі түсін анықтамайтын доминантты гендері себепші болған белгілерімен түрлі түсті күзендер, тұлқілер, ақ тұлқілер және саз құндыздар генотип бойынша негізгі түсті анықтайтын тиесілі тұқымға (типке) жатады. Негізгі түсінің өзгеруін айқындайтын доминантты мутациялы аңдар дербес типтер ретінде қарастырылады.

11. Тұс қарқындылығын бонитирлеу. Тұс рені - қара, орташа немесе ақшыл - күзендерде (қарасы мен ағынан басқалары), сасық күзенде, ақ тұлқіде, жанат тәрізді иттерде, саз құндыздарда (қарасы мен ағынан басқалары), платина түсті және қызыл

түлкілерде бағалайды, күміс тұсті-қара түлкілерде күмістей жылтырау пайызы айқындалады. Тұс реңі (қарқындылығы) бойынша селекцияланатын типтерді шаруашылық мамандары айқындейды.

12. Аң сыныбын анықтайтын белгілерді бонитирлеу. Барлық белгілерді (дene өлшемінен басқасы) бес балдық шәкілмен бағалайды. Дене өлшемдерін он балдық шәкілмен бағалайды.

13. Өлшемі мен дene бітімін бонитирлеу. Асыл тұқымды жануарларды құтіп-ұстайтын фермаларда аң өлшемін дene ұзындығын өлшеу жолымен (саз құндызды – тірідей салмағы бойынша) анықтайды. Тауарлы фермаларда дene өлшемін көзбен көріп анықтайды. Тұқымға қалдырылған жас төлдің дene ұзындығы өлшенеді.

Көзбен көріп дұрыс бағалауды іріктеу үшін бонитирлеудің бірінші кезеңінде бірнеше қалыпты қонды жануарларды таразыға өлшеу және ұзындығын өлшеу ұсынылады. Қандай да бір балмен бағалауға сәйкес келетін көрсеткіштер 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27-қосымшаларда келтірілген. Андардың сыныбын айқындау кезінде 6 және одан жоғары балға ие болған аң өлшемі мен дene бітімі 5 балға теңестіріледі. Андарды азықтандыру алдында өлшейді, дene ұзындығын тұмсық шетінен бастап құйрық түбіне дейін арқа бойымен рулеткамен өлшейді.

14. Тұк жамылғысы сапасын бонитирлеу. Тұбіттену сапасы барлық түрдегі андарда арқасы, бүйірі және құрсағы арқылы бағаланады. Ол тұк жамылғысының қалындық, тығыздылық, ұзындылық және жібектілік көрсеткіштерінің жиынтығымен, денениң әр участеклеріндегі бұл көрсеткіштердің ара қатынасымен, сондай-ақ тұк жамылғы кемшіліктірімен сипатталады.

Андардың барлық түрлерінде тұк жамылғысының құрылышы (биіктігі, биіктігі бойынша біркелкілігі) бойынша селекцияланатын типін шаруашылық мамандары айқындейды.

15. Тұк жамылғысының жалпы тұсін бонитирлеу. Тұк жамылғысының жалпы тұсі көмкерме қылшығының тұсі мен түбіт ұштарының тұсінен тұрады. Оны бонитирлеу аңың тұсі туралы жалпы әсер береді. Андардың барлық түрлерінде тұсі осы топқа типті тұс пен тұстің анық көрінуі бойынша, яғни қажетті емес реңктің болмауы бойынша бағаланады. Қара күзен, қара саз құндызы және бұлғында жалпы тұс бағасына пигменттену қарқындылығына берілген баға да кіреді.

16. Андардың сыныбын айқындау. Үш белгіні: дарак өлшемі мен дene бітімін, тұк жамылғысының сапасын және оның тұсін бонитирлеу нәтижесі бойынша осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес аңың түбітті сапа сыныбы айқындалады. Сыныптардың барлығы сегіз. Бірінші және екінші сыныпты таза тұқымды андар элитага жатады.

Тұс реңкі, түлкідегі күмістүстей жылтырау пайызы, сондай-ақ аңың сыныбын айқындау кезіндегі қосымша белгілер есепке алынбайды.

17. Тұқымға қалдырылған андардың қосымша белгілерін, сонымен қатар қосымша көрсеткіштер бойынша бағалайды. Бағалау үшін қосымша белгілер аңың әрбір түрі үшін бонитирлеу сипатының соңында келтірледі.

Қосымша белгілерді мынадай түрде бонитирлейді:

түбіт түсін денесінің арқа-бүйір бөлігіндегі тұқ жамылғысын үрлеп анықтайды. Оны, белгілі бір мөлшерде жалпы түсін анықтайтын қылышық ұштарының түсімен бағалайды;

тұлкілерде көмкерме қылышығының ашық тұсті жолағының енін жоғары жағынан қылышықтардың пигменттелген ұштарының төменгі жақтарымен, төменінен түбіт жүндері ұштарымен немесе күмістүсті сақинаның төменгі шегімен шектелетін денесінің арқа-бүйір бөлігіндегі ашық тұсті жолақ ені бойынша көзben көріп айқынрайды.

Айтарлықтай үлестік салмағы (50%-дан астам) кезінде платиналық қылышықтарды ақшыл тұсті аймағының енімен емес платиналық қылышықтардың орташа немесе үлкен қарқындылығымен бағалайды;

вуалды қылышықты және бағыттауыш түктегендегі пигменттелген ұштарымен анықтайды.

Қылышықтардың пигменттелген ұштарының ұзындығына және жиілігіне, ал күмістүсті-қара тұлкілерде ақшыл тұсті аймақ еніне байланысты вуаль қалыпты немесе әр деңгейде ауытқуымен "ауыр" немесе "женіл" жағына қарай ауытқудың әртүрлі дәрежесімен, ал ақ тұлкіде көбірек немесе азырақ анық көрінүмен болуы мүмкін.

#### **4-тaraу. Зоотехникалық талаптар**

18. Күзендерді бонитирлеу. Күзеннің өлшемі мен дene бітімін бонитирлеу осы Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес талаптарға сәйкес жүргізіледі.

Тұқ жамылғысының сапасын бонитирлеу осы Нұсқаулыққа 3-қосымшаға сәйкес талаптарға сәйкес жүргізіледі.

Күзеннің тұқ жамылғысының түсі осы Нұсқаулыққа 4-қосымшаға сәйкес талаптарға сәйкес бағаланады. Қосымша белгілер осы Нұсқаулыққа 5-қосымшаға сәйкес талаптарға сәйкес бағаланады.

Тұлкілерді өлшемі бойынша осы Нұсқаулыққа 6-қосымшаға сәйкес талаптарға сәйкес бағалайды.

Тұлкілер тұқ жамылғысының сапасы бойынша осы Нұсқаулыққа 7-қосымшаға сәйкес талаптарға сәйкес болуы тиіс.

Тұлкілердің тұқ жамылғысының түсі осы Нұсқаулыққа 8-қосымшаға сәйкес талаптарға сәйкес бағаланады.

Қосымша белгілер осы Нұсқаулыққа 9-қосымшаға сәйкес талаптарға сәйкес бағаланады.

19. Ақ тұлкіні бонитирлеу. Түсінің реңі бойынша ақ тұлкілерді үш типке бөледі: қою, орташа және ақшыл. Қошқылға (К) түбітті қылышықтары ұшының түсі көгілдір (вуалды) және қою көк (күмістей жылтырау) және жапқыш қылышығының ұшы пигментtelген қою түсі бар ақ тұлкілерді жатқызады. Ақшылға (АК) түбіт түгі ақшыл (вуалды түстілерде – ақ, күміс түстілерде – ақшыл сұр) және платиналық қылышықтарының пигментtelген ұшы ақшылырақ немесе қысқарырақ болатын ақ тұлкілерді жатқызады. Орташа реңді (ОР) ақ тұлкілер аралық қалыпта қалады. Ақ тұлкілердің дене бітімі мен өлшемін осы Нұсқаулыққа 10-қосымшаға сәйкес талаптарға сәйкес бағалайды.

Ақ тұлкілердің түк жамылғысының сапасы осы Нұсқаулыққа 11-қосымшаға сәйкес талаптарға сәйкес бағаланады.

Түк жамылғысының түсі осы Нұсқаулыққа 12-қосымшаға сәйкес талаптарға сәйкес бағаланады.

20. Жанат тәрізді иттерді бонитирлеу. Жанат тәрізді иттердің өлшемі мен дене бітімін осы Нұсқаулыққа 13-қосымшаға сәйкес талаптарға сәйкес бағаланады.

Жанат тәрізді иттердің түк жабынының сапасы осы Нұсқаулыққа 14-қосымшаға сәйкес талаптарға сәйкес бағаланады.

Жанат тәрізді иттердің түк жамылғысының түсі осы Нұсқаулыққа 15-қосымшаға сәйкес талаптарға сәйкес бағаланады.

21. Бұлғындарды бонитирлеу. Бұлғындардың өлшемі мен дене бітімін бағалау осы Нұсқаулыққа 16-қосымшаға сәйкес талаптарға сәйкес жүргізіледі.

Бұлғындардың түк жабынының сапасын бағалау осы Нұсқаулыққа 17-қосымшаға сәйкес талаптарға сәйкес жүргізіледі.

Бұлғындардың түк жамылғысының түсін бағалау осы Нұсқаулыққа 18-қосымшаға сәйкес талаптарға сәйкес жүргізіледі.

Бұлғындардың қосымша белгілері осы Нұсқаулыққа 19-қосымшаға сәйкес талаптарға сәйкес бағаланады.

22. Сасық күзендерді бонитирлеу. Қажетті типтегі сасық күзендердің дене бітімі мықты, пішіні ірі, түк жабыны қалың, ұлпілдек, биіктігі бойынша түктері серпінді және біркелкі, арқа және бүйір жақтарында (мойын және іш жағында түктері қысқа) жабағыланған және қыылған түктері болмайды, барлық денесі бойына қара түсті вуалі анық байқалады. Седеп типті андардың жалпы ақшыл сары түсі және түбітті қылышықтарының ұшы көгілдір-сұрғылт; лтын түсті типті андардың жалпы түсі ақшыл-қызығылт-сары және түбітті қылышықтарының ұшы да осындай түсте болуы тиіс. Сасық күзендердің өлшемдерін осы Нұсқаулыққа 20-қосымшаға сәйкес талаптарға сәйкес анықтайады.

Түбіттену сапасын осы Нұсқаулыққа 21-қосымшаға сәйкес талаптарға сәйкес бағалайды.

Түк жамылғысының түсін осы Нұсқаулыққа 22-қосымшаға сәйкес талаптарға сәйкес бағалайды.

23. Сазқұндызды бонитирлеу. Сазқұндыздың өлшемі мен дене бітімін осы Нұсқаулыққа 23-қосымшаға сәйкес талаптарға сәйкес бағалайды.

Сазқұндыздың мамықтану сапасын осы Нұсқаулыққа 24-қосымшаға сәйкес талаптарға сәйкес бағалайды.

Сазқұндыздың мамықтану түсі осы Нұсқаулыққа 25-қосымшаға сәйкес талаптарға сәйкес бағаланады.

Сазқұндыздарда қосымша биіктігі бойынша қысқа ұлпегінің біркелкілігін осы Нұсқаулыққа 26-қосымшаға сәйкес талаптарға сәйкес бонитирлейді.

Тұқымға сатылатын 2-6 ай жастағы жас сазқұндызды шығу тегі (ата-енесінің сыныбы) бойынша осы Нұсқаулыққа 27-қосымшаға сәйкес бонитирлейді.

Торда өсірілетін терісі  
бағалы андарды бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
1-қосымша

### **Аңыңқ түбітті сапаларының сыныбын айқындау**

Өлшемі мен дене бітімі, балл	Түк жамылғысының сапасы, балл	Түк жамылғысының түсі, балл	Сынып
5	5	5	бірінші
4 – 5	4 – 5	5	екінші
4 - 5	4 - 5	4	үшінші
3 - 5	3 - 5	5	төртінші
3 - 5	3 - 5	4	бесінші
3 - 5	3 - 5	3	алтынші
2 балдан түрткін ең болмаса бір баға болғанда			жетінші
1 балдан түрткін ең болмаса бір баға болғанда			сегізінші

Торда өсірілетін терісі  
бағалы андарды бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
2-қосымша

### **Күзендердің өлшемі мен дене бітімін бағалау**

Баға, балл	Өлшемі және дене бітімі	Дене өлшемінің ең аз көрсеткіштері			
		Аталақтар		Аналықтар	
		ұзындығы, сантиметр	тірідей салмағы, килограмм	ұзындығы, сантиметр	тірідей салмағы, килограмм
10	Aса ірі мықты	54	3,3	47	1,7
9	Aса ірі мықты	52	3,1	45	1,6
8	Aса ірі мықты	50	2,9	43	1,5
7	Aса ірі мықты	48	2,7	41	1,4

6	Аса ірі мықты	46	2,5	39	1,3
5	Аса ірі мықты	45	2,3	38	1,2
4	Ірі, мықты	44	2,1	37	1
3	Орташа, мықты	43	1,9	36	0,8
2	Ұсақ, мықты	43-төмен	1,9-төмен	36-төмен	0,8-төмен
1	Кез келген өлшемде дене бітімі осал				

Торда өсірілетін терісі  
бағалы аңдарды бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
3-қосымша

### Күзеннің түк жабынының сапасын бағалау

Бұкіл типті ақ, көгілдір (күмістүсті-көгілдірлерден басқа) бұлғынды бағалау, балл	Басқа типтегі бұкіл күзендерді бағалау, балл	Белгі сипаттамасы
5	5	Түк жамылғысының биіктігі шаруашылықта селекцияланатын типке тән. Түк жамылғысы өте қалың, жібектей, қылышы арқасындағы, бүйірлеріндегі және курсағындағы түбітті толығымен жауып тұрады.
5	4	Құрсағы мен бүйірлерінде қылышы сиректеу болуы мүмкін, түбіті аздан білініп тұрады.
4	3	Түк жамылғысы биіктігі, сиректігі, жібектігі бойынша селекцияланатын типке сәйкес келеді. Қылышы арқасындағы түбітті толығымен жауып тұрады, бірақ бүйірлерінде түбіті білініп тұрады
3	2	Түк жамылғысы қалың емес, қылышы сиректеу, арқасындағы түбіті білініп тұрады, шатында аздаған қырылғандық байқалуы мүмкін
2	1	2 (3) - 5 балл талаптарды қанағаттандырмайды

Торда өсірілетін терісі  
бағалы аңдарды бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
4-қосымша

### Күзеннің түк жабынының тусін бағалау

Тұқым, тип	5 балл	4 балл	3 балл	2 балл	1 балл
------------	--------	--------	--------	--------	--------

1	2	3	4	5	6
---	---	---	---	---	---

Тұқ жамылғысының түсіне қойылатын талаптар

Стандартты кара типті	Анық білінетін жылтырлы қара. Тұбіт қылышқтарының түсі күнгірт өнді сұр	Анық білінетін жылтырлы қараға жақын. Тұбіт қылышқтарының түсі күнгірт өнді сұр	Жылтырлы қарага жақын. Тұбіт қылышқтарының түсі күнгірт өнді сұр	Күнгірт-коңыр. Тұбіт қылышқтарының түсі күнгірт немесе орташа өнді сұр	2–5 балл талаптарды қанағаттандырамайды
Стандартты күнгірт-коңыр типті	Анық білінетін жылтырлы қоңыр қарага жақын. Тұбіт қылышқтарының түсі қоңыр, жалпы түспен өндес	Анық білінетін жылтырлы әртүрлі қарқындылықты қоңыр түсті. Тұбіт қылышқтарының түсі қоңыр, жалпы түспен өндес	Аздал құбалы қоңыр түсті	Анық білінетін құбалы қоңыр түсті	2–5 балл талаптарды қанағаттандырамайды
Стандартты қоңыр (жабайы) типті	Анық білінетін жылтырлы әртүрлі қарқындылықты қоңыр түсті. Тұбіті таза сұр түсті, ұштары қоңыр	Анық білінетін жылтырлы әртүрлі қарқындылықты қоңыр түсті. Тұбіті сұр түсті, ұштары қоңыр	Аздал құбалы қоңыр түсті. Тұбіті қоңыр реңкі сұр. Тұбіт қылышқтарының түсі қоңыр	Анық құбалы қоңыр түсті. Тұбіті құбалы қоңыр немесе ашық	2–5 балл талаптарды қанағаттандырамайды
Пастельді (bb) және орхидті (kk)	Анық білінетін көгілдірсұр реңкі қоңыр түсті. Тұбіті сұр аздап қоңыр реңкі	Көгілдір-сұр реңкі аз қоңыр түсті. Тұбіті сұр қоңыр реңкі	Қоңыр. Тұбіті сұр, ұштары қоңыр	Сарғыштау немесе құбалы реңкі	2–5 балл талаптарды қанағаттандырамайды
Соклотпастельді ss (tt bb)	Анық білінетін сұрғылттау-көгілдір реңкі ақшыл қоңыр түсті. Тұбіті сарғыш сұр реңкі	Анық білінетін сұрғылттау-көгілдір реңкі ақшыл қоңыр түсті. Тұбіті сарғыш. Ұштары қоңыр түске боялған	Ақшылқоңыр түсті. Тұбіті сарғыш, ұштары қоңырлау	Қоңыр. Тұбіті сарғыш құбалылау	2–5 балл талаптарды қанағаттандырамайды
Орхидпастельді oo (kk bb)	Ақшылқоңыр кола түсті реңкі. Тұбіті көгілдір түсті.	Ақшылқоңыр сәл кола түсті реңкі. Тұбіті көгілдір түсті.	Ақшылқоңыр түсті. Тұбіті сұр құбалы	Ақшылқоңыр түсті. Тұбіті сұр құбалы	2–5 балл талаптарды қанағаттандырамайды
Мойлалеутті (mmaa)	Ақшылқоңыр түсті ақшыл көк реңкі. Тұбіті сұр, ұштары көгілдір	Ақшыл қоңыр түсті аздап ақшыл көк реңкі. Тұбіті сұр, ұштары көгілдір	Ақшылқоңыр құбалы реңкі. Тұбіті сұр	Ақшылқоңыр құбалы реңкі. Тұбіті сұр	2–5 балл талаптарды қанағаттандырамайды

Паломино (kk)	Сарғыш. Тұбіті ақшылсарғыш	Сарғыш аздал қызығылт сары реңкті. Тұбіті ақшылсарғыш	Сарғыш қызығылт сары реңкті. Тұбіті ақшылсарғыш	Сарғыш анық қызығылт сары реңкті. Тұбіті ақшылсарғыш	2–5 балл талаптарды қанағаттандырмайды
Ампалосағирлі (kkaapp), ампалокүміс-тұті (kkpp)	Анық білінетін көгілдір реңкті сарғышсұрғылттау. Тұбіті ақшыл көгілдір, көгілдір	Сарғышсұрғылттау. Тұбіті ақшыл көгілдір	Аздал қоңыр реңкті сарғышсұрғылттау. Тұбіті ақшыл көгілдір	Аздал қызығылт сарықұбалы реңкті сарғыш түсті	2–5 балл талаптарды қанағаттандырмайды
Мойлянтарь-сан фирлі (mmrraapp)	Аздал қызығылт реңкті нәзік-сарғыш түсті. Тұбіт ұштары көгілдірлеу реңкті	Аздал қоңырау реңкті ақшылсарғыш түсті. Тұбіт аздал ақ сары реңкті	Коңырау реңкті сарғыш түсті. Тұбіт аздал ақ сарылау-сары реңкті	Коңыр реңкті сарғыш түсті	2–5 балл талаптарды қанағаттандырмайды
Күмістүсті-көгілдір (pp), сұрғылт көгілдір s s s (р р, р р)	Таза күлгін сұрғылт түсті. Тұбіті сұрғылт түсті	Анық біліне коймайтын күлгін сұрғылт түсті. Тұбіті сұрғылт түсті	Аздал қоңыр реңкті күлгін түсті. Тұбіт ұштары коңырау сұрғылт түсті	Сарылау немесе күбали реңкті сұрғылт түсті	2–5 балл талаптарды қанағаттандырмайды
Алеуттік (aa)	Көк болат түсіне жақын келетін қара деуге болатын түс, қылшығы қарамен тен. Тұбіті күңгірт, таза көгілдір түсті	Аздал қоңыр реңкті қараға жақын. Тұбіті күңгірт-көгілдір түсті	Аздал қоңыр реңкті қарага жақын. Тұбіті сұрғылт немесе ұштары коңырау келетін күңгірт-сұрғылт түсті	Аздал қоңырау реңкті қараға жақын. Тұбіт ұштары коңырау сұрғылт түсті	2–5 балл талаптарды қанағаттандырмайды
Алеутті сұрғылт s s s (aap р, aap р)	Қылшығы көгілдір реңкті қараға жақын. Тұбіті көгілдір	Қылшығы қараға жақын. Тұбіті көгілдір	Көгілдір Тұбіті ақшыл көгілдір	Коңырау реңкті көгілдір. Тұбіт ұштары коңырау ақшыл көгілдір түсті	2–5 балл талаптарды қанағаттандырмайды
Сапфирлі (aapp)	Таза көгілдір. Тұбіті әртүрлі қарқындылықты көгілдір түсті	Көгілдір, анық біліне қоймайды. Тұбіті әртүрлі қарқындылықты көгілдір	Сұрғылт реңкті көгілдір немесе түсі біркелкі емес әртүрлі. Тұбіті сұрғылау	Коңырау түсі бар көгілдір. Тұбіт ұштары коңырау сұрғылт түсті	2–5 балл талаптарды қанағаттандырмайды
Орхидпастельді күмістүсті о о (kk bbpp)	Аздал сұрғылт реңкті көгілдір. Тұбіті көгілдір, өні бойынша жалпы түске сәйкес	Көгілдірлеу-сұрғылт түсті. Тұбіті көгілдір, өні бойынша жалпы түске сәйкес	Көгілдірлеу-сұрғылт түсті. Тұбіті сұрғылау	Аздал кола реңкті көгілдірлеу-сұрғылт түсті. Тұбіт ұштары коңырау сұрғылт түсті	Анық білінетін кола реңкті сұрғылт көгілдір.
	Ақшыл көгілдір, қара дақсыз. Тұбіті көгілдір,	Аздал күлгін-сұрғылт реңкті ақшыл-көгілдір.	Қара дақсыз сұрғылт реңкті	Коңырау конуымен ақшыл-көгілдір	2–5 балл талаптарды

Мойлсапфирлі (mmaapp)	өні бойынша жалпы түске сәйкес	Түбіті көгілдір, өні бойынша жалпы түске сәйкес	ақшыл-көгілдір. Түбіті сұрлау	Түбіт ұштары қонырау сұр түсті	канагаттандырмайды
Соклотпастельді күмістүсті s s (t t b b p p), мойлпастель серебристые (mmbbpp)	Көгілдірлеу-сарғыш ренкті сұр. Түбіті көгілдір	Сарғыш ренкті сұр. Түбіті көгілдір	Аздал қонырау ренкті сұр. Түбіт ұштары қонырау сұр түсті	Қонырау ренкті сұр. Түбіт ұштары қонырау сұр түсті	2–5 балл талаптарды канагаттандырмайды
Янтарь-сапфирлі (ggaapp)	Сарғыш-ақ сары ренкті көгілдірсұр. Түбіті АҚШЫЛкөгілдір	Сарғыш ренкті көгілдір сұр. Түбіті аҚШЫЛкөгілдір	Аздал қонырау ренкті көгілдірсұр. Түбіті көгілдір	Қоныр ренкті көгілдірсұр. Түбіті көгілдір	2–5 балл талаптарды канагаттандырмайды
Ақ (hh және басқалар)	Таза ақша қардай ақ. Түбіті ақ	Таза ақ. Түбіті ақ	Аздал сарғыш ренкті ақ. Түбіті ақ	Анық білінетін ақ сарылау немесе сарғыш ренкті ақ	2–5 балл талаптарды канагаттандырмайды

1. Арқасы мен құрсағының түстері әр түрлі стандартты (қара немесе құңғірт-қоныр типтілер), мойлсапфирлі және алеутті күзендер бір балға төмен бағаланады.

2. Қара типті стандартты күзендерде көмкерме қылышықтарының ұзындығы бойынша біркелкі болуы тиіс.

3. Стюарт, бос, тень, джет, финблек, крестовка, шұбар рошиндық, шұбар, сондай-ақ бұлғынды (ұзынқылышықты) күзендерді белгілі бір тұқымға (типке) жатуына сәйкес түстерінің тазалығы бойынша бонитирлейді. Крестовка, шұбар рошиндық және шұбар күзендер бұл белгі үшін 5-3 балмен бағалануы мүмкін, бірақ оларда суреттің анық білінуі бойынша 5 және 4 балл және пигментті қылышықтардың таралуы бойынша 5 немесе 4 балл бағалары болу керек.

Торда өсірілетін терісі бағалы  
аңдарды бонитирлеу жөніндегі  
нұсқаулыққа  
5-қосымша

## Күзендердің қосымша белгілерін бағалау

Баға, балл	Белгі сипаттамасы
1	2
5	Ақ дақтылық
4	Жоқ
3	Аз (ернінде дақ немесе денесінің құрсақ жағында ақ түсті қылышықтардың жеке будалары)
2	Орташа (дененің құрсақ жағындағы дақтың ені 2 сантиметрден аз )
	Үлкен (дененің құрсақ жағындағы дақтың ені 2сантиметрден 4 сантиметрге дейін)

1	Өте үлкен (денениң құрсақ жағындағы дақтың ені 4 сантиметрден астам)
5	Арқасындағы суреттің анық білінуі (крестовка күзенге)
4	Жоқ
3	Аз (ернінде дақ немесе денесінің құрсақ жағында ақ түсті қылышықтардың жеке будалары)
2	Орташа (денениң құрсақ жағындағы дақтың ені 2 сантиметрден аз)
1	Үлкен (денениң құрсақ жағындағы дақтың ені 2 сантиметрден 4 сантиметрге дейін)
5	Өте үлкен (денениң құрсақ жағындағы дақтың ені 4 сантиметрден астам)
4	Бүйірлерінің ашиқ участекелерінде пигментті қылышықтардың таралуы (крестовка күзенге)
3	Пигменттелген қылышық пен түк будалары бүйірлерінде жоқ
2	Пигменттелген қылышық будалары бүйірлерінде бар, бірақ біліне қоймайды
1	Пигменттелген түбіт қылышықтары бар үлкен емес будалар (0,25 шаршы сантиметр).
5	Пигменттелген түбіт қылышықтары бар үлкен будалар
4	Өте үлкен будалар, шұбар күзендер
3	Түбіт қылышықтар ұзындығы (бұлғынды күзенге)
2	Түбіт қылышықтар ұзындығы (бұлғынды күзенге)
1	Өте үлкен (аналықтар - 21 - 23; аталауықтар - 23 - 26 миллиметр)
5	Үлкен (аналықтарда - 19 - 20; аталауықтарда - 21 - 22 миллиметр)
4	Орташа (аналықтарда - 18; аталауықтарда - 20 миллиметр)
3	Аз (аналықтарда - 17; аталауықтарда - 19 миллиметр)
2	Өте аз (аналықтарда - 16 миллиметр; аталауықтарда - 18 миллиметр)
1	Ақ дақтардың таралуы (шұбарларға)
5	Ақ түсті қылышықтар алып жатқан аумак дene аумағының 50%-дан астамын құрайды
4	Ақ түсті қылышықтар алып жатқан аумак дene аумағының 30-50%-ын құрайды
3	Ақ түсті қылышықтар алып жатқан аумак дene аумағының 30% -дан кем құрайды
2	Суреті біліне қоймайды
1	2-5 балл талаптарды қанағаттандырмайды
5	Түстелген дақтардың таралуы (шұбарларға)
4	Дақтар арқа мен бүйірлерінде біркелкі таралған, контрасты, анық шектелген

4	Дақтар таралуында аздап біркелкілік бұзылған немесе дақтар анық шектеле қоймаған
3	Дақтар біркелкі таралмаған, денесінің жекелеген учаскелерінде қана кездеседі
2	Дақтар жоқпен тең, арқа мен бүйірлері ақ жұндермен жамылған
1	Арқа мен бүйірлерінде дақтар жоқ, бүйірлері, мойны, кеудесі, құрсағы ақ тусты

Торда өсірілетін терісі бағалы  
аңдарды бонитирлеу жөніндегі  
нұсқаулыққа  
6-қосымша

### Тұлқілердің өлшемі мен дene бітімін бағалау

Баға, балл	Өлшемі мен дene бітімі	Дененің ең қысқа ұзындығы, см	
		Аталыктар	Аналыктар
1	2	3	4
10	Aса ірі, мықты	82	78
9	Aса ірі, мықты	80	76
8	Aса ірі, мықты	78	74
7	Aса ірі, мықты	76	72
6	Aса ірі, мықты	74	70
5	Aса ірі, мықты	72	68
4	Iрі, мықты	70	66
3	Орташа, мықты	68	64
2	Ұсақ, мықты	66	62
1	Кез келген өлшемде дene бітімі осал		

Торда өсірілетін терісі бағалы  
аңдарды бонитирлеу жөніндегі  
нұсқаулыққа  
7-қосымша

### Тұлқілердің тұқ жабынының сапасын бағалау

Баға, балл	Белгі сипаттамасы
1	2
5	Өте қалың, өте ұлпілдек, жібектей, серпінді, ұзындығы бойынша біркелкі, селекцияланатын типке сәйкес. Жоны дамымаған, жапқыш қылышығы арқасы мен бүйірлерінде түгін жауып тұрады. Тұқ жамылғысында қылыштары болмайды
4	Қалың, ұлпілдек жібектей, серпінді, ұзындығы бойынша селекцияланатын типке сәйкес. Жоны аздап білінеді. Жапқыш қылышығы арқасы мен бүйірлерінде түгінтолығымен жауып тұрады

3	Қалың, үлпілдектігі мен серпінділігі төмендеу, жібектей, ұзындығы бойынша селекцияланатын типке сәйкес селекцияланатын типке сәйкес, салыстырмалы түрде дамыған жонымен. Жапқыш қылшығы арқасында түгін толығымен жауып тұрады. Тұк жамылғысында аздал қылыстар байқалады, бүйірлеріндегі жапқыш қылшықтар сиректеу орналасады
2	Қалыңдығы мен үлпілдектігі төмендеу, бүйірлеріндегі қылшықтары сиректеу, қылшықтар серпінділігі төмендеу, ұзындығы бойынша селекцияланатын типке сәйкес емес, жоны анық білінеді. Аздаған жүн қылыстары болуы мүмкін, жая жағында аздал жүн үйісқаны байқалады
1	2-5 балл талаптарын қанағаттандырмайды

Торда өсірілетін терісі бағалы  
аңдарды бонитирлеу жөніндегі  
нұсқаулыққа  
8-косымша

## Тұлкілердің тұк жабынының түсін бағалау

Баға, балл	Белгі сипаттамасы
1	2
	Күмістүсті-қара тұлкілер (NN), актұмсықтылар (WW)
5	Жабын қылшықтары қара көк, жарқын. Тұбіті көгілдір реңкті күңгірт-сұр. Жабын қылшықтарда ақшыл аймағының ені шамамен 10-15 миллиметр, таза ақ түсті жылтырымен. Жақсы дамыған вуаль күміс түсті жасырады
4	Жабын қылшықтары қара. Тұғы сұр түсті болуы мүмкін
3	Жабын қылшықтары күңгірт, ақшыл аймақ ені таза ақ түсті емес немесе 10 миллиметрден аз, не 15 миллиметрден кең. Тұбіті сұр түсті
2	Жабын түктер құбалы қоныр дағымен
1	2-5 балл талаптарын қанағаттандырмайды
	P Платиналы тұлкілер (W w)
5	Көгілдір реңкті әртүрлі қарқындылықты таза сұр түсті. Тұғы күңгірт-сұр және сұр түсті
4	Әртүрлі қарқындылықты таза сұр түсті. Тұғы ақшыл сұр
3	Ақшылдық белгісі бар таза ақшыл сұр түсті
2	Аздал қоныр дағымен немесе аққа жақын түгімен әртүрлі қарқындылықтағы сұр түсті
1	2-5 балл талаптарды қанағаттандырмайды

	G Қар түстес тұлкілер (W wNN)
5	Аздап ақ сары нышанды ақ түсті. Түгі таза ақ түсті
4	Анықтырақ білінетін ақ сары реңкті ақ. Түгі ақ түсті
3	Анық білінетін ақ сары реңкті ақ. Түгі ақ түсті
2	Сарылау дағы бар ақ
1	2 - 5 балдық талаптарды қанағаттандырмайды
	G Ақ түстес тұлкілер (W wNN)
5	Аздап ақ сары нышанды ақ түсті. Түгі таза ақ түсті
4	Анық білінетін ақ сары реңкті ақ. Түгі ақ түсті
3	Анық білінетін ақ сары реңкті ақ. Түгі ақ түсті
2	Сарылау дағы бар ақ
1	2-5 балл талаптарды қанағаттандырмайды
	Қызыл тұлкілер
5	Жабын қылышқтары жалтыраған, қызыл-қоңыр таза түсті. Түбітті қылышқтары қызыл ұштарымен күнгірт-сұр
4	Түбітті қылышқтары қызылдау ұштарымен сұр
3	Жабын қылышқтары мен түбітті қылышқ ұштары аздап сарғыш дағы бар
2	Жабын түктері сары түсті
1	2-5 балл талаптарды қанағаттандырмайды

Торда өсірілетін терісі бағалы  
аңдарды бонитирлеу жөніндегі  
нұсқаулыққа  
9-қосымша

## Тұлкілердің қосымша белгілерін бағалау

Бағасы, балл	Белгі сипаттамасы
1	2
	Күміс түсті шенбердің ені мен платиналық қылышқтың қарқындылығы
5	Өте жақсы (шамамен 10-дан 15 миллиметрге дейін)
4	Жақсы (шамамен 6-дан 10 миллиметрге дейін)
3	Қанағаттанарлық (15 миллиметрден жоғары )
2	Платиналық қылышқтың орташа қарқындылығы (50 - 75%)
1	Платиналық қылышқтың жоғары қарқындылығы ( 75%-дан жоғары)
	Вуаль
5	Қалыпты. Қылышқтың ақ және пигменттелген бөлігінің қиыласуы айқындалған тәж (вуаль)

		құрайды. Түктің пигменттелген ұшы ұзындығының жапқыш қылышқытың ақшылт бөлігінің еніне аракатынасы 1,0-1,5 аралықта
4		Ауырланған, ақ және пигменттелген қылышқ өзінде үйлесімі біршама күнгірт реңкті қалыптастырады
3		Кіші. Түк жабыны біршама ақшылт реңкті
2		Ауыр. Пигменттелген қылышқ ұшының ұзындығы артық. Олар күміс реңді жауып, түк жабынына тым жарқыраған рең береді. Күміс реңділігі әлсіз білінеді.
1		Женел. Түк жабыны ақшыл, реңі тым жарқыраған. Ақтұмсық түлкілердің суреті
5		Өте жақсы үздіксіз қарғыбау түрінде анық көрінетін сурет, одан құлақтарының арасынан тұмсығының ұшына дейін өтетін жолақ созылады. Суреттіңгі жылтырлы таза ақ.
4		Жақсы, үздіксіз қарғыбау түрінде анық көрінетін сурет, одан құлақтарының арасынан тұмсығының ұшына дейін өтетін аздап үзілген жолақ созылады. Суреттіңгі жылтырлы таза ақ.
3		Әлсіз Анық көрінбейтін сурет. Үзік-үзікті қарғыбау немесе ақ жолағы анық көрінбейтін сурет. Суреттің түсі ақ түсті болады.
2		Сурет көрінбейді немесе суреттің түсі аздап сарғыш реңкті болып келеді.
1		2-5 балл талаптарды қанағаттандырмайды.
		Қар түстес түлкілердің суреті мен бауының айқындылығы
5		Өте жақсы. Сурет пен бауының түсі қара. Бауы үздіксіз.
4		Жақсы. Түсі қара. Бауы үздіксіз
3		Қанағаттанарлық. Түсі күнгірт. Бауы үзік-үзікті
2		Әлсіз. Түсі күнгірт. Бауы жоқ
1		Дене бөлігінің 70%-нан жоғарыны қамтиды.
		Қызыл түлкілердің ақшыл бөлігі
5		Ақшыл бөлігі білінбейді немесе денесінің жамбас жағынан 10%-ын алып жатыр.
4		Денесінің арқа және бүйір бөлігінің 30%-ына дейінін алып жатыр.
3		Дене аумағының 50%-ына дейінін алып жатыр.
2		Дене аумағының 70%-ынадейінін алып жатыр
1		Дене аумағының 70%-нан жоғары бөлігін алып жатыр
		Қызыл түлкілердің ақшыл бөлігінің білінуі
5		Әлсіз. Қылышқ түктердің ақшыл тартқан шеңбері түсі боынша негізгі түске жақын.

4	Орташа. Ақшылт тартқан шеңбертүсі бойынша негізгі түстен біршама ашық: сарғыш, ақшыл-сарғыш.
3	Күшті. Ақшылт тартқан шеңбер анық көрінеді, ақшыл-сары немесе ақ түсі бойынша негізгі түспен қатты контрасты болады.

Құлагынан бастап құйрықтың негізіне дейінгі аумақ 100%-ды құрайды. Бонитирлеу кезінде дененің ақшыл аумақтарын 5% - дық дәлдікпен анықтайды.

Торда өсірілетін терісі бағалы  
аңдарды бонитирлеу жөніндегі  
нұсқаулыққа  
10-қосымша

### **Ақ түлкілердің дене бітімі мен өлшемдерін бағалау**

Бағасы, балл	Өлшемі және дене бітімі	Дененің ең қысқа ұзындығы, сантиметр	
		Аталықтар	Аналықтар
1	2	3	4
10	Aса ірі, мықты	77	72
9	Aса ірі, мықты	75	70
8	Aса ірі, мықты	73	68
7	Aса ірі, мықты	71	66
6	Aса ірі, мықты	69	64
5	Aса ірі, мықты	67	62
4	Ірі, мықты	65	60
3	Орташа, мықты	63	58
2	Ұсақ, мықты	61	56
1	Кез келген өлшемде дене бітімі осал	-	-

Торда өсірілетін терісі бағалы  
аңдарды бонитирлеу жөніндегі  
нұсқаулыққа  
11-қосымша

### **Ақ түлкілердің түк жабынының сапасын бағалау**

Бағасы, балл	Белгі сипаттамасы
5	Шаруашылықта селекцияланатын тип үшін биіктігі орташа, өте қалың және ұлпілдек, жібектей, биіктігі бойынша тығыз жапқыш қылышығымен тегістелген серпінді болады. Жабағыланған және қылған белгілері болмайды.
4	Қалындығы мен ұлпектігі аздау
3	Бүйірлерінде түктері сиректеу, жапқыш қылышқарының серпінділігі жеткіліксіз болады.

2	Қылқан түктөрі сиректеу, жеткіліксіз немесе тым ұзын, немесе кішкене жабағыланған, немесе қыылған болып келеді.
1	2-5 балл талаптарын қанағаттандырмайды.

Торда өсірілетін терісі бағалы  
аңдарды бонитирлеу жөніндегі  
нұсқаулыққа  
12-косымша

## Ақ тұлқілердің тұқ жабынының түсін бағалау

	Бағасы, балл	Белгі сипаттамасы
		Вуаль түсті ақ тұлқілер
5		Коңыр реңкі белгілері байқалмайтын түрлі қарқындылықтағы тазасұр түсті. Платиналық қылышықтың қарқындылығы үлкен. Денениң өн бойына біркелкі таралған платиналық қылышықтар анық көрінетін графит түсті вуалды құрайды. Тұқ үлпегі ақшыл көгілдір, қарқындылығы әртүрлі аумақтық болыған.
4		Құрсақ жағында аздап коңыр дақтары бар немесе вуаль түсі анық байқалмайды, немесе "күмістілігі" шамалы сатыланған болып келеді.
3		Коңыр реңкі басым немесе "күмістілігі" орташа сатыланған.
2		Коңыр түсті немесе кара-коңыр дақтары бар немесе "күмістілігі" көп сатыланған, немесе ақ түбітті немесе тым вуаль түсі басым
1		2-5 балл талаптарды қанағаттандырмайды.
		Күміс түсті ақ тұлқілер
5		Түрлі қарқындылықтағы таза сұр түсті. Құрсағында және аяқтарында шамалы коңыр дақтың болуына жол беріледі. Платиналық қылышықтарының қарқындылығы үлкен, "күмістілігі" ашық емес. Платиналық қылышықтары барлық денесі бойынша бірқалыпты таралған. Тұқ үлпегі қарқындылығы әртүрлі сұр түсті.
4		Құрсағында және аяқтарында коңыр дақтары бар.
3		Коңыр реңкті.
2		Коңыр түсі немесе қара-коңыр реңкті, немесе ашық күміс түсті.
1		2-5 балл талаптарды қанағаттандырмайды.
		Көлеңке ақ тұлқілер (Ss)
5		Ақ түсті арқа жағында платиналық қылышықтардың пигментtelген ұштарында аздап вуаль. Платиналық қылышықтарының ұштары графит түстес. Түбіт қылышықтарының ұшы таза аппак, тұқ үлпегінің түбі көгілдір реңкті болып келеді.

4	Платиналық қылышықтарының ұштары қоңыр дақты болып келеді немесе вуаль түсінің қанықтығы төменірек.
3	Платиналық қылышықтарының ұштары қоңыр жабымен немесе вуаль түсі анық шықпайды.
2	Платиналық қылышықтарының ұштары қоңыр түсті, түбіт қылышықтарының ұшы сарғыш реңкті болып келеді.
1	2-5 балл талаптарын қанағаттандырмайды.

Торда өсірілетін терісі бағалы  
аңдарды бонитирлеу жөніндегі  
нұсқаулыққа  
13-қосымша

### Жанат тәрізді иттердің өлшемдерін және дене бітімін бағалау

Бағасы, балл	Өлшемі және дене бітімі	Дененің ең қысқа ұзындығы сантиметр	
		Аталықтар	Аналықтар
10	Aca ірі, мықты	72	71
9	Aca ірі, мықты	71	70
8	Aca ірі, мықты	70	69
7	Aca ірі, мықты	69	68
6	Aca ірі, мықты	68	67
5	Aca ірі, мықты	67	66
4	Iрі, мықты	64	63
3	Орташа, мықты	61	60
2	Ұсақ, мықты	60	59
1	Кез келген өлшемде дене бітімі осал	-	-

Торда өсірілетін терісі бағалы  
аңдарды бонитирлеу жөніндегі  
нұсқаулыққа  
14-қосымша

### Жанат тәрізді иттердің түк жабынының сапасын бағалау

Бағасы, балл	Белгі сипаттамасы
5	Шаруашылықта селекцияланатын тип үшін түк жабыны ұзына бойы өте қалың, ұлпілдек, серпінді және біркелкі, жабагыланған және киылған белгілері байқалмайды. Қылышық жабыны арқа және бүйір жағындағы түбітті толығымен жауып тұрады.
4	Қалың, ұлпілдек, серпінді, ұзына бойы біркелкі, жабагыланған және киылған белгілері байқалмайды. Қылышық жабыны арқа және бүйір жағындағы түбітті толығымен жауып тұрады. Жауырын және бүйір бөлігінде аздал түк жабыны сиректеу болуына жол беріледі

3	Ұзына бойы жабынды түктөрі бойынша қалындығы, ұлпілдектігі, серпінділігі және тегістілігі төменірек салбыраған. Арқа және бүйір жақтарында түктөрі сиректеу, бүйір және жамбас жағынан аздал жабағыланғаны немесе қылғаны ескеріледі.
2	Түктөрі ұзына бойы тегіс емес, селекциялық типке сәйкес келмейді. Арқа, бүйір және жамбас бөлігіндекөрінген жабағыланған немесе қылған түк жабыны ескеріледі.
1	2-5 баллталаңтарын қанағаттандырмайды.

Торда өсірілетін терісі бағалы  
аңдарды бонитирлеу жөніндегі  
нұсқаулыққа  
15-қосымша

### **Жанат тәрізді иттердің түк жабынының түсін бағалау**

Бағасы, балл	Белгі сипаттамасы
	Алтын түсті тип
5	Сарғылт-қоңыр. Қылшықты және түбітті қылшықтардың ағартылған бөлігінің ұшы сарғылт, қылшықты түктөрінің ұшы қара, арқа және бүйір бөлігінде вуаль анық байқалады.
4	Ағартылған бөлігі ақшыл-сарғылт.
3	Вуаль арқа жағында жақсы байқалғанмен, бүйір бөлігінде әлсіз білінеді.
2	Коңыр-сұр. Ақшыл бөлігіндегі қылшықты және түбітті қылшықтарының түсі сары немесе түрлі қарқындылықтағы қоңыр. Вуаль түсі жеңіл.
1	2-5 балл талаңтарды қанағаттандырмайды.
	Күміс түсті тип
5	Күміс-коңыр түсті. Ақшыл бөлігіндегі бағыттаушы түктөрі ақ, түбіт түктөрінің ұшы ақшыл-сарғылт немесе ақшыл-коңыр, бағыттаушы түктөрінің ұшы қара, вуаль түсі арқа және бүйір бөлігінде анық байқалады.
4	Аздал сарғыш дақтары бар ағартылған бөлігі
3	Вуаль арқа жағында жақсы байқалғанмен бүйір бөлігінде әлсіз білінеді.
2	Коңыр-сұр. Қылшықтардың ағартылған бөлігі және түбітті қылшықтарының ұшы сары немесе түрлі қарқындылықтағы қоңыр, вуаль жеңіл.
1	2-5 балл талаңтарын қанағаттандырмайды.

Алтын түсті типке тән ағартылған бөлігі бар аңдар үшін ақшыл бөлігі, ал күміс түсті типті аңдар үшін түбіт түгінің ұшы керісінше болса үш балдан артық бағаланбайды.

Торда өсірілетін терісі бағалы  
аңдарды бонитирлеу жөніндегі

### **Бұлғынның өлшемі мен дене бітімін бағалау**

Бағасы, балл	Өлшемі және дene бітімі	Дене өлшемінің ең аз көрсеткіштері			
		Аталықтар		Аналықтар	
		ұзындығы, сантиметр	тірідей салмағы, килограмм	ұзындығы, сантиметр	тірідей салмағы, килограмм
10	Aса ірі мықты	53	2,1	49	1,8
9	Aса ірі мықты	52	2,0	48	1,7
8	Aса ірі мықты	51	1,9	47	1,6
7	Aса ірі мықты	50	1,8	46	1,5
6	Aса ірі мықты	49	1,7	45	1,4
5	Aса ірі мықты	48	1,6	43	1,2
4	Iрі, мықты	46	1,4	41	1
3	Орташа, мықты	43	1,2	37	0,8
2	Ұсақ, мықты	43-тен аз	1,2-ден аз	37-ден аз	0,8-ден аз
1	Кез келген дене өлшемінде әлсіз	-	-	-	-

Торда өсірілетін терісі бағалы  
аңдарды бонитирлеу жөніндегі  
нұсқаулыққа  
17-косымша

### **Бұлғындардың түк жабынының сапасын бағалау**

Бағасы, балл	Белгі сипаттамасы
1	2
5	Серпінді, өте қалың және өте ұлпілдек. Қылышық түгі түбіт түгінен біршама ұзын, бірақ 5 сантиметрден аспайды, барлық денесін толық жабады және тік қалпында болады.
4	Түгі қалың және ұлпілдек.
3	Серпінді, бірақ ұлпілдектігі мен қалындығы аз. Қылышығы арқасындағы түбітті толық жабады. Ал бүйір бөлігінде аздал түбіт түктөрінің шығып тұруы ескеріледі.
2	Жалпақ. Қылышықты түктөрі қысқа немесе сиректеу. Түк жабынында аздал жабағылану мен қыылғандығы ескеріледі.
1	2-5 баллталаптарын қанағаттандыrmайды.

Торда өсірілетін терісі бағалы  
аңдарды бонитирлеу жөніндегі  
нұсқаулыққа  
18-косымша

### **Бұлғындардың түк жабынының түсін бағалау**

Бағасы, балл	Белгі сипаттамасы
1	2 Қара түсті тип
5	Бас пен құрсақ бөлігін коса отырып, барлық денесі бір түстіқара. Түбіті көгілдір реңкті қара-сұр, қылышқұзындығы бойынша бірқалыпты боялған.
4	Б Бүкіл денесі бір түсті қарага жақын. Түбіті ұзындығы бойынша көгілдір реңкті және ұштары қара қызғылтты қара-сұр түсті. Басы және құрсақ жағында ақшыл болуы ескеріледі.
3	Түсі қара-коңыр қарага жақын. Түбіті көгілдір реңкті қара сұр, ұштары қызғылт және қара қызғылт. Бүйірі мен құрсақ жағында ақшыл реңктің болуы ескеріледі.
2	Коңыр түсті. Түбіті түрлі қарқындылықта сұр түсті, ұштары ақшыл-қызғылт болады.
1	2-5 балл талаптарын қанағаттардырмайды.
	Қара-коңыр өң
5	Қара-коңырдан қарага өтеді, барлық денесі бір өнді. Түбітікөгілдір реңкті, қылышқұзына бойы бір қалыпты боялған.
4	Барлық денесі бір өнді қара-коңыр. Түбіті көгілдір реңкті қара-сұр немесе ұштары қара-қызғылт.
3	Коңыр. Түбіті түрлі қарқындылықта сұр түсті, ұштары қызғылт. Бүйір және құрсақ жағында ақшыл түсті болуы ескеріледі.
2	Ақшылт-коңыр. Түбіті түрлі қарқындылықта сұр түсті, ұштары ақшыл-қызғылт
1	2 -5 балл талаптарын қанағаттандырмайды

Торда өсірілетін терісі бағалы  
андарды бонитирлеу жөніндегі  
нұсқаулыққа  
19-қосымша

### Бұлғындардың қосымша белгілерін бағалау

Бағасы, балл	Белгісипаттамасы
	Аксұр
5	Аксұр түктөрі жоқ немесе жеке аксұр түктөрі бар
4	Кіші, бір қалыпты, ақ түсті
3	Орташа, бірақалыпты, ақ түсті
2	Үлкен, бір қалыпты, әртүрлі түсті, сондай-ақ кіші және орташа сарғыш және бірқалыпты емес.
1	2-5 балл талаптарын қанағаттандырмайды.
	Тамағындағы дағы
5	Жоқ

4	Жеке ақ түктері
3	Кіші
2	Орташа дақ немесе кіші теңбіл
1	Үлкен дақ немесе орташа не үлкен теңбіл

Торда өсірілетін терісі бағалы  
аңдарды бонитирлеу жөніндегі  
нұсқаулыққа  
20-қосымша

### **Сасық күзендердің өлшемі мен дене бітімін бағалау**

Бағасы, балл	Өлшемі және дене бітімі	Дененің ең қысқа ұзындығы, сантиметр	
		Аталыктар	Аналыктар
10	Аса ірі мықты	51	45
9	Аса ірі мықты	49	43
8	Аса ірі мықты	47	41
7	Аса ірі мықты	46	39
6	Аса ірі мықты	45	38
5	Аса ірі мықты	44	37
4	Ірі, мықты	42	35
3	Орташа, мықты	40	33
2	Ұсак, мықты	39	32
1	Кез келген өлшемде дене бітімі әлсіз	-	-

Торда өсірілетін терісі бағалы  
аңдарды бонитирлеу жөніндегі  
нұсқаулыққа  
21-қосымша

### **Сасық күзендердің мамықтану сапасын бағалау**

Бағасы, балл	Белгі сипаттамасы
1	2
5	Шаруашылықта селекцияланатын типке тән түк жамылғысының биіктігі. Түк жабыны қалың, серпінді. Қылышығы барлық денесіне бірқалыпты жабылған. Түбіті жоны мен бүйірінде аздап көрінеді.
4	Бүйірлеріндегі қылышығы сиректеу
3	Бүйірлеріндегі және жотасындағы қылышық түктері сиректеу
2	Түк жабының ұзындығы шаруашылықтағы селекцияланатын типке тән немесе; түк жабыны сирек.
1	2–5 балл талаптарын қанағаттандырмайды.

Торда өсірілетін терісі бағалы  
аңдарды бонитирлеу жөніндегі

## **Сасық күзендердің түк жабынының түсін бағалау**

Бағасы, балл	Белгі сипаттамасы
	Седеп түсті тип
5	Жалпы түсі көкшіл-сұр реңкті ақшыл-сары. Қылышық түгінің түсі қара. Түбіт түктерінің штары ақшыл-сары, сұр.
4	Көкшіл-сұр реңкі байқалмайды.
3	Түк ұлпегі сарғыш реңкті.
2	Қылышық түктері қоңыр реңкті.
1	2-5 балл талаптарын қанағаттандырмайды. Алтын түсті тип
5	Жалпы түсі ашық-қызылт сары. Қылышық түктері қара. Түбіт түктерінің штары ашық-қызылт-сары
4	Жалпы түсі қызылт сары. Қылышық түктері қара.
3	Жалпы түсі ақшылт-сары реңкті қызылт сары. Қылышық түктері қара.
2	Қылышық түктері қоңыр реңкті.
1	2-5 балл талаптарын қанағаттандырмайды. Пастель түсті тип
5	Жалпы түсі көкшіл-сұр реңкті ақшыл-сары. Қылышық түктері анық қанықкан көгілдір реңкті ақшылт-коңыр түсті. Түбіт түктерінің ұшы ақшыл-сары, сұр.
4	Қылышық түктері ақшыл-коңыр, түк ұлпегіндеге көкшіл-сұр реңкі байқалмайды.
3	Қылышық түктері қоңыр, түк ұлпегі қызылт-сары немесе ашық қызылт-сары түсті.
2	Қылышық түгі қара-коңыр, түк ұлпегі қызылт-сары немесе ашық қызылт-сары
1	2-5 балл талаптарын қанағаттандырмайды.

Торда өсірілетін терісі бағалы  
аңдарды бонитирлеу жөніндегі  
нұсқаулыққа  
23-косымша

## **Сазқұндыздың өлшемі мен дене бітімін бағалау**

Бағасы, балл	Өлшемі мен дене бітімі	6 айлық жастағы сазқұндыздың ең аз тірідей салмағы, килограмм	
		Аталықтар	Аналықтар
10	Aса ірі мықты	5,8	5,4
9	Aса ірі мықты	5,5	5,1
8	Aса ірі мықты	5,2	4,8

7	Аса ірі мықты	4,9	4,5
6	Аса ірі мықты	4,6	4,2
5	Ірі, мықты	4,3	3,9
4	Дәл солай	4,0	3,6
3	Орташа, мықты	3,7	3,3
2	Ұсак, мықты	3,4	3,0
1	Кез келген өлшемде дене бітімі әлсіз	-	-

Торда өсірілетін терісі бағалы  
аңдарды бонитирлеу жөніндегі  
нұсқаулыққа  
24-косымша

### Сазқұндыздың мамықтану сапасын бағалау

Бағасы, балл	Белгі сипаттамасы
1	2
5	Серпінді жабынды түгінің биіктігі орташа, арқа түк үлпектерін, бүйірлерін, құрсағын және аяқтарының ішкі жағын толық жауып тұрады. Құрсақ жағында қылышық түктерінің қыска болуы ескеріледі. Түк үлпегі жібектенген, құрсақ жағы өте қалың, ұзындығы 10 миллиметрден кем емес; арқа жағында қалың немесе сирек түктеп болғаны ескеріледі.
4	Құрсақ жағындағы түк үлпегі қалың, ал арқа жағында сиректеу немесе сирек.
3	Құрсағындағы түк үлпегінің ұзындығы 8-ден 10 миллиметрге дейін.
2	Құрсағында сиректеу немесе жабынды түктеп түбітін толық жаппайды.
1	2-5 балл талаптарын қанағаттандырмайды.

Торда өсірілетін терісі бағалы  
аңдарды бонитирлеу жөніндегі  
нұсқаулыққа  
25-косымша

### Сазқұндыздың мамықтану түсін бағалау

Түкім, тип	5 балл	4 балл	3 балл	2 балл	1 балл
1	2	3	4	5	6
Стандартты	Жабынды түктеп жылтыр, сүргілт-қонырдан қара қоныр немесе қоныр түске дейін. Арқа және құрсақ бөліктерінің түк	Түбіт түктеп жылтыр, сүргілт-қонырдан қара қоныр түске дейін. Арқа және құрсақ бөліктерінің түк	Құрсағын түк үлпегінің түк үлпегінде	Құрсағын түк үлпегінде	Құрсағындағы түк үлпегінде
					2-5 балл талаптарын

	Ұлпегі көгілдір реңкті қоңыр, түк ұзындығы бойына біркелкі (тенбілсіз) боялған.	тенбілділіктің болуы ескеріледі .	кара қызыл және қызыл өнді қоңыр.	немесе қызыл өнді қоңыр.	канагаттандырмайды.
Сарғыш түсті ss (t t ), сідең түсті sa (t t )	Сарғыш сұрғылт реңкті, жабынды түктерінің ұшы таза ақ. Түк ұлпегінің түсі сарғыш.	Сарғыш. Таза түсті. Жабынды түктерінің ұшы ақ. Түк ұлпегінің түсі сарғыш.	Сарғыш. 4 балға қараганда түс тазалығы төмендеу. Жабынды түктерінің ұшы ақ емес. Түк ұлпегінің түсі түрлі реңкті қоңыр.	Әртүрлі өнді қоңыр түсті. Жабынды түктерінің ұшы ақ емес. Түк ұлпегінің түсі түрлі реңкті қоңыр.	2-5 балл талаптарын канагаттандырмайды.
Қар түсті aa ss (Vvt t, Vvt t, s a Vvt t )	Таза ақ қарлы. Түбіті таза аппак .	Таза ақ. Түбіті ақ	Аздап сарғыш реңкі байқалатын ақ түсті. Түбіті ақ.	Анық байқалатын ақшыл сары немесе сарғыш реңкті ақ түсті	2-5 балл талаптарын канагаттандырмайды.
Әзіrbайжандық ақ (Ww)	Денесінің барлық бөлігінде жабынды және түбіт түктеп таза – ақ.	Көз, құлақ және жая жағындағы жабынды түктеп аздап пигменттелген. Түбіт таза ақ түсті.	Көзі және жаясының тері бөліктерінде (бірақ денесінің 10%-нан 30 % аралығындағы бөлігін алып жатыр.	Пигменттелген түк жабыны денесінің 10-нан 30 % аралығындағы бөлігін алып жатыр.	2-5 балл талаптарын канагаттандырмайды.
Италияндық ақ түсті aa (tt )	Жабынды және түбіт түктеп ақ түсі аздап ақшыл сары бірқалыпты реңкті келге	Жабынды түктеп ақ, түк ұлпегінің түсі аздап ақшыл сары реңкті ақ түсті.	Жабынды түктеп ақ. Түк ұлпегінің түсі анық байқалатын ақшыл сары реңкті ақ түсті.	Жабынды түктеп ақ. Түк ұлпегінің түсі ақшыл сары	2-5 балл талаптарын канагаттандырмайды.
Алтын түсті (Vv )	Алтын түсті. Түк ұлпегінің түсі ашық алтын түсті. Арқа және құрсақ түктеп өнінің реңкі арасында айырмашылығы шамалы.	Алтын түсті. Түк ұлпегі ашық алтын түсті. Арқа және құрсақ түктеп өнінің реңкі арасындағы айырмашылығы орташа.	Алтын түсті. Түк ұлпегі ашық алтын түсті. Арқа және құрсақ түктеп өнінің реңкі арасындағы айырмашылығы жоғары.	Арқа және құрсақ арасындағы айырмашылығы қандай болса да жабынды түктеп ақшыл сары, ақшыл-сарғыш, қоңыр сарғыш	2-5 балл талаптарын канагаттандырмайды.
	Қара дерлік. Түк жабында стандартты боялған дақтары жоқ. Керексіз	Қара дерлік. Түк жабында стандартты боялған дақтары жоқ. 5 балдықтан	Қара дерлік. Түк жабында стандартты	Қара дерлік. Түк жабында стандартты боялған дақтары жоқ. Қоңыр	2-5 балл талаптарын

Бірыңғай кара түсті (ZZ)	реңктері жок таза түсті. Тұқ үлпегі қоңыр-сұрғылт.	караганда тазалығы төмендеу. Тұқ үлпегі қоңыр-сұрғылт.	боялған дақтары жоқ. Қоңыр тенбілдері бар.	реңкті немесе сары дақтары бар.	канагаттандырмайды.
Кара түсті (Zz)	Кара түсті. Қажетсіз реңктері жок таза түс. Тұқ үлпегінің түсі қоңыр-сұрғылт. Бас және бүйір түк жабынында стандартты-боялған бөліктері бар .	Қара дерлік. Тұс тазалығы 5 балдық талаптардан қараганда түсі төмендеу. Тұқ үлпегі қоңыр-сұр. Бас және бүйір түк жабынында стандартты боялған бөліктері бар.	Қара дерлік. Қоңыр реңктері бар. Бас және бүйір түк жабынында стандартты боялған бөліктері бар.	Қара дерлік. Қоңыр реңктері немесе сарғыш дақтары бар. Бас және бүйір түк жабынында стандартты боялған бөліктері бар.	2-5 балл талаптарын канагаттандырмайды.
Пастель түсті ss (Zzt t, ZZt t, aa aaZzt t, ZZt t, s a s a Zzt t, ZZt t	Қоңыр түсті. Тұқ үлпегі сұрғылт реңкті қоңыр түсті.	Азда п қара-қоңыр реңкі бар қоңыр түсті. Тұқ үлпегі сұрғылт реңкті қоңыр түсті.	Қоңыр қара-қоңыр реңкті. Тұқ үлпегі ақшыл сары.	Сарғыш тенбілдері бар қоңыр түсті. Тұқ үлпегі ақшыл-сары.	2-5 балл талаптарын канагаттандырмайды.

Торда өсірілетін терісі бағалы аңдарды бонитирлеу жөніндегі нұсқаулыққа  
26-қосымша

### Сазқұндыздардың тұқ үлпегінің биіктігі бойынша біркелкілігін бағалау

Бағасы, балл	Белгі сипаттамасы
5	Арқа және құрсақ түбіттері ұзындығының арасындағы айырмашылығы 2 миллиметрден кем
4	Арқа және құрсақ түбіттері ұзындығының арасындағы айырмашылығы 2-ден 4 миллиметрғе дейін
3	Арқа және құрсақ түбіттері ұзындығының арасындағы айырмашылығы 4-тен 6 миллиметрғе дейін
2	Арқа және құрсақ түбіттері ұзындығының арасындағы айырмашылығы 6-дан 8 миллиметрғе дейін
1	Арқа және құрсақ түбіттері ұзындығының арасындағы айырмашылығы 8 миллиметрден артык

Торда өсірілетін терісі бағалы аңдарды бонитирлеу жөніндегі нұсқаулыққа  
27-қосымша

### Жас сазқұндызы шығу тегі бойынша бағалау

Бонитирлеу (бағалау) көрсеткіштері	Бірінші сынып төлі		Екінші сынып төлі		Үшінші сынып төлі	
	Аталықтар	Аналықтар	Аталықтар	Аналықтар	Аталықтар	Аналықтар
Ата-енесінің сыныбы	бірінші	екінші	Ата-енесінің біреуі бірінші сыныпты, ал екіншісі екінші сыныпты		Барлық қалған үйлесімдер	
Дене бітімі	Мықты	Мықты	Мықты	Мықты	Мықты	Мықты
Әртүрлі жастағы тірідей салмағы, килограмм 2 айлық 3 айлық 4 айлық 5 айлық 6 айлық	1,7 және одан жоғары 2,6 және одан жоғары 3,3 және одан жоғары 3,9 және одан жоғары 4,3 және одан жоғары	1,5 және одан жоғары 2,4 және одан жоғары 3,0 және одан жоғары 3,5 және одан жоғары 3,9 және одан жоғары	1,5 және одан жоғары 2,4 және одан жоғары 3,1 және одан жоғары 3,7 және одан жоғары 4,0 және одан жоғары	1,3 және одан жоғары 2,2 және одан жоғары 2,8 және одан жоғары 3,3 және одан жоғары 3,6 және одан жоғары	екінші сыныпты төлдерден салмағы бойынша төмен екінші сыныпты төлдерден салмағы бойынша төмен екінші сыныпты төлдерден салмағы бойынша төмен екінші сыныпты төлдерден салмағы бойынша төмен 3,9 және одан жоғары	

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2014 жылғы 10 қазандагы  
№ 3-3/517 бұйрығына  
17-қосымша

## Қояндарды бонитирлеу жөніндегі нұсқаулық

Ескерту. Бұйрық 17-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.05.2016 № 239 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.07.2023 № 277 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

### 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Қояндарды бонитирлеу жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және қояндарға бонитирлеу жүргізуді нақтылады, сондай-ақ қояндарды бонитирлеу кезінде қойылатын зоотехникалық талаптарды белгілейді.

2. Қояндарды бонитирлеуді бонитерлер (сыныптаушылар) жүргізеді.

### 2-тaraу. Қояндарды бонитирлеуді ұйымдастыру

3. Бонитирлеу – жануарларды тиісті сыныбын бере отырып, шаруашылыққа пайдалы белгілер кешені (тұқымдылығы, өнімділік сапалары, сыртқы тұрпаттық-бітімдік ерекшеліктері) бойынша бағалау. Бонитирлеуді жыл сайын, қараша, желтоқсан айларында жүргізеді. Асыл тұқымды қояндарды өсіретін фермаларда

бонитирлеуге негізгі табынның барлық аталықтары мен аналықтары, бір реттік (тексерілетін) аналықтар және селекциялық табынның үш айлығындағы және қараша-желтоқсан айларында тұқымын алуға қалдырылған кезде бағаланатын барлық жас қояндар, сондай-ақ басқа шаруашылықтарға тұқымын алуға өткізілетін жас қояндар жатады.

Тауарлық фермаларда негізгі табындағы асыл тұқымдық ядроның аналық қояндарының барлық аталықтары, үш айлық жасында іріктелген және қараша-желтоқсан айларында тұқымын алуға қалдырылған кездегі өсімді молайтатын жас қояндар бонитирленеді.

#### 4. Бонитирлеу алдында:

қояндарды жақсы (зауыттық) қондылықты (арып немесе семіріп кетпеген) жай-күйге келтіру;

барлық ауру және ауруға күдікті, сондай-ақ кәрі және өнімділігі төмен қояндарды жарамсыздыққа шығару;

қояндардың шығу тегін нақтылау және жануарлардың нөмірлерін тексеру (анық емес нөмірлер қалпына келтіріледі);

табақшалы таразыны, сантиметрлік лента мен сызығышты дайындау қажет.

5. Өсімді молайтатын жас қояндар және тұқымды алуға сатылатын жас қояндар 2 немесе 3 айлық жаста мынадай төрт көрсеткіш бойынша бонитирленеді:

- 1) тұқымдылығы;
- 2) тірідей салмағы;
- 3) дene бітімі;
- 4) тұкті жабынының қалындығы (табандарының мамықтануы).

Негізгі табындағы қояндарды және негізгі табынға енгізілетін өсімді молайтатын жас қояндарды, бір реттік (тексерілетін) аналықтарды қараша-желтоқсан айларында тұқымдылығы, тірідей салмағы, дene бітімі, тұкті жабынының тығыздығы және оның біркелкілігі (етті-терілік тұқымдарда), тұбіттік өнімділігі (тұбітті тұқымдарда) тұкті жабынының түсі (етті-терілік тұқымдарда) бойынша бонитирлейді.

6. Тұқымдылығын бағалау. Таза тұқымды қояндарға бір тұқымдағы ата-енеден шыққан қояндар жатады, бұл тиісті зоотехникалық құжаттармен расталуы және қояндардың сыртқы көрінісі бойынша белгіленуі тиіс. Сондай-ақ таза тұқымды қояндарға сіңіре шағылыстыру жолымен алынған және тұқым типі айқын көрінетін будан қояндарды (төртінші буыннан бастап) жатқызады.

Элита сыныбына және бірінші сыныпқа тек таза тұқымды қояндарды жатқызуға болады. Тірідей салмағын бағалау қояндарды 100 грамфа дейінгі дәлдікпен жеке өлшеу жолымен жүргізіледі. Дене бітімін бағалау, сүйегінің даму дәрежесі, кеудесінің ені мен терендігі, басының пішіні мен өлшемі, арқа сзығы мен пішіні, аяқтарының

мықтылығы мен қойылуы бойынша көзben көріп жүргізіледі. Дене бітімінің ақауларына бас пішінінің дұрыс болмауын, мойнының тым ұзын болуын, құлақтарының салбыраңқы немесе алшақ орналасқанын жатқызады.

7. Қоянның түкті жабынының тығыздығын анықтау:

- 1) түкті жабынға үрлеген кездегі ауа ағынының бағыты;
- 2) "дегелек" түбі (бүйірден көрінісі):
- 3) сирек ұлбірдің "дегелек" түбі;
- 4) ұлбір қанағаттанарлықтай тығыз кездегі "дегелек" түбі;
- 5) ұлбір жақсы тығыз кездегі "дегелек" түбі;

6) – "дегелек" түбі көрінбейді - ұлбір өте жақсы тығыздықта болғанда. Элита сыныбына және бірінші сыныпқа дене бітімінде ақауы жоқ, екінші сыныпқа бір ғана ақауы бар, үшінші сыныпқа екі немесе одан да көп ақаулары бар қояндарды жатқызады . Дене бітімінде кемшілігі бар қояндар жарамсыз саналады және асыл тұқымдық пайдалануға жіберілмейді. Түк жабынының тығыздығы мен оның біркелкілігін бағалау қояндардың етті-терілік және етті тұқымдарына жон ортасынан түктің өсуіне қарсы үрлеген кездегі "дегелек" түбінің алаңы бойынша көзben көріп жүргізіледі. Тығыздығының біркелкілігін бағалау үшін сауырындағы, жонындағы, бүйіріндегі "дегелек" шамасы салыстырылып тексеріледі. Сондай-ақ артқы аяқтарының (табандарының) вентральды беттеріндегі түгінің қалындығы мен тығыздығы бағаланады

8. Қояндарда түкті жабынының тығыздығы мен біркелкілігін бағалауға арналған талаптар төменде келтірілген.

Элита сыныбы. Бұкіл дене бойындағы түк жабыны қатты иілгіш қылышықты біркелкі өте қалың, түгі өте қалың. Түкті жабынды үрлеген кезде "дегелек" түбінен тері беті көрінбейді деуге болады, табандарында түгі өте қалың қатты. Бұкіл дене бойында түк жабыны қатты иілгіш қылышықты біркелкі қалың, түгі қалың. Түкті жабынды үрлеген кезде "дегелек" түбінен 2 шаршы миллиметрге дейін тері беті көрінеді. Табандарында түгі қалың қатты. Біркелкі емес түктену қалындығы: жаясында түгі қалыңырақжәнежоны мен бүйірлерінде қалындығы шамалы. Түкті жабынды үрлеген кезде "дегелек" түбінен 2-ден 4-ке дейінгі шаршы миллиметрде тері беті көрінеді. Табандарының түгі селдір және жұмсақ. Түктену қалындығы жеткіліксіз: түкті жабынды үрлеген кезде "дегелек" түбінен 4-тен 6-ға дейінгі шаршы миллиметрде тері беті көрінеді. Табандарының түгі селдір, жұмсақ, табан түктерінің қажалу белгілері бар . Түбітті тұқымның негізгі табындағы түбіт өнімділігін бағалау жыл бойы жиналған түбіттің саны бойынша, ал жас қояндарды 2 және 4 ай жасында алғашқы екі жиналымы бойынша бағалайды. Етті-терілік тұқымды қояндардың түкті жабынының түсін бағалау күндізгі жарықта көзben көріп жүргізіледі. Қылышықты түктерінің аймақтық түсінің дәрежесі жаясындағы және бүйіріндегі "дегелек" сипаты бойынша сипаттайды. Бұл ретте сақиналардың саны мен алуан түрлілігі есептелінеді.

## 9. Кешенді белгілеріне қарап сыныбын анықтау.

Элита сиынына таза тұқымды, мықты, дene бітімінде ешқандай ақауы жоқ, қараша–желтоқсан айларында бонитирлеуде барлық көрсеткіштері бойынша элита бағасын алған қояндар жатқызылады.

Бірінші сиынпқа барлық белгілері бойынша немесе қалған белгілерін жоғары бағалау кезінде біреуі болсын бірінші сиынпты баға алған таза тұқымды, мықты, дene бітімінде ешқандай ақауы жоқ қояндар жатады.

Екінші сиынпқа дene бітімі мықты, барлық белгілері бойынша екінші сиынпқа бағаланған немесе кем дегенде бір белгісі жоғары бағаға бағаланған қояндар жатады.

Ушінші сиынпқа дene бітімі мықты, барлық белгілері үшінші сиынпқа бағаланған немесе кем дегенде бір белгісі жоғары бағаға бағаланған қояндар жатады. 2 немесе 3 айлық жасында бонитирленетін (бағаланатын) қояндарға тұқымдық көрсеткіштері, тірідей салмағы, дene бітімі, табандарындағы тұкті жабынының қалындығы бойынша осы қағидаларда сиынп белгіленеді. Тұқ жабынының түсін бағалау басқа көрсеткіштер бойынша қосынды сиынын, бір сиынптан артық азайта алмайды.

10. Асыл тұқымдық ядро мөлшері өсімді молайтатын жас қояндарды қажет етумен анықталады. Асыл тұқымдық ядроға фермадағы қояндардың кем дегенде негізгі табынның 20%-ы енуі тиіс. Асыл тұқымдық ядродағы ұрпақ сапасын тексергеннен кейін көрсеткіштер асыл тұқымдық ядродағы қояндардан жас аралығы бірдей жас қояндардың орташа көрсеткішінен төмен жануарлар шығарылады. Бірінші және екінші көжектеуден алынған жас қояндардың сапасы бойынша ұрғашы және ерек қояндарды тексеру неғұрлым дұрыс болады. Ұрпақтарының сапасын 2 немесе 3 айлық жасындағы бонитирлеу (бағалау) нәтижесі бойынша бағалайды. Асыл тұқымды табыннан ұрпақтарының түсі бөлектеніп туылған таза тұқымды жануарлар шығарылады. Бонитирлеу бойынша көрсеткіштері үшінші сиынптан төмен қояндарды; алғашқы екі көжектеуінің әрбіреуінде кем дегенде 5 көжекті өсірген аналық (егер стерильді аталықтан туындаған жағдайларды қоспағанда) және аталықты, қалыпты жағдайда аналықтың 30 %-дан астамын ұрықтандыра алмаса; ерекше асыл тұқымды жануарлардан басқа 3 жастан асқан аталықтар мен аналықтарды, саулығының жай-күйі және ветеринариялық талаптар бойынша жануарларды; түсік тастаған немесе өз көжегін жеп қойған аналық қояндырды; зауыттық қондылықтығы және күн сайын 15 күн бойы шағылысадан бас тартатын; қалыпты күтіп-бағу жағдайында жүктілігін тексергенде қатарынан екі рет буаз болмаса (егер стерильді аталықтан туындаған жағдайларды қоспағанда) жарамсыз деп тану және союға өткізу ұсынылады.

11. Қояндарды, сондай-ақ басқа да ауыл шаруашылығы жануарларын өсіру кезінде, оларды сыртқы түрі, саулықтың жай-күйі, жергілікті ауа райына бейімделуі бойынша бағалайды. Осы көрсеткіштердің жиынтығы қояндардың конституциясын айқындайды. Конституцияда өнімділік сипатына және сыртқы орта жағдайларына ден қоюға байланысты организмнің барлық анатомиялық-физиологиялық сипаттамалары көрінеді.

Конституция типімен бордақылауға бейімділігі, тез жетілгіштігі, еттілігі, түк жабынының сапасы, ауруға қарсы тұру сияқты қабілеті бар қояндардың шаруашылықта маңызды пайдалы сапасын байланыстырады. Қояндардың конституциясын ең алдымен сыртқы тұрқы – сырт бітімі бойынша бағалайды. Сыртқы тұрқы конституцияның мықтылығы, өнімділік бағыты мен қояндардың саулығы туралы түсінік береді. Сырт бітімі деп жануардың жалпы түрін, пішінін, яғни оның қалыптасқан үйлесімділігі және дұрыстығы сипатталатын дененің жеке бөліктерінің арасындағы өзара қатынасты білдіреді. Дене бітімін сұйектің даму дәрежесі, кеудесінің ені мен жалпақтығы, басының пішіні мен көлемі, арқа пішіні мен сзызық өлшемі, аяқтарының беріктігі мен қойылуы бойынша көзбен көріп анықтайды. Қоянды бағалау кезінде ең алдымен жалпы оның дене бітіміне назар аударылады, сосын қалған бөліктері тексеріліп-қаралады. Бұндай кешенді бағалау осы ерекшелік туралы жетерлікей толық және дұрыс көзқарасты қалыптастыруға мүмкіндік береді. Дене бітімін (сырт бітімін) бағалауды басынан бастайды, содан кеуде орамын, белінің енін, пішінінің ұзындығын анықтауға көшеді. Қояндардың әрбір тұқымының белгілі бір бас пішіні болады. Еркектерінің басы аналыққа қарағанда ірілеу, ауырлау болады. Құлақтарының ұзындығы мен пішіні тұқым белгісіне жатады, бірақ олар барлық жануарларда құлақтың түбінен тығыз және тұзу болуы тиіс. Кең және жалпақ кеуде - саулықтың жақсылығы мен конституция мықтылығының көрсеткіші. Кеудесінің жіңішке болуы жануардың конституциясының әлсіздігін көрсетеді. Арқасы мен белі тегіс, тұзу және кең болғаны дұрыс, бұлшық еті барлық дене бойы қатты және тығыз болуы тиіс (әсіресе бүйір жағында және белінің бойында). Созылыңқы қысынқы пішінді, жіңішке жауырынды, ұзын мойынды және бүйірлері қабысқан қояндар етке өсіруге келіңкіремейді. Етті бағыттағы қояндардың мойыны қысқа және бұлшық етті болып келеді.

12. Қоян өсіру шаруашылығында конституцияның екі сыныптауыш типі қолданылады. Бірінші бойынша жануарлар екі негізгі типке бөлінеді: лептосомдық және әйрисомдық.

Бірінші типті жануарлардың қаңқасы қысынқы, кеуде клеткасы созылған, ұзын мойындағы басы шағын болады. Оларда зат айналымы жоғары. Эйрисомдық типке жататын жануарлардың денесі шомбал, май қабаты мықты дамыған, кеудесі көлемді, бұлшық етті мойыны қысқа болып сипатталады. Олардың зат айналымы төмен, май және ет жинауға бейім болады. Кең денеліге (әйрисомдыққа) кеңестік шиншилла, күміс түстісі және басқалар жатады.

Жіңішке денеліге (лептосомдыққа) – зор денелі сұр, ақ түбітті және басқалар жатады. Әрбір негізгі тип (әйрисомдық және лептосомдық) шегінде ірі, күшті, болбыр және нәзік конституциялы қояндар кездеседі.

Ірі конституциялы қояндардың сұйектері үлкен және ірілеу, басы үлкен және ірі, терісі қалың, түк жабыны қатты болып келеді. Бұл типтегі қояндар жарамсыз деп танылады, себебі олар ет өнімділігі төмендігімен ерекшеленеді.

Тығыз (мықты) конституциялы жануарлар дәнекер тінінің және тері астында және сонымен қатар ішкі ағзалардың айналасында май қыртыстарының нашар дамуымен ерекшеленеді. Бұл жануарлардың терісі созылмалы, бұлшық еті жақсы дамыған, күшті, бірақ сүйегі ірі емес, денесі ұзын, құлағы тік қойылған, кеудесі жақсы дамыған, арқасы кең және тік, жаясы жұмыр болып келген, күшті, аяқтары денесіне қатысты дұрыс қойылған. Аталықтардан еркектік типі айқын көрінеді. Мұндай жануарлар азықты жақсы пайдаланады және өнімділігі жоғары болады.

Конституциясы мықты қояндар кез келген тұқымның асыл тұқымдық ядросын қурауы тиіс.

Конституциясы болбыр (бос) жануарлардың сүйегі жеңіл, түк жабыны сирек, терісі және бұлшық еті болбыр, тері астындағы дәнекер тіні жақсы дамыған. Тері мен бұлшық еті ұстап көргенде, бос, ісінген сияқты, түк жабыны өте сирек. Конституциясы осындай типтегі жануарлар бордақылау үшін ең жарамды болып келеді, бірақ тамақтандыруды, күтіп-бағуды қажет етеді, сұық тиу ауруларына бейім.

Конституциясы нәзік қояндарда - сүйегі нәзік жіңішке, түк жабыны қалың емес, терісі созылмалы болады. Тері астының дәнекер және май тіні жақсы дамыған. Бұлшық еті болбыр, майлы қабаты жиі болады. Бұл қояндар азықты жақсы жейді және бордақылау үшін жарамды. Түк жабынының қалындығы және оның бүкіл дene бойы біркелкілігін көзben және ұстап көріп, сондай-ақ түгінің өсу бағытына қарсы бүйірі мен жотасы, жая ұстінің түгін үрлеу арқылы алатын "дегелек" түбінің көлемі бойынша анықтайды. Түгінің қалындығы туралы дәл анықтау терінің 1 шаршы сантиметр аумағындағы түгінің санымен көрсетіледі.

Қояндарда: дene бітімі мықты; сүйегі жақсы дамыған; осы тұқымға тән денесі, осы тұқымның типіне жататын басы, аналықтарында бірқатар ұзындау және аталықтарында дөңгелектеу, шомбалдау; құлақтары тік қойылған; жақсы дамыған, кеудесі кең және жалпақ; арқасы кең тік емес; дөңгелек пішінді сауыры; мықты, аяқтары денесіне қатысты дұрыс қойылған болуы тиіс.

13. Сырт бітімін бағалау кезінде көжектегіштігін және табынның тіршілік әрекетін қолдау үшін маңызы бар жыныстық диморфизм белгілеріне назар аударылады. Қояндардың аталықтарында ерек жақсы білінуі тиіс, тіпті сыртқы түрі арқылы аналықтардан ерекшеленуі тиіс. Еркектерінің бастары үлкендеу, аяқтары ірі және мықты, түк жабыны дөрекілеу, кеудесі ұрғашыларына қарағанда жалпағырақ. Жақсы ұрғашы мықты, дені сау, жақсы дамыған, дene бітімі дұрыс, түк жабыны қалыңырақ, жылтыр болуы тиіс. Асыл тұқымды ұрғашыда: сүйегі мықты, бірақ ірі болмауы; еркегіне қарағанда басы ұзынша және нәзіктеу; арқа сызығы түзу; кеудесі дөңгеленген және жалпақ; сауыры кең, қарыны салпимаған созылмалы; аяқтары мықты; жақсы дамыған кемінде сегіз (төрт жұп) емшек болуы тиіс. Дене бітімінде ақауы бар, конституциясы әлсіз жануарларды табыннан жарамсыз деп шығаруға жатқызылады. Бұл қажет, өйткені қояндар жоғары қарқынды көбеюмен және тез жетілгіштігімен

ерекшеленеді, ал мұның мәнісі, организм өмір бойы жоғары ширығу жағдайында болады. Конституциясы әлсіз, дene бітімінде ақауы бар қояндар зат алмасуының жоғары қарқындылығына шыдай алмайды, дene салмағы төмен әлсіз үрпақ береді. Конституциялық типтегі қояндарды бағалаған кезде терісінің жай-күйі, түк жабынының қалындығы, түсі және біркелкілігі рөл атқарады.

Тері жағдайына қарап, жануарлардың конституциялық типін анықтауға болады. Терінің болбырлығы – конституцияның бос дамуының ең маңызды белгілерінің бірі. Конституциясы мықты типті (бірақ ірі емес) жануарлардың терісі тығыз, созымалы. Конституциясы нәзік типті қояндардың терісі жұқа, тез тартылғыш, түкті жабыны жұмсақ болады. Конституциясы нәзік типті қояндардың қайта дамыту жағына қарай жылыштату кезінде түкті жабыны өте селдір болады, тіпті терісі көрініп тұрады. Қояндардың арнайы етті тұқымдарының өзіне тән конституция типі болады. Мәселен, жаңа зеландиялық қызыл, жаңа зеландиялық ақ, калифорниялық қояндар артқы аяқтарының еттілігімен, арқа бұлшық еттерінің жақсы жетілгендігімен, мойынының қысқалығымен және бұлшық еттілігімен, жауырынының жалпақтығымен сипатталады, осындай тұқымды қояндардың тығыз тіні денесін толық жауып жатады, денесінің артқы жағы домалақтанған және жалпақ болып келеді. Жамбасының ішкі жағының бұлшық еттері жақсы жетілген. Ерек қоянның басы ұрғашысына қарағанда үлкен болады. Тері болбыр, созымалы.

Конституцияның осы титіндегі қояндар үлкен болып көрінгенімен сүйегі жеңіл болады, сүйектері берік емес, терісі мен бұлшық еттері болбыр болады. Тері асты және май тіндері жақсы дамыған. Қояндардың етті типі мығымдылық индексінің жоғары болуымен, жақсы анық көрінетін етті пішінімен, мықты конституциямен сипатталады. Конституцияны бағалаған кезде жануарлардың конституациясын тұрақты шама ретінде қарамау керек екендігін естен шығармау керек. Орныққан конституция типі айтарлықтай өзгеруі мүмкін. Жануарларды бір климаттық аймақтан басқа аймаққа ауыстырғанда өзгереді. Өсіресе түк жабынының қалындығы, дene бітімінің типі, ішкі органдарының өлшемдері өзгереді. Қояндардың конституциялық типін, олардың өсімді молайту қабілеттері жағдайын, қан реакциясын, сүйек құрылышын анықтайтын маңызды факторлардың бірі азықтандыру жағдайы болып табылады. Қояндарды ақуыздар мен концентраттар құрамы бойынша айрықшаланатын азық рациондарында өсірген кезде, қаңқаның жеке бөліктерінің арақатынасында елеулі өзгеріске ұшырауы байқалады. Концентраттар берілмеген және рацион құрамында ақуыз деңгейі аз болған жануарларда артқы аяқтарының толық дамымауы (туылғаннан кейін шамалы өсуі байқалған) және бас сүйегінің - аз дәрежеде (туылғаннан кейін өте төмен өсуі байқалған) болуы байқалады. Бұл дene бітімі пропорциясының өзгеруіне әкеліп соқтырады: жануарлардың дene сі қысыңқы, жеңіл болады. Қояндар ағзасының дамуына көбіне климаттық жағдай әсер етеді. Сол жастағы наурыз айында туылған көжекке қарағанда, қаңтар айында туылған көжектің тірідей салмағы жоғары болады.

Күзде туылған қояндардың түгі жазда туылған қояндармен салыстырғанда қалыңырақ болады. Қыста көжектеген қояндардың түк жабыны қалың, олардың терілері 4-5 айда жетіледі. Өсу және даму көрсеткіштерін зерделей келе қыста және көктемде көжектеген қояндар ұқсас болады, жазда көжектеген жас қояндар (әсіреке ыстық уақытта туылғандар) нашар дамиды. Советтік шиншилла ұрпағы қояндары ұрғашы қояндардың туу уақыты ұрпағының өнімділік сапасына ықпалын зерттеу нәтижелері негізгі шаруашылыққа пайдалы белгілері (тірідей салмағы, өлшемі, жылдам жетілгіштігі, тіршілік әрекеті) және қантар айында көжектеген ұрғашы қояндардан туылған жануарлардың ішкі органдарының дамуы бойынша басқа мезгілдерде туылған қояндардан артығырақ болады. Жылдың түрлі мезгілдерінде туған ұрғашылардан алынған ұрпақтардың бірдей дамымауы жылдың сүйк уақытында ұрғашы қояндардың ағзасындағы зат алмасу деңгейінің жоғары болуымен сипатталады. Бұл фактор жануарлардың даму сипатына, сондай-ақ ұрпақтарының өсуі және дene бітімі типіне әсер етеді. Қояндардың сырт бітімін көзбен көріп (сыртқы түрін қарап-тексеру), сондай-ақ олардың өзгеру нәтижелері мен өлшеу арқылы бағалайды.

14. Қояндарды өлшеу және салмағын өлшеу (көзбен көріп бағалауға қосымша) әрбір жануардың аса неғұрлым объективті сипаттамаларына арналған деректерді алуға мүмкіндік береді. Мынадай өлшемдер: жауырын артының кеуде орамы, дene ұзындығы (танауының ұшынан бастап мойын бойымен, арқасы, белі, сауырынан бастап құйрық түбіне дейін) және корпусының ұзындығы (бірінші кеуде омыртқасынан бастап құйрық түбіне дейін) алынады. Қоян шаруашылығында негізінен өлшемдері бойынша мығымдылық индексі (жинақылығы) анықталады:

мығымдылық индексі = (жауырын артының кеуде орамы) X100 (денесінің ұзындығы)

Бұл индекс - қояндардың дene салмағы дамуының жақсы көрсеткіші. Шартты түрде эйрисомалық типті қоянның индексі 63-тен көп, ал лептосомалық типті қоянның индексі 63-тен кем болуы тиіс деп есептеуге болады.

Қоянның дene бітіміндегі кемшіліктер осы Нұсқаулыққа 1-қосымшада көрсетілген.

15. Қоянды сырт бітімі бойынша бағалау кезінде олардың тірідей салмағы маңызды болады, оны тамақтандыруға дейін, 50-100 грамға дейінгі дәлдікпен жануарларды өлшеу арқылы анықтайды.

Қояндарды сырт бітімі және конституциясы бойынша бағалау кезінде дene бітімінде бір ақауы бар, барлық жануарлар жарамсызға жататындығын білу керек; бір - екі ақауы болса – балы және жалпы сыныбы төмендетіледі.

Қоянның дene бітіміндегі ақаулар осы Нұсқаулыққа 2-қосымшада көрсетілген.

16. Тірідей салмағы. Оны 100 грам дәлдікпен жеке өлшеу жолымен анықтайды. Етті , етті-терілі және етті түбітті тұқымды қояндардың тірідей салмағына қойылатын ең төменгі талаптар (килограмм) осы Нұсқаулыққа 3-қосымшада көрсетілген.

17. Дене бітімін (сырт бітімін) көзбен көріп бағалау негізінде бағалайды. Сүйектің даму дәрежесін, кеуде бөлігінің жалпақтығы мен енін, басының пішіні мен өлшемін, арқасының пішіні мен сзығын, аяқтарының мықтылығы мен қойылымын бағалайды.

Кояндардың дене бөліктері осы Нұсқаулыққа 4-қосымшада көрсетілген.

18. Сырт бітімін бағалау бас бөлігінен басталады, ары қарай алдыңғы және артқы дене бөліктерін, содан кейін аяқтарын бағалаумен аяқтайды. Бұл ретте сүйектердің, бұлшық еттердің дамуына, түк жабынының қалындығына және түсіне назар аударады және жалпы жануарды қарап-тексереді. Жекелеген бөліктерін қарап-тексеру кезінде әр түкимға тән ерекшеліктер ескеріледі. Жыныстық айырмашылықтарына назар аударылады.

Сырт бітімінің негізгі қалаулы белгілері мыналар: басы денесімен қатар, ерек қояндарда ұрғашыларына қарағанда ұлкенірек және ірі. Құлақтары түзу, түп жағына қарай тығыз, мойыны денесімен қатар, түгі мамықты, кеудесі жақсы жетілген, кең және жалпак. Арқасы қысқа, түзу, белі-құйымшақ бөлігі ұзын, жалпак, сауыры домаланған, аяқтары мықты, денесіне қатысты дұрыс орналасқан.

Кояндардың құлақтарының орналасуы, арқасының және жаясының кемшіліктері, аяқтарының қойылуындағы кемшіліктер және қояндардың құйрықтары осы Нұсқаулыққа 5-қосымшада көрсетілген.

### 3-тaraу. Зоотехникалық талаптар

19. Дене бітімінде ақауы жоқ қояндар элита сыныбына және бірінші сыныпқа, бір ақауы бар қояндар - екінші сыныпқа, дене бітімінде екі және одан да көп ақауы бар қояндар - үшінші сыныпқа жатады. Кемшіліктері бар қояндар жарамсыздыққа шығарылды және асыл түкимды пайдалануға жіберілмейді.

Сыныптарды айқындау үшін осы Нұсқаулыққа 6-қосымшаға сәйкес қояндарды түк жабынының қалындығы және біркелкілігі бойынша бағалау жүргізіледі.

20. Түк жабынының қалындығы және оның біркелкілігін көлемін, сауырындағы, жотасы мен бөксерсіндегі "дегелек" түбін салыстыру арқылы біркелкілігі, қалындығы бойынша былғарыны үрлеу кезінде қалыптасатын "дегелек" түбі аумағының мөлшері бойынша көзбен көріп айқынрайды.

Дегелек әдісімен түкті жамылғының қалындығын анықтау осы Нұсқаулыққа 7-қосымшада көрсетілген.

21. Түбітті түкимның негізгі табындағы түбіт өнімділігін жыл бойы жиналған түбіт бойынша, ал жас қояндардың өнімділігі –екі және төрт айлық жасында алғашқы екі жиналым бойынша айқынрайды. Ересек қояндарды элита сыныбына түбітті жинау кезінде жатқызады: аналық қояндарда түбіттің 500 грамм, еркегінен – кемінде 450 грамм, бірінші сыныпқа тиісінше 450, 400 грамм, екінші сыныпқа сәйкесінше-400 және

350 грамм, үшінші сыныпқа – 300 грамм; жас жануарлар мамық жинау кезінде элита класына жатады – 60 грамм, бірінші сыныпқа-50 грамм, екінші сыныпқа – 40 грамм және үшінші сыныпқа – 30 грамм.

22. Тұқ жабынының тұсін құндізгі шашыраңқы жарықта көзбен көріп белгілейді. Әр жерінде боялып туылған қояндарда олардың айқындылық дәрежесін жонындағы, арқасы мен бүйіріндегі "дегелек" сипатына қарай айқындейды.

23. Қояндарды бөлек белгілері бойынша бағалағаннан кейін кешенді белгілер бойынша жалпы сыныпты белгілейді.

24. Элита сыныбына дene бітімі мықты таза тұқымды, барлық көрсеткіштер бойынша дene бітімінде ақауы жоқ элита бағасын алған қояндар жатады.

25. Бірінші сыныпқа дene бітімі мықты таза тұқымды, дene бітімінде ақауы болмаған кезде барлық көрсеткіштер бойынша немесе қалған белгілерін жоғары бағалау кезінде біреуі бойынша бірінші сынып бағасын алған қояндар жатады.

26. Екінші сыныпқа дene бітімі мықты, барлық белгілері бойынша немесе біреуі бойынша екінші сынып бағасын алған және қалған белгілер бойынша одан жоғары баға алған қояндар жатады.

27. Үшінші сыныпқа дene бітімі мықты, барлық белгілері бойынша немесе біреуі бойынша үшінші сынып бағасын алған, ал қалған белгілер бойынша одан жоғары баға алған қояндар жатады.

Етті-терілік тұқымдағы қояндарға сыныпты берген кезде мамық тұсін бағалау жиынтық сыныбын бір балдан артық төмендете алмайды.

28. 2-3 айлық жастағы жас қояндар сыныбын асыл тұқымдылығы, тірідей салмағы, дene бітімі, табанындағы тұқ жабынының қалындығы ескеріле отырып, сол қағидалар бойынша белгілейді. Осы бонитирлеу деректерінің негізінде қояндарды қорытынды іріктеу жүргізіледі және олардың мақсатын айқындейды. Жоғары баға алған жануарларды асыл тұқымдық ядроны толықтыру үшін бөліп алады, бірінші және екінші сыныптағы жануарлар өндірістік табынға жіберіледі. Үшінші сыныптың қояндарын негізгі табынға ерекшелік ретінде жібереді.

29. Асыл тұқымдық ядродағы (селекциялық топтағы) өсімді молайтатын жас қояндарды ұрпақ сапасы бойынша ұрғашы және ерек жануарларының төлдерінен қалыптастырады. Өсімді молайтатын жас қояндарды алу үшін жұптарды іріктеу жоспарын жасау кезінде әдетте ұрғашы қояндарға ата-енелерінің ең үздік көрсеткіштерін үйлестіретін және ұрпағын көбейтетін жоғары сапалы ерек жануарларды іріктеген жөн.

30. Көжектерді асыл тұқымдық ядро аналықтарынан 40-45 күнде бөліп алады. Өсімді молайтатын жас қояндарды алдын ала ірікте алуды бөліп алған және 3 айлық жасында жүргіzedі. Еркектері мен ұрғашыларын бірінші кезекте өміршенждігі жоғары, жақсы дамыған, тірідей салмағы жоғары және дene бітімі жақсы бір анадан туған көп

көжектердің ішінен таңдал алады. Осылайша таңдал алынған жануарларды өз табынының өсімін молайту және басқа шаруашылықтарға сату үшін пайдаланады. Шаруашылықта қалдырылатын 2-3 айлық жастағы жас төлдердің саны табынның өсімін молайтуға және оны кеңейтуге шаруашылықтың қажеттілігінен шамамен 1,5-2 есе асады.

31. Негізгі табынның өсімін молайту бір жылдың ішінде жүргізіледі. Жас аналықтарды алғаш көжектегеннен кейін, айдың соңғы күнінде негізгі (ересек) табынға, ал жас ерек қояндарды бес айлық жасында ауыстырады.

32. Асыл тұқымдық ядроға негізгі табындағы ең жақсы төлдерді бөледі. Оның мөлшері өсімді молайтатын жас қояндарға деген қажеттілікке байланысты айқындалады және фермадағы негізгі табындағы қоян басының кемінде 50%-ын құрайды.

33. Асыл тұқымдық ядроға бөлінетін ерек қояндарды шағылысу басталғанға дейін 2-3 ай бұрын жыныстық белсенділігін тексереді. Содан соң шамамен 80-85% ең үздік ерек қояндарды ұрпақ сапасына тексереді. Ол үшін әр ерек қоянға жастары мен өнімділік сапасы бірдей 8-10 ұрғашы қояндарды іріктейді. Ерек қояндарды екі көжектеген жас қояндардың сапасы бойынша тексереді.

34. Тексерілетін ерек қояндарды ұрғашы қояндармен шағылыстыру кезінде алынған жас қояндарды 3-айлық жасында тұқымдылық, еттілік көрсеткіштері, дене бітімі, өміршендігі, тірідей салмағы, өсу жылдамдығы, жас кездегі азық шығымдылығы және табанның мамықтығы бойынша бағалайды.

35. "Өте жақсы" деген бағаны ұрпағы бір жастағы асыл тұқымдық ядродағы жас қоянға талап етілетін көрсеткіштерден асып тұсken ерек қояндар алады. "Жақсы" деген бағаны ұрпағы асыл тұқымдық ядро жануарларынан алынған қатарластарының орташа көрсеткіштеріне сәйкес келетін ерек қояндар алады.

36. Қояндарды негізгі табыннан бөліп тастау кезінде қажетті талаптарға жауап бермейтін жануарлар алынып тасталады. Бұл жұмыс жыл бойы және бонитирлеу кезінде жүзеге асырылады. Бонитирлеу кезінде өнімділік көрсеткіштері үшінші сыныптан төмен, сапасы бойынша шаруашылықтың жоғары талаптарына сәйкес келмейтін және ветеринариялық талаптарды қанағаттандырмайтын үш жастан асқан жануарлар (ен құндысын қоспағанда) бөлініп алынады. Сонымен қатар бір жыл ішінде алғашқы екі көжектеуінде бес көжектен кем көжек өсірген, екі жыл көжектемеген (стерильді аталықтар жағдайларын қоспағанда) ұрғашы қояндар және шағылыстырганнан кейін ұрғашы қояндардың 30%-дан астамы ұрықтанбай қалған ерек қояндар бөлініп тасталады.

37. Жұптарды іріктеу мақсаты ұрпақтарында ата-енесінің жақсы қасиеттерін қалыптастыру және арттыру болып табылады. Иріктеу біркелкі (біртекті) және әр түрлі (гетерогенді) болып ажыратылады.

38. Біркелкі іріктеу ұрпағында ата-енелерінің жақсы қасиеттерін қалыптастыру және арттыру үшін қолданылады. Бұл ретте ерек қоянға жануарлардың өнімділігі бойынша біркелкілерін бекітеді. Біркелкі іріктеу асыл тұқымды табыны бар фермаларда және тауарлық фермалардың асыл тұқымдық ядроларында қолданылады.

39. Біркелкі іріктеудің жоғары нысаны – туыстық шағылыстыру. Бұл іріктеу кейде желіні жасау кезінде қолданылады. Әдетте, ондай жағдайларда қалыпты туыстық шағылыстыруға (3-4, 4-3, 2-5, 5-2, 4-4) жүгінеді. Туыстық шағылыстыру кезінде жануарларға күтіп-ұстау, азықтандыру бойынша жақсы жағдай жасап, қатал тандаудан өткізу қажет.

40. Эр түрлі іріктеу кезінде әр типті белгілері бар жануарларды шағылыстыруды жоспарлайды. Оң қасиеттерімен қатар нақты бір кемшіліктері бар ұрғашы қояндарды ондай кемшіліктері жоқ ерек қояндармен шағылыстырады. Кемшіліктері әртүрлі немесе қалыпты типтен қарама-қарсы ауытқушылығы бар жануарларды іріктейді.

41. Селекциялық жұмысты дұрыс ұйымдастыру мақсатында асыл тұқымдық және зоотехникалық есеп жүргізіледі.

42. Есепке алу құжаттарының бес нысаны бар:

- 1) негізгі табындағы ерек қоянның карточкасы;
- 2) негізгі табындағы ұрғашы қоянның карточкасы;
- 3) негізгі табындағы мал басының ведомосі;
- 4) өндірістік журнал, мұнда негізгі табындағы ұрғашы қояндардың нөмірі жазылады және тексерілетін жас қояндардың тордағы орындары бойынша жазылады;

5) ерек қояндарды ұрпақтарының сапасы бойынша бағалау ведомосі. Бұл асыл тұқымды жануарлар күтіп-бағылатын фермаларда жүргізіледі. Осындағы есепті жүргізуге арналған құжатқа мыналар жатады:

төлдерді тіркейтін жинақтық акті. Туылған көжектерді бірінші күннен бастап қарап-тексереді. Трафареткада тірі немесе өлі көжектердің саны жазылады. Көжектерді туылған күнінен кейін екінші күннен бастап тіркеуге алады, деректерді жинақтық актіге және трафаретке енгізеді. Айдың соңында жинақтық актіні бухгалтерияға береді. Шаруашылық бухгалтериясы тек тірі қояндарды саралайды.

жануарларды топтан топқа ауыстыру актісі, оны айдың соңғы күндері жасайды. Жас ұрғашы қояндардан алғаш туған көжектерді бөлгеннен кейін, оларды негізгі табынға ауыстырады, жас ерек қояндарды – бес айлық жасында негізгі табынға ауыстырады. Актіні бригадир немесе ферманың басқарушысы жасайды;

табын ведомосі. Оны дайындау пунктіне жөнелтілетін әрбір қояндар партиясына үш данадан жасайды (ферма менгерушісі, бригадир, зоотехник, қажет болған жағдайда ветеринариялық дәрігер);

қояндарды есептен шығару (сою, өлім-жітім) актісі. Құрамында қоян өсіру шаруашылығының зоотехнигі, ветеринария дәрігері, ферма менгерушісі немесе бригадирі бар комиссия жасайды. Өлім-жітім немесе мәжбүрлі сою салдарынан

жануарды есептен шығару кезінде актіде себебі көрсетіледі. Актіні өлім-жітім немесе мәжбүрлі сою күні толтырады, оны шаруашылық басшысы бекітеді. Актіде терінің пайдаланылғаны көрсетіледі (қоймаға тапсырылды немесе жойылды);

қояндардың қозғалысы туралы есеп. Жануарлардың келуі және есептен шығуы туралы алғашқы құжаттар мен жазба негізінде зоотехник, ферма менгерушісі немесе бригадир жасайды;

талап-жүккүжаты мен ерекшелігі – тиеп-жөнетілген асыл тұқымды жас қоянға, сондай-ақ қояндардың терісіне арналған ілеспе құжат. Ерекшелік құжатын екі данада, ал жүккүжаты үш данада жасалынады.

43. Асыл тұқымдық жұмысты жоспарлау қояндардың тұқымын аса маңызды шаруашылыққа пайдалы белгілері бойынша одан әрі асыл тұқымдық жетілдіру перспективаларын және әдістерін айқындау жолымен жүзеге асырылады. Асыл тұқымдық жұмыс жоспары 3-5 жылға мынадай схема бойынша дайындалады:

1) шаруашылықтың жалпы мінездемесі. Бұл бөлімде қояндарды күтіп-бағу және азықтандыру бойынша мінездеме беріледі;

2) табын мінездемесі – табынды жасақтау (қояндар қайдан әкелінді), жас және жыныстық құрылымы туралы деректер көлтіріледі, жануарлардың негізгі шаруашылыққа пайдалы белгілері бойынша сипаттама (тірідей салмағы, тұқ жабынының қалындығы мен біркелкілігі, дене бітімі, түсі, жануарлардың сыныптылығы мен өсімді молайту қабілеті) беріледі;

3) табынның генеологиялық құрылымын талдау және желілер мен туыстығын бағалау;

4) іріктеу және саралау жүйесі;

5) сандық және сапалық көрсеткіштердің өсу жоспары;

6) сандық және сапалық көрсеткіштердің өсуін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар.

Қояндарды бонитирлеу

жөніндегі нұсқаулыққа

1-қосымша


## Қоянның дене бітіміндегі кемшіліктер

Дене тұрпатының мүшелері	Дене бітімінің кемшіліктері	
	кемшіліктері	акаулары
Жалпы дамуы	Дене мүшелері пропорционалды болмай дамуы	Қаңқасы әлсіз немесе нашар дамыған
Басы	Пішіні дұрыс болмауы	-
Кұлағы	Кен қойылған салпаңқұлак	
Мойыны	Ұзын мойын	-
Кеудесі	Жеткіліксіз дамыған	Тар, терең болмауы
Арқасы	-	Тар, бұқір, салбыраған

Омырқа-жамбас бөлігі		Толық кен емес, қысқа
Сауыры (жаясы)	Етті тұқымды қояндардың етті типінің нашар көрінуі	Қысынқы, салбыраған немесе шолтиған
Денесінің ортаңғы бөлігі	Ішінің салбырауы	
Аяктары		Жіңішке, майысқан, дұрыс қойылмаған, толық дамымаған

Қояндарды бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
2-қосымша

### Қояндардың дене бітіміндегі ақаулар



### Дене бітіміндегі кемшіліктер

- 1) арқасымен шоқтығының дұрыс формадағы дөңгеленген жаясы
- 2) өткір шоқтығы
- 3) арқа ауытқуы
- 4) шатыр тәрізді жаясы
- 5) шорт туралған жаясы
- 6) салпаң құлақ.

Қояндарды бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
3-қосымша

## Етті бағыттағы қояндардың тірідей салмағына қойылатын ең төменгі талаптар (килограмм)

Жасы (ай)	Сыныбы	Жаңазеландиялық ақ, калифорниялық	Жасы (ай)	Сыныбы	Жаңазеландиялық ақ, калифорниялық
2	Элита	1,8	5	Элита	3,7
	бірінші	1,6		бірінші	3,2
	екінші	1,5		екінші	2,8
	үшінші	1,3		үшінші	2,3
3	Элита	2,6	6	Элита	4,0
	бірінші	2,3		бірінші	3,5
	екінші	2,1		екінші	3,1
	үшінші	1,8		үшінші	2,5
4	Элита	3,2	7 және одан үлкендері	Элита	4,0ден 5,0 дейін
	бірінші	2,8		бірінші	3,5 нен 3,9 дейін
	екінші	2,5		екінші	3,0 тен 3,4 дейін
	үшінші	2,1		үшінші	3,0 кем және 5,0 артық


## Етті-терілі және тұбітті қояндардың тірідей салмағына қойылатын ең төменгі талаптар (килограмм)

Жасы (ай)	Сыныбы	Тұқымдар			
		Үлкен ақ	Советтік шиншилла, қарақоңыр, үлкен сұр, күмістүстес	Веналық көгілдір, советтік мардер	Тұбітті ақ
2	Элита	1,8	1,7	1,5	1,5
	бірінші	1,7	1,6	1,4	1,4
	екінші	1,6	1,5	1,3	1,3
	үшінші	1,4	1,3	1,2	1,1
3	Элита	2,6	2,5	2,2	2,1
	бірінші	2,4	2,3	2,0	1,9
	екінші	2,2	2,1	1,8	1,7
	үшінші	1,9	1,8	1,6	1,4
4	Элита	3,3	3,2	2,9	2,7
	бірінші	3,0	2,9	2,6	2,4
	екінші	2,7	2,6	2,3	2,1
	үшінші	2,3	2,2	2,1	1,7
5	Элита	3,9	3,8	3,5	3,2
	бірінші	3,5	3,4	3,1	2,8
	екінші	3,1	3,0	2,7	2,4
	үшінші	2,6	2,5	2,3	1,9

	Элита	4,5	4,3	4,0	3,7
6	бірінші	4,0	3,8	3,5	3,2
	екінші	3,5	3,3	3,0	2,7
	үшінші	3,0	2,8	2,5	2,1
7	Элита	5,0	4,8	4,4	4,1
	бірінші	4,3	4,2	3,9	3,5
	екінші	3,8	3,7	3,4	3,0
	үшінші	3,3	3,1	2,9	2,3
8	Элита	5,3	5,1	4,7	4,4
	бірінші	4,6	4,4	4,2	3,7
	екінші	4,1	3,9	3,7	3,2
	үшінші	3,6	3,4	3,2	2,4
9 және одан үлкендері	Элита	5,5	5,3	4,9	4,6
	бірінші	4,8	4,6	4,4	3,9
	екінші	4,4	4,2	3,9	3,4
	үшінші	3,9	3,7	3,4	2,5

Кояндарды бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
4-қосымша


### Кояндардың дене бөліктері



Дене бөліктері: 1 - базасы; 2 - мойны; 3 - құлағы; 4 - жалы; 5 - иығы; 6 - бүйірі; 7 - арқасы; 8 - жаясы; 9 - құйрығы; 10 – тізе тобық буыны; 11 - жамбасы; 12 - артқы аяқтары; 13 - асқазан; 14 - алдыңғы аяқтары; 15 - кеудесі; 16 - тырнақтары; 17 – кеудеасты


Кояндарды бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
5-қосымша

## Кояндардың құлақтарының орналасуы



1 - қалыпты; 2 – құлақтары кең орналасқан; 3 – салпиган құлақ (1-сурет).


## Коянның арқасының және жаясының кемшіліктері:



1 – бүкір арқа; 2 - жаясы салбыраңқы; 3 - жаясы тік.

Құлағы салбыраңқы немесе кең орналасуы - тұқымдық белгісі бойынша құлағы салбыраған қылаң қояны тұқымын қоспағанда, дене бітімінде ақауы бар. Сондай-ақ, тым ұзын мойын дене бітімінің ақауын көрсетеді. Тар, нашар дамыған кеуде, бүкір немесе иілген арқа, тік немесе салбыраған жая, өте жүқа, немесе майысқан немесе дене бітіміне аяқ қатынасы дұрыс қойылмаған дене ақауын көрсетеді.

## Кояндардың аяқтары дұрыс қойылмаған



- 1) икстәріздес;
- 2) маймақ;
- 3) артқы аяқтарының буындары тақау;
- 4) құйрығының дұрыс формасы;
- 5, 6) құйрығының дұрыс емес пішіні.

Кояндарды бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
6-қосымша


### **Кояндардың түк жабынының қалындығы және біркелкілігі бойынша бағалау**

Сыныбы	Талабы
элита	Барлық дене бойындағы түк жабыны серпінді және икемді осымен біркелкі, өте қалың, түгі өте қалың. "Дегелек" түбінен түк жабының үрлекендеге терінің үсті көрінбейді деуге болады, табандарында өте қалың түк бар.
бірінші	Барлық дене бойындағы түк жабыны серпінді икемді осымен біркелкі қалың. "Дегелек" түбінен түк жабының үрлекендеге терінің үсті 2 шаршы миллиметр дейін ашылып қалады, табандарында қалың және серпінді түк бар.
екінші	Түктің қалындығы біркелкі емес, жонында жотасы мен бүйіріне қарағанда түбіті қалындау. "Дегелек"

	түбінен түк қабатынан үрлеген кезде 2-ден 4 шаршы миллиметрге дейін тері бетінің ауданы көрінеді. Табанының түгі сирек әрі жұмсақ.
үшінші	Түктің қалындығы жеткіліксіз – "Дегелек" түбінен түк жабының үрлеген кезде 4-ден 6 шаршы миллиметрге дейін тері бетінің ауданы көрінеді. Табанында түгі сиректеу, сирек әрі жұмсақ түк, табан түктерінің қажалу белгілері бар.

Кояндарды бонитирлеу  
жөніндегі нұсқаулықта  
7-қосымша

### Дегелек әдісімен түкті жамылғының қалындығын анықтау



© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК